



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943

# «QAZAQSTANÝ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

4 (8) 12/2020



 НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ  
БИБЛИОТЕКА  
**LIBRARY.RU**

30.01.2019 ж. тіркелген  
Күелік №17493-Ж  
ISSN 2708-0897  
Жазылу индексі 76112

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.АУЭЗОВА  
M.AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY

# «QAZAQTANÝ»

республикалық ғылыми журнал  
республиканский научный журнал  
republican scientific journal

4 (8) 12 / 2020

ШЫМКЕНТ, 2020  
SHYMKENT, 2020

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректорының 30.01.2019 ж., №39-нқ бұйрығы бойынша «QAZAQTANY» республикалық деңгейдегі ғылыми журналы ресми ғылыми мерзімді баспасөз ретінде университеттен жылына 4 рет, әр тоқсанда: наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан айларының соңында шығарылады.

Ғылыми журналға Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп «Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агентігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы» 30.01.2019 ж., №17493-Ж. куәлігі берілген.

Жазылу индексі – 76112.

Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РҒДИ) базасына тіркелген (05.05.2019ж. №260 келісім-шарт).

Ғылыми журналды дайындап, жарыққа шығарушы жауапты құрылым - М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Рухани жаңғыру және ҚХА» орталығы.

Ғылыми журнал «Рухани жаңғыру» бағдарламасына ғылыми сүйемелдеу жасау мақсатында гуманитарлық, педагогика, филология және шығармашылық салалардағы маңызды теориялық, әдістемелік, қолданбалы және сараптамалық сипаттардағы зерттеулердің нәтижесін жариялау үшін құрылды. Гуманитарлық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: Қазақстан тарихы; дүниежүзі тарихы; археология; этнология; түркітану; архив ісі; мұражай ісі; кітапхана ісі; саясаттану; философия; мәдениеттану; заңтану; халықаралық қатынастар; экономика; әлеуметтану; өлкетану және тұлғатану; педагогика ғылымдары бағытындағы тақырыптық рубрикалары: педагогика және оқыту әдістемесі; психология және инклюзивтік білім беру; филологиялық ғылымдар бағытындағы тақырыптық рубрикалар: тіл білімі және әдебиет; когнитивті аспектідегі тілді үйрену-мәдениаралық қарым-қатынастың негізі; шығармашылық бағытындағы тақырыптық рубрикалар: өнер (музыка; хореография, театр); бейнелеу өнері және дизайн (кәсіптік білім).

На основании приказа №39-нқ от 30.01.2019 г. ректора Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, Министерства образования и науки Республики Казахстан республиканский научный журнал «QAZAQTANY» университетом как официальное рецензируемое периодическое печатное издание выпускается 4 раза в год, ежеквартально: в конце месяцев март, июнь, сентябрь, декабрь.

Научный журнал зарегистрирован Комитетом информации, Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан. Получено свидетельство №17493-Ж от 30.01.2019 г. «О постановке на учет, переучет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания».

Подписной индекс – 76112.

Зарегистрирован в базе Российской индексации научного цитирования (РИНЦ) (договор №260 от 05.05.2019 г.).

Ответственное подразделение по подготовке и выпуску журнала - центр «Рухани жаңғыру и АНК» ЮКУ им.М.Ауэзова.

Научный журнал учрежден в целях научного сопровождения программы «Рухани жаңғыру», публикации результатов научных исследований в области гуманитарных, педагогики, филологии и творческих направлений, содержащие важные результаты исследований теоретического, методического, прикладного и экспериментального характера. Направление гуманитарных наук тематические рубрики: история Казахстана; всеобщая история; археология; этнология; тюркология; архивное дело; музейное дело; библиотечное дело; политология; философия; культурология; юриспруденция; международные отношения; экономика; социология; краеведение; направление педагогических наук, тематические рубрики: педагогика и методика преподавания; психология и инклюзивное образование. Направление филологических наук, тематические рубрики: языковедение и литература; изучение языка в когнитивном аспекте – основа межкультурной коммуникации; творческое направление тематические рубрики: искусство (музыка; хореография, театр); изобразительное искусство и дизайн (профессиональное обучение).

On the basis of order №39-n from 30.01.2019 G. rector of South Kazakhstan University named M. Auevov, Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan Republican scientific journal "QAZAQTANY" University as the official periodical printed publication produced 4 times a year, quarterly at the end of months March, June, September, December. The scientific journal is registered by the information Committee of the Ministry of information and communications of the Republic of Kazakhstan. Received certificate No. 17493-ж Of 30.01.2019. «On registration and re-registration of a periodical, news Agency, and online publication».

The subscription index is 76112.

Registered in the database of the Russian science citation index (RSCI) (agreement No. 260 of 05.05.2019).

The responsible Department for the preparation and publication of the magazine is the project office of rukhani zhangyru of the Auevov SKU.

The scientific journal has been erected for the purpose of scientific support of the «Rukhani Zhagyru» program, the publication of the results of scientific research in the field of humanitarian, pedagogical, philology and creative directions, containing important research results of a theoretical, methodological, applied and experimental nature. Direction of the humanitarian sciences subject headings: history of Kazakhstan; the world history; archeology; ethnology; turkology; archival business; museum work; librarianship political science; philosophy; cultural studies; jurisprudence; international wearing; economy; sociology; local history and cognition of personality; direction of pedagogical sciences subject headings: pedagogy and teaching methods; psychology and inclusive education; direction of philological sciences subject headings linguistics and literature; language learning in cognitive aspect – basis of intercultural communication; creative directions subject headings art (music; choreography, theater); visual arts and design (vocational training).

«QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журнал 4 (8) 12 / 2020  
«QAZAQTANÝ» республиканский научный журнал 4 (8) 12 / 2020  
«QAZAQTANÝ» republican scientific journal 4 (8) 12 / 2020

**Меншік иесі:** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Тауке-хан даңғылы, 5  
**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

**Бас редактор:** Қожамжарова Д.П. - М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі.

**Жауапты редактор:** Жанысбекова Г.А. - М.Әуезов атындағы ОҚУ-н «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының доценті.

**Техникалық редактор:** Торғаутова Ш.А. - «Әлем тарихы» мамандығының магистрі, М.Әуезов атындағы ОҚУ-н «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының бас менеджері.

**Редакциялық алқа мүшелерінің құрамы:** Нұрманбетов Қ.Ә. - з.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың бірінші проректоры; Бейсенбаев С.Қ.-п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Қоғаммен байланыс және мәдениет» жөніндегі проректоры; Исакова А.Т.- п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Стратегиялық даму және интернационализация» жөніндегі проректоры; Мәжінбеков С.А. - философ.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Әлеуметтік және тәрбие жұмысы» жөніндегі проректоры; Функ Д.А. - т.ғ.д., профессор, РҒА «Антропология және этнология» институтының директоры. М.Ломоносов атындағы ММУ-дың «Этнология» кафедрасының меңгерушісі. «Сибирские исторические исследования» (Scopus, Ресей ЖАҚ) журналының бас редакторы; Аманжолова Д.А. - т.ғ.д., профессор, РҒА «Ресей тарихы» институтының жетекші ғылыми қызметкері; Раджабов К.К. - т.ғ.д., профессор. ӨзБРҒА «Тарих» институтының қызметкері; Мырзахметов М.М. - филолог.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры; Мәжитов С.Ф. - т.ғ.д., профессор. ҚР ҰҒА академигі, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ-дың директоры; Көйгелдиев М.К. - т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақстан тарихшылар ассоциациясының» төрағасы; Тұрғараев Б.Т. - з.ғ.д., профессор, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының директоры; Қабылдинов З.Е. - т.ғ.д., профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих және этнология» институтының директоры; Байтанаев Б.А. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі. Ә.Х.Марғұлан атындағы «Археология» институтының бас директоры; Артықбаев Ж.О. - т.ғ.д., Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Археология және этнология» кафедрасының профессоры; Кәрібаев Б.Б. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі; Тұрсын Х.М. - т.ғ.д., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың «Тарих» кафедрасының профессоры; Қожа М. - т.ғ.д., Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дың «Тарих» кафедрасының профессоры; Қалыш А.Б. - т.ғ.д., профессор. әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Археология, этнология және музология» кафедрасының меңгерушісі; Қапалбекұлы Н. - академик, профессор, Алматы облысының Құрметті азаматы, ЮНЕСКО «Мәдениеттерді жақындастыру» орталығының бас ғылыми қызметкері; Ақыш Н.Б. - филолог.ғ.д. ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы институтының «Әдебиет және өнер» институтының бас ғылыми қызметкері; Есіркепова А.М. - э.ғ.д., ҚР Президентінің жанындағы МБА-ның профессоры; Мыңбаев Н. – филолог.ғ.д., профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Түркітану» ғылыми орталығының директоры; Қалыбекова А.А. – п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры; Тлеубердиев Б.М. - филолог.ғ.д., «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының профессоры; Қабылбекова З.Б. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы психология» кафедрасының профессоры; Лекерова Г.Ж. - п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Психология және дефектология» кафедрасының меңгерушісі; Жолдасбекова С.А. – п.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Кәсіптік оқыту» кафедрасының профессоры; Әлібек С.Н. - т.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың колледж директоры. «Қазақстан тарихы» кафедрасының профессоры; Алметов Н.Ш. - п.ғ.д., профессор. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры; Султанов С.А. - саяси.ғ.д., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Философия және мәдениет» кафедрасының профессоры; Қартаева Т.Е. - т.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың қауым-н профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың «Жаршысы» тарих сериясы бойынша жауапты хатшысы; Рысбаева С.Ж. – саяси ғ.к., ҚР Президентінің жанындағы МБА-дың доценті; Нұржанов А.Ә. - т.ғ.к., доцент Ә.Х.Марғұлан атындағы «Археология» институтының жетекші ғылыми қызметкері; Уразбаев Қ.М. - филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Тарих және педагогика» факультетінің деканы; Сейдахметов М.Қ. - э.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Басқару және бизнес» жоғары мектебінің деканы; Қоңыратбаев О.М. - т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми орталығының жетекші қызметкері; Кәрібаев С.Ө. - т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі; Отарбаева Г.К. - т.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының меңгерушісі; Нуртазин Е.К. - з.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мемлекет және құқығы теориясы» кафедрасының меңгерушісі; Карбозова Г.К. – филолог.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Ағылшын тілі білімі» кафедрасының меңгерушісі; Авизова А.Қ. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының доценті; Джунисбаев С.М. - т.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Тарих және этнология» ғылыми орталығының директоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті; Сулейменов Т.А. - философ.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Философия және мәдениет» кафедрасының доценті; Айдарова А.Б. - э.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Экономика» кафедрасының қауым-н профессоры; Қалшабек А.Б. – филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері; Әзімхан Ы.О. - филолог.ғ.к., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Филология» факультетінің деканы; Жолдасбекова Қ.Ә. - п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының доценті; Айнабеков Н.Б. - «Аударма ісі» мамандығы; гуманитарлық ғылымдар магистрі. М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Академиялық ғылым департаментінің», «Ғылыми талдамалы ақпарат» орталығының басшысы, аудармашы, журналдың ағылшын тіліндегі материалдарының редакторы.

/М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «QAZAQTANÝ» республикалық ғылыми журналының редакциялық алқасының құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы. 10.02.2020 ж., №64-нқ бұйрығынан көшірмесі/.

«QAZAQTANÝ» respublikaalyq ғылыми журнал 4 (8) 12 / 2020  
«QAZAQTANÝ» respublikanский научный журнал 4 (8) 12 / 2020  
«QAZAQTANÝ» republican scientific journal 4 (8) 12 / 2020

**Учредитель:** Южно-Казахстанский университет имени М.Ауэзова, Шымкент к., проспект Тауке-хана, 5

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**Главный редактор:** Кожамжарова Д.П. - ректор Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК.

**Ответственный редактор:** Жанысбекова Г.А. - начальник центра «Рухани жаңғыру и Ассамблеи народа Казахстана», кандидат исторических наук, доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело».

**Технический редактор:** Торгаутова Ш.А. - магистр по специальности «Всеобщая история», лавный менеджер центра «Рухани жаңғыру и Ассамблеи народа Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова.

**Состав членов редакционной коллегии:** Нурманбетов К.Э. - первый проректор ЮКУ им.М.Ауэзова, к.ю.н., доцент; Бейсенбаев С.К. - проректор по «Общественным связям и культуре» ЮКУ им.М.Ауэзова, д.п.н., профессор; Искакова А.Т. - к.п.н. проректор по «Стратегическому развитию и интернационализации» ЮКУ им.М.Ауэзова; Мажинбеков С.А. - к.философ.н., доцент, проректор по «Социальной и воспитательной работе» ЮКУ им.М.Ауэзова; Функ Д.М. - д.и.н. профессор, директор института «Антропология и этнология» РАН, зав.кафедрой «Этнология» МГУ им.М.Ломоносова, главный редактор журнала «Сибирские исторические исследования» (Scopus, ВАК РФ); Аманжолова Д.А. - д.и.н., профессор, ведущий научный сотрудник института «История России» РАН; Раджабов К.К. - д.и.н., профессор, сотрудник института «История» РАН РУзб-н; Мырзахметов М.М. - д.филолог.н., профессор, директор научно-исследовательского центра «Мухтаргану» им.ЮКУ М.Ауэзова; Мажитов С.Ф. - д.и.н., профессор, академик НАН РК директор республиканского государственного учреждения «Қоғамдық келісім» (Общественное согласие) при Президенте РК. Койгелдиев М.К. - д.и.н., профессор Каз.НПУ им.Абая, академик НАН РК, Председатель Ассоциации историков Казахстана; Тургараев Б.Т. - д.ю.н., профессор, директор международного общественного благотворительного фонда «Жеті жарғы және Қожаберген жырау»; Кабылдинов З.К. - д.и.н., профессор, директор института «История и этнология» им. Ш.Ш.Уалиханова; Байтанаев Б.А. - д.и.н., профессор академик НАН РК, директор института «Археология» им.А.Х.Маргулана; Артыкбаев Ж.О. - д.и.н., профессор кафедры «Археология и этнология» ЕНУ им. Л.Гумилева; Карибаев Б.Б. - д.и.н., профессор, член-корр. НАН, зав.кафедры «История Казахстана» КазНУ им.аль-Фараби; Турсын Х.М. - д.и.н., профессор кафедры «История» МКТУ им. Х.А.Ясауи; Кожа М. - д.и.н., профессор кафедры «История» МКТУ им. Х.А.Ясауи; Калыш А.Б. - д.и.н., профессор, зав.кафедры «Археология, этнология и музейное дело» КазНУ им.аль-Фараби; Капалбекұлы Н. - академик, профессор, почетный гражданин Алматинской области, ведущий научный сотрудник центра «Сближение культур» ЮНЕСКО, профессор ЮКУ им.М.Ауэзова; Акыш Н.Б. - д.филолог.н., ведущий научный сотрудник института «Литературы и искусства» им. М.Ауэзова Комитета науки РК; Есиркепова А.М. - д.э.н., профессор Академии государственного управления при Президенте РК; Мынбаев Н. - д.филолог.н., профессор, директор научного центра «Тюркология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Калыбекова А.А. - д.п.н., профессор кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование» ЮКУ им. М.Ауэзова; Тлеубердиев Б.М. - д.филолог.н., профессор кафедры «Казахский язык и литература», ЮКУ им.М.Ауэзова; Кабылбекова З.Б. - д.п.н., профессор кафедры «Общая психология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Лекерова Г.Ж. - д.п.н., зав.кафедры «Психология и дефектология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Жолдасбекова С.А. - д.п.н., профессор кафедры «Профессиональное образование» ЮКУ М.Ауэзова; Алибек С.Н. - д.и.н., профессор кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова, директор колледжа ЮКУ им.М.Ауэзова; Алметов Н.Ш. - д.п.н., профессор кафедры «Общая педагогика и музыкальное образование» ЮКУ им. М.Ауэзова; Султанов С.С. - д.полит.н., профессор кафедры «Философия и культурология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Картаева Т.Е. - к.и.н., ассоц.профессор, ответственный секретарь серии история «Вестника» КазНУ им. аль-Фараби; Рысбаева С.Ж. - к.полит.н., доцент Шымкентского филиала Академии государственного управления при Президенте РК; Нуржанов А.А. - к.и.н., доцент, научный сотрудник института «Археология» им. А.Х.Маргулана; Уразбаев К.М. - к.филолог.н., доцент, декан факультета «История и педагогика» ЮКУ им.М.Ауэзова; Сейдахметов М.К. - к.э.н., доцент кафедры «Маркетинг и менеджмент», декан Высшей школы «Управление и бизнес» ЮКУ им.М.Ауэзова; Коньратбаев О.М. - к.и.н., доцент, ведущий научный сотрудник научного центра «Мухтаргану» ЮКУ им. М.Ауэзова; Карибаев С.У. - к.и.н., доцент, зав.кафедры «История Казахстана» ЮКУ им.М.Ауэзова; Отарбаева Г.К. - к.и.н., доцент, зав.кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им. М.Ауэзова; Нургазин Е.К. - к.ю.н., доцент, зав.кафедры «Теория государства и права» ЮКУ им. М.Ауэзова; Карбозова Г.К. - к.филолог.н., доцент зав.кафедры «Английское языкознание» ЮКУ им.М.Ауэзова; Авизова А.К. - к.и.н., доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им.М.Ауэзова; Джунисбаев С.М. - к.и.н. доцент кафедры «История Казахстана», директор научного центра «История и этнология» ЮКУ имени М.Ауэзова; Сулейменов Т.А. - к.филолог.н., доцент кафедры «Философия и культурология» ЮКУ им.М.Ауэзова; Айдарова А.Б. - к.э.н., доцент, ассоц.профессор кафедры «Экономика» ЮКУ им.М.Ауэзова; Калшабек А.Б. - к.филолог.н., ведущий научный сотрудник научно-исследовательского центра «Мухтаргану». ЮКУ им.М.Ауэзова; Азимхан Ы.О. - к.филолог.н., доцент, декан факультета «Филология» ЮКУ им. М.Ауэзова; Жолдасбекова К.А. - к.п.н., доцент кафедры «Изобразительное искусство и дизайн» ЮКУ им.М.Ауэзова; Айнабеков Н.Б. - магистр гуманитарных наук по специальности «Переводческое дело», начальник центра «Научно-аналитической информации» Научно-академического департамента ЮКУ им. М.Ауэзова, переводчик, редактор материалов английского языка.

/Выписка из приказа №64-нқ, от 10.02.2020г. О внесении изменений и дополнений в состав членов редакционной коллегии республиканского научно журналу «QAZAQTANÝ» ЮКУ им.М.Ауэзова/.

**ISSN 2708-0897**

@Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, 2020

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ  
НАПРАВЛЕНИЕ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК  
DIRECTION OF THE HUMANITARIAN SCIENCES**

**тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings**

**ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАТАНУ–  
КРАЕВЕДЕНИЕ И ПОЗНАНИЕ ЛИЧНОСТИ –  
LOCAL HISTORY AND COGNITION OF PERSONALITY**

ӘӨЖ: 94.511

**Жанысбекова Г.А.**

тарих ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы»  
орталығының басшысы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖӘНЕ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ  
КИЕЛІ НЫСАНДАРДЫ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Түйін:** Жаңа тарихи кезеңге еніп келе жатқан әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің тобынан орын алу үшін қазақ қоғамының рухани жаңғыруы қажет, ол қазақ халқының тарихи тәжірибесіне, оның ұлттық дәстүрлеріне негізделуі керек. Адам қоғамның және/немесе мемлекеттің әлеуметтік құрылымының бір бөлігі ретінде әрдайым жаңашылдыққа ұмтылады, жаңа биіктер мен ауқаттылыққа қол жеткізу қажеттілігін сезінеді. Бұл, ең алдымен, идеологияның өзгеру кезеңіндегі дәстүрлі діни көзқарастарға оралу немесе нео-діни тәжірибеге жүгіну немесе сиқырлы-мистикалық тәжірибелердің «қайта тірілуі» ғана емес, сонымен қатар рухани ізденістер, қандай да бір жаңа қасиеттілікті жасауға тырысу болып табылады. Мақалада Түркістан өңірі мен Шымкент қаласындағы қасиетті нысандарды зерттеудің қажеттілігі мен өзектілігі талданып, ғылыми әдебиеттерге шолу жасалған.

**Кілт сөздер:** киелілік, тұрпайылық, сана, зиярат, тарихи киелі нысандар, киелілік ландшафты, бірегейлік, геоақпараттық жүйе

**Кіріспе.** Осы мақалада талданып отырған мәселенің жалпы бағыты Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласында айқын нақтыланып берілген. Елбасы осы «Қазақстанның киелі орындарының мәдени-географиялық белдеуі» ұлттық бірегейліктің тірегі екендігіне ерекше назар аударады [1].

Қазақ ұлтының бірегейлігін оңынан қалыптастырудың құрамдас бөліктерін айқындау үшін Түркістан облысының және Шымкент қаласының киелі жерлеріне байланысты туындаған ауызша аңыз-әңгімелер мен рәсімдердің рухани құндылықтарын жаңашылдықпен пайдалана отырып, жастарға патриоттық тәрбие беру мен сонымен бір мерзімде «Қазақстанның киелі Оңтүстігі» брендин де өмірге жылжыту маңызды болып отыр.

**Мәселенің теориясы.** Дамудың жаңа циклына еніп келе жатқан әлем елдерінің арасында алдыңғы қатардағы орынды иемдену үшін қазақстандық қоғамның санасын жаңғырту талап етілуде. Бұл жаңғырту негізінен қазақ халқының тарихи тәжірибесіне, оның ұлттық дәстүрлеріне де арқа сүйеуі тиіс. Ұлттық рухани тамырға, өз тарихына, ұлттық дәстүрлеріне негізделу АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Жапония, Ресей және осы тәріздес G-20 кіретін басқа да алдыңғы қатарлы елдердің барлығына тән. Аталған және аталмай қалған басқа да дамыған елдердің барлығы да өз тарихы мен дәстүрлерін өте жоғары бағалайды: яғни, ұлттық, діни мейрамдары мен киелі табыну орындары көптеген жағдайларда жалпыұлттық деңгейге көтерілген.

Әдетте өтпелі кезеңдерде, аса күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда, тіпті кейде қоғам мен биліктің ықпал етуі нәтижесінде осыған дейін киелі саналып келген нысандардың шарапаттылығына сенім азаяды. Нақ осындай жағдай ХХ ғасырдың бас кезінде біздің халқымыздың зиялы қауымдарының барлығы дерлік, ал сонан соң тіпті ауқатты отбасылар мен дін иелері пролетариат диктатурасына бөтен тап ретінде жойылған кезде Қазақстанда да орын алған. Атеистер қоғамы мұнымен де шектеліп қалып қойған жоқ: олардың келесі қадамы қалың халық табынатын жерлерді талқандау, жою болды. Ал, жалпы халықтың санасына күштеп енгізіліп жатқан, онда да тұрпайы түсіндірілген әлемді материалистік тұрғыдан тану біртіндеп сана мен мәдениеттің адам танығысыз өзгеріске түсуіне алып келді. Жаңа мәдени-идеологиялық түсініктерді қалыптастырған мемлекеттілігіміздің ұзаққа созылған кеңестік кезеңі жаңа адамның дінге, мистикаға, наным-сенімдерге деген қатынасының өзгеруіне алып келгендігін көпшілік зерттеушілер мойындайды. 1970-1980 жж. этнографтар елдің тіпті алыс қиырларында байырғы ұлттық сана-сезімнің тек қана азын-аулақ қалдықтары қалғандығын жиі-жиі жазып отырды. Қазақ ұлтының рухани тамыры үзілді. Атеизмнің барлық ауыртпашылығын, «халыққа арналған апиынның» (дін) барлық түріне қуғындауларды посткеңестік республикалармен бірдей көрген Ресей Федерациясында соңғы онжылдықта ақиқатты және «киелілік» өрісін талдаудың жаңа әдістерін іздестіру басталып кеткен болатын. Қазіргі кезеңдегі зерттеушілердің қарастыратын сұрақтарына келер болсақ - дербес түсініктер мен терминдер базасы бар «киелілік» терминінің, киелілік тәжірибелерін іргелі мағынасын ашу, киелі географияны, биліктің киеліленуін әлеуметтік, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының қазіргі заманғы әдістерімен талдау – міне зерттеулердің толық емес тізімі осы.

«Киелілік» және «киелілендіру» ұғымдарын қарастыра отырып, олардың алғашқы, теологиялық мағынасы – қасиетті, әулие, құдай қараған деген діни ұғымдарына ғана мән беріп қоймауымыз керек. Биліктің киелендірілуі мәселесін зерттеуші Л.Г. Аврутина: «киелілік – бұл құпия, шапшаң бағынуды талап ететін тиым салынған, адамгершілік кемелділік қасиеті бар (немесе, керісінше, бұл жағдай қазіргі кезде адамгершілік жағынан мүлдем төмен билікті киелендіруге байланысты туындап отыруы да мүмкін) және тұрпайылыққа қарама-қарсы бірдеңе», - деп жазады [2]. Тұрпайылық – киелілікке қарама-қарсы ұғым, ол адам өмірінің әдеттегі, күнделікті, тұрмыстық өлшемін көрсетеді.

Киелілендіру және киелілік мәселесін тарихпен және қазіргі заманғы материалдармен байланыстыра отырып зерттеуді философиялық және дінтану еңбектері қазіргі заманғы дінтанудың классигіне айналған М.Элиаде жақсы жүргізді [3-8]. Негізінен ол тарихтың өн бойында діни санаға арқау болған және шынайы саяси процесстердің іс-барысы сүйенген тіректерді іздестіруге назар аударды. Ғалымдардың арасында қазіргі заманғы мән-мағынасындағы «киелі» және «тұрпайы» ұғымдарын М.Элиаде алғашқы болып енгізді. Сонымен қатар, ол дәстүрлі өмір салты бұзылып, діннің қоғамдық санаға жасайтын ықпалының кеміген кездерінде де тұлғаның киеліні қабылдауға деген әр сәттік даярлығының бұзылмайтындығы, адамдардың жаңа, оның ішінде ұтымдылыққа негізделген қоғамда да киелі өріспен қарым-қатынасқа түсуге деген қажеттілігі мен мүдделілігінің өздері сезбесе де кемімейтіндігі туралы заңдылықты да негіздеп берді. Киеліліктің өзі болса ең алдымен тұрпайылықпен өзара байланыста және қарама-қарсылықта көрінеді. М.Элиаде «киелілік» және «діншілдік» деген ұғымдарды өзара айқын жіктеп берген: егер діни өріс киелілікке қажетті, негізгі бөлік ретінде тәуелді болса, киеліліктің өзі діниге жатпауы да мүмкін, өйткені киелілік өрісі дінилік өрісінен әлдеқайда кең. Оның осы көзқарасын П Труссон [9], А.Б Гофман [10] да қолдайды. Осыған ұқсас көзқарас пен түсінік Қырымның киелі географиясын зерттеген Т.М. Фадеева [11] да айтқан.


Қазіргі заманғы ресейлік зерттеушілердің арасында бұл бағытты Л.А. Андреева да ұстанады [12]. Оның бірқатар монографиялары мен мақалаларында философиялық,

тарихи-дінтанушылық және саяси кеңістіктіктегі киеліліктің сипатты белгілері мен ерекшеліктері, сондай-ақ биліктің киелілендірілуіне ықпал жасайтын нақты факторлар ерекшелендіріліп берілген. Орыс тілді зерттеулерде Қазақстанның киелі орындары туралы материалдарға негізінен өте-мөте аз орын берілген. Мысалы, 315 нысанды біріктірген «Сакральная география. Энциклопедия мест силы и святылиц» атты энциклопедиялық жинақтың өзінде Қазақстанның киелі орындарының бірде-бірі енгізілмеген. Тіпті, тұтас ортаазиялық орындардан тек Тәжікстандағы Бобой-об тауы, Макшеват үңгірі және Қырғызстандағы Тахти-Сүлеймен тауы мен Чиль Үстін үңгірі ғана енгізілген [13]. Осы жерде «киелілік» туралы теорияның негізін қалаушы М.Элиаденің өзі де еңбектерінде «Солтүстік және Орталық Азияның халықтарының аспан құдайлары» деген бөлімі болса да «Қазақстандағы киелілік» тақырыбын айналып өткендігін атап өту керек [7, б.50].

Бұл тақырыпты ғылыми тұрғыдан қарастыру мұнымен де шектелмейді. Е.А. Окладникованың «Сакральный ландшафт: теория и эмпирическое исследование» еңбегіне автордың киелі ландшафтты зерттеуге теориялық қатынас жасауды зерттеу, оның сапалық сипаттамасын және ресейлік Азияның киелі ландшафттарының кейбіреулерін эмпирикалық зерттеулерді пайымдаулары енгізілген [16]. Сондай-ақ, автор иеротопия процесіне, яғни адам мекендеген жерлердің киелілендірілуі мен оның жаһандану процесіне қарсылығы мәселесін де қарастырады. Өздерінің ғылыми зерттеулерінде ресейлік этнологтар Қазақстан мен Қырғызстан жер аумағына да өткен. Мысалы, И.В. Стасевичтің «Практика поклонения сакральным объектам и предметам в традиционной и современной культуре казахов и киргизов (в контексте изучения святых)» [18] атты мақаласында автор қазақтар мен қырғыздардың жекелеген рәсімдерінің жалпы сипатын қарастырмақ болған, дегенмен киелі нысандардың саналуандылығы мен санының көптігі, модальдылығы және оның иерофонияларының амбиваленттілігі, манифестацияларының түрлері, киелілендірілу және киесіздендірілу процесстері және т.с.с. оның назарынан тыс қалып кеткен, себебі оның бақылауларының қысқа мерзімділігі Оңтүстік, тіпті тұтас Қазақстанның тұрғындарының киелілікпен қарым-қатынас жасау тәжірибесінің терең мағынасын толық ашуға мүмкіндік бере алмаған. Ресей Федерациясында «Киелілік» тақырыбын зерттеуді «дөңгелек үстел», «пікірталас» және, саналуан орталықтар мен порталдардың іздеу-зерттеу әрекеті түрлерінде де жүргізеді. Мысалы, бөлімдері бүкіл Ресейде кең тараған «Лев Гумилев орталығы» атты ақпараттық-талдаулық портал өз жиналыстарында «Киелі география» (19-шы жиналыс) деген тақырып бойынша пікір алмасып, «Тәжікстанның киелі картасын» жасады, «Армения - киелі география» атты лекториум, Элиста қаласында «Еуразияның киелі географиясы» халықаралық конференциясын, «Ақ Үнді» атты лекциялар курсы өткізді және 2010 ж. орталық директоры, этнолог П. Зарифуллинның авторлығымен дайындалған «Орыс киелі географиясы» атты монографияны жарыққа шығарды [14].

Аталған орталық «Киелі география» тақырыбымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, ТМД елдерінің барлығымен байланыс орнатқан. Мысалы, Астана қаласындағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіне келіп танысқан соң ҚР Президенті Н.Назарбаевты орталықтың бірінші алтын медалімен (I дәрежелі) марапаттамақ болып шешкен. Бұл оқиға 2016 жылы Ресей Федерациясындағы Қазақстан Республикасының елшілігінде болып өтті, Елбасыны марапаттаған медаль сол кездегі елші М.Тажинге берілді [15; Сурет №1-2].





**Сурет №1-2.** Ресей Федерациясы Лев Гумилев орталығының директоры П. Зарифуллиннің марапатты М. Тажинге беру сәті және медальдің пішіні

Қазіргі заманғы орыс этнологтарының зерттеулерінің теориялық тереңдігін мойындай отырып, дегенмен сырттан келген қандай ғалым болса да біздің киелі орындарымызды неғұрлым толық сипаттай алмайтындығын және «Мәңгілік Ел» деп аталған жерімізге жүрегімізді дірілдете біржолата байлап тастаған, өзімізге күш беретін қасиеттімізге бас июдің барлық процессін талдай алмайтындығын айтуымызға тура келеді.

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Жергілікті халықтың өмірінің киелілік жағы мен киелі орындарды пайымдап-түсінуді алғаш рет ортағасырлық «Рисоля» авторлары жасаған. Қазіргі кезеңде халықтың киелі және қасиетті орындардағы іс-әрекеті мен жүріс-тұрысын реттеп-бағыттау үшін саналуан «Зиярат әдебі» атты буклеттер мен брошюралар баспадан шығарылып отырылады. Сонымен қатар, жергілікті тарихшылар мен өлкетанушылар киелі нысандарды, ландшафтты және осылармен байланысты киелі тұлғаларды сипаттауға ұмтылыс танытқан және осы авторлардың еңбектерінің тізімін төмендегі әдебиеттер тізімінде қызығушылық танытқандар үшін ұсынылып отыр [19-33]. Осындай басылымдардың барлығы да «киелілік» тақырыбына қай жағынан келмесін, Оңтүстік Қазақстанда киелі жерлердің бар екендігіне бой ұрады, өйткені мұны көптеген аңыз-әңгімелер де куәландырады.

Дегенмен, бұл еңбектер теориялық жағынан толық пісіп-жетілмеген, оларда келтірілген материалдар қасиетті орындарға деген сиыну мен мақтанш сезімін білдірумен ғана шектелген және бұрын тиым салынған тақырыпқа ашық пікір білдірудің өзін үлкен жетістік деп қарастырған дүниелер. Сондықтан, олардың барлығы дерлік куәліктер мен далалық материалдардың жинағы деңгейінде қалып кеткен.

Ал, «бірегейлік» терминінің мағынасын ашуға келер болсақ, ол ең алғаш рет ол ғылыми айналыста ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында «ұлттық сана-сезім» ұғымының баламасы ретінде пайда болды. Дегенмен, бұл кезеңде терминнің мағынасын ешкім байыптап жатпады. Осыдан соң бірнеше жыл бойына бұл термин қолданысқа түспеген, тек 40-шы жылдардың басынан бастап қана ұлттық патриотизмге байланысты мәселелерді талдау-тұжырымдау кезінде ғана қайта айналып келді. Қызмет жасау мүмкіндігі мол және ағылшын тілді әдебиетте кең таралған термин ретінде «ұлттық бірегейлік» термині негізінен топтық (нәсілдік, діни, ұлттық) сананы белгілеу үшін ғана пайдаланылатын «ұлттық сана-сезім» терминін айналыстан ығыстырып шығарады [17].

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі 2017 жылдан бастап, Қазақстан халқының тарихымен байланысты қасиетті жерлерді анықтауға кіріскен болатын. Жергілікті жерлерде де облыстық жұмысшы топтары құрылып, осы жұмысты нақты түрде жүргізе бастаған [34].

Жергілікті жерлерде мұндай нысандардың санының өте-мөте мол болғандығы мен олардың сипатының саналуандығына байланысты оларды классификациялау, жіктеп-жүйелеу сияқты жұмыстарды да жүргізу қажеттілігі туындады.

Сондықтан, алдымен «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары мен кешендері» түсінігі арқылы Қазақстанның халқының тарихи жадысында мәңгілік сақталған, аса құрметтелетін табиғи ландшафт, мәдениет, зайырлы және культтық архитектура ескерткіштері, кесенелері, сондай-ақ тарихи және саяси оқиғаларға байланысты жерлерді біріктерітіндігі анықталынды. Осыған орай, жалпыұлттық қасиетті нысандар мен кешендер келесі бес блокқа біріктірілді:

- 1 Ерекше құрметтелетін табиғи мұра ескерткіштері;
- 2 Археологиялық ескерткіштер және ірі ортағасырақ қала орталықтары;
- 3 Зиярат ету орындары болып табылатын діни және культтық нысандар;
- 4 Тарихи тұлғаларға байланысты пайда болған қасиетті орындар;
- 5 Тарихи және саяси оқиғаларға байланысты пайда болған қасиетті орындар.

Осы жұмыстар басталған кезде біздің облысымыз әлі де болса Оңтүстік Қазақстан облысы деп аталған – міне осы облыстан төмендегі кестеде көрсетілген нысандар анықталып және дербес жүйемен классификацияланып, Мәдениет және спорт министрлігі құрған республикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылды.

**Кесте - №1. 2017 жылы Оңтүстік Қазақстан облысынан Мәдениет және спорт министрлігіне ұсынылған қасиетті, киелі орындардың тізімі**

№	Атауы	Орналасқан жері
1	2	3
<b>Сәулеттік ескерткіштер</b>		
1.	Қ.А.Яссауи кесенесі (XIV ғ. соңы) Рабия Сұлтан Бегім кесенесі (XV ғ.) Есімхан кесенесі (XVII ғ.) Шығыс моншасы (XVI-XVIII ғ.ғ.) Цитадель қақпасы (XVIII-XIX ғ.ғ.) Үлкен Қылует (XII ғ.) Әулие Құмшық-ата қылуеті (XII ғ.) Шілдехана (XIV ғ.) Сегіз қырлы кесене (XIV-XVI ғ.ғ.) Сағана (XVI ғ.) Цитадель қорғаны (XVI-XIX ғ.ғ.) Жұма мешіті (XIX ғ.) Жүніс (Жүсіп) ата кесенесі (XII ғ.) Имам Марқозы (Көктонды әулие) кесенесі, XIX ғ.) Әлқожа ата кесенесі (XII-XIII ғ.)	Түркістан қаласы аумағында орналасқан.
2	Арыстан баб кесенесі XX ғ.	Отырар ауданы, Қоғам ауылынан 3 шақырым солтүстік-батысында орналасқан.
3	Ибраһим ата кесенесі (XI-XII ғ.ғ.)	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.
4	Қарашаш ана кесенесі (XI-XII ғ.ғ.)	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабының орталық бөлігінде орналасқан.
6	«Жәми» (Шыңғысбай қажы) мешіті XIX ғ.	Шымкент қаласы, ескі қала аумағында Амангелді көшесі бойында
7	Никольский соборы	Шымкент қаласы, Түркістан көшесі бойында
8	Аппақ-Ишан сәулет кешені (мешіт, медресе, дәрісхана) XIX ғ.	Бәйдібек ауданы, Шаян ауылында орналасқан.
9	Бәйдібек би кесенесі 1996 ж	Бәйдібек ауылының Балабөген өзенінің

		жоғарғы сағасында орналасқан.
10	Домалақ ана кесенесі 1996 ж.	Бәйдібек ауданы, Ақбастау ауылынан 2 шақырым солтүстік-шығыста орналасқан.
11	Исмайл-ата сәулет кешені (Исмайл-ата, Жәбірейіл-ата, Қошқар-ата, Ысқақ-ата кесенелері, Мешіт, Шілдехана, Дарбаза ), XI-XIX ғ.ғ.	Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылы, ауылдың орталығында, мазар аумағының солтүстік жағында орналасқан.
12	Ишан-базар (Аққойлы) мешіті XIX ғ. аяғы –XX ғ. басы	Ордабасы ауданы, Аққойлы ауылында орналасқан.
13	Ысқақ баб (Баба-ата) кесенесі XIX ғ. соңы	Созақ ауданы, Баба ата ауылының солтүстік шетінде, мазарат ішінде орналасқан.
14	Қарабура әулие кесенесі, XIX ғ.	Созақ ауданы, Созақ ауылының орталық бөлігінде орналасқан.
15	Баба Түкті Шашты Әзіз кесенесі, XIX ғ. соңы - XX ғ. Басы	Созақ ауданы, Құмкент ауылының маңындағы Жылыбұлақ деген жерде орналасқан.
16	Ақсүмбе қарауыл мұнарасы XIII-XIV ғ.ғ.	Созақ ауданы, Ақсүмбе ауылында орналасқан.
17	Әбдел Азиз баб кесенесі VIII ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабының аумағында орналасқан
18	Қожа Салық кесенесі X-XI ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабының шығыс бөлігінде орналасқан
19	Қызыр мұнарасы XIX ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабының орталығында орналасқан
20	Мірәлі баба кесенесі XIX ғасырдың екінші жартысы	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабының батыс жағында орналасқан
21	Никольский шіркеуі XIX ғ.	Шымкент қаласы, «Кең Баба» этносаябағы аумағында
22	Қосым баба кесенесі	Бәйдібек ауданы, Шаян ауылында орналасқан
<b>Археология ескерткіштері</b>		
23	Қос Ана мемориалдық кешені X ғ.	Бәйдібек ауданы, Бәйдібек ауылы, Бала Бөген өзенінің жоғарғы сағасында, солтүстік жағалауында орналасқан
24	Шамет ишан сәулет кешені (мешіт, медресе, кесене) XIX ғ.	Кентау қаласы, Қарнақ ауылының орталығында орналасқан
25	Құлақ ата кесенесі ХҮІ ғ.	Созақ ауылының орталығында орналасқан
26	Ноғай-ишан мешіті, XIX ғ.	Созақ ауылының орталығында орналасқан
27	Шіркеу (Георгий Победоносец) 1882 ж.	Төлеби ауданы, Көксәйек ауылының орталығында орналасқан
28	Ұзын ата кесенесі. XIV ғ.	Шардара ауданы, Ұзын ата ауылдық округінде орналасқан
29	Сауран қалашығы (XIII – ХҮІІІ ғ.ғ.)	Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 40 шақырым жерде, Түркістан қаласы мен Қызылорда облысының

		шекарасында орналасқан.
30	Күлтөбе (Яссы) қалашығы (Б.з. 1-мыңжылдықтың ортасы - ХІҮ ғ.)	Ортағасырлық Түркістан қаласының шығыс жағында, Қ.А. Яссауи кесенесінен оңтүстікке қарай 480 м жерде орналасқан.
31	Иқан қалашығы (ІХ-ХVІІІ ғ.ғ.)	Түркістан қаласы, Иқан ауылының орталығында
32	Отырар қалашығы (І – ХҮІІІ ғ.ғ.)	Отырар ауданы, Талапты ауылының оңтүстік шетінде, Арыс өзенінің Сырдарияға құяр тұсына жақын орналасқан.
33	Созақ қалашығы (Х-ХҮІІІ ғ.ғ.)	Созақ ауданы, Созақ ауылының орталығында
34	Арпаөзен жартас беті суреттері Қола дәуірі, ерте темір, орта ғасырлар	Созақ ауданы, Абай ауылының оңтүстігінде
35	Қойбағар жартас беті суреттері Қола дәуірі, ерте	Созақ ауданы, Сызған ауылының оңтүстігінде
36	Қарауңгір жартас беті суреттері (Энеолит, қола дәуірі, ерте темір ғасыры)	Созақ ауданы, Сызған ауылының оңтүстігінде
37	Сайрам қалашығы	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын алабы аумағында
38	Мәртөбе қалашығы. VІІІ-ХІІ- ХҮІІІ ғ.ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын алабынан 5 шақырым шығыста
39	Ханқорған қалашығы (ҮІІІ-ХІІ-ХҮІІІ ғ.ғ.)	Сайрам ауданы, Мадани ауылының батыс бөлігінде
40	Боралдай жартас беті суреттері (Ерте темір ғасыры)	Боралдай өзені бойы, Қос Тұра шыңының баурайында орналасқан
41	Қасқабұлақ жартас беті суреттері (Қола дәуірі, ерте темір ғасыры)	Түлкібас ауданы, Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы
42	Қызылшың-Жыңғылшық жартас беті суреттері (Қола дәуірі, ерте темір ғасыры)	Кентау қаласы, Қаратау қорығы аумағында
43	Сидақ қалашығы	Түркістан қаласынан 20 шақырым батыста, Шымкент-Қызылорда автомобиль жолының сол жағында 2 шақырым жерде орналасқан
44	Таңбалы тас (Б.з.д. 5 мыңжылдықтар – б.з. ХҮІІ ғ.)	Тайқоңыр ауылынан 100 шақырым солтүстікке қарай Бетпақ шөлдегі Нұра деген жерде, Сарысу өзенінің оң жағында 20 шақырым жерде
45	Шымкент қалашығы (Осыдан 2200 ж. бұрын)	Шымкент қаласы, Ескі қала аумағы
46	Дастарбасы таңбалы жартасы Дастарбасы тоғызқұмалақ таңбасы Дастарбасы үңгірлері	Арыс қаласы, Қожатоғай ауылынан солтүстік-шығысқа, қарай 35 км жерде Дастарбасы тауында орналасқан
47	Бөріжар обалар қорымы І-ҮІІІ ғ.ғ.	Көлтоған ауылы. Арыс өзенінің сол жағалауында.
48	Қараспантөбе қалашығы	Қараспан ауылынан 1 шақырым оңтүстікте, Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан
49	Жуантөбе қалашығы	Мәдениет ауылының солтүстік-шығыс шетінде, Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан.
50	Күлтөбе елді-мекені	Сарыарық ауылынан 1 шақырым солтүстікте, Арыс өзенінің сол жағалауында орналасқан.

<b>Зиярат (ғибадат) орындары саналатын діни нысандар</b>		
51	Үкаш ата мазары мен құдығы. IX-X ғ.ғ.	Түркістан қаласынан солтүстікке қарай 35 шақырым жерде, Бабайқорған ауылдық округының солтүстігінде, Қаратаудың етегінде орналасқан.
52	Гауһар ана әулие XII-XIV ғ.ғ.	Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде, Түркістан-Шәуілдір автокөлік жолынан солға қарай 400-500 метр қашықтықта орналасқан.
53	Ақ ата баба XI-XII ғ.ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабында орналасқан.
54	Махмұдхан ата X ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабында орналасқан
55	Сүзік ата XII ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабының оңтүстігінде орналасқан.
56	Қазы Байзауи IX-X ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабында орналасқан.
57	Боздақ ата әулие XII ғ.ғ.	Шымкент қаласы, Сайрам тұрғын-үй алабы, Жүсіп Сайрами көшесі бойында орналасқан.
58	Қыз әулие	Шымкент қаласы, Тассай м/а оңтүстік-шығыс шетінде.
59	Темірші ата әулие	Шымкент қаласы, Абай ауданы, Ынтымақ елді мекенінен 5,5 шақырым солтүстік – батыста, Шымкент – Түркістан трассасының сол қапталында орналасқан.
60	Жекен Шайық әулие	Арыс қаласы, Арыс қаласынан 1,5 шақырым оңтүстік-шығыстағы Арыс өзенінің тік құлама жар төбесінде орналасқан.
61	Мұңлық Зарлық әулие	Арыс қаласы, Жиделі ауыл әкімшілігі. Арыс-Шардара авто жолының сол қапталындағы тегістікте көне қорымда орналасқан.
62	Ақын-Жақып әулиелер (1890-1895 ж.ж.)	Арыс қаласы, Ақдала ауыл әкімшілігіне қарасты Ақын – Жақып ауылынан екі шақырымдай солтүстікте, Қожатоғай – Шәуілдір жолы бойындағы мазаратта орналасқан.
63	Көктан ата бұлағы және Есенаман қалпе кесенесі	Қазығұрт ауданы, Жігерген ауыл әкімшілігі, Тесіктөбе ауылының шығыс жағында, тау бөктерінде орналасқан.
64	Шора молда әулие	Мақтарал ауданы, Атамекен ауылынан 5 шақырым солтүстігіндегі қорымда, Асық ата сағанасынан 85-90 метр батыста орналасқан.
65	Кәлен баб әулие	Сайрам ауданы, Қарамұрт ауылының солтүстік-батысындағы ағайынды Полатовтар көшесінің бойындағы ауыл қорымында

		орналасқан.
66	Бек ата (Ер Бек ата) әулие	Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округіне қарасты Арыс ауылындағы ескі қорымда орналасқан.
67	Жуасбаб баба әулие	Сайрам ауданы, Құрлық ауылының қорымында орналасқан.
68	Ердәуіт қадам жайы	Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылынан 36 шақырымдай жерде орналасқан.
69	Шаймерден ата әулие	Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылынан 12 шақырым шығыста орналасқан.
70	Жабай Тоқсаба әулие кесенесі	Сарыағаш ауданы, Әлімтау ауылынан 3 шақырымдай батыста орналасқан.
71	Сөк-сөк әулие	Сарыағаш ауданы, Шеңгелді ауылынан шығыс жағында 15 шақырым қашықтықта орналасқан.
72	Иса ата (Ыстық ата әулие кесенесі)	Сарыағаш ауданы Көктерек елді мекенінде Сарыағаш шипажайынан 6 шақырым жерде орналасқан.
73	Бибі Мәриямкесенесі	Созақ ауданы, Шолаққорған ауылының орталығында орналасқан.
74	Саңғыл би кесенесі	Созақ ауданы Қөзмолдақ ауылының оңтүстік-шығысындағы Бесбұлақ ауылының іргесінде орналасқан.
75	Жүніс ата әулие-қорымы	Созақ ауданы Мыңжылқы тауының бөктеріндегі Таукент қалашығымен іргелес жатқан мекенде орналасқан.
76	Мамет Халфе кесенесі XVI-XIX ғғ.	Созақ ауданы, Созақ ауылынан 1,5 шақырым оңтүстік-шығыста орналасқан.
77	Әже-ата кесенесі XIX ғ. соңы	Созақ ауданы, Созақ ауылынан 1,5 шақырым оңтүстік-шығыста орналасқан.
78	Қазаншы кесенесі XIX ғ. соңы	Созақ ауданы, Созақ ауылынан 0,7 шақырым оңтүстікте орналасқан.
79	Бекасыл әулие	Төлеби ауданы, Қасқасу ауыл әкімшілігіне қарасты Кеңсарай ауылы ішіндегі қорымда орналасқан.
80	Түрікбасы әулиесі	Түлкібас ауданы, Тұрар Рысқұлов ауылынан 2 шақырым, Азаттық ауылында, Шымкент-Алматы автомобиль жолының сол қапталындағы беткейінде орналасқан.
<b>Тарихи тұлғалар және саяси оқиғалармен байланысты сакралды орындар</b>		
81	«Бірлік» (Ордабасы тауы) монументі. 1997 ж.	Ордабасы ауданы, Ордабасы ауылы
82	«Қасірет» мемориалдық кешені	Шымкент қаласы, Астана даңғылы мен Бәйдібек даңғылы қиылысында орналасқан.
83	Қажымұқан Мұңайтпасов мазары	Ордабасы ауданы, Қажымұқан ауылы, ауылдық мазаратта орналасқан
84	Мыңшейіт тарихи орны	Төлеби ауданы, Қасқасу ауылының шығыс жағында, Сайрам су өзенінің жағалауында, беткейде орналасқан.

<b>Табиғи-ландшафтты нысандар</b>		
85	Қазығұрт тауы (Кеме қалған, Ақбура әулие, Шілтер ата, Тамшы бастау әулие)	Қазығұрт ауданы, Шымкент –Ташкент Тас жолы бойында, оңтүстікке қарай 35 км-дей қашықтықта орналасқан.
86	Жылаған ата бұлағы және үңгірі.	Түркістан қаласы, Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай Бабайқорған ауыл округы аумағында, Қаратау бөктерінің жартасты шатқалында орналасқан.
87	Акмешіт үңгірі	Бәйдібек ауданы, Акмешіт ауылынан 5 шақырым жерде орналасқан
88	Ханшайым аралы	Арыс ауданы, Байырқұм ауыл әкімшілігіне қарасты Көкжиде мен Байырқұм елді мекендерінің арасында, Сырдария өзенінің ортасында орналасқан
89	Теректі әулие	Бәйдібек ауданы, Боралдай әкімшілігіне қарасты Теректі ауылында орналасқан.
90	Көз әулие	Бәйдібек ауданы, Боралдай ауыл әкімшілігіне қарасты Қызылсай жазығында орналасқан.
91	Хантағы	Кентау қаласы аумағында орналасқан
92	Көктерек әулие	Қазығұрт ауданы, С.Рақымов ауыл округі
93	Қырық қыз	Қазығұрт ауданы, Жігерген ауыл округінен Өгем елді мекеніне түсе берісте орналасқан.
94	Үңгір (үш ауызды)	Қазығұрт ауданы, Жігерген ауыл округі, Қызылдықан ауылының 5 шақырым шығыста,
95	Құм әулие	Ордабасы ауданы, Аққойлы, Жусансай ауылдарына 3 шақырымдай жерде орналасқан
96	«Көзді ата» әулие және бұлағы	Ордабасы ауданы, Тоқсансай ауылында орналасқан.
97	Тамшы әулие	Түлкібас ауданы, Кершетас ауылынан 12 шақырым оңтүстік шығыста орналасқан
98	Ақтас әулие	Түлкібас ауданы, Керейт ауылында орналасқан.
99	Көз ата әулие	Төлеби ауданы, Ақбастау ауылында орналасқан
100	Үңгірлі әулие	Төлеби ауданы, 1 Мамыр ауыл әкімшілігіне қарасты Қоңырбөрік ауылында орналасқан.
101	Қошқар ата кесенесі мен бұлағы	Шымкент қаласы, Қошқар ата өзені бойында орналасқан.
102	Қосүңгір	Арыс қаласы маңында орналасқан
103	Қыз Құлаған Жар немесе Аманжар	Арыс ауданы аумағында орналасқан
104	Қотыр әулие бұлағы	Төлеби ауданы, 1 Мамыр ауылы, Өлішер Науаи бөлімшесінде орналасқан

№1-кестеден көріп отырғанымыздай, Түркістан облысы және Шымкент қаласының жер аумағында орналасқан қасиетті және киелі орындардың саны – 104-ке жетеді екен. Олардың ішінде:

- 1 Сәулеттік ескерткіштер – 28;
- 2 Археологиялық қазба орындары – 22;
- 3 Зиярат (ғибадат) орындары саналатын діни нысандар – 30
- 4 Тарихи тұлғалар және саяси оқиғалармен байланысты сакральды орындар – 4
- 5 Табиғи-ландшафтты нысандар – 20.

Дегенмен, республикалық комиссияның анықтаған классификациясы облыстық мәдениет басқармасының ұсынған классификациясынан өзгешелеу екендігін де байқадық. Сондықтан, республикалық комиссияның анықтаған классификациясына дипломдық жұмыс тақырыбы шеңберінде кеңінен тоқталып өту де маңызды, өйткені, ол осы қарама-қарсылықтың мазмұнын ашып бере алады.

Сонымен, республикалық деңгейде қабылданған классификацияның алғашқысы – «Ерекше құрметтелетін табиғи мұра ескерткіштері». Оның мән-мағынасына тоқталар болсақ – аңызға айналған тарихы әлемдік және жергілікті кеңістіктің сакральды географиясының бір бөлігіне айналған мұндай қасиетті орындарға жергілікті халық та, алыстан келген туристтер де ат басын бұрып зиярат етеді және оның бір бөлігі мемлекет қарауына алынып та қойылған болады [18].

Ал, «Археологиялық ескерткіштер мен ірі ортағасырлық қала орталықтары» дегеніміз арнайы зиярат ететін археологиялық және архитектуралық ескерткіштер түріндегі орындары бар қалалар. Бұл тәжірибе жергілікті халықтың оларды Еуразия құрлығының далалық бөлігін мекен еткен ата-бабадан қалған асыл мұра екендігін түйсіну арқылы салыстырмалы түрде кейінірек пайда болған. Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер және жерлеу-ескерткіштік құрылыстар енгізілген. Ортағасырлық қалашықтар Қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуын, сондай-ақ драмалық оқиғалар мен қиын-қыстау кезеңдерге толы Ұлы Еуразия даласының саяси тарихын көрсетеді.

Үшінші топқа зиярат ету орындары болып табылатын діни және культтық нысандар кіреді. Қасиетті нысандардың бұл тобы «Әулие» феноменімен байланысты. Бұл тізімге аты аңызға айналған түркі дәуіріне дейінгі есімдер, жалпытүрік бірлестігі дәуіріндегі тұлғалар және кейінгі ортағасырлардан бастап, ХІХ ғасырға дейін өмір сүрген шынайы тарихи тұлғалар толық енген. Әрбір мемориалдық ескерткіш мифологиялық, тарихи және діни мазмұндағы аңыз бен әңгімелер туындатқан нақты тұлға және жермен байланысты болып келеді.

Төртінші топқа тарихи тұлғалармен байланысты қасиетті орындар енгізілген. Бұл қасиетті жерлер әдетте мемориалдық сипатта және аттары аңызға айналған, Қазақстанның тәуелсіздік алуына, оның ғылымы, білімі мен мәдениетінің дамуына маңызды үлес қосқан билеушілер, хандар, атақты батырлар, мемлекеттік және саяси көшбасшылар, ақындар, ғалымдар, ағартушылар есімдеріне байланысты пайда болған орындар енгізілген.

**Қорытынды.** Ұлттық бірегейлік феноменінің жүйелілігі, сондай-ақ, жалпыға ортақ киелі жерлердің, күш беру орындарының болуының нәтижесінде Қазақстан Республикасы тұрғындарының оң бірегейлігін негіздеу бірнеше іргелес ғылымдар: этнология, әлеуметтік антропология, этноәлеуметтану, әлеуметтік психология, тарихи өлкетану, музейтану және ІТ-технологияның жаңалықтары мен жетістіктерін ұштастыра пайдалануды көздейді, оның өзінде егер алғашқылар өздерінің бай әдіснамалық аппараты және әдістемелік құралдарының жәрдемімен ұлттық бірегейлік мәселесінің жаңа қырын ашуға мүмкіндік берсе, ІТ-технологиясының жетістігі зерттеліп отырған нысанға туралы түсінікті компьютерлік үлгі жасау арқылы геоақпараттық жүйе (ГАЖ) картасы бетіне шоғырландыру нәтижесінде кеңіте алады, яғни шынайы және виртуалды режимде жүзеге асырылатын ұлттық бірегейліктің қалыптасуының киелілік аспектісі алынып отыр.

Идеологиялар алмасуы кезеңінде дәстүрлі діни көзқарастарға қайта оралуға немесе



«...Фрицы многого не знали. Им говорили, что Россия - большая страна, но им не говорили, что в этой большой стране живут большие люди. В степях Востока, привыкшие к нестерпимому зною и к суровому холоду, издавна жили отважные люди. Акыны пели в старину о героях Казахстана, о славных батырах. Нет ничего для батыра дороже чести... «...Ожил после Октябрьской революции Казахстан, расцвели его сады, восколосились поля. Казахам есть, что защищать», «...Торунсабаев выбежал вперед и крикнул: «За родину!» Потом он повторил эти слова по-казахски: «Отан үшін!» Он повел взвод на немцев. Враг дрогнул, а Торсунбаев, когда закончился бой, просто сказал: «Мое дело маленькое - бить немца. А мы все вместе - большая сила», «...Казахи привыкли носиться на коне по степи, но, если нужно, они ползут, они бегут, они карабкаются на горы, они вязнут в болотах: ничто их не остановит. Верность проверяют огнем. Сгорают на огне солома и закаляется на огне сталь» «...Трижды сильной стала на огне войны наша родина, Советский Союз, Россия. Казахи сражаются рядом с русскими. Мы вместе горюем, вместе деремся, вместе будем радоваться первому утру победы». Статья «Казахи» в газете «Красная звезда» 18 октября 1942 г. [11,12].

Один из панфиловцев, был также и девятнадцатилетний Султан Ходжиков, с 1941 - на фронте: командир пулеметной роты, потом начальник штаба батальона. Своей любимой в Алма-Ату: «нет, не отдам тебя, моя любовь, Эсфир». на поругание немцу! умру, но не отойду. Я отправил на тот свет десяток бесчестных и с ними их полковника. это мое признание тебе в любви, Эсфир. твой Султан».



**Рисунок 17** - Ходжиков Султан-Ахмет или Султан. – 1923-1988 гг. советский казахский режиссёр, сценарист. Заслуженный деятель искусств Казахской ССР

**Рисунок 18** – Ходжиков Султанахмет и его жена (с 1953 г.) Ситникова Александра Тимофеевна, окончила ВГИК, экономист-организатор производства фильмов, начальник планового отдела киностудии «Казахфильм» Позднее долгое время работала в Управлении статистики.

Накануне Победы. В составе легендарной 8-й гвардейской Панфиловской дивизии дошел от Москвы до Балтийского моря. Дослужился от рядового до гвардии капитанов 8-й гвардейской мотострелковой дивизии Панфилова. 8 мая 1945 года младший из четырех сыновей Латифы Ходжиковой писал ей: «Дорогая апа! Поздравляю с великим праздником

– Днем Победы. Войне конец, просто не верится, что буду дома. Но если бы не вера, мы бы не победили...Целую, твой Кенже» из письма Султана Ходжикова матери Латипе. Позднее Султанахмет закончил режиссерский факультет ВГИК (1947-53). После ВОВ направлен на учебу в артиллерийскую академию, но добился демобилизации. С 1953 работал 2-м режиссером, режиссер киностудии «Казахфильм». Режиссер к/ф «Кыз-Жибек» (1970). Награжден орденами Красной Звезды, «Отечественной войны I степени», медаль «За победу над Германией в Великой Отечественной войне» 1943–1945 гг., юбилейные медали. Лауреат Государственной премии КазССР в области литературы, искусства и архитектуры [3].

В послевоенное время. Карикатуры и политические зарисовки С.Ходжикова публиковались в «Шмеле», «Известиях» и других журналах и газетах. Но по совету старшего брата Кулахмета, активно работавшего тогда в кино, он поступает на режиссерское отделение ВГИК, где учится в мастерской режиссера Александра Довженко. После окончания института в 1953 году он начинает свою трудовую деятельность на Алма-Атинской киностудии.

Творческое содружество с ленинградцем Павлом Боголюбовым, режиссером фильма «Девушка-джигит», послужило прекрасной практикой для начинающего режиссера. Короткометражная лента «Мать и сын» 1955 - первая самостоятельная постановка молодого режиссера, снятая по его собственному сценарию. Картина поднимает важную тему воспитания молодого поколения.

Затем он снял фильмы: «Мы из Семиречья» - 1958, посвященный революционной тематике, «Если бы каждый из нас» 1961 и «Чинара на скале» 1965, где нашли отражение философский анализ концепции человеческого существования, волновавшие автора.

В 60-е годы творческой зрелости режиссера, выражения гражданственности его художественной позиции, активного стремления к отражению на экране настоящего и прошлого казахского народа. Он обращается к национальному эпосу и снимает «Кыз Жибек». Замысел фильма рождался в «недрах» семьи. Отец Конгыр-Ходжа был большим знатоком истории. Мать Латипа, знавшая множество песен и преданий, была замечательной мастером народного творчества. Она была непосредственной участницей постановки музыкальной пьесы «Кыз-Жибек», самого популярного спектакля оперного театра Замысел создания «Кыз Жибек». в кинофориаате давно родился у старшего брата - Кулахмета, первым из всех пришедшим в киноискусству. Работая в издательстве он уже тогда в 50-х годах оформляя казахский народный эпос, «Кыз Жибек», в том числе, увлекся этой идеей и позже «заразил» ею младшего брата Султанахмета.



Рисунок 19 - фрагмент из кинофильма «Кыз Жибек»

«Кыз-Жибек» – не просто история любви казахских Ромео и Джульетты. В фильме отражена общественно-политическая жизнь казахов: война с джунгарами, жузовые

распри, не способствовавшие единению нации. На Всесоюзном кинофестивале в Тбилиси «Қыз Жибек» был отмечен наградами. Режиссер Султанахмет Ходжиков получил специальный диплом за яркое образное решение исторической темы. В 1972 году кинорежиссеру Султанахмету Ходжикову за фильм «Қыз Жибек» была присуждена Государственная премия Казахстана. Фильм стал главной работой Султана Ходжикова, прославивший национальный кинематограф и казахский народ. В этом произведении на основе замечательного казахского лиро-эпического произведения талантливый режиссер поднял казахское кино на большую высоту. В 1981 году снят телевизионный фильм «Панфиловцы». Султан Ходжиков в последний период своей жизни снял фильм о легендарном борце Кажымукане Мунайтпасове «Знай наших!» 1985 г, который еще раз возвеличил казахский народ. О самом Султан-Ахмете Ходжикове 11 марта 2013 года, в честь празднования его 90-летия снят документальный фильм «Война и мир Султана-Ахмета Ходжикова» режиссер Булат Нусимбеков, производства АО «Казахфильм» им. Ш.Айманова [17].

Судьба одного из братьев Султана Ходжикова семьи знаменитых Ходжиковых, остается для молодого поколения примером подражания великого духа и героизма, проявленного не только в период войны, но и послевоенное время. В 2020 году ему исполнилось бы 97 лет, а значит в 2023 году наша республика отметит 100-летие Султан-Ахмете Ходжикова.



**Рисунок 20** - Фрагмент из кинофильма «Война и мир Султана Ходжикова» «Казахфильм» им. Ш.Айманова. Алматы, 2013

**Заключение.** Сегодня в период возрождения национального самознания и развития национальной культуры Казахстана, каждый из нас, должен понимать, что работа по сохранению национального кода, будет идти вперед если когда каждый из нас, будучи патриотом своей страны, приложит усилия по увековечению в памяти ключевых событий и вклада в развитие страны легендарных личностей. Так как развитие культуры и сохранение и историко-культурного потенциала страны, есть и остается ключевым звеном национального приоритета развития народа и государства, его качественных культурных ценностей, плодотворный культурный обмен и духовно-творческая самореализация личности.

Академия духовной модернизации «МИРАС» проведя краткий анализ о жизни деятельности семьи Ходжиковых, в частности акцентируя внимание судьбе братьев Ходжиковых приводит новые факты о героических поступках выдающихся личностей Казахстана, автор работы отразив в своем повествовании некоторые факты трудоемкой и яркой жизни династии Ходжиковых, способствует расширению знаний о вкладе целой плеяды в развитие культуры и истории казахского народа. Отражая в статье также и фото материалы, автором была нацелено визуально отложить в памяти широкой аудитории знания о его великих по праву сынов и дочерей. Приводя некоторые новые источники, задействовать новые неизведанные направления по семье Ходжиковых молодыми

учеными, культурологами, педагогами, искусствоведами, а также повлечь на развитие воспитательной работы среди молодежи, приводя в пример огромную работу, проведенную семьей Ходжиковых на развитие культуры и истории родного края.

Вечная Слава Героям Казахстана, их Великие легендарные имена свято и навсегда останутся в истории государства

### Список литературы:

1 Торгаутова Ш.А. Летняя школа Академии духовной модернизации «МИРАС» - пример развития доступного национального образования страны. «QAZAQTANÝ» республиканский научный журнал № 3(7)09/2020, С.102.

2 Назарбаев Н.А., Семь граней Великой Степи. Казахстанская правда. 21.11.2018

3 Ходжикова С.К. Фрагменты выставки и презентации книги о семье Ходжиковых. Алматы 2018.

4 Мырзамуратова Н. Кызылординские вести. Художники родной земли. 16.11.2013

5 Абикеева Г. О. История национальных кинематографий в ССР и перспективы развития киногосударств - участников СНГ, Балтии и Грузии. Науч. ред. Н.А. Кочеляева, А.П. Николаева-Чинарова, Е.В. Пархоменко; сост. Указателей Е.В. Пархоменко, А.В. Рябоконе. Москва. Академический проект, 2018. 771 с.

6 Новости. Шедевры династии Ходжиковы. Газета «Вечерняя Астана» 01.06.2018

7 Ходжиков Кулахмет. Ссылка. Ходжиков At the gallery №06 2017 ru SA Мекемтаса

8 Ергалиева Р. «Творчество братьев Ходжиковых» kazgazeta.kz. Алматы.29.11.2019

9 Кулахмет Ходжиков. Книга-альбом. Алматы. 2015

10 Нусимбеков Б. Тарлан. Кулахмет Ходжиков. производство АО «Казахфильм» им. Ш.Айманова. Алматы.2015

11 Труды культурно-просветительного форума «Тюркский мир: взгляды Абая Кунанбаева и модернизация общества Казахстана в XXI веке» посвященного празднованию 175-летия Великого поэта и мыслителя Абая Кунанбаева. 12.06.2020. 131 стр.

12 Мырзахметұлы Абайдың «Толық адам» ілімі. Алматы. 2020

13 Илья Эренбург. Война. 1941-1945г. Сайт: электронной библиотеки Mybrary.Ru

14 Фото документы Газета Красная звезда. №246 (5310) 18 октября 1942 г. из семейного архива Ходжиковых.

15 Фиронова В. Шагнувшие в бессмертие. Казахстанская правда. Астана. 31.05.2018

16 Новости. Шедевры династии Ходжиковы. Газета «Вечерняя Астана» 01.06.2018

17 Баймуханова С.З. Изобразительное решение в казахстанских исторических фильмах. Научно-исследовательский журнал Сибирского государственного института искусств имени Д.Хворостовского «ARTE»2018. докторант, КазНАИ им. Т. К. Жургунова

18 Статьи о кино. [Электронный ресурс]. URL: <http://vosmerka.kz/kniga-ob-ottse/> (Дата обр.22.07.2019).

19 Нусимбеков Б. Режиссер. документальный фильм «Война и мир Султана-Ахмета Ходжикова» «Казахфильм» им. Ш.Айманова. Алматы, 2013 Вечер памяти Султана Ходжикова. Ссылка. <https://youtu.be/xUxVbMYLxuc>

**Түйін:** Ходжиковтар отбасы туралы қысқаша тарихи очерк берілген. Ходжиковтар отбасы Түркістан өлкесінің қалыптасуын дамытуға үлес қосқан Қазақстан тарихындағы аты аңызға айналған тұлғалардың бірі болып табылады. Ходжиковтар Қазақстан мәдениетін ХХ ғасырдағы кескіндеме, графика, мүсін және декоративтік өнер, театр және кино саласындағы талантты туындылармен байыта түсті. Ходжиковтар отбасының шығармашылығы Қазақстан мәдениетінің қазынасына кірді. Мақала авторы Қазақстан тарихындағы тұлғаларды зерттеуге арналған бірнеше іс-шараларды өткізе отырып, қазіргі қазақстандық қоғамға мемлекеттіліктің дамуы мен қалыптасуына өз үлесін қосқан, ұлттық сананың негізін қалаған және Қазақстан үшін, сондай-ақ жалпы тарих үшін орасан зор құндылығы бар тұлғалары туралы зерттеуге, жалпы оқырманға

айтып беруге тырысты. Мақала авторы аталған тақырып бойынша жұмысты бастап, Алматы қаласының «Әділет» республикалық тарихи - ағарту қоғамының міндетін атқарушы директоры, мәдениеттанушы, танымал ағайынды Ходжиковтардың ұрпағы болып табылатын Қазақстан Суретшілер Одағының және Кинематографистер одағының мүшесі Сәуле Құлахмедовамен бірнеше рет кездесу өткізді, ол Ходжиковтар отбасы, Құлахмет Ходжиковтың әкесі туралы сирек кездесетін фото материалдарды ұсынды.

**Кілт сөздер:** Ходжиковтар, шығармашылық, Қазақстанның мәдениеті XX ғасыр, кино, театр, кескіндеме, мүсін, Сәуле Құлахмедқызы Ходжикова.

**Abstract:** the article provides a brief historical sketch of the Khodzhikov family. The Khodzhikov family is one of the most legendary in the history of Kazakhstan, which contributed to the development of education in the Turkestan region. The khodzhikovs enriched the culture of Kazakhstan with talented works in the field of painting and graphics, sculpture and decorative art, theater and cinema of the twentieth century. The creativity of the Khodzhikov family has rightfully entered the Treasury of culture of Kazakhstan. The author of the article, conducting various events dedicated to the study of personalities in the history of Kazakhstan, tried to explore and tell the modern Kazakh society about his sons and daughters who contributed to the development and formation of Kazakhstan's statehood, laid the Foundation of national consciousness and are of great value for Kazakhstan, as well as for history as a whole. The author, having begun work on this topic has held numerous meeting with Hojicova Saule Gulahmedova - Executive Director of the Republican historical-educational society «Adilet» in Almaty, as the cultural studies scholar, a member of the Union of artists and the Union of cinematographers of Kazakhstan, a descendant of the famous brothers Gagikovich, which presented a rare photo of the materials about the family Gagikovich, the work of his father Kulakhmet Hojicova.

**Keywords:** Hojicova, creativity, culture of Kazakhstan of the twentieth century, cinema, theatre, painting, sculpture, Saule Kulahmetova Hojicova

ӘОЖ 374.3.16

**Бекжігітова С.Б., Утеева К.Қ.**

магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

### **ӘЛ-ФАРАБИ ЕҢБЕКТЕРІ АҚЫЛ – ОЙ МЕН БІЛІМНІҢ БИІК МӘНІ**

**Түйін:** Ғұлама ғалым әл-Фараби өзінің энциклопедиялық білімінің арқасында саяси, философиялық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық мәселелермен қатар, жаратылыстану мен математика саласындағы көптеген ауқымды ғылыми мәселелердің түйінін шешкен адам. Оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына бағытталған. Ғылыми тұжырымдарында ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптейді. Оның эстетикасында негізгі мәселе – адамның дене және рухани сұлулығы. әл-Фараби өзінің энциклопедиялық білімінің арқасында саяси, философиялық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық мәселелермен қатар, жаратылыстану мен математика, логика, физика мен метафизика, құқық және дән саласындағы көптеген ауқымды ғылыми мәселелердің түйінін шешкен ғұлама ғалым. әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасы ортағасыр дәуіріндегі ғылыми ізденіс пен ақыл ұмтылысының жалпы қалпын бойына сіңірген деп айта аламыз

**Кілт сөздер:** философия, этика, эстетика, сұлулық, бақыт, адамгершілік, әдет, білім, мейірбандық, рухани мұра.

**Кіріспе.** Ғұлама ғалым әл-Фараби өзінің энциклопедиялық білімінің арқасында саяси, философиялық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық мәселелермен қатар, жаратылыстану мен математика саласындағы көптеген ауқымды ғылыми мәселелердің түйінін шешкен адам. Оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына бағытталған. Ғылыми тұжырымдарында ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптейді.

**Теориялық талдау.** Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» аталған Әбу Нәсір

Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Узлах әл-Фараби ат Турки 670 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Отырар (Фараб) қаласында әскербасының отбасында дүниеге келген. Білімін алғашында Отырар медресесінде, одан кейін Шаш, Самарқанд, Бұхарада жалғастыра отырып, жолай Иранның Мешһед, Нишапур, Рем (Тегеран), Исфахан қалаларына келіп, одан әрі қарай Бағдадқа аттанады. Бұл қала араб тілді мәдениеттің, жаратылыстану және қоғамдық-фәлсафалық ғылымның және атағы әлемге жайылған белгілі ғалымдардың мекені болатын. әл-Фараби осы қалада медицина ғылымы мен логиканы Йуханна бин Хайланнан, жаратылыстану мен грек тілін Әбу Башр Маттадан, астрономияны Әбу Бәкір бин Сираждан үйренді. Арасында бірер жыл білімін толықтыру үшін Ирактың оңтүстігіндегі Харран шаһарына бірер жыл барғаны болмаса ол өмірінің 20 жылдай мерзімін осы Бағдадта өткізді. әл-Фараби Бағдадқа келген кезде 50 жаста еді. Жиһанкездікті жақсы көретін әл-Фараби Бағдадтан кейін Шам мен Мысырға да сапар шегеді. Бірақ дереккөздерде оның бұл қалаларда қанша уақыт болғаны тиянақты айтылмаған.

Әл-Фараби өзінің энциклопедиялық білімінің арқасында саяси, философиялық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық мәселелермен қатар, жаратылыстану мен математика, логика, физика мен метафизика, құқық және дән саласындағы көптеген ауқымды ғылыми мәселелердің түйінін шешкен ғұлама ғалым. Әл-Фарабидің энциклопедиялық мұрасы ортағасыр дәуіріндегі ғылыми ізденіс пен ақыл ұмтылысының жалпы қалпын бойына сіңірген деп айта аламыз.

Әл-Фараби өмір сүріп, ғұлама ғалым екендігін айтқанда ортағасырлық Шығыстың қайта өркендеу дәуірі мәдени дамуының негізгі себептерін атап кеткен жөн. Олар:

Сол дәуірде мәдени өмірдің біртұтас бөлігі мен сауаттылықтың міндетті белгісіне айналған зайырлы білімге ұмтылыс;

Өткен мәдениет жетістіктерін кеңінен қолдану, әсіресе, үнді, грек және т.б. Бұл құбылысты ескіге оралу емес, керісінше, ұмыт қалған мәдени құндылықтарды қайта жаңғырту мен оларды болашақ үшін пайдалану;

Табиғатқа үңілу, оның байлықтарын зерттеу, құпияларын ашу және оны пайдалануға талпыну. Жаратылыстану дамуы осының жемісті нәтижесі;

Жаратылыстану дамуымен тығыз байланысты рационализм, ақылға сүйену, оны ақиқат өлшеміне айналдыру, ғалымдық пен білімділік ұғымына кірген логиканың дамуы. Ертедегі көптеген логикалық шығармалардың аудармасы осы заманда орындалды;

Догматикаға немқұрайлық, оған ақылды қарсы қою, ортодоксалды діннен біршама ауытқушылық, еркін ойлаудың дамуы

Адамның танымдық және адамгершілік қасиеттерінің мақтауынан туындайтын гуманизм, адамға табиғат жаратылысының ең жоғарғы болмысы ретінде қарау;

Жазба және ауыз әдебиет сөзіне махаббат, көркем әдебиет шығарма жазушыларына ғана емес, зиялы қауымға да тән болған филологияға деген қызығушылық. Риторика көркем сөз бен өлең шығару өнері білімді адамның көрінісі. Ғылыми трактаттарды өлең пішінінде жазу дегеніміз кәдуілгі жағдай саналған. Тіпті жаратылыстану зерттеушілеріде филология, поэтика және риторика мәселелерімен жиі айналысқан. Бируни мен Ибн Сина да бұл мәселелерге қатысты трактаттар жазған;

Әмбебаптылық, энциклопедиялық пен бірнеше білімді білу – қаралып жатқан дәуірдің ерекшелігіне жатады. Көптеген ғалымдардың бір мезетте бірнеше сала бойынша жемісті жұмыс жасаулары осының көрінісі. Джахиз – атақты ақын әрі сол кезеңдегі саналуан ғалымдардың барлығын да меңгеріп, өзінің еңбектерін жазған, замандас ғалымдардың ішінде оқ бойы оза тұрған энциклопедист ғалым. Оның замандасы Әр-Рази да философия ғылымынан басқа, медицина саласындағы үлкен жетістіктерге ие болған, сырақаттарды емдеу үшін мықты дәрілерді ойлап табатын химик және фармоколог болған. Адам емдеу ісімен айналысқан келесі ортағасырлық ғалым – Ибн Сина медицинадан басқа математика, астрономия, философия, психология, ботаника ғылымдарын терең меңгеріп,

саналуан табиғи минералдарды да зерттеумен айналысқан. Оның әмбебаптығы табиғатты әр қырынан зерттеуге мүмкіндік берді [1, б.608-609].

Әл-Фараби өмір сүрген дәуірде “эстетика” деген түсінік болмағанымен ғұлама ғалымның еңбектерінде көркемдік таным, әсемдік туралы, көркем шығармашылықтың жалпы заңдары және адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы философиялық көзқарастары болды. Оның бұл көзқарастары философиялық, этикалық және эстетикалық мәселелердің бірлігін қамтып көрсететін үйлесімді жүйесі болды [2, б.34-35, 221].

Адам мақсатының үш түрі болады: жағымды, пайдалы және тамаша түрлері. Пайдалы мақсат не ұнамды, не тамаша болып келеді. Қалаларда бар, өнерлерде пайдалы мақсат бар. Ал жүріс-тұрысты сипаттайтын өнерлер және сауда жүргізуге қабілеттілікті көрсететін өнердің көздеген мақсаты тамаша, өйткені адам осылардың жәрдемімен білім алады және шынайы ақиқатқа жетеді. Барлық өнер атаулының мақсаты не тамаша, не пайдалы мақсат.

Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер философия деп немесе абсолюттік мағынада айтқанда, даналық деп аталады. Даналық дегеніміз – қалған басқа заттардың болмысын айқындап беретін шалғай себептерді және себептері бар заттардың таяу себептерін білу.

**Тәжірибелік бөлім.** Олай болса, ғұлама ғалымның эстетикалық көзқарастары жетелеген негізгі ой-пікірлердің қысқаша желісінде (тезистер) немесе кездейсоқ пікірлерінде орын алмайды, олар философияның ішінде маңызды негізге ие болады. Ғалымның этикалық және эстетикалық мәселелері жөніндегі көзқарастары оның «Китабат – танбих’ала сабил ас-са» («Бақыт жолын сілтеу»), «Фусул ал-мадани» («Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері»), «Китаб тахсил асса ада» («Бақытқа жету туралы»), «Музыка жөніндегі үлкен трактат», «Поэзия өнері жөнінде», «Риторика», «Поэзия өнерінің канондары жөніндегі трактат» және т.б. еңбектерінде орын алады.

Бұл жерде Әл-Фарабидің қоғам, этика, эстетика жөніндегі пікірлері мен философиялық концепцияларының қалыптасуына себеп болған жағдайларды айтпай кетпеуге болмайды:

Фарабидің философиялық әлеуметтік этикалық эстетикалық ой-пікіріне көне грек заманының ұлы ойшылдары ықпал етті. Ғұлама ғалым олардың ой-пікірлерін сын елегінен өткізе білді

Фарабидің философиялық, әлеуметтік-утопиялық идеясының, адам бойындағы ең жоғарғы моральдік қадір-қасиет туралы, көркемдік, сұлулық туралы пікірлерінің қалыптасуына оның туған жері Қазақстан мен Орта Азияның бай ауыз әдебиеті, төл-тума мәдениеті, халықтарының азаттық жолындағы күресі, бостандық сүйгіш ой-пиғылы ықпал етті.

Оның философиялық, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық көзқарастарына Таяу Шығыс пен Орта-Шығыс халықтарының ілідеріндегі прогресшіл сарындар мен гуманистік идеялар да әсер етті.

Оның тұжырымдары мен әлеуметтік этикалық, эстетикалық көзқарастары сол кезеңнің дәстүріне, үлгі-өнегесіне үйлес келді, сондықтан да ғалымның ғылыми мұралары ортағасырлық заманның жемісі болып табылады.

Ең бастысы, Отырардан шыққан ғұлама ғалымның қоғам, этика, эстетика мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерін де Пифагорға тән цифрлік мистиканың да, Планонның «Заңдарындағы» діни мифологиялық наным-сенімдердің де әсері мүлде жоқ. Ол Платонның барлық азаматтарға ортақ мінсіз мемлекет құру, оның міндетті түрде діни болуы қажет деген идеясына қарсы шықты [3. Б.7-8].

Әл-Фараби эстетикасында негізгі мәселе – адамның дене және рухани сұлулығы. Оның пікірінше, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет. Көркемдік адамның денесі мен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды. Жақсылықты, рахатты о дүниеден ғана күту керек деп реалды өмірден



аулақтауды насихаттайтын діни мистиктерге қарама-қарсы түрде ол адам бақытты, молшылықты, тыныштықты іздесе, шын мәнісіндегі көркемдікті сезіне, түсіне білгісі келсе, соның барлығын ол жасампаз еңбектен табады, қайырымды, мейірбан жандардың жәрдеміне сүйену арқылы соған жетеді деп санады. Сондықтан да ол адамдарды іске, қимылға, белсенділікке, қиыншылықты, өмір жолындағы әлеуметтік кедергілерді жеңуге шақырды [3, Б.14].

Ғалым адам сұлулығын адамгершілік пен эстетикалық сапалармен тығыз байланыста қарастырады. Оның айтуынша адам пайда болғаннан кейін оның бойында ең алдымен күш пайда болатынын айтады. Бұл арада күш деп отырғанымыз адам бойында пайда болатын қабілеттерді айтып отырмыз. Ойлау күшінің пайда болуымен ол интеллекцияның пайымдағыш объектілерін аңғарады, сұлулықты сүйкімсіздіктен айырады, сөйтіп өнер мен ғылымға ие болады.

Ғалымның пайымдауынша адамзат баласы жаратылысынан мейірімділік ниеттерге жаралған. Адамның адамгершілік және эстетикалық сапалары, ел алдымен, оның тіршілік әрекеттері (физиология) мен сезімдер дүниесімен (психика) өзара байланысты. Адам табиғи қабілетіне байланысты асқан сұлу, бейбастақ әрекеттерді де іске асыра алады. Бұл арада ақыл-ой басты рөл атқарады. Әл-Фараби «Адам ақыл-парасаттың арқасында адам» атындығын ескерте отырып, «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш. Бұл күш практикалық және теориялық болып екіге бөлінеді. Практикалық күш кәсіптік және ойлаушылық болып бөлінеді. Теориялық күш – адамның дүниеде бар және қасиеті жағынан біздің жасауымызға немесе бір қалыптан екінші қалыпқа өзгертуімізге келмейтін заттарды танып білуіне көмектесетін күш»-дейді [2, б.194].

Жан біткеннің бәрі ең биік кәметке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмас сатысына сәйкес жете алады. Бұдан жылпы адамға тиетін үлес ең жоғары бақыт деп аталады. Адамзат қоғамында ие болып отырған дәрежесіне сәйкес қайсыбір адам тиетін үлес осы текке лайықты ең жоғары мақсат болады. Осы мақсат үшін өмір сүруші индивид – әділетті индивид, ал осы мақсатты көздейтін жеке-дара өнер – жеке-дара әділетті және ізгі өнер [1, б.452].

Әл-Фарабидің этикасының ең жоғары категориясы – бақыт, өйткені басқа бірдеңе үшін емес, тек өзі үшін қажет болатын игілік осы бақыттың бойына шоғырланған. Ол “Ал бақыт дегеніміз – абсолюттік игілік. Бақытқа жету үшін және бақытқа ие болу үшін қажет нәсенің бәрі де сонымен бірге игілік болып табылады, бірақ өзі үшін емес, мұның өзі бақытқа жету үшін қажет болғандықтан. Дегенмен, қандай бір шамада болсын бақытқа кедергі жасайтын нәрселер абсолюттік зұлымдық болып табылады. Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Ол табиғи түрде де, ниет түрінде де бола алады. Зұлымдық бақытқа жетуге кедергі болады”.

Ал егер адамның мақсаты бақытқа – ең жоғарғы кәметке жету болса, онда мүмкін тұлғалар меңгеруге қабілетті нәрселердің бәрін алуы үшін адамның осы бақытқа қалай жете алатынын көрсету керек. Бұл әрекетшіл ақыл-парасат алғашқы білім болып табылатын алғашқы ақылмен пайымдалатын мәндерді берген кезде мүмкін болады [2, б.122, 125-126].

**Нәтижелер мен тақылау.** Әл-Фараби адамның шынайы бақытқа жетіп толысуы, парасаттануы үшін пайда берерлік (рационал) барша ғылымды игеруге ерекше мән береді. Оның “бақыттың мәні - парасаттылықта” екендігі туралы қағидасы осыны білдіреді. Әл-Фарабидің мұны айтып қана қоймай, сол кездегі бүкіл ғылымдарды меңгерудің жоспарын, бағдарламасын, оқулықтарын жасап шыққан ұстаз, ғұлама екені белгілі болып отыр.

Жастарды тәрбиелеу жүйесінде әл-Фараби бірінші орынға адамгершілік, моральдық тәрбиені қояды. Кең мағынада алып қарағанда, олар бұл тәрбиенің ауқымына имандылық, еңбек, эстетика, дене, т.б. тәрбие түрлерін енгізіп, тұтас қараған сияқты. Әл-Фарабидің

ілімі бойынша, мінез-құлықтың жақсысы да, жаманы да туа бітпейді, жүре бітеді. Оларға әсер етуші шешуші факторлар, себепші әрекеттер ортаның әсеріне, сіңген әдетке, дағдыға тіреледі. Ол былай дейді: “Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре келе пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін.

Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қамтылуын айтамын. Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары сияқты...” [4, б.12].

Отырарлық ғұлама ғалымның эстетикалық басты мақсаты – жарық дүниедегі өмірде адамзаттың тиетін жетілдіру, тамаша өмір салтына жету, сұлулықты және ең жоғарғы шаттықты иемдену. Түпкі мақсат – көркемдікке жету.

Әлемдік үйлесімділік ілімін қарастырғанда ғалым бүкіл Әлем, тұрмыстың барлық сатылары тұтастықты, үйлесімділік пен өзін-өзі қамтамасыз етуді құрай отырып тығыз өзара байланыста болады деген қорытынды жасайды. “Бірінші тұлғаның болмысы әбден кемеліне келген, сондықтан оның сұлулығы да басқа сұлулық атаулыдан асып түседі. Әрбір сұлулық иесінің бойында Одан дарыған көрік пен әсемдік жайы да солай: оның бәрі Оның парқы мен субстанциясында.

...Рақат, қуаныш пен ләззат асқан сұлу, ең әсем ең көрікті нәрсені барынша тиянақты және кемелді нәрсе түрінде аңғару ғана пайда болып, толық дәрежесіне жетеді. Мәселен, Бірінші Тұлға асқан сұлу, әсем де көрікті, ал оның парқы бар деген түсінік – ең тиянақты түсінік, сондықтан мұның (парқының) өз субстанциясы бар дейтін білім – ең абзал білім.

Оның ең таңдаулы, ең сұлу және ең әсем нәрсені білу мен пайымдауының ұқсастығы өзінің мәні жағынан біздің ең сұлу және әсем нәрсені біліп, пайымдауымызбен бірдей, сондай-ақ Оның қуанышының, рақат пен ләззатының ұқсастығы біздің өз рақатымызбен, қуанышымызбен, ләззатымызбен бірдей” [3, б.88-89].

Ғалымның бұл пікірлерінен шығатын қорытынды: біріншіден, Әл-Фараби діни көзқарастарға ашық қарсы шықпағанмен ғылымды, білімді, философияны діннен жоғары қояды; екіншіден, бұл жағдай сол кездегі ортағасырлық діни идеологияның әсері; үшіншіден, жетілудің жоғары сатысы – Алла деп санады; төртіншіден, әсемдік пен үйлесімділік әлемге тән, сатылы орналасады және әлемдік үйлесімділіктің тұрмыстық мақсатқа лайықтылығы тұрмыстың себептік байланыстарымен анықталады; бесіншіден, әрбір саты өзінің мәніне қарай жетілуге, сұлулыққа және үйлесімділікке ұмтылады.

Әл-Фараби мұрасының ішінде этика (гректің “этос”-дәстүр, үй, ошақ, мекен өрісі, әдет-ғұрып) жөніндегі ілімдері ерекше орын алады. Этика жөнінде ең алғаш әл-Фарабидің ұстазы Аристотель пікір айтты. Этика философияның моральдік феноменін (ерекше, ерен қабілет) зерттейтін бөлімі. Бұл ғылымның атқаратын мынандай қызметтерін атаған жөн:

- адам қызметінің жүйесіндегі өнегеліктің шекарасын анықтау;
- өнегеліктің теориялық негіздемесі «қалыптасуы, мәні, әлеуметтік рөлі»;
- өнегеліктің сыни құндылығының бағасы.

Әл-Фараби этиканы ең алдымен жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Оның этика жөніндегі көзқарастарында жақсылық, мейірбандық категориясы негізгі орын алады. Жақсылық материяның өзінде бітіп қайнап жатса, жамандық болмыс жоқ жерден пайда болады дейді. Ол адам баласын жан иесінің биік шоқтығы ретінде құрметтеу, қастерлеу керектігін атай отырып, терең ойларындағы гуманизмін көрсетеді. Ғалым, жамандықты жақсылық жеңгенде ғана адам өзінің ізгі мұрат-мақсатына жетеді дейді [2, б.132]. Әл-Фарабидің бұл салада жасаған қортындыларының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде.

Этикалық категориялардың ішінде жақсылық, еркіндік, әділеттілік, ар, абырой, ұят, өмірдің мәні, бақыт, махаббат сияқты адамгершілік феномендері ерекше орын алады. Олардың адамгершілік жүйесіндегі орнының ерекшелігі соншалықты, олар жоғары

адамгершілік құндылықтарына жатқызылады. Өйткені оларды дұрыс түсінуімізден біздің адамгершілігіміз, яғни біздің көзқарастарымыз, бағамыз, қылықтарымыз байланыста болады. Олай болса, этиканы негізгі міндеті адам баласының қатынасын ең жоғарғы жетілген формада зерттеу болып табылады.

«Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп соған әрекет жасауы керек.

Әртүрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынандай айқын қорытынды шығады: білуі тиіс болған нәрселер мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл нәрсе кез келген адамға бітетін қасиет емес” [5, б.306]–дейді ғұлама ғалым.

Қорытынды. Қорыта келе айтқанда, Әл-Фараби Отырар топырағында дүниеге келіп, орта ғасырларда адамзат баласының білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне, ғылымның алуан салаларының дамуына орасан үлес қосқан ғұлама ғалым. Оның өмір сүрген заманында материалистік философия ашық қалыптаса қоймағандықтан ғалымның философиялық көзқарастарына сол заманның әсері болды. Оның философиялық жүйесі сол кезеңдегі философияның барлық мәселелерін қамтиды; яғни болмыс жөніндегі ілім, материя және оның дамуы туралы мәселе, адамның тану әрекеті, логика мәселелері, ақыл және оның адамның қоғамдық іс-әрекеттеріндегі алатын орны, этика, эстетика, өнер мәселелері, натурфилософия және ғылымдар методологиясы т.б. [6, б.18]. Ол ақыл, парасат, қайырымдылық, бақыт, білім мәселелерін жоғары бағалайды. Рухани мұра қалдыру абзал да қадірлі, ғылымға кесірін тигізбейтін харекет дейді. Өйткені ол осы мұралары арқылы өлгеннен кейін де өзгелерге игілікті іс болып жалғасады.

Әл-Фараби дүниеге көзқарасын этика және эстетика мәселелеріне де ерекше мән беріп, оларды нақтылай түседі. Халық – мемлекеттің жүрегі саналғанымен адамдар арасындағы теңсіздік, артық-кемшілік байқалатынын айта отырып, оны жоюдың бірден-бір жолы ағартушылық, адамгершілік тәрбиесін күшейту деп қорытады.

Әл-Фараби сол заманның өзінде зорлықсыз, қанаусыз әділ қоғам болуы мүмкін деген батыл қияли болжам жасайды. Ондай ізгі мемлекеттің тууы ең алдымен мемлекет басшысына, оның ақыл-парасатына, ғұламалығына, талантына, тәрбиесіне тікелей байланысты деп қорытындылайды.

Әл-Фарабидің философиялық трактаттарының қағидалары бүгінгі таңда да өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Нысанбаев Ә. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттар/ Құрастырғандар.
- 2 Құрманғалиев Ғ., Сандыбаев Ж. Алматы: Арыс, 2009. 656 бет.
- 3 Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: Ғылым, 1975. 418 бет.
- 4 Кереку-Баян кітапханасы “Рухнама” / Әл-Фараби. 1 кітап. Павлодар; ҒӨФ «ЭКО», 2003, 216 бет.
- 5 Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда. Зерттеу еңбек. Алматы: Қазақ университеті, 2006, 58 бет.
- 6 Қазақ халқының философиялық мұрасы. Әл-Фараби философиясы.
- 7 Жиырма томдық. 2 том. Астана: Аударма, 2005. 478 бет.
- 8 Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат. 2002. 176 бет.

**Аннотация:** Ученый Аль-Фараби наряду с политическими, философскими, социальными, этическими, эстетическими проблемами освещал научные проблемы в области естествознания и математики. Все философские труды и представления Аль-Фараби направлены на совершенствование человека, также в своих научных трудах он раскрывает высочайшее значение интеллекта и знаний. Основной концепцией аль-Фараби является эстетика: физическая и духовная

красота человека. Благодаря своим энциклопедическим знаниям, аль-Фараби является выдающимся ученым, решившим широкий спектр научных проблем в области естествознания и математики, логики, физики и метафизики, права и науки, а также политических, философских, социальных, этических, эстетических проблем. Можно сказать, что энциклопедическое наследие аль-Фараби вобрало в себя общие черты научного поиска и стремления разума эпохи Средневековья.

**Abstract:** The greatest scientist al-Farabi solved a lot of scientific problems along with political, philosophical, social, ethical, and aesthetic problems in the field of Natural science and Mathematics. The philosophical works and ideas of al-Farabi are aimed at the human perfection. In scientific concepts the highest value of intelligence is revealed. The main problem in aesthetics is the physical and spiritual beauty of a person. Thanks to his encyclopedic knowledge, Farabi is an outstanding scientist who has solved a wide range of scientific problems in the field of natural science and mathematics, logic, physics and metaphysics, law and science, as well as political, philosophical, social, ethical, aesthetic problems. It can be said that the encyclopedic heritage of al-Farabi absorbed the common features of scientific search and the aspirations of the mind of the middle Ages

ӘОЖ:16.21. 51

**Булекбаева Л.А.**

докторант, ҚҰҚПУ, Алматы, Қазақстан

### **ҚАЗАҚ ЕТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ**

**Түйін:** Гастрономияның символдық сипаты қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, рәсімдерін, қонақжайлылық мәдениетін көрсетеді. Ал мәдениет- ұрпақтан-ұрпаққа жеткен сансыз символдар. Символды тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастыру барысында оның астарында жатқан ұлттық дүниетаным, ұлттық сана, эстетикалық пайым, адамгершілік құндылықтарды, ғасырлар бойғы тәлім – тәрбиені көруге болады. Символды тіл мен мәдениет сабақтастығында зерттеу лингвистикалық зерттеулердің жетістігі деп ойлаймыз. Кез келген қоғамда адамдар арасындағы қарым қатынас символ сөзінде белгіленеді. Тағам символикасын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы алғанда, табақ тарту, тамақтану процесі адамзат үшін тек қажеттілік емес, ол этностың қоғамдағы қарым-қатынасын, ұлттық құндылықтарын айқындайтын қоғамдық құбылыс. Қазақ халқының дастарқан мәзірі және оған байланысты туындаған салт-дәстүр, жөн-жоралғының астарында ұлттық мәдениеттің қалыптасу жолын қонақтарға деген сый-құрметпен көрсетуге болады.

**Кілт сөздер:** тамақтану дәстүрі, мәдениет, символдық мән, ет тағамы, қонақ, қонақжай, табақ.

**Кіріспе.** Кез келген қоғамда адамдар арасындағы қарым қатынас символ сөзінде белгіленеді. Символ терминін ғалымдар әр түрлі түсіндіреді. Мысалы, Ю.С.Степанов символ ғылыми түсініктеме емес, ол поэтиканың сюжеті десе, Ю.М.Лотман символ - сюжеттің гені дейді. Тағам символикасында (символизмінде) 2 кешен бар. Біріншісі - ішкі этникалық. Бұл тағамның коммуникативтік, ритуалдық және киелілік (қасиеттілік) кешені. Екінші кешен тағам жүйесінің этнотаңбалық қызметімен байланысты. Яғни, тағам жүйесі, мәдениет сияқты екі қарама - қарсы қызмет атқарады: біріктіруші және ажыратушы, яғни, бір этникалық топ екінші бір топтан тағам жүйесімен ерекшеленеді.

Адамның талғамы көбіне оның ұлттық ерекшелігімен анықталады. Белгілі бір халықтың тамақтану дәстүрлері географиялық, саяси, экономикалық факторларының әсерінен қалыптасады. Әлем халықтарының талғамдары олардың қоныстану аймақтарына қарай айқындалады. Ежелгі заманнан бері адамдар өздерінің мекендейтін жерлерінде бар тағамды тұтынған. Әр ұлт өкілі өзінің мекендейтін жерінің шаруашылығы туралы мақтанышпен айта алады. Біздер британдықтар туралы ойласақ, ойымызға ең алдымен

пудинг, сиыр еті мен сиыр етінен жасалған стейк келеді, ал итальяндықтар макарон мен макарон өнімдерімен ерекшеленсе, қазақтар ет тағамымен ерекшеленеді[1].

Тағам-адамзаттың өсіп, өркендеуінің негізі болатын экологиялық маңызды факторлардың бірі. «Тамақтану процесі тек қана қажеттілік емес, ол адамдардың қоғамдағы қарым-қатынасын айқындайтын тұрмыстық мәдениет және сол қоғамға тән адамдардың өзін ұстау нормасы, ұстанымдары», - деп көрсетеді[2,3]. Мәдениеттің қай түрі де бірінен-бірін бөліп алуға келмейтін синкретті ұғым. Осыған орай, А. Жылқыбаева қазақ халқының асты өте жоғары бағалағаны және қастерлей білгені жайында айтады. Сонымен қатар, ғалымның пайымдауынша, түркі халықтары адам өміріндегі тамақтың орнын тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған [3,26].

С. Кенжеахметов өз еңбегінде ел мен елді татуластыру да, құрметтеу де, ынтымақ, бірлікке шақыру да қазақтың кең дастарқаны арқылы көрсетілгенін атап көрсетті[4,110].

**Негізгі бөлім.** Ет– қазақ халқының дәстүрлі тағамы. Дәстүрлі қазақ асханасы жайлы сөз болғанда, ең бірінші ойға келетін нәрсе – ет. Себебі, ұлт болып қалыптасу кезеңдерінің барлығында ет тағамдары қазақ ас мәзірінің негізі болған. Көшпенділер әдетте жылқы мен қой етін тамаққа қолданған. Той немесе қонақасыға көбінесе қой сойылады. Қойдың ет бөліктерінің өз атаулары бар; қазы - қарта, жал-жая–жылқы етінің кәделі мүшелерінің бірі. Қазы, шұжық, бұжы, бұжығы және қарта сияқты тағамдар алдын-ала дайындалады.

Ыдыс-аяқтардың ішінде ең маңыздысы – қазан. Бұл ет пісіретін негізгі ыдыс, сондықтан, қазақ тілінде қазан асу, қазан көтеру- тамақ пісіру сияқты тіркестер дамыған. Жасалынған материалына қарай қазан-шойын қазан, мүйісті-қола, сыйымдылығына қарай- тай қазан, бір жасар жылқының етін қамтитын көлемді қазан деп ажыратады. Бар тағамның бастауы әр отаудың ошағындағы қазанда дайындалады. Біздің санамызда тағам мен қазан егіз дүние десе де болады. Қазақтың қара қазанын ауыл елдің бірлігі мен ынтымағын жарастырған қасиетті ұғым деп білеміз.

**Нәтижелер мен талқылау.** Ет ұсынылатын беті кең жайпақ ағаш ыдысты табақ деп атайды. «Табақ тарту» қағидасы – келген мейманның жасына, беделіне, шыққан тегіне т.б. жағдайларына қарамастан, сый-құрмет танытып, кәделі сыбағасын беріп күту жағы қазақтың қонақжайлығындағы ерекше дархандықты көрсетеді. Осымен байланысты қазақтың дастарханға табақ тарту салтынан этникалық ортадағы әлеуметтік жікті, гендерлік ерекшелікті, психологиялық құбылысты аңғаруға болады.

Қазақша еттен табақ тартқанда табақтың дұрыс тартылмауы кейде қонақтар арасында түсінбестік туғызады. Бас табақ- қойдың басымен берілетін негізгі тағам, сый табақ- қадірлі қонаққа беріледі (маңыздылығы жағынан екінші), орта табақ- орташа тағам, аяқ табақ- жастарға ұсынылатын табақ. Оның бер жағында күйеу табақ, құда табақ, құдағи табақ, қыздардың, соғымшының, малшының табағы, жеңге табақ, беташар табақ, құрдас табақ, бала табақ, жерік асының табағы деген табақтар және бар.

Қазақ халқының дәстүрінде табақ тартудың маңызы ерекше. Табаққа салынатын жілік сүйектері сый-құрметке лайық деген өзіндік ұғымға сәйкес тұтынылған. Бұл құбылыс әлі күнге сүйектің ерекше орнын танытса, әрі шаңыраққа келген кісінің сол шаңыраққа туыстық дәрежесін де анықтайды. Малды қастерлеуден, кие тұтудан болар, ежелгі түркілердің ұғымында малдың сүйектері, кейбір дене мүшелері де қасиетті саналған.

Қазақ халқының табақ тарту дәстүрінде мал етінің мүшелерінің тілек тілеу ғұрпымен де байланысты жақтарын тануға болады. Мәселен, бала дүниеге келгенде немесе жаңа отау тігілген соң, сойылған қойдың мойнын бітеу мүжіп кереге басына ілу немесе шаңырақтан лақтыру ғұрпы «мойны берік болу, мойны қатаю, беку, түтеткен түтіні түзу ұшып, отбасы бекіп, босағасы берік болу» сияқты түсініктермен қатысты қолданылса, қолы шебер болсын деген ырыммен бастың жағындағы етті қызына жегізген. Қай ұлттың болмасын дастарқан мәзірі және оған байланысты туындаған салт-дәстүр, жөн-жоралғының астарында ұлттық мәдениеттің қалыптасу жолын байқауға

болады. Мал шаруашылығымен шұғылданатын көшпелілерде қонаққа арналған тағам міндетті түрде еттен болуы керек. Бұл жөнінде тағам атауларын зерттеген ғалымдардың бірі Д.Қатран: «Қонақ келсе, қазақ қонақжайлығының «түп қазығы» қой сойылады» деп көрсеткен [5,73].

Қазақта «сыбаға» ұғымы – тиесілі дәм, ас ұғымымен қатар адамды дәм- тұз тартып тұрады, аман-есен жүруіне, бір қуанышқа тілеулес болып тұрады деген түсініктер негізінде қалыптасты. Сыбаға сөзінің түпкі мәні де жалғас, жақын, көрші сияқты ұғымдарын білдіретін сыбай, сыбайлас, сыбайластық сөзімен төркіндес келуі, жоғарыда айтқан тілеулес болып, дәм тартып тұрады деген түсінікке дәлел болғандай. Сыбағаның өзі жеті мүшеден тұрады. Н.Уәлиұлы «Фразеология және тілдік норма» деген еңбегінде жеті мүше деп мыналарды ұсынады: бас, омыртқа, жамбас, жауырын, тоқпақ жілік, асық жілік, қары жілік [6,115].

Бірлесіп ас, тағам ішу қазақ халқында ежелден келе жатқан дәстүр. Бұдан ел-жұрт ішіндегі туыстық, жора-жолдастық, құда-жегжаттық сияқты қарым-қатынастың ауызбірлікте сақталғанын байқауға болады. Оған дәлел ретінде қазақ халқының дастархан басында орын алуы мен тағам тарату тәртібін келтіруге болады, ол біріншіден, дастарқан басына әлеуметтік жағдайы мен жас мөлшеріне қарай орналасу; екіншіден, туыстық қарым-қатынасқа қарай дастарқанға отыру, үшіншіден, етті мүшелеп тарату тәртібіне қарай жайғасу; төртіншіден, қымыз, боза ішу тәртібін атауға болады.

Жасы да, жолы да, жөні де үлкен адам отырған тұсқа бас пен жамбас қатар тартылады. Табақ тартылған кезде, қонаққа арнайы салынған мүше иелері, басқаларымен бөлісуді асату дейді. Ақсақалдар өз қолдарымен немерелеріне асатады. Олар асатуымен немерелерінің өздеріндей көп жасағандарын тілейді. Дастарқан басында қонаққа ет немесе дәмді тағамды асатқандарымен сыйластықтарын, немерелеріне ас атып- жақсы көргендіктерін білдіреді. Ас атқысы келген адам тағамды өз қолымен ол адамның ауызына салады. Егер ол адамды дастарқан басында одан алыстау отырса, атын атап, жағалатып жібереді.

Әр аймақтың тағам атаулары немесе тағам әзірлеудің өзіндік еркшеліктері бар екенін ескеру керек. Сол арқылы сіз олардың тұрғылықты жерін анықтай аласыз. Мысалы, Қазақстанның оңтүстігінде «жылқы шұжығын» қазы деп атайды, ал солтүстігінде - шұжық.

Құйрық-бауыр – құдалық кезінде міндетті тағамдардың бірі. Бауыр – қазақ тілінде бауырды да, жақын адамды білдіреді, сондықтан, құдалардың құйрық-бауырды жеу дәстүрі «жаттан» «досқа» айналуының түрін білдіреді. Ет – малдың жасына қарай – жас малдың еті, кәрі-малдың еті деп, семіздігіне қарай- майлы ет, арық ет деп бөлінеді. Ең дәмді ет – біржарым айлық қойдың еті, жеңсік, дәмді деп қабылданады. Жамбас пен жая, дәмді тағамдармен қазы-қарта бірге ұсынылады.

Ет дайындау процесіне көптеген адамдар қатысады, олар өзіндік қызметтерімен ерекшеленеді. Мал бағушы жылқышыны – малшы, малды дұрыс кесуді білетін қасапшыны – қасапшы, ет пісіруді білетін адамды – қазаншы, ыдысқа ет салатын кісіні-табақшы деп атайды.

**Қорытынды.** Ас дайындау дәстүрі қазақ халқы үшін өте маңызды. Бұл қонақ күту мен тағамның маңыздылығын көрсетеді. Сонымен, глуттонимдердің таңбалық сипаты қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, рәсімдерін, қонақжайлылық мәдениетін көрсетеді. Ал мәдениет ұрпақтан-ұрпаққа жеткен сансыз символдар. Символды тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастыру оның астарында жатқан ұлттық дүниетаным, ұлттық сана, эстетикалық пайым, адамгершілік құндылықтарды, ғасырлық тәлім – тәрбиені көруге болады. Осы ретте, тағам символикасын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Дастарқан басындағы адамдардың орналасу тәртібі, берілетін тағамның мәртебелілігі әлеуметтік символизм қоғам дамуындағы барлық деңгейін бейнелейді: жеке, таптық, рулық, жалпы этникалық. Сондықтан болар ғалымдар тағам символикасы

элеуметтік символизмнің бейнесі деп есептеген.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ундрицова М. В. Глуттонический дискурс: лингвокультурологические и переводческие аспекты // Вестник Московского университета. 2012. № 2. С. 86–91.
2. Арутюнов С.А. Проблема классификация элементов культуры.//СЭ. 1981. №4 С. 3-16.
- 3 Жылқыбаева А.Ш. Лингвомәдениеттану негіздері. Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, 2017. 130 б.
- 4 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Атамұра, 2010.
- 5 Гаврилов М.Ф. Остатки ясы и усуну у узбеков. Ташкент, 1929
- 6 Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері// Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2007. 336 б.

**Аннотация:**Символический характер гастрономии отражает историю, обычаи, обряды, культуру гостеприимства казахского народа. А культура - это символ, передаваемый из поколения в поколение. Символика еды - это изображение социальной символики. Рассматривая символизм в преемственности языка и культуры, мы можем увидеть национальное мировоззрение, национальное сознание, эстетическое видение, моральные ценности, многовековое образование. Мы считаем, что изучение символического языка и культурной преемственности является достижением лингвистических исследований. В любом обществе отношения между людьми определяются словом символ. Изучение символики еды - одна из самых актуальных проблем. В целом, процесс подачи еды - это не только необходимость человечества, это социальное явление, определяющее соотношение этничности в обществе, национальных ценностей. Путь становления национальной культуры в меню казахского народа, связанные с ним традиции и обычаи прослеживаются в уважении к гостям.

**Abstract:**The symbolic character of gastronomy reflects the history, customs, rituals, and the culture of hospitality of the Kazakh people. And culture is a symbol passed down from generation to generation. Food symbolism is an image of social symbolism. Considering symbolism in the continuity of language and culture, we can see the national worldview, national consciousness, aesthetic vision, moral values, centuries-old education. We believe that the study of symbolic language and cultural continuity is an achievement of linguistic research. In any society, relations between people are defined by the word symbol. The study of food symbolism is one of the most pressing problems. In general, the process of serving food is not only a necessity for mankind, it is a social phenomenon that determines the relationship between ethnicity in society and national values. The formation of national culture in the menu of the Kazakh people, the traditions and customs associated with it can be traced in respect for the guests.

**Пернебеков С.С., Үсіпбаев Ү.А., Қазенова А.О.**

техника ғ.к., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

техника ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

PhD докторы, ағаоқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БӨЛІГІНДЕГІ ЖОЛ-КӨШЕ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ӨТКІЗУ МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйін:** Тұрғындардың автомобильдермен қамтамасыз етілу деңгейі мен қалалық көліктік жолдардың қозғалыспен жүктелу дәрежесінің жылына орта есеппен 7-13% артуы көлік ағындарының қозғалыс жылдамдықтарының 10-25 км/сағ шамасына, ал оңтайлы жылдамдықтардың 30-35 км/сағ төмендеуіне алып келді. Тасымалдауға жұмсалатын уақыт шығындары 30-100%, ал жанармай шығындары 25-30% шамасына дейін жоғарылады, сонымен қатар жыл сайын жол-көлік оқиғаларының саны өседі, және экологиялық жағдай нашарлауда. Қалыптасқан жағдайлар ірі қалалардың көліктік жүйелерінің қызмет ету сапасы мен сенімділігінің төмендеуіне, барлық қалалық қызметтердің жұмыс тиімділігінің нашарлауына алып келіп отыр. Бюджеттік қаражаттардың жеткіліксіздігі жағдайларында қалалық автомобиль жолдарының өткізу мүмкіндіктерін қысқа мерзімде және мүмкіндігінше аз қаражаттық шығындармен арттыру міндеті ерекше өзектілікке ие болады. Қалалық жолдардың өткізу мүмкіндіктерін арттырудың тәсілдерінің бірі ретінде көлік құралдарының қозғалысын «жасыл толқын» қағидаты бойынша үйлестіріп реттеуді енгізуді атауға болады. Мұндай реттеудің тиімділігін арттыру үшін «жасыл толқындағы» қозғалыс жылдамдығын жол-көлік жағдайларын есепке ала отырып анықтау қажет.

**Кілт сөздер:** жол-көше желісі, көше қиылыстары, қала көшелерінің өткізу мүмкіндігі, көлік ағындары, қозғалыс тәртібі, қозғалысты үйлестіріп реттеу, аралық ұзындығы, жол беті қаптамасының бүлінуі.

Қалалар мен ірі елді мекендердің дамуының қазіргі кезеңі олардың алып жатқан аумақтарының кеңеюімен және сол қалаларға жақын орналасқан қала маңындағы елді мекендермен қосылып кетуімен байланысты. Қалалардың көліктік жүйелері қалалар мен олардың әсер ету аймағына қызмет көрсетуші жүйеге айналып бара жатқандығы белгілі. Жыл сайын қалалар мен қала маңында орналасқан ірі елді мекендердің жүз мыңдаған тұрғындары еңбектік және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы қозғалыстарына көліктің қызметін пайдаланады және сол үдеріс барысында олар жол қозғалысының тікелей қатысушылары қатарына қосылады. Ал көліктер мен жаяу жүргіншілер ағындарының қозғалыс қарқындылықтарының артуы салдарынан жол қозғалысы мүшелерінің қауіпсіздік деңгейі мен қоршаған ортаның атмосфералық ауасының сапасы күрт төмендеуде.

Қалалардың көлік жүйелері көптеген қызметтерді атқарады және кейбір жағдайларда шиеленісуші тараптардың екі жағын да қанағаттандыруы керек болады. Сондықтан да қалалар мен ірі елді мекендердің көлік жүйесін дамыту стратегиясы көлік жүйесінің атқаратын қызметінің алуан түрлілігімен анықталады және бұл ретте көлік жүйесінің қызметіне деген сұраныстарды қанағаттандыру тәсілдері мен мүмкін болатын шектеулер анықталады. Жалпы көлік жүйесін дамыту стратегиясының негізгі міндеттеріне көлік жүйесі мен көліктік инфрақұрылымның нысандарын пайдаланушы әртүрлі шиеленісуші жақтардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету жатады.

Шымкент қаласындағы жол қозғалысының қарқындылығын арттыру, көлік ағындарын оңтайландыру және жол қозғалысы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Көлік, тасымалдауды және қозғалысты ұйымдастыру» кафедрасының бір топ ғалымдары мен білім алушыларының қатысуымен арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Шымкент қаласы бойынша көше-жол желісіне жүктемені төмендету мақсатында



төрт бағытта көлік жүйесін дамыту бойынша тиімді бағдарлама іске асырылуда:

- жол-көлік инфрақұрылымын дамыту;
- қоғамдық көлікті дамыту;
- жол қозғалысын ұйымдыстыру;
- көше-жол желісін жеңілдету.

Қалалық көлік жүйесін жандандыру аясында халыққа көліктік қызмет көрсету сапасын жақсарту жөнінде келесідей іс-шаралардың тиімділігі жоғары болуы мүмкін:

-жол-көше желілерінің өткізу қабілетін арттыру және жол тығындарын оңтайландыру үшін негізгі бағдарламаны нысандарын бейімдеп басқарудың ITS үшінші кезегін енгізу бойынша жұмыстарды жандандыру;

-қаланы джамытудың бас жоспарына сәйкес қала шетінде жабық үлгідегі аялдама павильондарын орнатуды енгізу;

-жолаушылар тасымалын субсидиялау шеңберінде Шымкент қаласының жолаушылар тасымалдарымен айналысатын автокөлік кәсіпорындарының қаржылық шығыстарына талдау жұмыстарын жүргізу;

-жол полициясы органдарымен бірлесіп, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында қаланың негізгі, басты көшелерінде көлік ағынын реттеу бойынша шаралар қабылдау;

-мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шеңберінде ауылы автотұрақтар үшін арнайы аймақтар бөлу жөніндегі мәселені пысықтау;

-Қонаев даңғылын ұзарту бойынша құрылыс жұмыстарын жалғастыру және кеңейту бойынша шаралар қабылдау, осы мәселені ерекше бақылауға алу;

-қалаға жаңадан қосылған мөлтек аудандардағы, мысалы Сайрам, Тассай, Таскен тұрғын үй алаптарында, жекелеген көшелерге асфальт төсеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін қарастыру;

-құрылыс жүріп жатқан көшелердегі құрылыс-жол жұмыстарын аяқтау бойынша қажетті шаралар қабылдау;

-жалпы білім беретін мектептер мен ортаарнаулы оқу орындарының 15-18 жастағы оқушыларына және жоғары оқу орындарының, колледждердің күндізгі оқу формасында оқитын студенттеріне қалалық қоғамдық көлікте тариф құнының 50% жеңілдікпен жол жүруді ұсыну мүмкіндіктері мен тетіктерін қарастыру;

-өткізілетін іс-шаралардың тиімділігіне қол жеткізу мақсатында жолдарды салу және қайта жаңарту, инженерлік коммуникацияларды тарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өзара келісілген іс-қимылдарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

-жаяу жүргіншілер өткелдеріне жақындауда арнайы белгі салу бойынша ұсыныстар әзірлеу: «Құлаққапты шешіп алыңыз» және «Баланың қолын алыңыз» және т.с.с.

-жекелеген көше қиылыстарына бағдарламаны орнату мүмкіндігін қарастыру;

-автокөлік тығындарын оңтайландыру үшін жаяу жүргіншілердің қозғалысына талдау жасау.

Жалпы Шымкент қаласы бойынша жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру мен жол-көше желілерінің өткізу мүмкіндіктерін жоғарылату бағытында негізгі басымдық ретінде Шымкент қаласының орталық көшелерін автокөлік құралдарының ағындарынан қоғамдық жолаушылар тасымалдаға арналған көлік құралдарын кедергісіз өткізуді қамтамасыз ету мақсатында екінші дәрежелі жолдардың жүріс бөліктерінің енін кеңейту арқылы аялдамалар мен тоқтау орындарын ұйымдастыру қабылданды.

Сонымен қатар орталық көшелердің жүктелуін азайту мақсатында көпдеңгейлі жол айырықтары мен эстакадаларды, жер бетіндегі немесе жерастындағы жаяу жүргіншілер өткелдерін салу мәселелері де қарастырылды.

Шымкент қаласының орталық көшелеріндегі жол қозғалысын ұйымдастыру деңгейін зерттеу барысында жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалысын

ұйымдастырумен байланысты бірқатар проблемалардың орын алатындығы анықталды. Аталған бағытта бірқатар шешімін таппай жатқан мәселелер бар екен, соның ішінде:

- әртүрлі деңгейде орналасқан жаяу жүргіншілер өткелдерінің санының аздығы;
- жаяу жүргіншілерге арналған жолдардың үстіне қойылған көлік құралдары олардың қозғалысына кедергі келтіреді;
- мүмкіндіктері шектеулі жаяу жүргіншілердің қозғалысы үшін қажетті жағдайлардың жасалмауы;
- қала тұрғындарының қозғалыстарының құрылымындағы велосипедтік қозғалыстың үлес салмағы өте төмен және велосипедшілерге арналған жолдар желісі жоқ деуге болады.

Қала тұрғындарының қозғалысқа деген сұраныстарын толығымен қанағаттандыру мәселесінде қоғамдық жолаушылар көлігінің орны ерекше екендігі белгілі. Қоғамдық жолаушылар көлігін дамыту көліктік кептелістер мен тығындардың шамасын азайту ісіндегі басты мәнбірлердің бірі болып табылады. Шымкент қаласындағы қоғамдық жолаушылар тасымалдау көлігінің жұмысын ұйымдастыруда да бірқатар проблемалар орын алып отырғандығы анықталды:

- автобустардың техникалық жағдайының төмендігі;
- автобустардың ішкі салондарының санитарлық жағдайларға сәйкес келмеуі;
- кейбір жекелеген бағыттардағы автобустардың жиілігінің қолайсыздығы;
- аялдамалық бекеттердің төменгі техникалық және санитарлық жағдайлары;
- қарбалас сағаттардағы көлік құралдарының жолаушыларға лық толып кетуі;
- тасымалдау сапасының төмендігі (жылдамдық, жиілік, сенімділік, ыңғайлылық);
- ескі көлік құралдарының санының басымдығы.

Жол-көше желісінің өткізу мүмкіндігін көлік құралдарының жолдар мен көшелердің бойына ретсіз қойылуы даайтралықтай дәрежеде төмендетеді. Көптеген көшелер күндізгі ақылы және ақысыз тұрақтар ретінде жұмыс істейді және олар жол-көше желісінің қызмет атқару құрамынан шығып қалған. Автокөлік құралдарына арналған тұрақтық орындар санын есептеуді қарастырушы нормативтік құжаттар мен нұсқаулықтар саны аз. Көліктік тұрақтарға арналған кеңістікті басқару бойынша негізгі бағыттар ретінде мыналарды атауға болады:

- Шымкент қаласының жол-көше желісінің бірқатар бөліктерінде көлік құралдарының тұруына тұрақтарды пайдалану барысын суретке немесе бейне таспаға түсіру жолымен немесе бақылаудың басқа да тәсілдерін пайдаланатырып, тиімді бақылау арқылы мүлдем тыйым салу;

- тұрақтық кеңістіктерді кешенді басқаруды жүзеге асыру үшін құқықтық және ұйымдастыру негіздерімен қамтамасыз ету;

- тұрақтарға арналған орындарды салу үшін қосымша жер телімдерін бөлу немесе іздестіру;

- жол-көше желісінде ақылы тұрақтарды құру;

- салынып жатқан құрылыс нысандарын көлік құралдарын сақтау орнымен қамтамасыз ету;

- тұрақтарды салу үшін жер астылық немесе жер бетілік кеңістіктерді игеру;

- қолданыстағы сауда аймақтары үшін тиеу-түсіру орындарын және жүк көліктерінің реттелетін технологиялық бос тұру орындарын құру және жайластыру.

Қала аумағы бойынша қауіпсіз қозғалуды қамтамасыз ету тұрғысында жолдық инфрақұрылым, көлік құралдары, жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер қарастырылды. Жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру бойынша негізгі бағыттар:

- жол қозғалысы қатысушыларының құқықтық сана-сезімі мен мәдениетін арттыру және жол-көлік жарақаттанушылықтарының алдын алу;

- жол қозғалысы ережелерін бұзу оқиғаларын анықтау ісінде нақты бақылау жүргізу мен жазалау шараларын қолдану мақсатында суретке түсіру мен бейне таспаға жазуды

кеңінен пайдалану мен өндіріске енгізу;

-жол-көше желілерінің аса жоғары дәрежедегі апаттық қауіпті бөліктерін талдауды жүзеге асыру және апаттылық деңгейін төмендету бойынша шараларды дайындау және оларды іске асыру.

Аталған шараларды іске асыру көше қиылыстарының өткізу мүмкіндігін арттыруға және жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

#### Әдебиттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. 2017 жыл 12 сәуір.
- 2 Транспортная стратегия Казахстана до 2020 года. Министерство транспорта и коммуникаций РК. Астана: Закон, 2016.25 с.
- 3 Клинковштейн Г.И. Организация дорожного движения.М.:Транспорт, 2001.247 с.
- 4 Сильянов В.В. Теория транспортных потоков в проектировании дорог и организации движения.М.:Транспорт, 1977.303 с.
- 5 Алексиков С.В. Повышение пропускной способности УДС путем регулирования скоростного режима транспортных потоков.Волгоград: ВолгГАСУ, 2012.33 с.
- 6 Руководство по оценке пропускной способности автомобильных дорог. М.:Транспорт, 1982.88 с.
- 7 Пернебеков С.С., Дутбаев Ж.Т., Маханбетжанов М.Н. Шымкент қаласы мысалында жол-көше желісінің өткізу мүмкіндігін арттыру мәселелерін шешу жолдары //Труды международной научно-практической конференций «Ауэзовские чтения-18: Духовное наследие великого Абая». Шымкент, 2020. Т. 7. С. 263-265.
- 8 Пернебеков С.С., Тортбаева Д.Р., Маханбетжанов М.Н. Обзор методик расчета пропускной способности //Международный научно-исследовательский журнал. Екатеринбург, 2020. №3 (93) Часть 1.С. 57-58.

**Аннотация:** Рост уровня автомобилизации населения и загрузки городских автомобильных дорог движением до 7-13% в год привел к снижению средней скорости транспортных потоков до 10-25 км/ч, при оптимальной - 30-35 км/ч. На 30-100% возросли затраты времени на перевозки, до 25-30% - расход топлива, при этом ежегодно растет число ДТП, и ухудшается экологическая обстановка. Сложившаяся ситуация привела к снижению качества и надежности функционирования транспортных систем больших городов, снижению эффективности работы всех городских служб. В условиях дефицита бюджета особую актуальность приобретает задача повышения пропускной способности городских автомобильных дорог в кратчайшие сроки с минимальными денежными затратами. Одним из методов повышения пропускной способности городских дорог является введение координированного регулирования движения транспорта по принципу «зеленая волна». Для повышения эффективности такого регулирования необходимо определение скорости движения по «зеленой волне» с учетом дорожно-транспортных условий.

**Abstract:** The increase in the level of motorization of the population and the load of urban highways with traffic up to 7-13% per year has led to a decrease in the average speed of traffic flows to 10-25 km / h, with an optimal speed of 30-35 km / h. The time spent on transportation has increased by 30-100%, fuel consumption has increased by 25-30%, while the number of road accidents is growing every year, and the environmental situation is deteriorating. The current situation has led to a decrease in the quality and reliability of the functioning of transport systems in large cities, a decrease in the efficiency of all city services. In the context of a budget deficit, the task of increasing the throughput of city highways in the shortest possible time with minimal financial costs becomes especially urgent. One of the methods to increase the capacity of urban roads is the introduction of coordinated traffic regulation according to the “green wave” principle. To improve the efficiency of such regulation, it is necessary to determine the speed of movement along the "green wave" taking into account road traffic conditions

ӘОЖ: 661.634

**Қадірбаева А.А.**

техника ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ ТАБИҒИ ФОСФОРҚҰРАМДАС ШИКІЗАТ КЕНОРЫНДАРЫ**

**Түйін:** Мақалада Қазақстанда есепке алынған фосфат кенорындары, геологиялық құрылымы мен жатыс сипаты туралы мәліметтер келтірілген. Фосфорит-саз, карбонат, аралас құрамды тау жынысы, оның құрамы негізінен фторапатитке жақын. Фосфорит уран, сирекжер, стронций сияқты элементтерге бай келеді. Сонымен қатар оның құрамынан ванадий, титан, цирконий, алтын және т.б. минералдар кездеседі.

Қазақстанда баланстық қоры жағынан негізгі мәнге фосфорит кені ие. Фосфорит кен орындары екі ірі алапта шоғырланған: Кіші Қаратау (микротүйірлі фосфорит) және Ақтөбе (жалбырлы фосфорит). Кіші Қаратау алабы 14 өнеркәсіптік кенорынды біріктіреді. Олардың баланстық қоры 550 млн.тонна. Алаптың болжамдық ресурсы 2 млрд. тонна деп бағаланады.

**Кілт сөздер:** кенорындар, фосфорит, апатит, баланстық қор, ресурс, шикізат

**Кіріспе.** Қазақстан қойнауындағы байлықтары бойынша ірі мемлекеттерге жатады. Оның қоры 5 триллион доллардан көп [1,6]. Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығына қажетті шикізат қорлары біздің еліміздің Жамбыл облысы Қаратау бассейнінде орналасқан. Қаратау бассейні бірнеше кенорындарынан тұрады, олар: Жаңатас, Ақсай, Шолақтау Ақжар және тағы басқа. Жалпы табиғи кендер бойынша Қазақстанның өзіндік қоры үлкен. Менделеевтің кестесі бойынша Қазақстан алдыңғы қатарлы елдерге жатады. Табиғи кендерді дайындау геологиялық тұрғыдан қарастырылады. Толық ақпарат алынған жағдайда кенді жару жұмысы бойынша орындау кенді қазу кезіндегі шығымының аздығына әкеліп соғады.

Кеннің техникалық сорттарын анықтау үшін кеннің басында флотациялық лаборатория орналастырылады. Лабораторияда үлгіні геологиялық тұрғыдан әртүрлі режимде зерттеулер жүргізіледі. Геологиялық және техникалық мәліметтер бойынша кенді жару үшін аумағы көрсетіледі.

**Зерттеу бөлімі.** Фосфат шикізаты ретінде негізгі мәнге апатит пен фосфорит ие, олардың химиялық формуласы  $Ca_5[PO_4]_3(F,Cl,OH)$ . Апатит минералының құрамына қоспалар ретінде стронций, барий, магний, сирекжерлер, т.б. кіреді. Апатит табиғатта кең тараған минерал, бірақ негізгі өнеркәсіптік мәнге оның сілтілі және ультра-негізді-сілтілі таужыныстардағы концентрациясы мен олар мен байланысты постмагмалық жаралымдары ие[1-2].

Фосфорит – шөгінді таужыныс (саз, карбонат, аралас құрамды), олардың құрамы негізінен фторапатитке жақын. Фосфорит уран, сирекжер, стронций сияқты элементтерге бай келеді. Сондай-ақ оның құрамына ванадий, титан, цирконий, алтын және т.б. кіреді.

Қазақстанда есепке алынған фосфат кенінің баланстық қорында негізгі мәнге фосфорит (микротүйірлі және жалбыр) кені ие. Фосфорит кенорын-дары екі ірі алапта шоғырланған: Кіші Қаратау (микротүйірлі фосфорит) және Ақтөбе (жалбырлы фосфорит). Кіші Қаратау алабы 14 өнеркәсіптік кенорынды (Шолақтау, Көксу, Жаңатас, Көкжон, т.б.) біріктіреді. Олардың баланстық қоры 550 млн. тонна. Алаптың болжамдық ресурсы 2 млрд. тонна деп бағаланады. Ақтөбе алабы 9 кенорынды (Шилісай, Алға, Богданов, Көктөбе, т.б.) біріктіреді, олардың жиынтық баланстық қоры 125 млн. тонна фосфордың бестотығы. Бұл қордың үлкен бөлігі (90 млн. тонна) Шилісай кенорнында шоғырланған. Алаптың болжамдық ресурсы 104 млн. тонна  $P_2O_5$  деп бағаланады. Фосфат шикізатының Қазақстанда нашар зерттелген резервтік көзі - апатит кені, ол Көкшетау ауданында орналасқан (Красномай массиві) кенорындардан тұрады. Фосфат шикізатының маңызды резерв көзі Торғайдың Соколов, Сарыбай, Қашар және басқа кенорындарындағы апатитті

магнетит кені болып табылады. Олардың байыту өнімдерін тазартқан кезде жыл сайын 100 мың тонна апатит концентратын алуға мүмкіндік бар [1-2, 5-6].

Апатит кенінің болжамдық ресурсы 147 млн. тонна **фосфор ангидриті** деп бағаланады.

Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде (Маңғыстау, Арал маңы, Торғай) жалбырлы фосфоритпен қатар түйлі фосфорит кең дамыған. Олар әзірше фосфорит кенінің болжамдық ресурсында шамалы мәнге ие болғанымен, өндіру мен байыту технологиясының қарапайымдығына байланысты қызығушылық туындатады.

Фосфат шикізатының белгілі бір үлесіне фосфат-глауконитті құм ие (Батыс Қазақстан мен Павлодардағы Ертіс маңы). Олардың қоры мен болжамдық ресурсы жүздеген млн. тонна. Фосфорит-глауконит кені құрама минералдық тыңайтқыш алу үшін жоғары сапалы шикізат саналады.

**Ақсай фосфорит кен орны** Жамбыл облысы Талас ауданында Қаратау қаласынан батысқа қарай 40 км жерде орналасқан.

Қаратау фосфорит алабына енеді. Кен орнының ұзындығы 8 км, ені 100 м. Барлау жұмыстары 1951-1956 жылдары жүргізілген. Кен орны 1959-1987 жылдары ашық кеніш әдісімен игерілді. Ал 1987 жылдан бастап кентас жер астындағы кеніштен өндіріледі. Кен орнының ұзындығы 8 км, ені 100 м болады. Оны 1938 жылы геологтар П.Л. Безруков пен Б.М. Гиммельфарт ашқан [1,3,4,7].

Геологиялық құрылымы, құрамы жағынан Ақсай фосфорит кен орны төменгі кембрийге жататын Шолақтау шоғырларынан тұрады. Бұл шоғырдың төменгі кентассыз бөлігі шақпақтасты доломиттер мен доломитті әктастардан (қалыңдығы 3-15 м) және фосфоритті шақпақтастардан (қалыңдығы 3-10 м) құралған. Бұлардан жоғары әрқайсысының қалыңдығы 1,5-12 м, фосфор ангидридінің ( $P_2O_5$ ) орта мөлшері 20-27% 4 кентас қабаты бар, олардың литологиялық құрамы негізінен фосфатты, шақпақтасты, карбонатты болып келеді. Алынған фосфорит кентасы Қаратау кен-химия комбинатында өңделеді [1,3,4,7].

**Жаңатас фосфорит кен орны** Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласының оңтүстік-батысында 20 км жерде орналасқан. Кен орны 1935 жылы ашылып, 1964 жылдан пайдаланылып келеді.

Геологиялық құрылымы жағынан Жаңатас фосфорит кен орны төменгі кембрийдің Шолақтау шоғырынан орын алған. Осы шоғырдың фосфоритті горизонттары үлкен асимметриялық қатпардың солтүстік-шығыс қанатында. Үлкен аймақтық жарылыспен қиылған бұл құрылым құрамасы  $30^\circ$ -тан (солтүстік-батыста)  $75^\circ$ -қа (оңтүстік-шығыста) жететін, бағыты әр түрлі кішігірім жарылыстармен тілінген [1,3,4,7].

**Жатыс сипатына келсек** кеннің құнарлы горизонты фосфорит шақпақтастарының қабатшалары бар фосфориттер мен фосфорит конгломераттарынан, фосфоритті және кремнийлі тақтатастардан, фосфаттанған доломиттерден тұрады. Мұнда екі фосфорит горизонттары бар, төменгінің орташа қалыңдығы 7,5 м, ал жоғарғысында 18 м. Бұл екі қабат бір-бірінен орташа қалыңдығы 18 м фосфорит-тақтатасты қабатпен бөлінген. Фосфориттің құрылымы кристалды, жасырын кристалды, түйірлі, оолитті болып келеді. Кен бойынша  $P_2O_5$ -тің орташа мөлшері 15-17%-дан 35%-ға дейін жетеді. Жылына 84 млн. т. фосфорит беретін Оңтүстік-Шығыс және Орталық карьерлері 1975 жылы, ал Солтүстік-Батыс карьері 1980 жылдан кейін іске қосылды. Мұндағы фосфорит сары фосфор, термиялық фосфор қышқылы мен фосфорит ұнын алуға пайдаланылады [1,3,4,7].

**Көкжон фосфорит кен орны** - Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жаңатас қаласының оңтүстік-батысында 12 км жерде орналасқан. Кен орны 1939 жылы ашылған. Барлау жұмыстары 1969-1971 жылдары жүргізілді. Кен алаңы 4 телімнен (Аралтөбе, Қыштас, Қисықтөбе, Атқұм) тұрады [1,3,4,7].

Кен ортаңғы кембрий кезеңі шөгінділерімен (Шолақтау шоғыры) жапсарласқан. Төсеніш жыныстар төменгі кембрийдің малтатас, тақтатас, құмайт және аргиллиттерінен

тұрады.

Жатыс сипаты бойынша фосфорит қабатының орташа қалыңдығы Қыштаста 15 м, Аралтөбеде 10 м. Фосфорит қабатында қалыңдығы 2-2,5 м фосфорит-кремний жыныстары кездеседі. Қыштаста 400-600 м, Аралтөбеде 300 м тереңдікте де фосфорит қабаты бар екені анықталды. Фосфорит құрылымы кристалды, жабық кристалды, түйіршікті, оолитті; оның түйіршіктері карбонатты, кремнийлі, фосфатты заттармен тұтасқан; құрамындағы  $P_2O_5$  мөлшері 22,8%-дан 36%-ға дейін. Көкжон фосфорит кен орны Қаратау фосфорит алабындағы ірі кендер қатарына жатады

**Қаратау фосфорит алабы** – Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы фосфорит кендері шоғырланған өңір. Тараз қаласының солтүстік-батысында 100 км-ден басталатын Қаратау фосфорит алабының ұзындығы 100-120 км, ені 25-30 км. 1936 жылы геолог И.И. Машкара Кіші Қаратау (Батыс Тянь-Шань) жотасында ұсақ түйірлі кремнийлі-карбонатты төмен кембрийлік фосфорит қабаттарын ашты. Ал 1937–1946 жылы П.Л.Безруков, Б.М. Гиммельфарб, А.С. Соколов, т.б. осы өңірден, әр түрлі 40-тан аса үлкенді-кішілі кен орындар мен кенбілімдерін анықтады. Бұл жылдары алаптағы фосфориттердің қоры 2 млрд. т деп бағаланған. 1946 жылы алаптың алғашқы кен орнын игеру басталып, Шолақтау кенті (қазіргі Қаратау) салынған. Мұнда Шолақтау фосфорит кен орны негізінде Қаратау кен-химия комбинаты іске қосылды. Осы комбинатқа қарайтын Жаңатас, Ақсай, Шолақтау, Көксу, Түйесай кендері пайдаланылуда [1,3,4,7].

Қаратау фосфориттері Қазақстанның және шет елдердің көптеген химиялық өнеркәсіп орындарында пайдаланылады. Олардан минералды тыңайтқыштар, элементтік фосфор, т.б. халық шаруашылығына қажет заттар өндіріледі.

**Шолақтау фосфорит кен орны** – Жамбыл облысы Қаратау қаласынан оңтүстікке 4км, Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 90 км жерде орналасқан. Геологиялық құрылымы жағынан Мұндағы фосфорит кені 5 км-ге созылып, тік немесе аударылып жатыр. Фосфорит кені төменгі кембрийдің шолақтау свитасында орналасқан.

**Түйесай фосфорит кен орны** - Жамбыл облысы Қаратау қаласынан солтүстік батысқа қарай 40 км жерде орналасқан. Кен орны Ақсай кенінен оңтүстік-батысқа 4 км, солтүстік батысқа 6 км-ге созылған, ені 500 – 600 м болып келетін ойпанда жатыр. Ол Түйесай-1 және Түйесай-2 деп аталатын екі телімнен тұрады[1,3,4,7].

Құрылымдық жағынан кен орындары ендік бағыттағы брахиантиклиналдық қатпарлармен ұштасқан. Фосфоритті шөгінді тау жыныстары қабатының ұзындығы 800 м, ол доломитті және кремнийлі горизонттарға сыйыстырылған. Өнімді қабаттың табанында қалыңдығы 2-3 м фосфоритті кангломераттар, одан жоғары қалыңдығы 2 м қабаттаса орналасқан фосфат-кремнийлі тақтатастар мен фосфориттер қалыптасқан.

**Жатыс сипатына келетін болсақ қабаттың жалпы қалыңдығы 14-33 м. Түйесай фосфорит кенінің 200 м тереңдікте барланған қоры (категориялар бойынша): Түйесай-1 кенінде  $B-1756$  мың т,  $C_1 - 5591$  мың т,  $C_2 - 1550$  мың т,  $P_2O_5$ -тің орташа мөлшері - 23,6%; Түйесай-2 кенінде  $C_2 - 2460$  мың т,  $P_2O_5$ -тің мөлшері 24%[1,3,4,7].**

**Қорытынды.** Адамзатқа қажетті металдар және бағалы заттар кен немесе пайдалы қазбалардан алынады. Олардың құрамына бір немесе бірнеше бағалы минералдар және көптеген тау жыныс минералдары кіреді. Кез-келген кенорындарын ашу үшін геологиялық карта арқылы кендегі пайдалы денеге химиялық талдау жүргізіледі. Ол орта есеппен алғанда 8-10 дана ұңғыма құралады. Кейбір жағдайда ондай скважиналар кенорынға байланысты 5-10-ға дейін болады. Ал сол ұңғымалар тереңдігі 150м жетеді. Екінші жағдайда пайдалы қазбалар жөніндегі орташа мәлімет үлкен ықтималдылыққа ие болуы қажет. Химиялық фазалық талдау бойынша қосымша талдау жүргізіледі. Себебі, берілетін ақпарат дәл болуы қажет. Кейінгі кезде пайдалы қазбалар жайлы дәл мәлімет алу үшін радиофизикалық әдіс қолданылуда. Қазақстанда табиғи фосфорқұрамдас кенорындары көп екені белгілі және оның көпшілігі Қаратау алабында орналасқан.

### Әдебиеттер тізімі:

1 Қадірбаева А.А. Қазақстанның минералды шикізаттары. «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтарының студенттері мен магистранттары үшін: Оқу құралы, Шымкент: М. Әуезоватындағы ОҚМУ, 2017. 112 бет.

2 Байбатша А.Б. Инженерная геология месторождений полезных ископаемых с основами геоинформатики. Алматы: Ғылым, 2003.

3 Ермолов В.А. и др. Месторождения полезных ископаемых. Москва. МГГУ, 2001.

4 Ершов В.В. и др. Геология и разведка месторождений полезных ископаемых. М: Недра, 1989.

5 Алшапов Р.А. Казахстан на мировом минерально-сырьевом рынке. Проблемы и их решение. Алматы: 2004. 220 с.

6 Фосфаты в XXI веке: Монография/Под ред. Ю.А.Кипермана. Алматы-Тараз-Жанатас. Ғылым, 2006. 220с.

6 Переработка фосфоритов Каратау/ Под ред. В.А. Ершова. Ленинград. Химия, 1975.197с.

**Аннотация:** В статье представлена информация о зарегистрированных месторождениях фосфатов в Казахстане, их геологическом строении и характере месторождения. Фосфорит-это глинистая карбонатная смешанная порода, состав которой в основном близок к фторапатиту. Фосфорит богат такими элементами, как уран, редкоземельные элементы, стронций. Также он содержит ванадий, титан, цирконий, золото и др. минералы.

Фосфоритовые (микрочастицы и хлопья) руды являются основными по балансовым запасам в Казахстане. Месторождения фосфоритов сосредоточены в двух крупных бассейнах: Малый Каратау (микрогранулированный фосфорит) и Актобе (листовой фосфорит). Бассейн малого Каратау включает 14 промышленных месторождений. Их балансовый фонд составляет 550млн. тонн. Расчетный ресурс бассейна -2 миллиарда тонн.

**Abstract:** The article provides information on the registered phosphate deposits in Kazakhstan, their geological structure and the nature of the deposit. Phosphorite is a clayey carbonate mixed rock, the composition of which is generally close to fluorapatite. Phosphorite is rich in elements such as uranium, rare earth elements, strontium. It also contains vanadium, titanium, zirconium, gold and other minerals.

Phosphorite (microparticles and flakes) ores are the main balance reserves in Kazakhstan. Deposits of phosphorites are concentrated in two large basins: Maly Karatau (microgranular phosphorite) and Aktobe (leaf phosphorite). Small Karatau basin includes 14 industrial fields. Their balance fund is 550 million. tons. The estimated resource of the basin is 2 billion tons.

UDC373.549.(378.147.227)

**Zhakeyeva Zh. M.**

senior lecturer of M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

### **WITH LOVE TO GREIG'S TULIP**

**Abstract:** This article describes the distribution area of the Greig Tulip. The rarest and most protected Tulip in southern Kazakhstan is the Greig Tulip. Information about this Tulip is given. Once this flower grew in abundance in the region, its bulbs were exported to the Netherlands. However, due to popular "love" in the second half of the XX century, the steppe Tulip was on the verge of extinction. The article describes the type of punishment for illegal access to rare tulips listed in the Red book of Kazakhstan. There are 35 types of tulips in Kazakhstan. Of the 35 species of Kazakhstan tulips, 18 are listed in the Red book. The systematic position and structure of the Greig Tulip flower was studied. Functions of flower parts.

**Keywords:** Greig's tulip, bulbs, flora, seeds, selection, trend, Red book, punishment, endangered.

Greig's steppe tulip is widespread in Kazakhstan, Central Asia, the Balkhash region, and the Tien-Shan. There it grows naturally on dry low mountains, foothills, stone, clay, fine-earth and crushed stone slopes, as well as on fine-earth soils. The wild appearance of this beautiful flower is a direct ancestor of our modern decorative tulips (fig.1)




Figure1. Greig's tulip flower

Greig's tulip is named steppe because it grows on dry, sandy, gravelly and mountainous surfaces. They make it clear to local residents about the onset of spring and the subsequent rainy summer.

The Greig's steppe tulip is a wild flower that grows on its own. Its beautiful colors delight the eyes of every person. Their fields stretch to the horizon, but their range becomes rarer. This miracle of nature blooms for almost a week, and under favorable weather conditions - longer.

Since the end of March, the first tulips appear in our steppes. Almost the entire southern region was covered with a multi-colored carpet. It's so beautiful that spring makes us happy!

Every year you can notice such a trend as our fellow citizens take photos against the background of tulips and many just tear them for fun. And some time you can notice scattered colors. This is absolutely not allowed! This way you can destroy the tulip species.

Today, there are more than 3 thousand varieties of cultivated tulips in the world, and most of them are descendants of our local flowers. There are 35 types of tulips in Kazakhstan. Of the 35 species of Kazakhstan tulips, 18 are listed in the Red book. The most rare and therefore protected tulips of southern Kazakhstan are Greig, Albert and Ostrovsky. Once these flowers grew in abundance in the region, their bulbs were exported to the Netherlands. However, due to popular "love" in the second half of the XX century, tulips were on the verge of extinction.



Neither people nor animals give them a living. Unique flora is ruthlessly and thoughtlessly destroyed. Environmentalists are trying to preserve this legendary beauty of our land for posterity. But without the support of society, this is hardly possible.

For improper treatment of rare plant species, a criminal penalty is provided under article 339 of the criminal code of the Republic of Kazakhstan. Under article 339 part 1 of the criminal code of the Republic of Kazakhstan (Illegal handling of rare and endangered, as well as prohibited species of plants or animals, their parts or derivatives). The sanctions of this article provide for a fine of up to three thousand MCI, or correctional labor in the same amount, or community service for up to 800 hours, or restriction of freedom for up to three years, or imprisonment for the same period, with confiscation of property, with deprivation of the right to hold certain positions or engage in certain activities for up to five years.

For this, you can be punished with large fines, or you can be called to community service, or in General, very severe penalties.

To avoid this, you need to know the types of tulips. To learn them, you need to read publications about them.

We have read a lot of scientific literature on the question "why they should not be torn".

In this regard, I decided to share useful information about Greig's tulip.

Greig's tulip is a genus of perennial herbaceous bulbous plants in the Lily family, including more than 80 species in modern taxonomies.

The tulip, like all angiosperms, forms an ovary and seeds after pollination. If cultivated varieties are grown from seeds, the characteristics of the variety will not be preserved, and flowering will have to wait about 4-5 years. Therefore, seed propagation is mainly used in breeding work.

Greig's tulip is a cross-pollinating plant, many of their varieties tie seeds well under favorable conditions, but the characteristics of the variety are not repeated in the seed progeny. In addition, seedlings bloom only on the 5-6-th year, and sometimes later. Therefore, the method of propagation of tulips from seeds is used only in breeding work to develop new varieties. Breeders have managed to create many hybrids that delight with a variety of palettes and the shape of buds. Greig's tulips (*Tulipa Greigii*) are the most popular (fig.2).

The systematic position of the tulip was studied.

Kingdom:

Division: Angiosperms

class-Monocots

order - Liliaceae

family-Liliaceae.

genus-Tulip

species - Greig's Tulip

The structure of the Greig's tulip flower was studied.


Flower formula- $\text{Co}_{3+3}\text{A}_{3+3}\text{G}_1$

Flowers are single

Inflorescence – no, this is a single flower

Fruit-box

The Greig's tulip flower is a modified shortened shoot adapted for reproduction, in which gametes are formed, pollination, fertilization, and the formation of seeds and fruits occur. The flower has both pistils and stamens, it is bisexual, since it has both female and male parts.



**Figure2.** Structure of the Greig's tulipflower

Name of flowerparts	Functionsofflowerparts
Pedicel	Modified stem of the shoot on which the flower is located
Receptacle	Modified shortened top of the shoot, to which all parts of the flower are attached
Sepals	The set of sepals is the calyx. Nocalyx.
Petals	<i>Corolla-a set of petals.</i> Sterile parts of the flower; modified stamens or leaves brightly colored, which contributes to pollination; from the petals are formed a free-petal Corolla of the flower. Венчик привлекает к цветку опылителей и содействует успешному опылению
Stamens	Reproductive parts of the flower, in which pollen grains are formed; the stamen consists of an anther and a stamen thread. Each stamen consists of a stamen filament and an anther, which forms pollen -a cluster of pollen grains. Each pollen grain produces two male gametes-sperms. The stamens are the part of the flower that provides the formation of male germ cells-sperms.
Pistil	Reproductive parts of the flower in which the ovules are formed. The pistil consists of an ovary, a column, and a stigma. The pistil protects the ovule. The pestle is located at the top of the column
Perianth	The Calyx and Corolla together are called the perianth. The simple perianth Corolla-like (no Calyx)

For these flowers, the characteristic difference is the dark red patterns created by strokes and spots on the surface of the leaves. The Greig's tulip bud has an elongated shape, with sharp petals, colored in red and orange colors. The height of the stem does not exceed 30 cm.

The flower consists of three inner and three outer petals. One bud is formed on one plant. Stamens (with anthers) 6 and they are also arranged in two circles.

The tulip fruit is a rounded box of a three-sided shape. Inside it are triangular or egg-shaped tulip seeds, which after maturation fall to the ground and are carried by the wind.

**Conclusion.** Only angiosperms have a flower. A seed or fruit develops from a flower. The wild appearance of this beautiful flower is the direct ancestor of our modern decorative tulips. My friends! Let's protect the environment together! I urge residents of the region not to pick wild tulips listed In the Red book of the Republic of Kazakhstan and are on the verge of extinction. In case of damage to the nature of the region, violators will be brought to criminal responsibility.

#### References list

1 Воронин, А. Охота за белым тюльпаном // Цветоводство. 2010. № 3. С. 54-55.

- 2 Тамберг Т. Г. Международная классификация // Цветоводство. 1993. № 2. С. 14.
- 3 Oparka, T. [Tulips burst in bloom](#). C&G Newspapers (2014, May 13).
- 4 Imankulova S. K.. Botany, textbook Almaty, 2016
- 5 Мырзабеков Ж.М. Особо охраняемые природные территории Казахстана. Алматы, 2011. 172с.
- 6 ZhakeyevaZh.M. Anatomy and morphology of plants. Methodical instructions for the lab.works. Shymkent. SKSU named after M. Auezov 2019. 48с
- 7 Baturova K.I., Aydarbaeva D.K. Introduction to Biology, textbook Almaty, 2016

**Аннотация:** В данной статье описан ареал распространения тюльпана Грейга. Самый редкий и охраняемый тюльпан Южного Казахстана – тюльпан Грейга. Дана информация об этом тюльпане. Когда-то этот цветок в изобилии рос в регионе, его луковицы отправлялись на экспорт в Голландию. Однако из-за народной «любви» во второй половине XX века степной тюльпан оказался на грани исчезновения. Описывается вид наказания за незаконное обращение к редким занесенным в Красную книгу Казахстана тюльпанам. В Казахстане насчитывается 35 видов тюльпанов. Из 35 видов казахстанских тюльпанов 18 занесены в Красную книгу. Изучено систематическое положение и строение цветка Тюльпана Грейга. Функции частей цветка.

**Түйін:** Бұл мақалада Грейг қызғалдақының таралу аймағы сипатталған. Оңтүстік Қазақстандағы ең сирек кездесетін және қорғалатын қызғалдақ-Грейга қызғалдағы. Бұл қызғалдақ туралы ақпарат берілді. Бір кездері бұл гүл аймақта мол өсіп, оның шамдары Голландияға экспортталды. Алайда, XX ғасырдың екінші жартысындағы халықтық "сүйіспеншіліктің" салдарынан дала қызғалдағы жойылу қаупінде болды. Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек қызғалдақтарға заңсыз қарағаны үшін жаза түрі сипатталады. Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі. Қазақстандық қызғалдақтардың 35 түрінің 18-і Қызыл кітапқа енгізілген. Грейг қызғалдағы гүлінің жүйелі орналасуы мен құрылымы зерттелді. Гүл бөліктерінің функциялары.

ӘОЖ 636.086.3.

**Суримбаева К., Абсатова Б.**

аға оқытушы, а.ш.ғ.к. М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

### **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕ ИНТРОДУКЦИЯЛАНҒАН ШЫТЫРШЫҚ ӨСІМДІГІНІҢ «НАУРЫЗ» СҮРПЫ ӨНІМДІЛІГІ**

**Түйін:** Мақалада жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының жетістіктері мен өндіріс нәтижелері көрсеткендей жемшөп қорын тұрақтандырудың бірден бір негізі екпе жайылымдар мен шабындықтар жасау болып табылады. Бұл мәселенің оңтайлы шешілуі қуаңшылық аймаққа бейімделген мал азықтық шөп түрлерін іріктеп дұрыс қолдана білуге байланысты. Осындай шөп түрлерінің бірі Brassicaceae L. тұқымдасы буассье шытыршығы (*Sameriaria boissierana*). Буассье шытыршығын екпе жайылым немесе шабындық жасауға пайдалану азық өнімділігін және құнарлылығын арттырады, маусымдық жайылымды пайдалану мерзімін ұзартады және пішен дайындауға мүмкіндік береді. Буассье шытыршығы биологиялық тұрғыдан бір жылдық өсімдік. Бірақ тұқымының өнгіштік қасиеті жоғары болғандықтан оның өскіндері 3-4 жылға дейін шығып жатады, сөйтіп бір рет егілген алқапты біраз жылға дейін пайдалануға болады.

**Кілт сөздер:** мал азықтық, жерсіндіру, жайылым, шөл және шөлейт, шөптесін өсімдіктер, селекция, тұқым шаруашылығы, жалпы өнім, көк балауса, пішен

**Кіріспе.** Халқымыз ғасырлар бойы аңсап келген Тәуелсіздімізге 29 жыл болып қалыпты. Осы уақыт аралығында білім мен ғылым саласында биік асуларды алып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткіздік. Халықаралық тәжірибеге сүйене отырып оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламаларын іске асырып жатырмыз. Білім мен ғылым саласына жаңа заманның талабына сай, өмірге, ұлттық дүниетанымы қалыптасқан, жаңалыққа құштар дарынды жастар келіп жатыр. Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру барысында

жастарға төлума мәдениетімізді дамыту және мәдени мұраларымызды ұлықтау барысында, өскелең ұрпақтың рухани иммунитетін қалыптастыру жөнінде де жұмыстарды ұмытпай айтып келеміз. Мен өзім Қазақ Мемлекеттік Қыздар институтын үздік дипломмен бітіріп, химия-биология мамандығын алып, ғылыми жұмыстармен айналысып келемін және ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына өз үлесімді қосып, зерттеу нәтижелерімді тәжірибеде қолданып жүрмін. 2013 жылдан бері ұстаздық қызметтемін. Студенттерге заманауи үлгідегі оқу тәсілдерін үйретіп, олардың дүниетанымын дамыту, ойлау логикасын және өмірлік көзқарасын қалыптастыруға күш жігерімізді аямай төгіп келеміз. Бұған дәлел біздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің аграрлық факультетінің профессор-оқытушыларының адал еңбектері айғақ. Ғылыми-педагогикалық жұмыстарды абыроймен атқарып келемін. 300 астам ғылыми мақалалардың, селекциялық жетістіктер бойынша 8 авторлық куәлік алынып, 6 ұсыныс берілді. Студенттерді білікті де білімді болуға даярлай отырып, қабылетті жастарға ғылыми бағдарламаларға жетекшілік етіп келемін. Шәкірттерім талай халықаралық, республикалық олимпиадаларда агрономия мамандығы бойынша жүлделі орындарды жеңіп алды. № 9 оқу ғимаратының жанынан дәрілік өсімдіктердің, жаңа мал азықтық дақылдардың коллекциялық питомнигін және жылыжай ашуға ұйтқы болып, студенттердің практикалық жұмысының сапалы өтуіне жағдай жасауға өз үлесімді қостым. Ұзақ жылдар бойы қуаңшылық аймақтардағы жайылымды жақсарту проблемасымен айналысып, басқа аймақтардан шөл және шөлейт жерлерге төзімді жаңа мал азықтық өсімдіктерді алып келіп, өсімдікті жерсіндіру, өсіп өнуінің агротехнологиялық шараларын жүргізіп, ғылыми тұрғыда зерттеу жұмыстарын жүргізіп келемін. Көп жылдық ғылыми зерттеу жұмыстарымның нәтижелері осы мақалада келтірілген. Оңтүстік Қазақстанда жер бедерінің топырақ және өсімдік жамылғысы, ауа райының біркелкі болмауы мұндағы жайылымның әр түрін қалыптастырып, өнімділігі төмен екені анықталды. Осыған байланысты осы жайылымдардың өнімділік көрсеткіштерін жақсарту қуаңшылыққа төзімді малазықтық өсімдіктерді жерсіндіріп, солардың негізінде сұрып түрлерін шығару арқылы жүргізілді. Жерсіндіру және селекция жұмысына бағалы деген түрлер мен үлгілерді анықтау биологиялық және шаруашылық қажетті белгілері бойынша анықталды яғни өсімдіктің өсіп-дамуы, ыстыққа және құрғақшылыққа төзімділігі, өнімділігінің тұрақтылығы. Қазақстанның оңтүстік қуаңшылық аумағында жалғасын тапқан зерттеулер нәтижесінде көп жылдар бойы 280-ге жуық мал азығындық өсімдіктердің түрлері мен үлгілері сыналды. Солардың ішінде шаруашылықтық маңызы бар 20-ға жуық түрлер мен үлгілер өндіріске пайдалануға ұсынылды. Олар негізінен Орта Азияның тау бөктерінде және шөл аймағында, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс таулы мен жазық жерлерінде өседі. Соңғы жылдары сұрыптау және тұқым шаруашылығы жұмыстары ұйымдастырылып, шөл мал азығындық өсімдіктерінің жоғары өнімді сорттары шығарыла бастады. Қазіргі кезде 15 сұрып аудандастырылды. Шөл аймағы табиғи жайылымдарды жақсартудың теориялық негізі дамытылды. Шөл мал азығындық өсімдіктердің ішінде жерсіндіріліп сұрыпқа енген және толықтай зерттелген өсімдік түрлері көбінесе жартылай бұта, бұта, көпжылдық шөптесін өсімдіктер.

Зерттеу нысаны ретінде сынақтан өткен Буассье шытыршығының «Наурыз» сұрпы бір жылдық шөптесін өсімдік. Буассье шытыршығы (*Sameraria boissierana*) Қазақстанда таралмаған. Буассье шытыршығы жабайы түрде Синьковский мәліметі бойынша Тәжікстан таулы аймағында ғана кездеседі. Оңтүстік Қазақстан шөл аймағында буассье шытыршығын жерсіндіру жұмысы 1984 жылдан басталды [1]. Буассье шытыршығын егіншілікке енгізу қажеттілігі оның суыққа төзімділігі, тез өсетіндігі және жоғары өнімділігімен қатар, мал азықтық құндылығының жоғары болуымен де түсіндіріледі.

Қазақстанның оңтүстік өңірінде түрлі экологиялық жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі буассье шытыршығын мал азықтық дақыл ретінде өсіру мүмкіндігі бар екенін көрсетті. Атап өтерлік жағдай, ол буассье шытыршығының эфемер

тіршілік түріне жататына қарамастан оның бір егілген егістігін 4-5 жылға дейін пайдалануға болатындығы.

Буассье шытыршығының өнімділігі жылдарға байланысты жазық шөлде 7,1- 12,7 ц/га, тау бөктерінде – 13,3 - 25,4 ц/га болған. Демек, табиғи жайылымға қарағанда көп жоғары өнім алынады. Гүлдеу кезінде өсімдіктің жапырағында 87,16 мг/кг, гүлінде – 135,08 мг/кг каротин болатыны анықталды. Осылайша, бұл мал азықтық өсімдік түрі өзінің жаңа аймақта өсірілуіне қарамастан шаруашылық құндылығын сақтап қалатынын көрсетті[2].

Алғашқы күзгі жаңбырдан кейін өніп-өскен өскіндері өзінің тамырын жайып, екі құлақ болып қыстан шығып, көктемде күн жылынысымен ақпанның соңы наурыз басында тез өркендеп, алшындап өсіп, өне бастайды. Мамырдың ортасы мен маусымның басында пісіп жетіледі. Яғни вегетациялық дәуірі сол жердегі раң, жуашықты қоңырбас, тарақбоз, қияңөлең сияқты эфемерлерге қарағанда бір айға ұзақтау әрі өте құнары мол белокты азық.

**Зерттеу нәтижелері** Көп жылдық жаппай сұрыптау және әр түрлі экологиялық жағдайда сынау нәтижесінде буассье шытыршығының «Наурыз» сұрпы шығарылып, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2003 жылдың 10-шы маусымдағы №324 бұйрығымен бекітілген №174 авторлық куәлік алынды. Жоғары өнімді, бағалы сұрып Түркістан облысында аудандастырылған және Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізбесіне енгізілген.

Бүгінгі құрғақ аймақта мал өсірумен айналысып жатқан агроқұрылымдардың жемшөпке деген қажеттілігін шешу үшін кеңінен тарауға тиімді, бағалы мал азықтық дақылдың бірі ретінде буассье шытыршығын егіп өсіру тәсілдерін ғылыми қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Буассье шытыршығының «Наурыз» сұрпының көптеген төмендегідей өзіндік экологиялық-биологиялық ерекшеліктері мен пайдалы шаруашылық белгілері анықталған: тұқымдарының қолайлы жағдайда ғана өнуі және топырақта келесі жылға дейін өнгіштік қасиетін жоғалтпауы; суыққа және аязға өте төзімділігі өскіндері -20<sup>0</sup>С дейінгі аязға шыдайтындығы; балауса массасының жоғары өнімділігін қалыптастыруға бейімділігі; тіршілік ету жағдайына (ауа райы, топырақ құнарлығы, агротехникасы) байланысты жер бетіндегі мүшелері мөлшерінің өзгеруі; құрғақшылық кездері ылғал жеткіліксіз болған жағдайда төменгі жапырақтарының қурап түсуі салдарынан өзінің шығымдылығын арттыруы, және өзінің өсіп-даму барысында ешқандай күтіп-даму баптауды қажет етпейді [3].

Буассье шытыршығы өзінің өсіп-даму кезеңінде сол жердің жағдайына бейімделуінің яғни жаңа морфологиялық қасиеттерді бойына сіңірген: біріншіден жапырақ пластинкасының аумағын үлкейту, бойының ұзарып өсуі, қанатты, тұқымдарының азайып, қанатсыз тұқымдарының көбеюі, түкті тұқымының азайып, түксіз формаға өтуі. Бұл морфологиялық өзгерістерінің нәтижесі тұқымы мен азық өлшемінің өте жоғары шығымдылығымен білінеді.

Буассье шытыршығының мол өнімділігі, тәжірибе зерттеулері көрсеткендей, көктемгі жауын-шашынмен жақсы ылғылданған жылдары байқалады және температуралық жағдайлармен дұрыс үйлесім табады.

### 1-кесте. Ылғалдылыққа байланысты «Наурыз» сұрпының азықтық өнімділігі

Алынған мезгілі	Даму кезеңдері	Өсімдіктің биіктігі, см	Алынған салмағы (1м <sup>2</sup> ) г/кг		Өсімдіктің ылғалдылығы, %	Өнімділігі, ц/га	
			көк балауса	пішен		көк балауса	пішен
28/III	шанақтану	45,2	590,0	58,0	89,1	60,3	5,9
3/IV	толық гүлдену	60,3	1002,0	116,0	84,5	98,4	12,3
23/IV	тұқым салу	90,4	892	146,0	82,3	94,6	13,6
25/V	тұқымның пісуі	105,2	660	285,1	52,6	60,4	16,7

1-кесте мәліметтерін талдау көрсеткендей, көктем айларында жауын-шашын мол түсіп аса қолайлы болған 2019 жылы буассье шытыршығының көк балауса өнімділігі жоғары болып толық гүлдену кезеңінде гектарына 98,4 ц көк балауса, құрғақ шөбінің өнімділігі 12,3 ц құрады, ал тұқымның толық пісуі кезінде көк балауса өнімділігі 60,4 ц, құрғақ шөбінің өнімділігі 16,7 ц.

Табиғи жусанды-эфемерлі жайылым гектарына орта есеппен 3-4 ц/га болса, яғни табиғи жайылым өнімділігінен шытыршықтың өнімділігі 5 есеге жуық жоғары болды [4].

Жаңа бір түрлерді пайдаланудың оңтайлы мезгілін анықтауда өсімдіктердің азықтық салмақ жинауы шешуші ғылыми-өндірістік маңызға ие. Буассье шытыршығының көк балауса өнімділігінің қалыптасуы сәуірдің ортасы – мамырдың бірінші жартысында өтетінін көрсетті. Бұл кезде оның азығы жұмсақ және мал сүйсіне жейтін көк балауса болып табылады. Бойының ұзындығы құрғақ жылдары 55-57 см болса, 2009 жылы 105,0 см жетті. Бұл жылы қанатты тұқымдарына қарағанда, қанатсыз қатты тұқымдары көбейіп, түкті формадан түксіз формаға өтуі байқалды.

Әдетте бұл мезгілде табиғи раң түрлес өсімдіктер қурай бастайды. Демек, буассье шытыршығын егу сәуірдің екінші жартысынан түсетін ылғалды пайдалануға, сонымен қатар жайылымда жүрген малды көк балаусамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бүгінде белгілі болып отырғандай, жайылымда жүретін малдарды неғұрлым көк балаусамен ұзақ мерзімде қамтамасыз ету сапалы және өзіндік құны төмен өнімдерді өндіруге септігін тигізеді.

Буассье шытыршығының аса бір шаруашылық маңыздылығы – оның әр түрлі жылдардағы қалыптасқан ауа райына қарамастан тұрақты тұқым байлауында. Жазық шөл жағдайында тұқым өнімділігі гектарына 2,7-ден 4 ц болды.

Зерттеліп отырған «Наурыз» сұрпы өсімдігінің шаруашылық-пайдалы қасиеттерінің бірі азықтық құндылығында (кесте-2).

### 2-кесте. Өсімдіктің химиялық құрамы

Алынған мезгілі	Даму кезеңдері	Абсолютті-құрғақ затта % есебімен				
		протеин	май	талшық	күл	АШЗ
28/III	шанақтану	28,4	4,2	16,2	7,8	40,2

3/IV	толық гүлдену	21,2	4,7	22,4	9,0	41,3
23/IV	тұқым салу	18,2	3,3	36,3	10,2	35,3
25/V	тұқымның пісуі	6,8	2,2	50,5	10,8	31,2

Оның құрғақ шөбінде протеин мөлшері өсіп-даму кезеңіне байланысты жазық шөлде 6,7-28,3%, аралығында ауытқыған және ең көп мөлшері өсіп-даму кезеңінің бастапқы кездеріне тура келеді. Жапырақтанудың соңы-шанақтанудың бас кезінде талшықтың мөлшері – 16,2 -50,5% болды. Бұл кезеңде өсімдік негізінен қою жасылды тоқ жапырақтардан тұрады. Әрі қарай өсіп-даму түскен өсімдіктерінің құрамында протеин мөлшері төмендеп, талшығы көбейе түседі. Дегенмен, қарқынды азықтық салмақ жинау кезеңінде (сәуірдің соңы-мамырдың бірінші жартысы) протеин көрсеткішінің жоғары деңгейде қалатыны анықталды.

**Қорытындылар.** Бұл өсімдіктің төрт түлік мал үшін биологиялық тұрғыдан құнды, экономикалық жағынан тиімді жемшөп қорын жасаудың негізгі бір көзі екенін көрсетеді. Әсіресе бұл шөл аймақта орналасқан фермер қожалықтары үшін өте керекті өсімдіктер қатарына жатады. Бұған себеп жемшөптің сақтық қорын жасау қиыншылығы. Өйткені көп шаруа қожалықтары суармалы жерлерден жырақта орналасқан. Ал суармалы жерлерде шөп дайындау, оны шаруа қожалықтарына жеткізу бүгінгі нарықтық жағдайда өте тиімсіз және орынсыз шығынға әкеліп соғады. Өнімділігі жылма-жыл өзгеріп отыратын табиғи жайылымдарды шабындыққа пайдалану жемшөптің тұрақты сақтық қорын жасауға мүмкіндік бере бермейді. Оның үстіне жылма-жыл шөбі пішенге шабылып алынған жайылымдардың оты мықтап кемиді, мұндай жайылымды мал тұяғы тез тоздырып, шөлейттенуге әкеп соқтырады.

Жаңа мал азығындық өсімдіктердің селекциясын, тұқым шаруашылығын, жерсіндіру мүмкіндіктерін, химиялық құрамын зерттеу халық шаруашылығы үшін маңызы зор. Себебі мал азығындық өсімдіктердің шығарылып жатқан жаңа сорттарын аз шығын жұмсап отырып, құнарлығы жоғары өнімді екпе жайылымдар жасауда кеңінен пайдалануға болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Сейіткәрімов Ә., Сүрімбаева К. Буассье шытыршығы Қазақстанның оңтүстік шөлінде. // Жаршы жур. Алматы: Изд «Бастау». 2003. № 9. б 49-51
- 2 Сейіткәрімов Ә., Көшербаева С. Шөптесін малазығындық өсімдіктердің қуаңшылық аймақта өсіп-дамуы және өнімділігі. «Жаршы» жур. Алматы: Изд «Бастау» 2011. № 3. б-19-29.
- 3 Сейіткәрімов Ә. Қазақстанның оңтүстігінде қуаңшылыққа төзімді малазығындық өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктері және тұқым шаруашылығы // Қазақстанда Қаракөл шаруашылығының тарихы және болашағы. Халықаралық ғылыми конф. Материалдары. Шымкент: Жебе, 2008. 144-147 б.
- 4 Ибрагимов Т., Сейткаримов А., Сартаев А. Шөл аймағы мал азықтық өсімдіктерінің тектік қоры және оны пайдалану // «Жаршы», Алматы. Изд «Бастау». 2014. №4. б.54-59.

**Аннотация:** Основной кормовой базой в фермерских хозяйствах и других агроформированиях юга Казахстана являются естественные пастбищные угодья, как для сезонного, так и для круглогодичного выпаса скота. Современное состояние природных пастбищ характеризуется низкой продуктивностью, значительная часть выпасов сбита и засорена недоедаемыми видами растений. В этой связи, восстановление и улучшение продуктивности

пастбищ путем создания культурных агрофитоценозов с использованием местных и инорайонных видов является очень актуальной. При этом, очень важно подобрать такие растения, которые выдержали бы засушливый климат, быстро развивались весной и давали хороший зеленый корм. Этим требованиям хорошо соответствует вайда буассье, не встречающаяся на территории Казахстана. Данная культура в условиях юга Казахстана испытывается с недавних пор.

Изучение способа обработки почвы, глубины заделки, нормы высева, срока и способа сева семян позволило определить влияние их на выживаемость, рост и развитие и урожайность растений вайды буассье.

**Abstract:** The basic forage reserve in farms and others agroform the south of Kazakhstan are natural pasturable lands, both for seasonal, and for all-the-year-round a fall-out cattle. The modern condition of natural pastures is characterized by low efficiency, the significant part a falling – out is brought down, littered by under eaten kinds of plants. In this connection, restoration and improvement of efficiency of pastures by creation cultural agrophitosenors with use local and anotherregions kinds is very actual. Thus, it is very important to pick up such plants which would sustain a droughty climate, quickly developed in the spring and gave a good green forage. To these requirements well corresponds Sameriaria boissieriana , not meeting on territory of Kazakhstan. The given culture in conditions of the south of Kazakhstan is tested for quite some time now.

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ - ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА - HISTORY OF KAZAKHSTAN

ӘОЖ 93/94 (574)

**Аблаев С.Б., Баймаханов Н.Б., Әмірхан Е.Ә.**

Магистр, «Шетел студенттерімен жұмыс жасау департаменті» Бейімдеу және колдау бөлімінің басшысы. М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

Магистр, «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының маманы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

Магистр, «Рухани жаңғыру және Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының маманы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

**Н.Ә. НАЗАРБАЕВ – ОЙШЫЛ, РЕФОРМАТОР**

**Түйін:** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы.Ә.Назарбаев әлемдік деңгейдегі саясаткер және ойшыл, қоғамдық қатынастардың ескі социалистік жүйесінен демократиялық қоғамға қол жеткізген аса ірі деңгейдегі реформатор, сирек кездесетін тарихи тұлғалардың бірі екенін Қазақстан халқы ғана емес, бүкіл әлем жұрты да мойындап отырғаны туралы.

Біз бұл мақаламызда Елбасының ойшылдық және реформаторлық қасиеттері туралы сөз қозғадық. Елбасы Қазақстанның даму моделін жасады. Елімізді ешқандай қақтығыссыз, қантөгіссіз бір әлеуметтік формациядан екінші әлеуметтік формацияға алып өтті. Тарихта мұндай өтпелі кезеңдер ылғи қантөгіс соғыстармен жүріп отырған. Өз жұмысын үнемі ғылыми шығармашылық пен толықтырып отыратын әлемдік дәрежедегі экономист және Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеуді қамтамасыз етуші заңгер тұлға. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан мемлекеті Елбасының басшылығымен бірнеше кезеңдерден өтті. «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиясы еліміздің дамуының жаңа тынысын ашты.

1997 жылы Ел Ордасы жаңа Астанаға көшті. Астананың салынуы Қазақстанның қандай қиындықтарды да жеңе білетіндей ресустары мен мүмкіндіктерінің мол екендігін көрсетті. Қазақстанның өркендеу тәжірибесі кімді болса да тамсандырды және мойындатты. Осы негіздерде еліміз терең дағдарыстан шықты. Жаңа нарықтық экономика аяғынан нық тұрды. Демократия күшейді.

**Кілт сөздер:** Елбасы, Қазақстан, Президент, КСРО, АҚШ, Революция, Тәжікстан, Молдова, Грузия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Ресей.



**Кіріспе.** Елбасы Н.Ә.Назарбаев әлемдік деңгейдегі саясаткер және ойшыл, қоғамдық қатынастардың ескі социалистік жүйесінен демократиялық қоғамға қол жеткізген аса ірі деңгейдегі реформатор, сирек кездесетін тарихи тұлғалардың бірі екенін Қазақстан халқы ғана емес, бүкіл әлем жұрты да мойындап отыр.

Біз осы мақаламызда Елбасының ойшылдық және реформаторлық қасиеттері туралы сөз қозғасақ дейміз. Барлығы да ойлаудан туады. Ойлаудың негізінде терең ақыл жатса керек. Ойшылдық адамды басқалардан көш ілгері ғана емес, жоғарғы деңгейге көтеретін қасиет. Ойшыл адам ғалымнан да, қайраткерден де жоғары тұрады. Әр ғалым ойшыл бола алмайды, әр қайраткерде ойшыл бола алмайды. Себебі, ғалымдық, қайраткерлік, басшылық, күрескерлік т.б. адамның қасиеттерінің негізінде ойшылдық жатса керек.

Н.Ә.Назарбаевтың негізгі қасиеттерінің бірі ойшылдығы. Ол Қазақстанның даму моделін жасады. Елімізді ешқандай қақтығыссыз, қантөгіссіз бір әлеуметтік формациядан екінші әлеуметтік формацияға алып өтті. Тарихта мұндай өтпелі кезеңдер ылғи қантөгіс соғыстармен жүріп отырған. XVIII ғасырдың соңындағы француз революциясы, 1917 жылғы орыс революциясы, XVIII ғасырдағы АҚШ-тағы Тәуелсіздік соғысы т.б. өтпелі кезеңдер қырғын соғыстармен ұштасып жатты.

КСРО құлағаннан кейінгі Тәжікстан, Молдова, Грузия, Әзірбайжан, Қырғыстан, Ресей Федерациясы, Украинада осы өтпелі кезеңдерде қаншама ішкі қақтығыстар мен соғыстар болды немесе кейбіреулері әлі де жалғасуда. Бұл елдерде ұлтаралық қатынастар, дінаралық қатынастар, жекешелендіру жөніндегі шешімдер дұрыс болмай қаншама адамдар ішкі қақтығыстардың құрбаны болды [1].

**Теориялық талдау.** Н.Ә.Назарбаев ірі дәрежедегі ойшыл. Өз жұмысын үнемі ғылыми шығармашылық пен толықтырып отыратын әлемдік дәрежедегі экономист және Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеуді қамтамасыз етуші заңгер тұлға. Ол көптеген тың ойлар мен жаңалықтардың авторы. Ол нені болса да терең ойлап, әлемдік өлшемдермен салыстырып барып шешеді. Өз шешімдерін алдымен терең теориялық негіздері еңбектерінде жария етеді. Н.Ә.Назарбаевтың қолынан көптеген кітаптар жарық көрді. Солардың ішінде: «Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» – Алматы. 1992; «Қоғамның идеялық бірлігі Қазақстанның прогресінің шарты ретінде» – Алматы. 1993; «Ғасырлар тоғысында» – Алматы. 1996; «Тарих толқынында» – Алматы. 1998; «Қазақстан 2030: Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, әл-ауқатының артуы және қауіпсіздігі. Қазақстан халқына Жолдау» – Алматы. 1997; «Сындарлы он жыл» – Астана. 2001; «Жүз жылдыққа тұратын он жылдық» – Алматы. 2001; **«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.** Қазақстан халқына Жолдау» - Астана. 2014; тағы басқалары бар [2].

Осы еңбектерде Елбасының ойшылдығы және тың ғылыми жаңалықтары айтылған.

Ойшыл Н.Ә.Назарбаев мұндай оқиғалардың алдын ала білді. Ең алдымен 130 этностан тұратын Қазақстан халқын бір ұысқа жұмылдырды. Сол үшін Қазақстан халқы Ассамблеясын ойлап тауып, дүниеге әкелді. Қазіргі таңда Ассамблея өз жемісін беруде.

Қазақстанда діни конфессиялардың саны 46-ға дейін жетті. Бірақ олардың қазіргі күнде 17-ге төмендеді. Тарихта тұңғыш рет Елбасының бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі діндердің Нұр-Сұлтан қаласында бес рет съездер өтті. Осы съездерде діннің әлемдік деңгейдегі біріктірушілік және топтаушылық рөлі, діндердің адамгершілікті дамыту, рухани тәрбиелеу, зорлық-зомбылыққа қарсы күрестегі рөлі көрсетілді. Осы съездердің бәрінде де Елбасы Н.Ә.Назарбаев төрағалық етті. Бұл съездердің шақырылуы, оның шешімдерінің жүзеге асуы жолындағы әрекеттер болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан өз мемлекеттілігінің барлық нышандары бар егемен және тең құқылы мемлекет ретінде қалыптасты.

Н.Ә.Назарбаев Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы, оны нығайту және одан әрі дамытуды ұйымдастырушы, басқарушы, тәуелсіз елімізді әлемдік дәрежеге көтеруді қамтамасыз етуші тұлға.

Н.Ә.Назарбаевтың Тәуелсіз мемлекеттің экономикасында нарықтық қатынастарды қалыптастырушы, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді, этносаралық және дінаралық қатынастарды реттеуші, демократия мен құқықтық мемлекетті құру жолындағы мына жетістіктерін айтқан жөн.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел экономикасы толықтай қираған еді. Зауыттар, фабрикалар, ірі кәсіпорындар түгелге жуық тоқтады. Колхоздар мен совхоздар тарады. Бартерлік немесе айырбас түріндегі экономика пайда болды. Бір қойдың құны бір қап ұннан төмен түсіп кетті. Мал басы ондаған есеге төмендеді. Инфляция мың пайыздан асып жығылды. Жаппай жұмыссыздық орын алды. Ақша құнсызданды. Жұмысшылар айлап, жылдап жалақы алмады. Халықтың бір тобы шерулер мен демонстрацияларға бет қойып, көшеге шығып кетті. Электрэнергия жетіспей қалалар мен ауылдарды қараңғылық басты. Газ және жылу жетіспеді. Бағалар күнделікті өсу үстінде болды.

Осындай жағдайда 1993 жылы төл валютамыз теңге енгізілді. Өнеркәсіпте және ауылшаруашылығында жекешелендіру қолға алынды. Қирап бара жатқан өндіріс пен кәсіпорындарды, ауылшаруашылығын жеке қолға өткізу арқылы жаңа **меншік иелері** біртіндеп қалыптастырылды. Бизнеске негіз қаланды. Осы бағытта заңдар қабылданып, жаңа мемлекеттік органдар құрылды. Бұл жұмыстың бәрі қиындықпен және қайшылықтар арқылы жүрді. Кемшіліктер де көп болды.

Ескі мен жаңаның күресі жағдайында екі мәрте Жоғарғы Кеңес (сол кездегі Парламент) 1993 жылы желтоқсанда және 1995 жылы наурызда таратылды. Жоғарғы Кеңес нарықтық және демократиялық қатынастарға қайшы орган болып, социалистік жүйенің соңғы элементі ретінде жойылды.

Президент билігі мен бұрынғы Жоғарғы Кеңес арасындағы тікелей қайшылық Елбасының тікелей ұтқыр саяси ойлауы негізінде бейбіт жолмен шешілді. Ал Ресейде, тағы басқа кейбір ТМД елдерінде қарулы қақтығыстарға ұласты.

90-жылдардың алғашқы бөлігінде елдегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім этносаралық және дінаралық қатынастарда да қайшылықтар көп болды. 130 дан астам этнос өкілдері, конфессиялар, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары қаулап өсті. Олардың бір тобы тәуелсіздікке ашық қарсы әрекет етті. Еліміздің батысы, шығысы, солтүстігі және орталығында кейді орыс тілді ұйымдар мен БАҚ-тар автономия құру, орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру үшін күреске шықты. Сол оқиғалардың ашық көріністерінің бірі Орал қаласында болған «Орал казак әскерінің» орыс патшасына қызмет етуінің 400 жылдығын атап өтуге казактар өкілдерінің бүкіл Ресейден жиналуы.

**Тәжірибелік бөлім.** Осындай жағдайда ұлттық бірлік пен тұтастықты қалыптастыру және сақтау сол негізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайту бірінші қатардағы міндетке айналды.

Саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді дамыта беру мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарды бірі болып қала береді. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заң қабылданды. 2007 жылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясына ҚР Парламенті Мәжілісінен 9 депутаттық орын берілді.

2010 жылы Қазақстанның «Ел бірлігі туралы Доктринасы» қабылданды. 820 мәдени-этностық орталықтар, 4 мыңнан аса БАҚ, 35 мың коммерциялық есем ұйымдар, соның ішінде 12 мың үкіметтік емес ұйымдар, 10 саяси партия, 46 конфессиялар қызмет етті. Осы кең ауқымды шаралар еліміздегі этносаралық және дінаралық татулықты

қалыптастырудың жаңа әлемдік үлгісін жасады. Қазақстанның бұл саладағы тәжірибесін БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да ұйымдар қызығушылықпен зерттеуде.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан мемлекеті Елбасының басшылығымен бірнеше кезеңдерден өтті. «Қазақстан- 2030» ұзақ мерзімді стратегиясы еліміздің дамуының жаңа тынысын ашты. 1997 жылы Ел Ордасы жаңа Астанаға көшті. Астананың салынуы Қазақстанның қандай қиындықтарды да жеңе білетіндей ресустары мен мүмкіндіктерінің мол екендігін көрсетті. Қазақстанның өркендеу тәжірибесі кімді болса да тамсандырды және мойындатты. Осы негіздерде еліміз терең дағдарыстан шықты. Жаңа нарықтық экономика аяғынан нық тұрды. Демократия күшейді [3].

2001-2007 жылдары еліміз жаңа даму жолына түсті. «Қазақстан- 2030» ұзақ мерзімді стратегиясы шын мәнінде жүзеге асу үстінде болды. Қазақстанның жалпы ішкі өнімі осы жылдарда әлемдік көрсеткіштерге қол жеткізіп, жылына 10 пайызды құрап отырды. Бұл Қытайдан кейінгі 2 орын болды. Халықтың тұрмысы артты. Жалақы өсуі жаңа үрдіске айналды. 2006 жылғы Жолдауда Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясы жасалынды. Еліміз әлемдік эконномикалық және білім кеңістігіне ене түсті. 2007 жылғы Жолдауда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның моделі жасалынды. Бұл модель Қазақстандық жол деп аталды. «Қазақстан – 2030» стратегиясының осы ғасырдың негізгі міндеттері 15 жылдың ішінде негізінен орындалды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын жариялады. Онда Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясының мына мақсаттарын белгіледі.

- Мәңгілік елге айналу;
- Әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуға тиіс;
- Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру;
- ХХІ ғасырды Қазақстанның Алтын ғасыры ету;
- ұлтымыз жаһандық экономикалық тайталасқа дайын болу;
- **мықты мемлекет құру;**
- **дамыған экономикаға қол жеткізу;**

2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол» - болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Елбасы Қазақстанның түпкі мақсаты Мәңгілік Елге қол жеткізу. Осы туралы Елбасы «Біз Жалпы ұлттық идеямыз - Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы». [2].

Елбасы Мәңгілік Ел Жалпы ұлттық идеясын бұрынғыдан да мығымдай түскен. Мәңгілік Ел идеясы жаңаша жаңа тұжырымдармен толыққан. Бұл тұжырымдар оған жету үшін «аянбай тер төгу», «Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі»; «Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел!» бұлар Елбасының Мәңгілік Ел туралы тың тұжырымдары» деп атап өтті.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасын халықаралық қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналдырушы, халықаралық қатынастарда Қазақстанның беделін әлемдік дәрежеге көтеруші, дүниежүзінде бейбітшілік пен ынтымақтың артуы жолында ерекше үлес қосқан, көптеген әлемдік дәрежедегі бастамалар мен тың істердің ұйытқысы болып келе жатқан қайраткер реформатор.

Н.Ә. Назарбаев ядролық қарудан бас тартқан әлемдегі тұңғыш мемлекет басшысы. Сол арқылы Елбасы АҚШ, Франция, Англия, Ресей және Қытай тарапынан Қазақстанның тәуелсіздігінің сақталуына кепілдік алды. [4].

Қазақстан БҰҰ, ЕҚЫҰ, ЮНЕСКО, Шанхай ынтымақтастық одағы, Ұжымдық Қауіпсіздіктің Ұйымы келісімшарты, Ислам конференциясы ұйымы тағы басқа көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі.

2010 жылы Қазақстан ТМД, Түрік халықтары, Азия мемлекеттері ішінде тұңғыш рет ЕҚЫҰ төрағасы болды және оның 11 жылдан кейінгі Саммитін Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырды. Саммитке ЕҚЫҰ-ға мүше 56 мемлекеттің басшылары қатысты. Н.Ә.Назарбаев тағы да мынадай әлемдік деңгейдегі оқиғалардың бастамашысы болды.

1994 жылы М. Ломоносов атындағы ММУ-де Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Евразиялық одақ идеясы жарияланды. Бұл идеяның негізінде өркениеттер қақтығысы емес, өркениеттер достығы жатты. Осы идея негізінде Нұр-Сұлтан қаласында Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті ашылды [5].

Елбасы аса ірі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорын құрды. Елбасы бұл қорды кез келген ауқымды жобаларды іске асыруға қабілетті әлемдік деңгейдегі мемлекеттік корпорация болып табылады және бүкіл елдік индустриялық серпінділіктің локомотиві болады деп бағалады. «Самұрық-Қазына» қорына Ұлттық қордан он миллиард доллар көлемінде қаржы бөлінді. 2015-2017 жылдары Ұлттық қордан дағдарысқа қарсы жыл сайын 3 млрд. доллардан бөлінеді [6].

Әлемдік дағдарысты еңсеру бағытындағы Қазақстанның елеулі қадамдарының бірі Елбасының 2014 жылғы «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» тақырыбындағы Жолдауында ұсынған бағыттарын айтуға болады. Олар:

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық саясаттың негіздеу;

Экономикадағы құрылымдық реформалар;

Ұлттық қор қаржысын экономиканың аса қажетті салаларына бағыттау;

Инфрақұрылымдық дамудың жаңа жоспары;

Дүниежүзілік банк, Азия Даму банкі, ЕҚДБ, Ислам Даму банкі инвестицияларын тарту;

Экономиканың дамуының контрциклдық сипаты [7].

**Нәтижелер мен талқылау.** Н.Ә. Назарбаевтың шығармашылық ойшылдығы және реформаторлығы заң шығару ісінде көрініп келеді. Ол 1995 жылғы Конституцияның және 2007 жылғы Конституциялық реформалардың авторы. Елбасының басшылығымен үш рет құқықтық реформаларды жүргізу тұжырымдамасы қабылданды. ҚР-дағы құқықтық реформаларды жүргізудің жаңа тұжырымдамасы 2010-2020 жылдарға арналған.

Елбасы «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде аса маңызды ойларын ортаға салып, өзін мықты реформаторлардың бірі екенін тағы бір көрсетті. Бұлардың бәріде Қазақстанды «Мәңгілік ел» жолына жеткізетін қомақты ойлар мен реформаторлық бағдарламалар. Солардың ішінде Елбасының бес институтционалдық реформалар туралы ойларының маңызы ерекше. Солардың біріншісі - кәсіпқой және автономды мемлекеттік аппарат. Елбасы бұл сөздерді алғаш рет қолданып отыр. Мәселе кәсіпқой және автономды шешімдер қабылдай алатын мемлекеттік қызметкерлер корпусын дайындауда. Бүкіл мемлекеттік қызмет төменнен жоғары жүру керек. Нағыз білікті мамандар меритократия жолымен өсуі тиіс.

Екінші, реформа заңның үстемдігі. Заңның үстемдігі құқықтық мемлекеттің белгісі. Заңның үстемдігін қамтамасыз ететін сот, құқық, әкімшілік органдары. Осы салалардың жұмыстарын жетілдіру сол арқылы әділетті қоғамға қол жеткізу аса маңызды нәрсе.

Үшінші – Индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім.

Кәсіби мемлекеттік қызмет және заңның үстемдігі орта тапты жедел қалыптастыру үшін экономикалық реформалардың кешенін жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сапалы өсім мен экономиканы әртараптандыруға қол жеткізу үшін біз индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырудамыз. Ол уақтылы және мейлінше қажет шара болып

табылады. Индустрияландыру – экономиканың құралы ғана емес, сонымен бірге мемлекет дамуының және орта тапты қалыптастырудың маңызды факторы. Дегенмен индустрияландыру мен өңдеу секторы әзірге экономикалық өсімнің нағыз қозғаушысы бола алған жоқ. Үкімет онымен айналысуы тиіс.

Төртінші – Болашағы біртұтас ұлт.

Біз өзіміздің тұрақтылық және келісім моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға жеттік. Қазақстан Конституциясы нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтың құқықтық теңдігіне кепілдік береді.

Бесінші – Транспарентті және есеп беруші мемлекет.

**Қорытынды.** Қазақстан қоғамы өзгерістерге кезең-кезеңмен бейімделіп келеді. Бұл – бізге ішкі қарама-қайшылықтардың ушығуға ұрынбай, саяси тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік беретін маңызды фактор. Көптеген елдердің тәжірибесі «әуелі – күшті мемлекет және экономика, содан кейін саясат» қағидатын бұзу апаттарға алып келіп, қоғамды «сындыратынын» көрсетіп отыр. Біреулерінде саяси режимдерді бұзу орын алып, басқаларында экономика қирап, жанжалдар және тіпті азамат соғыстары пайда болады. Біз мұны түрлі елдердің тарихтарынан жақсы білеміз және бүгін көптеген мемлекеттерден көзбе-көз көріп отырмыз. Әлемнің түрлі өңірлеріндегі соңғы азамат соғыстары мен қанды жанжалдар тізбегі ойластырылмаған және жеделдетілген демократияландыру мемлекеттің тұрақтылығына кепілдік бермейтінін және табысты экономикалық жаңғыртуды қамтамасыз етпейтінін көрсетіп берді [8].

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә.Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999ж
- 2 Қазақстан халқының азаматтық таңдауы-тарихи зерде,ұлттық татулық және демократиялық реформалар-Қазақстан.1999
- 3 Қазақстан Республикасы Президенті 1995 жылғы 1 наурызындағы №2066 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан халықтарының ассамблеясы туралы» Ереже //1995. №8.Б. 3-7.
- 4 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты (ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы) // Егемен Қазақстан.2012. № 828-831.
- 5 Қазақстан Республикасының конституциясы
- 6 «Қазақстан -2030» ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарлама.1997жылғы 1 қазан.
- 7 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол».
- 8 Н.Ә.Назарбаев. «Ұлт жоспары-100 нақты қадам» реформасы. Алматы, 2015.

**Аннотация:** Не только народ Казахстана мир признают что Первый Президент Республика Казахстана Елбасы Н.А.Назарбаев являться политиком и мыслителем мирового уровня, кружном реформатореом, одной из редких исторических фигура, демокартическое общество из старой социалистической системы общественных отношений.

в этой статье автор говорит об интеллектуальных и реформистских качествах Президента, который создал модель развития казахстана. он без конфликтов и кровопролитий первея нашу страну из одной социальной формации в другую. подобные переходы в исторый всегда сопровождались кровопролитными войнами, он экономист и юрист мирового уровня, который постоянно пополияет свою работу научным творчеством и обеспечивает правовое регулирование общественных отношений в Казахстане. за годы независимости государство Казахстан прошло несколько этапов. долгосрочная стратегия «Казахстан-2030» открыла новое дыхание развития страны. в 1997 году орда пересхала в новую Астану. строительство нур-султан показало, что у казахстана есть много ресурсов и возможностей для перодоления любых трудностей.

**Ключевые слова:** Елбасы, Казахстан, Президент, СССР, США, революция, Таджикистан, Молдова, Грузия, Азербайдан, Киргизстан.

**Abstract:** not only the people of Kazakhstan but the whole world recognize that the First President of the Republic of Kazakhstan, Elbasy N. A. Nazarbayev, is a world-class politician and thinker, a radical reformer, one of the rare historical figures who removed the democratic society from the old socialist system of public relations. In this article we will talk about intellectual and reformist qualities of the President who created the model of development of Kazakhstan. It will lead our country from one social formation to another without conflicts and bloodshed. Such transitions to history have always been accompanied by bloody wars. He is a world-class economist and lawyer who constantly popularizes his work with scientific creativity and provides legal regulation of property relations in Kazakhstan. Over the years of independence, the state of Kazakhstan has passed several stages. The long-term strategy "Kazakhstan-2030" opened a new breath of development of the country. In 1997, the Horde moved to new Astana. Astana construction industry has shown that Kazakhstan has a lot of resources and opportunities to overcome any difficulties. The experience of Kazakhstan's prosperity impressed and recognized everyone. On this basis, the country emerged from a deep crisis. The new market economy is on its feet. Democracy is stronger

**Keywords:** Elbasy, Kazakhstan, President, USSR, USA, Revolution, Tazhikstan, Moldova, Georgia, Azerbaijan, Kyrgyzstan, Russia, Federation, Ukraine, Nur-Sultan, Almaty, Assembly, Currency, Message, Parliament, "Manilik El", "Nurly-Zhol", "Kazakhstan-2030", "Kazakhstan-2050", Asia, OSCE, world Bank, Asian development Bank, EBRD, Islamic development Bank, "NurOtan".

УДК: 378.245 Н 23

**Нарзуллаева С.Б.**

магистр, оқытушы Ә.Мусин атындағы Гуманитарлы-техникалық колледж.

Балқаш, Қазақстан

### **ТАРИХИ МҰРА - ХУРЛУГ ҚАЛАСЫ**

**Түйін:** Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы отан тарихымызды жаңа деректермен толтыру. Тарих - адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым.

Мемлекетіміздің тарихи орындарын зерттеу және тарихи еңбектерді орын алуы үшін жұмыс жасау. Қазақстан жері тарихи мұраларға бай мемлекет. Оның әлі ашылмаған, зерттеуді талап ететін тарихи орындары қаншама. Тарихта есімі сақталмаған тұлғалар да көп. Бұл зерттеу жұмысы ортағасырлық қала – Хурлуг қаласы туралы және қаланың ортағасырлық тарихи еңбектерде тарихи маңызы, орны, жүйесі туралы баяндалуы туралы. Оның ішінде Хурлуг қаласының қалыптасуы мен құлдырауы туралы тарихи деректер және ғалымдардың пікірлері беріледі. Қазіргі күнде Хурлуг қаласының орны туралы екі түрлі пікір қалыптасқан. Хурлуг қаласы туралы Олардың ішіндегі маңыздысы К.М. Байпаков зерттеулері. Хурлуг қаласына жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесі. Қаланың ортағасырлық басқа тарихи, дамыған қалалармен бір қатарда жазылуы оның өркендегенін көрсетеді.

**Кілт сөздер:** Хурлуг, Бурух, Усбаникет, Аспара, Адахкент, ескерткіш, медресе, Кедер, Весидж, әл-Макдиси, Жумишлагу.

**Кіріспе.** Қазақстан жері ашылмаған тарихи мұраларға толы. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы осы тарихи мұраларымызды табу, ескерткіштер қатарын толтыру, тол тарихымызды болашақ ұрпақ санасына енгіз болып табылады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген зертеу жұмыстары мен қазба жұмыстары жүргізілуде. Осы тарихи мұраларымыздың қатарына ортағасырлық Хурлуг қаласын қоса аламыз. Білім алушыларға ұсынылған тарихи кітаптарда бұл қала туралы мәлімет жоқ десекте болады, бар болса да өте аз.

Хурлуг қаласы туралы мәліметтерді саяхатшыларының еңбектерінен және К. Байпаковтың зерттеулерінен алуымызға болады. Ол деректердің өзінен қала туралы білуіміз керек болған мәліметтердің бір бөлшегін ғана таба аламыз.

Қазақстанның ортағасырлық қалаларын жазба деректерде көлеміне қарай топтарға бөліп қарастырған. Бірінші топқа көлемі 30 гектардан асатын қалалар кіреді. Олар:

Сайрам, Отырартөбе, Сунақ-Ата, Сауран, Құмкент, Құйрықтөбе, Жанкент, т.б. ірі қалалар. Екінші топқа 15 гектардан 30 гектарға дейінгі көлемдегі қалалар кіреді. Екінші топқа жататын қалалардың негізі ортағасырлық ірі қалалардың бірі – Исфиджабпен бірге тарихи деректерде бірге жазылатын тарихи орындар. VIII-XIII ғасырлар арасында өмір сүрген зерттеуші ғалымдар бұл қалалардың сипаттамасын жазаған кезде, қалалардың негізін мешіттер мен сауда орталығының болуы деп көрсетеді. Бурух қаласын - «үлкен шаһар», Хурлуг қаласын-«төбесі тіреусіз дөңесді намаз оқитын жері бар еңгезердей шаһар» - деп сипаттайды.

Ортағасырлық қалалардың негізгі жүйесі - төбесі тіреусіз дөңесді намаз оқитын жерлердің болуында. Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық шаһарлардың жүйесінде екінші топқа жататын қалалар орташа аумақтағы шаһарлардың қалдықтары болған [1, 454-456 бб.]

Жазба жәдігерде орта ғасырдың алғашқы ширегінде Түркістан маңындағы Иқан, Қарнақ, Сауран; Сыр бойындағы Өзкент, Сығанақ, Жент, Баршынкент; Тараз алқабындағы Құлан, Суяб, Баласағұн, Аспара, Адахкент, Меркі; Исфиджаб қасындағы Хурлуг, Манкент; т.б. рабаттар мен елді мекендерде ақ мешіт салына бастағандығы айтылады [2, 116б.]

К. Байпаков араб саяхатшысы әл-Макдисидің деректері негізінде Хурлуг қаласына зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Хурлуг қаласын оқшаулау әлі мүмкін емес. Оған сәйкес келетін төбешіктің топографиясы ерекше болуы керек. Әл-Макдиси ол туралы былай деп жазды: «...оның айналасында не қабырға, не ішкі қамал, не қала айналасындағы ауылдық мекен-рустак жоқ...». Осындай ерекшеліктері бар елді мекен әлі ашылған жоқ. Мүмкін ол Шымкенттің орнында болған шығар. Шымкент шаһарының аумағында, IX-XI ғасырларға жататын қыш бұйымдар мен металл бұйымдар (қоладан жасалған ерітінділер мен пестик) табылды [3, 24с.].

X ғасырда әл-Макдиси қала туралы: «Қаланың көлемі – орташа. Ондағы базардардың ортасында канал бар...». Ғалым әл-Макдиси Исфиджаб округіне қарасты елді мекендер қатарына Жұмышдагу, Хурлуг, Фараб, Усбаникет қалаларын жатқызады. Тарихшы Хафиз Тыныш 1582 жылдың сәуір айында Абдуллах ханның Сайрамнан Түркістанға жасаған сапарында Кумач чапар елді мекенінде болғанын және сапарын Арыс бойымен жалғастырғанын», - деп айтады.

Зерттеуші елді мекеннің алғашқы атауын «күміс» (ежелгі түркі сөзі, оны мөлдір суы бар өзен, көлдерге пайдаланған) сөзімен байланыстырып, Хурлуг қаласының орналасқан жерін Күмісбұлақ пен Сайрам қаласының ортасында және қала ортағасырлық Мазараттөбе қалашығына сәйкес келеді) деп жазады.

Қалашық Шымкенттен солтүстік-шығысқа қарай 11 шақырым жердегі Сыйқым ауылының оңтүстік-шығыс шетінде орналасқан. Ол қамал-қабырғасы болмаған жекеленген төбешіктерден тұрады. Қазба жұмыстары нәтижесінде археологиялық кешен бізге ескерткіштің X-XV ғасырларға тиесілі екенін көрсетті. Қалашықтың бұлақ бойында орналасуы Мазараттөбе ежелгі Хурлуг қаласы екендігіне бір дәлел бола алады [4, 370-371бб.]

О втором этапе развития южных городов Казахстана и Семиречья свидетельствует процветание городов Центральной Азии в начале IX-XIII веков, рост городской демографии, распространение средневековых городов, а также развитие городской культуры и торговли. В Южном Казахстане начали формироваться новые города, развивающиеся по единой системе. Мы можем заполнить их селами Арсабанукент, Маданкент, Бурук и Хурлуг, Весиндж, Жумашлагу и Кедер. Испиджаб был южной столицей Казахстана в IX-XII веках [5, 90б.].

Қазақстанның оңтүстігі және Жетісу қалаларының дамуының екінші кезеңін IX-XIII ғасырдың басында Орта Азия қалаларының өркендеуі, шаһар демографиясының артуы, ортағасырлық шаһарлардың көбеюі, сонымен бірге қала мәдениеті және сауда жүйесінің

дамуы және шаһарлардың территориясының үлкеюі дәлелдейді. Оңтүстік Қазақстан жерінде бір жүйеде дамыған жана шаһарлар қалыптаса бастады. Олардың қатарын: Арсабанукент кенті, Маданкент шаһары, Бурук және Хурлуг қалалары, Весиндж қаласы, Жумашлагу және Кедер шаһарларымен толтыра аламыз. IX-XII ғасырдағы Қазақстанның оңтүстік астанасы – Испиджаб қаласы болды табылды.

Кейбір зерттеуші ғалымдар Хурлуг қаласы Шымкент қаласының ескі атау, бірнеше рет қираған және жоңғар шапқыншылығы нәтижесінде қайта дами алмады деп көрсетеді. Басқа тарихшы ғалымдар Хурлуг қаласы өз алдына жеке қала болғандығын бұрынғы саяхатшылар көрсеткен Сайрам төңірегінде болған 40 қаланың бірі болғандығын және араб зерттеушілері бұл қаланың IX-X ғасырларда болғанын және XII-XIII ғасырларға келіп күйрегенін айтады.

Зерттеуші ғалымдар Хурлуг қаласын Шымкент шаһарының орталығында орналасқан, Джумишлагу қаласы болса Күміс өзеніні Арысқа құятын жері қазіргі Төрткүл қаласының орнында болған деген пікір білдірді [6, 317 б.]

Шымкент қаласының орнында болған Хурлуг қаласында мешіттер болған. Отырар, Сауран, Қарнақ, Баб-Ата, Созақ, Манкент қалаларында да үлкен-кішілі, имандылыққа шақыратын мешіттер мен медреселер болған. Бірақ өкінішке орай олар бізге жетіп келмеді [7, 100 б.]

Испиджаб қаласының қасында кішігірім қала және қалашықтар орналасқан. Олар: Маданкет (Манкес), Чимкент, Хурлуг, Джумишлагу [8, 58б.]

Құрлық (Хурлуг) қаласының орны Сайрам ауданының аумағында Шымкент қаласына жақын жерден табылып, археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Құрлық қаласының есімі түрлі тарихи жазбаларда кездеседі. Құрлық қаласы туралы сайрамдық жазушы-дәрігер Ерсін Қойбағарұлының мәліметін келтірсек: «Сайрам қаласында әлі зерттеуді талап ететін көптеген тарихи орындар юар. Солардың бірі Құрлық қаласы. Ол күні кешеге дейін Сталин селосы, кейін «Октябрьдің 40 жылдығы деп аталды. Құрлық атаун алғанша Қызылсу, Сиқым атауларын алды. Құрлық қаласы туралы Мақдиса әл-Мұтаххар мен Әбу Ысқақ ибн Мұхаммед әл-Фараси атап көрсетті. 1990 жылғы археологиялық қазбаның нәтижесінде табылған қорғанды Қарлұқ қаласының қалдықтары екенін К. Байпаков растап берді...». Құрлық қаласында 1990 жылғы жүргізілген қазба жұмыстары және табылған құмыралар мен қазыналар туралы сайрамдық жазушы-дәрігер Е. Қойбағарұлы сол уақытта «Дала» журналы және «Мәртөбе» газетінде ғылыми мақалалар жариялайды [9].

Сайрам ауданы, негізінен Оңтүстік Қазақстан жерінде зерттелуді қажет ететін тарихи орындар өте көп. Отырар шаһары, Түркістан, Сайрам, Ордабасы, Созақ шаһарлары көненің көзі, қазақ тарихын көміп жатқан шұңқыр.

**Қорытынды.** Хурлуг қаласының нақты қай ғасырлар арасында өмір сүргінін нақты айталмасакта, қазба жұмысары мен араб саяхатшыларының деректерінен қаланың сол дәуірдің ірі қалаларының бірі болғандығын айта аламыз. Қаланың X ғасырларда өмір сүргені туралы мәліметтер бар. Қала моңғол шапқыншылығы нәтижесінде күйреген болса, дәуірлер алмасуы нәтижесінде, немесе Қазақ хандығы құрылған кезде қайта жанданып басқаша атаумен аталғаны болуы да мүмкін.

Хурлуг қаласының ортағасырдың ірі қалаларымен бір қатарда түруі, бір деректерде көрсетілуі қаланың даму дәрежесіне жеткендігін көрсетеді. Сонымен бірге мешіт пен медреселер болған қалаларды ілім мен білімнің дамыған қаласы ретінде көрсете аламыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I том. Алматы, Атамұра, 2010. 544 бет
- 2 Өлкетанулық оқулар. Шығыс Қазақстан облысының 85 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. С.Аманжолов атындағы ШҚМУ «Алтайтану» ҒЗО (Өскемен қ., 12 желтоқсан 2017 ж.). 374 с.



3 Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XII в.).Издательство «Наука».Казахской ССР. Алма-Ата 1986. 256 с.

4 Байпақов К. М. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы: «Аруна Ltd.», 2007. 384 б. Қазақстан балалар энциклопедиясы. II басылым.

5 ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. № 1 (34).

6 Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: Жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы. 2009. 570 б.

7 Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстан мешіттері мен медреселері. Рухан шамшырақтар (IX-XXғғ.).Алматы: «Атамұра», 2009.496 б.

8 Малгаждаров КА. Археология и этнология: учебное-методическое пособие.- Павлодар: ПГУ им. Торайгырова, 2008.198с.

9 Мархабат Байғұт. «Қазыналы Құрлық қаласы». Егемен Қазақстан, 22 маусым 2011ж.

**Аннотация:** Наполнение нашей истории новыми данными через программу Президента «Рухани жаңғыру». История – это общественная наука, изучающая прошлое человечества.

Не изучать исторические места нашей страны и работать на месте исторических произведений. Казахстан – страна с богатым историческим наследием. Есть много неисследованных исторических мест, которые необходимо изучить. Есть много ханов и принцесс, которые не вошли в историю. Эта исследовательская работа описывает средневековый город Хурлуг и историческое значение, место и систему города в средневековых исторических трудах аль-Макдиси. Включая исторические данные о формировании и упадке города Хурлуг и взгляды ученых. Сегодня есть два разных мнения о местонахождении свай Хурлуг. О городе Хурлуг К.М Байпакова. Результаты раскопок средневекового города Хурлуг. Тот факт, что город указан рядом с другими средневековыми историческими и развитыми городами, свидетельствует о его процветания.

**Ключевые слова:** Хурлуг, Бурух, Усбаникет, Аспара, Адахкент, памятник, медресе, Кедер, Весидж, ал-Макдиси, Жумишлагу.

**Abstract:** Filling our history with new data through the President's program “Spiritual Revival”. History is a social science that studies a person's past. Do not study the historical sites of our country and work on the site of historical works. Kazakhstan is a country with a rich historical heritage. There are many unexplored historical sites to explore. There are many khans and princes who have not gone down in history. This research paper describes the medieval city of Khurlug and the historical significance, place and system of the city in al-Maqdisi's medieval historical writings. Including historical data on the formation and decline of the city of Khurlug and the views of scientists. Today there are two different opinions about the location of the Khurlug pile. About the city of Khurlug K. M. Baipakova. The results of excavations in Khurlug. The fact that the city stands next to other medieval historical and developed cities testifies to its prosperity.

**Keywords:** Khurlug, Burukh, Usbaniket, Aspara, Adahkent, monument, madrassah, Keder, Vesij, al-Makdisi, Jumishlag.

## ӘЛЕУМЕТТАНУ – СОЦИОЛОГИЯ - SOCIOLOGY

UDC 366.632

**Daribaeva R.D., Altinbekova A.R., Ashirova M.A.**

Ph.D., docent, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan  
senior teacher, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan  
master, M.Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan

### **THE PROCESS OF PERSONAL SOCIALIZATION IN INTERCULTURAL COMMUNICATIONS (ON THE EXAMPLE OF THE SUPPLEMENTARY EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN AND HUNGARY)**

**Abstract:** The article reveals the author's approach to modeling the process of socialization of the individual and children's readiness for intercultural communication in the conditions of additional education of children in Kazakhstan. In addition, the differences between the education system of Kazakhstan and Hungary are described. The relevance of this article is that education is and will be one of the most important directions of development of any state. In our opinion, the system of assessment of knowledge of Hungarian schoolchildren is quite unique than in Kazakhstan. In order to avoid comparisons and not to traumatize the psyche of children, from the first to the third grade pupils do not receive marks in digital form, but since parents still need to know whether their children learn well or not, teachers give a textual description. In Kazakhstan, starting from the first class, children begin to be evaluated. The child must have a diary and receive marks or smiley marks.

**Keywords:** personality, socialization, communication, intercultural, system, education, model, additional, comparison, process, assessment, content

In modern world in the light of integration educational processes the problem of improving the quality of the supplementary education system is becoming progressively meaningful. At the same time the identity of the specialist in the system of management of additional education is important.

The dynamic social, economic and technological evaluation of modern society has created a need for new knowledge to adapt to modern requirements. In such cases the task of the formal and non-formal education system is to develop the intellectual, creative and physical abilities of a person to realize his abilities and to create conditions for personal and professional development.

Additional education as a concept appeared with the release of the Law of the Republic of Kazakhstan "on education" on June 7, 1999 and continues its evolutionary growth. According to the law additional education is understood as a process of education and training that is carried out to meet the needs of students and specialists.

The article sets out the differences between the educational system in Kazakhstan and Hungary. The relevance of this topic is that education is and will be one of the most important directions of development of any state. Education – the main value, the way of being a modern young human.

Today with the introduction of a new generation of educational standards and updating the content of education, it is possible to implement additional education by strengthening the changeable part of educational programs, closer integration of basic and additional education. In addition extracurricular activities in educational organizations include clubs, sections, studios, clubs of interest, sports sections, preparatory courses, educational, competitive, entertainment programs, journeys and etc.

Statistics from the National Center for the Evaluation of the Quality of Education in 2014 showed that in Kazakhstan more than 800 organizations of additional education, covering 598,769 children and about 15,000 teachers, were part of the infrastructure of the children's education system. At the same time the direction in the development of the system of additional education the increase in the entailment of students and the vocational training of teachers

continues. Accordingly in the State program of development of education of the Republic of Kazakhstan for 2011 – 2020 much attention is paid to the perspective: 30–50% of students will be covered with additional education.

How are things with priorities in Kazakh schools? To answer this question, let me compare two educational systems: Hungarian and Kazakh.

In Hungary and Kazakhstan, preschool education in kindergarten is compulsory and is provided for all children between the ages of three and six, after which children are required to attend school until the age of sixteen. But after the end of kindergarten Hungarian children receive a document showing readiness to study at school, while children in Kazakhstan do not receive this document.

By the nature of educational programs, education in Kazakhstan is divided into general and vocational education. The following levels of education are distinguished: pre-school education, secondary education, higher and postgraduate vocational education. Secondary education in Kazakhstan is compulsory as in Hungary and includes secondary general, primary vocational and secondary vocational education. Children are admitted to the first grade from the age of 6-7. Secondary general education of Kazakhstan contains 3 stages: primary (grades 1-4), basic (grades 5-9) and senior (grades 10-11). Primary education in Hungary usually lasts eight years. Secondary education includes three traditional types of schools focused on different levels of students: grammar schools for "gifted children" preparing to enter university; Secondary vocational schools for intermediate students (four years); Technical schools - to prepare students for a practical profession[1].

Primary vocational education in Kazakhstan is acquired in 2-3 years in vocational schools and vocational lyceums on the basis of basic general education. Secondary vocational education is provided for 3-4 years in colleges and schools on the basis of basic general education on a competitive basis.

The first thing that surprising in Hungary is the fact that separate stages of schools function as independent units. That is, if in Kazakhstan children from grade 1 to grade 11 study together, in the same building, in Hungary primary, secondary, senior schools are located in different buildings, with autonomous management. In addition, Hungarian schoolchildren have classmates in our usual sense only in primary school. In secondary and senior schools, different collectives are formed in different lessons. This is due to the individual approach to the educational needs of the child. For example: if a child is strong in mathematics, but he is bored to death on biology, it is logical that it should not be loaded with a large number of hours of biology, if it is much more effective for him to deepen into algebra and geometry. The big thing in Hungary and what is absent in Kazakhstan – privacy assessment. Marks for work and homework are a student's personal file in Hungarian. No one reads out the list with ratings after the control work, for example in parent-teacher meetings in Kazakh schools teachers are dealt with according to the bones of everyone and in public.

In my opinion, the system of assessment of knowledge of Hungarian schoolchildren is quite unique than in Kazakhstan. In order to avoid comparisons and not to traumatize the psyche of children, from the first to the third grade pupils do not receive marks in digital form, but since parents still need to know whether their children learn well or not, teachers give a textual description. In Kazakhstan, starting from the first class, children begin to be evaluated. The child must have a diary and receive marks or smiley marks. And in Hungary from the fourth grade students are already exposed to marks on the traditional five-point scale. For Hungarian students, the first higher education (12 semesters) is free of charge, while foreigners pay between 1,300 and 8,000 euros per year depending on the curriculum. Lectures in universities are generally given in Hungarian, although a number of universities also teach in French, English and German. During the session, the student can distribute the examination sequence himself, and each of them has the right to recast three times. From my point of view, the Hungarian education system is very loyal: "especially distinguished" are given a chance to retake a four-time, however, it can

be used only once in the whole time of training [2].

English and German play an important role in Hungarian higher education, and Kazakh higher education is dominated by Kazakh, English and Russian. An interesting fact is that most Hungarian universities are public institutions in which students traditionally study free of charge. In Kazakhstan, for admission to Higher Education Institution, school graduates pass final and entrance examinations in the form of unified national testing (UNT) or comprehensive testing (for graduates of previous years). The second higher education in Kazakhstan is provided only on a paid basis with an accelerated period of study (2-3 years). A general requirement for all universities is a certificate of secondary education (graduation).

Hungary attracts foreign students from other countries. It turns out that three-quarters of students arriving in Hungary come from ten major countries; while the remaining quarter is from a hundred countries. Among the states sending numerous students are Germany, Iran, Norway, Israel and Sweden, while most invited students are citizens of neighboring countries. In the 2008-2009 academic year, the total number of foreign students studying in Hungary was 16,916, compared to only 14,491 in 2005-2006. In 2018, about 14,000 foreign students studied in Kazakhstan, by 2020 their number is planned to increase to 50,000 people, the message distributed by the Center of International Programs reads. Of these, 3,683 citizens of Uzbekistan, 3,290 from India, 1,320 from Turkmenistan, 1,290 from China, and 1,026 from Kyrgyzstan. [2]

Currently, Kazakhstan is actively considering the introduction of 12-year education. The leader of the nation N.A. Nazarbayev said that the system of 12-year secondary education should be implemented by 2020. With the introduction of 12-year secondary education, Kazakhstan is reaching a new level, thus becoming one step with other developed countries of the world [3].

Thus, I am sure that the education system of Kazakhstan will soon become in 1 row with the education system of developed countries and will be able to compete with them on an equal footing. Education should be the basis for the high quality of our lives.

In conclusion, I want to say that the educational system of both countries is aimed at improving the quality of education, as education gives us the opportunity to realize ourselves, be communicative, find our place in society and finally be part of society and contribute to the development of society.

**Aim of the study:** to theoretically justify and experimentally test the social and pedagogical conditions for socialization of the child in institutions of additional education.

#### **Research problems**

1. To study the genesis and the current state of development of socio– pedagogical conditions in the socio–cultural environment of institutions of additional education of children in pedagogical science and practice;

2. To define theoretical and methodological ways and principles to create conditions in institutions of additional education of children;

Бюджеттегі кірістердің толық түсуіне әсер ететін негізгі индикаторлардың бірі салық саласындағы әкімшіліктендіру боп саналады. Әкімшілендіруді жетілдірудің негізгі жолдары - цифрландыру. Цифрландырудың негізгі мақсаты-тауар қозғалысының онлайн режиміндегі цикліне тікелей мониторинг жүргізу – үдерісті импорттаушылардан (өндірушілерден) тұтынушыға өткізуге дейін қамту. Бұл жұмыс «Астана-1», «Тауарды таңбалау», «Электрондық шот-фактура құжаттар», «Виртуалдық қойма», «Тәуекел басқару жүйесі» модулінің ақпараттық жүйелерін ілгері қарай дамытудың, интеграциялаудың және бақылау – кассаны қолдану арқылы іс жүзіне асырылады. Қазіргі уақытта салықтық әкімшілендіру шеңберінде бірқатар іс – шаралар орындалды. «Тауарды таңбалау» АЖ іс-шарасы тұтынушыны контрафактілік өнімнен және адалдық бәсекелестіктен қорғау үшін енгізілді. Қазіргі уақытта таңбалау негізінде келесі пилот іске қосылды:

- 2017 жылдың қарашадан - тері бұйымдары;
- 2018 жылдың қазаннан - темекі өнімдері;
- 2019 жылдан- алкоголь өнімі;
- 2019 жылдың тамызынан - аяқ киім өнімі.

Құжаттық қадағалаудың негізі автокөлік құралдарын, қантты, тоназытқыштарды, телевизорларды, шаңсорғыштарды, суреттік камераларды, электр қыздырғыштарды сатуға рұқсаты бар салық төлеушілерге қатысты қолданылатын «Электрондық шот-фактура құжаттар» АЖ – ның «Виртуалдық қойма» модулі негізінде жүзеге асады.

2019 жылдан «Электрондық шот –фактура құжаттары» АЖ - да электрондық келісім - шарттар, тауарларға жүк құжаттар және орындалған жұмыстар актілері іске асты. Сондай – ақ, бұл бизнестің электрондық өзара іс – қимылдың жаңа деңгейіне өтуге мүмкіндік береді. Онлайн бақылау - кассалық көліктерді қолдану товарды импорттаудан, я болмаса өндірістен бөлшек саудаға дейін қадағалау жүйесіндегі соңғысы болып саналады. Онлайн – бақылау - касса көліктері саудадағы түсімдерінің деректерін тіркейді және олар бойынша мемлекеттік кірістер органдарының серверіне онлайн түрде береді. «Жергілікті салықтар» кіші жүйесін енгізу шеңберінде қолда бар мәліметтер негізінде дара тұлғалар үшін мүлік салығы мен жердің салығының есебі жүргізілді. Жергілікті салықтарды төлеу мағлұматтары жөніндегі хабарлау сервисі іске қосылды. Мемлекеттік болып табылмайтын дерекқорлармен, оның ішінде екінші деңгейдегі коммерциялық ұйымдармен интеграция жүргізілуде. Мемлекеттік және салық төлеуші арасындағы қатынастарды ырықтандыру шеңберінде сенім мен ашықтық қағидаттарына негізделген ірі салық төлеушілермен өзара іс – қимылдың «Деңгейлес мониторинг» жаңа түрін кезең - кезеңімен орындау көзделді. Бизнес үшін қолайлы жағдай тудыру мақсатында салықтық бақылаудың екпіндері салықтық декларациялаудан, сонымен қатар Мемлекеттік кірістер органдарының басқа да көздерінен алынған мәліметтерге тоғыспалы жүргізу арқылы камералық бақылауға ауыстырылған. Қашықтықтан мониторингті ілгері жылжыту және салықтық тексерулерді қысқарту факторы ретінде тәуекелдерді басқару жүйесінде қолданылатын деректерді талдауға және кеңейтуге қатысты Салық кодексіне түзету енгізілді.

**Қорытындылар.** Қорыта айтқанда, қазіргі уақытта мемлекетімізде салық саясаты қызу жүруде. Жылда Салық кодексіне салық туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, салық ауыртпалығын төмендетудің, экономикамызды «көлеңкеден» шығарудың түрлі бағыттары мен шаралары ұсынылды, салықтық әкімшілендіру шеңберінде бірқатар

іс – шаралар жүзеге асты.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Білеутаева К.Б. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2011. 386 б.
- 2 Отчет Центра по исследованию финансовых нарушений Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета: «Система государственного финансового контроля Республики Казахстан». Астана, 2019. - с.327
- 3 Қаржы министрі Ә.А.Смайыловтың «2019 жылдың 1 қарашасындағы мемлекеттік бюджеттің атқарылу қорытындылары» Үкімет отырысындағы мемлекеттік бюджеттің атқарылу туралы баяндамасы. Астана қ., Үкімет үйі, 2019. [www.esep.kz](http://www.esep.kz).
- 4 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
- 5 Қалиқызы С. Салықтық жеңілдіктер. 30 сәуір 2020. <https://pavlodartv.kz>.
- 6 Бизнес субъектілері қашықтықтан бақыланды. Тенгебаев А. 23 желтоқсан 2019. <https://inbusiness.kz/kz/news>.
- 7 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Салық кодексі. Астана. 2009. (01.01.2020 жылғы толықтырулармен)

**Аннотация:** В данной статье рассматриваются вопросы совершенствования налогового администрирования, одного из основных показателей, влияющих на полное поступление доходов бюджета. В целях создания благоприятной среды для бизнеса акцент налогового контроля был перенесен на внутренний контроль посредством перекрестного анализа данных из налоговых деклараций, а также из других источников государственных доходов. Одним из основных показателей, влияющих на полное поступление доходов бюджета, является администрирование в области налогообложения. Основным способом улучшить администрирование - это цифровизация. Особое внимание уделяется прямому мониторингу цикла цифровизации онлайн-движения товаров - процесса от импортера к потребителю. Данная работа будет осуществляться через разработку, интеграцию и управление информационными системами модулей «Астана-1», «Маркировка продукции», «Электронные накладные», «Виртуальный склад», «Система управления рисками».

**Abstract:** This article examines the issues of improving tax administration, one of the main indicators affecting the total receipt of budget revenues. In order to create a favorable business environment, the focus of tax control was shifted to internal control through cross-analysis of data from tax returns, as well as from other sources of government revenue. One of the main indicators affecting the total income of the budget is the administration in the field of taxation. The main way to improve administration is digitalization. Particular attention is paid to direct monitoring of the digitalization cycle of the online movement of goods - the process from importer to consumer. This work will be carried out through the development, integration and management of information systems of the modules "Astana-1", "Product labeling", "Electronic invoices", "Virtual warehouse", "Risk management system".

**Абишова А.У., Оспан Б.І., Уразбаева Г.Ж.**

экономика ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
экономика ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САУДА-САТТЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Түйін:** Мақалада авторлар Х ғасырдан қазіргі кезеңге дейінгі қазақ халқының сауда-саттығының дамуы туралы тарихи түсінікті кеңейтуге тырысқан. Бүгінгі таңда Қазақстан өмірінің барлық саласында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Елдің экономикалық және саяси құрылымын қайта құру үшін күрестің қиын жылдарының артында. Осы жылдар ішінде Қазақстан егемендікке ғана емес, болашаққа деген сенімділікке де ие болды. Біздің мемлекетіміздің басшылығы қоғамымызды дамыту мен реформалаудың жаңа кезеңінің мақсаттары мен міндеттерін айқындады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы - еліміздің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа белестерді бағындыру. Біздің ойымызша, алға қойылған міндеттерді шешуде тарихи тәжірибеге, Қазақстан тарихының жаңартылған тұжырымдамасына сүйену өте маңызды. Оны құру үшін түбегейлі кешенді тарихи-тарихнамалық зерттеулер жүргізу керек. Қазіргі заманғы тарих ғылымының маңызды міндеті - нарықтық қатынастарды қалыптастыру тәжірибесін ғылыми тұрғыдан түсіну және нақты тарихи жағдайларда сауда қызметін дамыту.

**Кілт сөздер.** Қазақ халқы, тарихи даму процесс, сауда-саттық, пайда табу, өнеркәсіптік өндіріс, бәсекелестік, жәрменке, көпес, тәуелсіздік, нарық механизмі.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңдағы дүние жүзі ғасырлар бойындағы тарихи даму үдерісінің әсерінде жинақталған түрлі экономикалық жүйелердің бірігуімен ерекшеленеді. Олардың белгілі бір шарттары бойынша топтастырып, жіктелгендігі көрсетілген. Қоғамның тарихи даму үдерісіне кез келген зерттеуші өз пікірін білдіргендіктен, сәйкесінше, олардың ұсынған шарттары да тұрақсыз. Кез-келген мемлекеттегідей, Қазақстан Республикасының экономикалық ойының тарихы мысалында, әсіресе, біздің мемлекеттің дамуындағы қилы кезеңдерде көптеген баламалы жолдардың ішінен сол немесе басқа жолды таңдаудың өзектілігін анықтайтын прогрессивті экономикалық идеялардың пайда болуы мен дамуындағы табиғи қажеттіліктер айқын қалыптасады. Қазақ халқының тарихи дамуындағы прогрессивті өзгермелі кезеңдерге соңғы мыңжылдықтардағы келесілерді жатқызуға болады:

- X-XI ғасырлардағы көне түрік империясының территориялды кеңеюі мен сауда-экономикалық дамуының жоғарғы деңгейі;
- Алтын Орданың құрылуы мен жандануы;
- Ақ Орданың құрылуы мен жандануы;
- Қазақ хандығының пайда болуы мен кеңеюі;
- XIX ғ соңы - XX ғ басындағы әлемдік капиталистік тауар өндірісі айналасына тікелей тартылуы;
- 1991 жылы тәуелсіз және егемен Қазақстан Республикасының құрылуы.

Ұлы даладағы экономикалық ойдың дамуының маңызды орны XI ғасыр – ерте орта ғасыр кезеңіне тиесілі. Әсіресе, ислам діни наным-сенімінің енуі мен таралуынан түрік тайпалары мен мемлекеттерінің материалды және рухани даму деңгейі үлкен мөлшерде жоғарлады.

**Теориялық талдау.** XI-ғасырда түркі феодалдық мемлекетінде қоғамдық өнімнің материалдық емес саласында кең таралған және жоғары дамуға ие болған сала ол, әрине, сауда-саттық саласы. Ол тек әскери-саяси жеңістеріне тікелей байланысты болып қана қоймай, сондай-ақ, өндіргіш күштердің даму дәрежесінде, қоғамдық еңбек бөлінісінің одан әрі дамуында, халықаралық және ішкі аймақ аралық сауда-экономикалық қатынастарда, тауар-ақша байланыстарының күшеюіне жоғары дәрежедегі көрсеткіштерге қол жеткізді.

Түркі тайпаларымен өмір сүрген елдерде көне заманнан бері қоғамдық еңбек бөлінісінің өзгеру сатысымен сипатталатын сауда-экономикалық қатынастарының айтарлықтай дәрежесі Ұлы Жібек жолындағы аса жағымды транзиттік аймақтық орналасуымен де қатысты болып табылады.

Сауда-саттық – сол шақтағы кезеңде түркі феодалдық қағанатында қызмет көрсетудің үлкен көлемді саласы ретіндегі өндіріс саласының тікелей жалғасы, саудагер-делдалдың қоғамдық өндірістің әртүрлі салалары мен халықтың әлеуметтік топтары арасында, империя ішіндегі жекелеген аумақтар, қалалар мен аймақтар, сондай-ақ, шет мемлекеттері арасында тауар айырбасы бойынша маңызды экономикалық қызметті жүзеге асырып отырды. Ұлы Жібек жолының қақ ортасында қолайлы территориялық орналасуы түркі тайпаларына халықаралық және ішкі сауда-экономикалық байланыстарды және тауар-ақша қатынастарын әріқарай дамытуға, олардың ақшалай табыстарын өсіруге, сәйкесінше, сауда-саттық операцияларынан пайда алып отыруына зор мүмкіндіктер беріп отырды.

Данышпан мемлекеттік қызметкері Жүсіп Баласағұн, бұл жағдайды жақсы түсіне отырып, мемлекет аралық сауда саласы мамандарының Шығыстан Батысқа дейінгі әлемді шарлай отырып, тек сауда операцияларын ғана дамытып қоймайтындығына, олардың сонымен қатар, басқа елдермен ғылыми-мәдени өзара қарым-қатынастарды да жандандыра түсетіндігіне әділ баға беріп отырды. Сәйкесінше, оның пікірі бойынша, осындай тығыз сауда-экономикалық байланыстардың бар болуы мен дамуы өте пайдалы болып табылады, немесе сауда жүрген кезде елдер арасында соғыс қимылдары және дау-жанжалдар тоқтатылады, шекаралық қақтығыстар өздігінен жойылады. Көпестік-саудагерлік, өзінің экономикалық ықпалы арқасында, феодалдық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігі ретінде түркі тілдес мемлекеттерінде азаматтық қоғамның өте ықпалды әлеуметтік-экономикалық тобы болып саналды [1].

Ұлы ғұлама У.Петтидің «Жер - байлықтың анасы» деген пікірін қазақ дәлме-дәл қазақша аударып тұрғандай. Сауда қатынасы қазақтардың Ресейге бағынған кезеңдерде, яғни ХҮІІ ғ. мен ХҮІІІ ғасырларда дами бастады. Қазақстанда сауданың дамуына ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысында орыс қалаларының салынуы игі әсер етті. Қазақстан территориясында қалалардың, станциялардың салынуы тауар мен ақша қатынастарының орнығуына ықпал етті. Сауда қолма қол ақша айырбасымен іске асырылып отырды. Қазақ сауда қатынасын төмендегідей топшылайды: Сауда сақал сипағанша Есепсіз дүние жоқ. Ақша етуге тырысады, Есеп ұстауға тырысады. Саудада достық жоқ Қазақ халқының жаңа өндірістік, сауда қарым-қатынасына бет бұруын төмендегі мақалдардан да көруге болады: «Құдыққа қауға керек, қазаққа сауда керек», «іс айлаға жүреді, саудагер пайдаға жүреді» мақалының пайда болуы осындай кезеңдерде туса керек [2].

Сауданың сәтті болуы өндірістік күштердің жағдайына, ақша айналысының дамуына тәуелді болды. Сауда көлемінің өсуімен қатар капиталдың ірі көпестердің қолында қорлану процесі жүріп жатты. Бұл капиталдар өндірістік кәсіпкерлікте қолданылады.

Сауда - өзара пайда үшін маманданған өндіріс бөлімдерінің еңбек нәтижелерінің айырбас түрлері. Пайда - экономика әлемінің шартты белгісі. Жоғарыда біздің білгеніміздей адамдар экономика саясында әрекет жасай отырып ұтымдылыққа бет бұрады. Ұтымдылықтың экономикалық нәтижелердің негізгісі - пайда. Ол сауданың негізгі қуат көзі. Адамдардың өмірінде пайданың ролі үлкен болғандықтан, оған деген ынталылық – экономика саясындағы ең негізгі әрекеттің дәлелі. Бірақ «пайда» дегенді әр адам әр түрлі түсінеді. Дегенмен, бұл мағынада жалпыға бірдей ортақ ұғымдар – мамандандыру және айырбас жүруі керек. Себебі, дүние жүзінің халқы және бізден көп бұрын өмір сүрген бабаларымыз бұл процестердің пайдалы екенін ұққан. Бұл нәрсені жасауға маманданып, оны өз дәрежесінде өндіріп шығаруы және сол өндірген өнімді басқаға айырбастаса, мынаны көреді екен: бұл айырбас оның уақыты мен күшін үнемдейді. Себебі, тауар айырбасында оған барлық қатынасушылардың арасында еңбек

өнімділігі артады.

Пайда – бұл адамның дәулетін ойдағы деңгейге жеткізу, жеке күші мен уақытын үнемдеуі. Экономикалық өмірде пайда табу өз қажеттілігін іске асырып, «Маслоу пирамидасының» жоғарғы сатысынан орын алу үшін көбірек бос уақытын қалдыруға мүмкіндік береді. Ал, натуралды шаруашылыққа мұндай экономика болмайды: еңбек өнімділігі өте төмен. Еңбек бөлінісі мен бірлестіру сауда арқылы оның нәтижелерін айырбас жасау белгіленген мақсатына жеткізеді, себебі мамандыру еңбек өнімділігін жоғарлатып, уақытты үнемдейді, яғни адамдар қолындағы ең бағасы жоғары ресурсты үнемдейді. Адамдарды еңбеке мамандандығы мен айырбас жетістіктер артықшылығын ұғынғандығы натуралды шаруашылықты тауарлы шаруашылыққа айырбастауға әкеледі, бұл адамзаттың экономикалық өмірінде ұйымдасқан артықшылығы мол түрі болып есептеледі.

**Тәжірибелік бөлім.** Сауда ережелері өнеркәсіптік өндіріс және ауыр бәсекелестік жағдай пайда болған кезде түрлі өзгерістерге бой алды. XIX ғасырдың соңындағы - XX ғасырдың басындағы уақытта сауда жағдайларына көңіл бөлінбеген, әрі экономикалық жағдаяттарды жіктеу кезіндегі тәжірибені қолға ала отырып, бүгінгі таңның басқа да критерийлерін ұғуға жағдай туғызады. Заманның өзгешелігі – халық санының күрт жоғарлауына байланысты болды, инфрақұрылымның басты белгісі көлік қозғалысының көбеюі деп атауға болады, атап айтқанда, теміржол құрылысының басталуы, қоныс аудару қозғалысы қарқын ала бастады, қоғамның әлеуметтік дифференциациясы тездей бастады.

Сауда саласында кең әділ сауданы ауыстыру үшін стационарлық дүкендер мен қоймалардың, мамандандырылған тауар биржаларының кең желісі бар сауда фирмалары сияқты сауданың жаңа түрлері көтеріле бастады. Елдің кез-келген қалаларында өнеркәсіптік жәрменкелерді жүргізу XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап тәжірибеге айналды. Ауыл шаруашылығының тауар ассортиментінің дамуы азық-түлік нарығының жылдам дамуына алып келді, сатылуға ұсынған нанның 40%-ы шетелге экспортталды, ал 60%-ы ел ішінде тұтынылды. Осыған байланысты ауылшаруашылық құрал жабдықтарына, көліктерге, машиналарға, маталарға, киім-кешектерге тұтынушылар арасында тұрақты сұраныс пайда болды. XIX ғасырдың соңында Қазақстанның тауар нарығы дүниежүзілік экономикалық үдеріске қатыстырылды, сыртқы сауда айналымының көлемі күрт жоғарылады. Ауыл шаруашылығына арналған құрал-жабдықтар мен машиналар импорттың негізгі заттарын құрады. Экспортқа шығарылған тауарлардың ішінде ет, нан, жүн, тері болды. Сәйкесінше, ауыл шаруашылығының дамуына қарай сауда айналымы да кейбір өзгерістерге ие болды. Ел арасындағы дағдарыс сауданың жүруіне қиындық туғызып, бағаның төмендеуіне, сонымен қатар, сауда айналымының құлауына, сәтсіздігіне алып келді.

XIX-ғасырдың 70-80-ші жылдарында сауда-саттықтың жаңа түрлері пайда болғанымен, көрмелер сауданың негізгі түрі болып қала берді. Елді мекендерде базарлар, ал қалаларда жәрменкелер болып тұрды. Мысалы, Омбыда Введенская, Троицкая, ал басқа аудандарда Ишимская, Черлаковская көрмелері жыл сайын өткізіліп тұратын. Омбы жәрменкесінің айрықша ерекшеліктері зауыттық тауарлар импортының мал шаруашылығы өнімдеріне қарағанда 4 есеге кең таралуы болды. Фабрикалар мен фабрикалардың өнімдері бюрократиялық қала тұрғындары арасында тұрақты әлеуетті сатып алушылар болды. Кейбір үлкен дала жәрменкелерінен өзгешелігі, еуропалық тауарларды сатуға бағытталған ірі фабрикалардың өкілдері Констатиновская жәрменкесіне бармаған. Ресейдің фабрикалары мен фабрика өнімдерімен Ақмола саудагерлері тығыз сауданы орнатты және жергілікті нарыққа бәсекелестердің шығуына жол бермеді. Өндірушілер осындай жәрменкелерде сауда жүргізу үшін тиісті құжаттарға ие болды, және шын, дұрыс сертификаттардың көрсеткіштер динамикасына талдау жүргізілді, осыған орай, сауда өкілдерінің экономикалық әл-ауқатын мерзімді аукциондарда білуге болады. 2-гильдияның саудагерлері жәрменкелердің басым қозғалтқыштары болып, олардың басқаруымен 2-ші

кластағы клерлер жұмыс жасады.

Сауда-саттықпен айналысатын кейбір кәсіпкерлер сонымен бірге өндірістік кәсіпорындар ашты. Әсіресе ірі сатып алулар капиталды әртараптандыруға мүмкіндік берді. Мысалы, Петропавл мен Омбы аудандарында бір фермаға орташа есеппен 500-600 бас сиыр келетін ірі шығанақтардың 65-70% бір уақытта сауда-саттықпен айналысқан. Ірі кәсіпкерлердің көпшілігі әртүрлі өнімдермен сауда жасады. Жекелеген саудагерлердің сол немесе басқа формада мамандандырылмағандығы сауданың ерекшеліктерінің бірі болды. Осылайша, олар сатып алушыларды қатты қызықтырып, бір-бірімен бәсекелесті. Тауарлық сауданың негізгі салалары мал, мал өнімдері, нан болды. Өнімнің осы түрінің саудасында көптеген кәсіпкерлердің капиталы қалыптасты. 19 ғасырдың ортасында Ресейдің 203 шекарасы бірнеше миллион рубль көлемінде қазақтың ірі қара малы мен мал өсіретін шикізатының даласынан шыққан. Сонымен, 50-ші жылдардың екінші жартысында. XIX ғасыр қазақтардан жыл сайын 1 миллион 125 мың рубльге 450 мың қой сатып алды. 2 миллион 425 мың рубль мөлшеріндегі басқа малдың 110 мың басы, ал ірі қара мал өсірушілер 1,6 миллион рубльге жуық пайда әкелген. Күміс, мал шаруашылығы өнімдері мен қазақстандық өнімдердің импорты 10 жыл ішінде 1883 жылдан 1893 жылға дейін 641,632 рубльге дейін өзгеріп отырды. (1887) 1 131 678 рубльге дейін. (1885); сату - 627 553 рубльден. (1887) 1 125 866 рубльге дейін. (1885) деп көрсетілген [3].

Көпестердің саудаға қатысу деңгейі мен сауда операцияларының айналымы бірнеше сатыдан тұрды. Саудагерлер мына топтарға бөлінгенің байқауға болады: тұтынушыларға шағын көтерме партияларды сататын кіші деңгейдегі саудагерлер және жергілікті делдалдар; бәсекеге қабілетті көтерме және бөлшек сауданы жүзеге асыратын орта деңгейдегі кәсіпкерлер; сұранысы бар жерлерде тауарларды қайта сатуға, жаппай партияларды жіберуге арналған қоймалары мен кеңселері бар ірі деңгейдегі кәсіпкерлер.

Тауарларға деген сұраныс пен бағалар туралы ақпараттың болмауы жәрмеңкенің барлық қатысушылары үшін күрделі мәселе болды. «Аймақтар туралы шолуларда», «Естелік кітаптарда» тауарлардың жекелеген түрлерінің құны туралы ақпарат алуға болады, бірақ саудагерлерге сұраныс та, ұсыныс та маңызды.

Далада сауданың дамуына уақытша базар деп аталатындар үлкен көмек көрсетті. Бұл тұрғыда Сібір департаментінің алыс емес казактарының сауда-саттығына қатысу мақсат етілді. Мұндай сауданың түрлері Қазақстанда Көкшетау және Ақмола уездерінің территориясында болған. Бұл базарға Батыс Сібірдің әр түрлі қалаларынан келген саудагерлер, қазақтар мен орыстар баратын болды.

Қазақтар киім-кешектердің басты тұтынушысы болды. Статистика бойынша, қазақтар киім-кешектерді сатып алу үшін жылына орта есеппен 23 рубль 63 тиын жұмсайтын. Үй жиһаздарын сатып алуға аз мөлшерде қаражат бөлінді. Сатып алу заттары төсек-орын, кілемдер, қол жуғыштар болды; 2 орында - ыдыс-аяқ; 3 орын жиһазға - үй жиһаздарының жалпы құнының 1/10 бөлігі.

Қалалардағы базарлар, әдетте, аптасына үш рет ұйымдастырылды. Әкімшілік орталық ауылшаруашылық өнімдерін тұтынушысы болды. Базар саудасы әкімдік тарапынан халықты тікелей өндірушілердің қолынан шыққан өнімдермен қамтамасыз ету тәсілі ретінде көтермеленді. Базардағы саудагерлер азық-түлік тауарлары мен шаруалар өнімдерімен саудаласып, қажетті өндірістік тауарларды баж салығынсыз сатып ала алады. Дилерлерге үнемі бақылау жасалды, деп Семей қаласының әкімдігі атап көрсетті: «Түнгі сағат 12-ге дейін өмірлік маңызы бар өнімдерді көтерме сатып алуға және сатуға қатаң тыйым салынады: ұнтақталған және ұнтақталмаған нан, май, сұлы, пішен, отын, балық, жарма, бал, жұмыртқа, шошқа еті және басқалары. кез келген уақытта базарға барар жолда, қаладан тыс жерде де, қаланың өзінде де. Жоғарыда аталған өнімдердің барлығы қалада сатылуы керек, ал саудагерлер мен саудагерлер белгіленген уақытқа дейін нарыққа нан алып келген ауылшаруашылық тұрғындарының арасында жүрмеуі керек».

XIX ғасырдың соңғы ширегінде өнеркәсіптік өндіріс Қазақстанда пайда болды.



Сонау XIX ғасырдың ортасында Қазақстанда пайдалы қазбалардың көптеген түрлерінің болуы белгілі болды. 60-шы жылдардан бастап. XIX ғасыр. Ресей кәсіпкерлері Қазақ территориясына капиталды экспорттай бастады және бірқатар пайдалы қазбалар кен орындарының негізінде өндірістік кәсіпорындар құра бастады. 70-80 жж. ауылшаруашылық шикізатын - май, былғары, ұн тарту және т.б. өңдеу бойынша қарқынды дамыған өнеркәсіп. Солтүстік-Батыс және Шығыс Қазақстан қайта өңдеу кәсіпорындарының негізгі орталықтары болды. Былғары өнеркәсібі дамудың айтарлықтай деңгейіне жетті. Химия өнеркәсібінің эмбрионын Шымкенттің сантонин зауыты деп санауға болады. 1882 жылы құрылған зауыт өз өнімдерін Англия, Америка, Германия, Үндістан және Жапонияға сәтті экспорттады. Оңтүстік облыстарда, Шымкент пен Түркістанда негізінен бірнеше мақта тазалайтын зауыттар жұмыс істеді. Темекі өнеркәсібі Верныйда 1875 және 1900 жылдары құрылған екі шағын кәсіпорынмен ұсынылды. Тұз кен орындары Арал теңізінде, Қарабаш көлінде, Павлодар уезінде игерілді. Басқұншақ кен орнында 1867 жылы 54 847, 1870 жылы - 1 267 994, 1880 жылы - 2 800 000 пуд өндірілді. тұз.Өзен бассейндерінде. Орал, Ембі, Ертіс, Арал мен Каспий теңіздерінде балық аулау айтарлықтай ауқымға жетті. Бұл сала балық аулау саласына айналды. Балық аулаудың дәстүрлі орталықтары Зайсан және Балқаш көлдері болды. Ас тұзы өндірілген көлдердің басым көпшілігі. Қазақстанның солтүстік-батыс және батыс бөліктерінде орналасқан [4].

XX ғасырдың басында стационарлық сауда желісінің қалыптасуына байланысты ірі жәрмеңкелердің рөлі біртіндеп төмендейді, олардың айналымы төмендейді. Импорттың негізгі заттары ауылшаруашылық машиналары мен ресейлік зауыттардың маталары болды. Революциялық үдерістермен байланысты саяси оқиғалар сату көлемін және тауарлар ассортиментін одан әрі қысқарту тұрғысынан жағдайды өзгертті. Сауда экспорты XX ғасырдың бірінші жартысында біршама жоғарылады. Сауда операцияларының объектісі ретінде бірден ауылшаруашылық өнімдері болып табылды. Сауда операцияларына фермерлер қатысты, олардан өнімді сатып алатындар делдалдар және кіші деңгейдегі саудагерлердің көп бөлігі, содан кейін ірі деңгейдегі кәсіпкерлер, коммерциялық банктердің, ресейлік және шетелдік фирмалардың өкілдері болды. Соңғы рет өнімді шетел нарығына экспорттады. 1869 жылы Куян-Дин-Ботовская жәрмеңкесінде ұйымдастырылған жәрмеңке комитетінің қызметі өте маңызды болды. Егер 1869 жылы жәрмеңкенің айналымы 500 мың рубльді құраса, 1913 жылы - 4953,2 мың немесе 10 есеге өсті. Бұл жәрмеңкелердің аймақтың экономикалық өміріндегі рөлін көрсетеді[5].

Қазақ даласы Моңғолиямен транзиттік сауда болды. 1860 жылы Ургада (Улан-Батор) алғашқы ресейлік коммерциялық фирма құрылды, онымен Шығыс Қазақстанның көпестері іскерлік байланыс орнатты. Семей Қазақстан мен Моңғолия арасындағы сауда орталығына айналды.

Қазақстанның Шыңжаңға аумақтық жақындығы және сауда айырбастаудағы өзара тиімділігі Ресей мен Қытайды осы байланыстарды қолдауға шақырды. (Джинхо, Үрімжі, Манас, Ақсу, Қарашар Хами, Турфандар және Қашқар) үлкен керуен сарайларына иелік еткен Гүлжа қаласы Шыңжаңдағы қазақ көпестері үшін ірі сауда орталығына айналды). 1881 жылғы «Құрлықтағы сауда ережелерін» жүзеге асыру мақсатында, қытаймен сауда қатынастарын дамыту үшін, шекара белдеуінде 50 верст арақашықтық жеңілдік сатылым ашылды. Урылский поселкесінде, екі апталық жәрмеңке 1894 жылдың қарашасында ашылды. Бірақ бұл барлық мәселелерді шеше алмады. Эпидемия мен мал аурулары жиі кездесетіндіктен, аймақтық билік 1894 жылы желтоқсанда санитарлық шаралар белгіледі: малды айдайтын арнайы пункттер анықталды; міндетті дезинфекция белгіленді; ет, жүгері еті мен қыздырылмаған май тасымалдауға қатаң тыйым салынды; көліктер арнайы мөрмен бекітіліп, күзетшілермен бірге жүрді. Әйтпесе, шетелден, әсіресе Моңғолиядан әкелінген мал қайтып оралды. 1912 жылы контрабанда жағдайлары қатарда емес, кеден шекараларында да тіркелді. Жалпы сомасы 168 рубльге 6 тасымалдау әрекеті, Катонқарағай аймағы контрабандалық тауарларды ұстау бойынша бірінші орында тұрды.

Тек Зайсан учаскесі арқылы Қытайға 41 376 рубль мөлшерінде транзиттік жүк тасымалданды. Зайсан кеденінде кедендік алымдар 975 рубль үшін есепке алынды, бұл тауарлардың санымен, мөлшерімен, көптүрлілігімен түсіндіріледі [6].

Импорт көлемі бойынша бірінші орынды Зайсан учаскесі, ал екінші орынды Катонқарағай алды. Импортталған тауарлардың саны экспорт көлемінен басым болды, сонымен бірге экспортталған тауарлардың құны шетелдерде 8,9 рубль, ал Қытайдан 2,4 рубль болды. Экспорттың негізгі элементтері: шойын, темір, қалайыдан жасалған бұйымдар, қағаз маталар, керосин болса, импорттың негізгі элементтері: кірпіштен жасалған шай, былғары шикізат, қозы терілері және киізден жасалған материал болды. Фабрикалар мен зауыттар өнімдерінің көбеюі, Қазақстанның солтүстік-шығысында сауда үйлерінің ашылуы, әртүрлі өндірістік тауарларды таратумен тікелей айналысатын компаниялардың артуы тауарлар экспортының негізі болды. Елден кеткендердің санына қарағанда келушілердің саны көп болды, әсіресе қытайлық кәсіпкерлербасып келді.

Тауар айналымының одан әрі дамуына кедергі болған, мемлекеттер арасындағы баланыстарда тұрақсыздық қалыптастырған I-ші дүниежүзілік соғыстың басталуы болды. Саудадағы жағымсыз жағдаяттарға қарамастан, жергілікті саудаға және сауда нысандарының әлеуметтік-экономикалық жиынтығына жетілу тән болды. Индустрияға дейінгі ескі элементтер аймақтық экономикада қалып, жаңашыл элементтер ғасырлар қиылысында пайда болды. Осы уақытта сауда құрылымы өзгеріп, ішкі кәсіпкерлік көркейіп, сауда кеңейді. Аймақтағы капиталистік қатынастардың дамуы, келіп түсетін тауарлар көлемінің өсуімен бір мезгілде импорт құрылымында өзгерістер болған жағдайға алып келді. Егер XIX ғасырда Қазақстанда импорт, жеке тұтыну заттарынан тұрса, онда XX ғасырдың басында алдыңғы импорт тауарларының көлемінің ұлғаюымен қатар, едәуір үлесті тұрмыстық тауарлар ала бастады [7].

**Нәтижелер мен талқылау.** Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін отандық экономикалық ой-пікірлер тарихын қалыптастыру бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндік алды және әсіресе, бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» (1999 ж.) атты кітабы шыққаннан кейін орын алды [8].

Сауда - бұл Қазақстан Республикасындағы экономикалық қызметтің ең үлкен салаларының бірі, ал оның дамуы экономиканың табысты жұмыс істеуінің бір шарты болып табылады. 2003 жылдан бастап республиканың жалпы ішкі өніміндегі саланың үлесі 11–12% құрады, сауда экономикалық белсенді халықтың жалпы санының 15% -на дейін жұмыс істейді. Сауда көлемі азық-түлікке жатпайтын тауарлар үлесінің үнемі өсуімен жыл сайын өсіп отырады. Сонымен қатар, бұл секторда жеке меншіктің, шағын және орта бизнестің үлесі жоғары, бұл сала әйелдер мен жастарды толық және қосымша жұмыспен қамтамасыз етеді. Сондықтан сауда саласының әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы жоғары бағаланады [9].

Бөлшек сауда құрылымында 2006 жылға дейін жеке кәсіпкерлер мен нарықтардың секторы басым болды, тұтыну нарығы дамыған сайын сауда кәсіпорындарының сауда көлеміндегі үлес өсу тенденциясын көрсетеді. Өсу әсіресе азық-түлік емес тауарлар саудасы саласында байқалады. Сонымен қатар, сауданың сапалы дамуымен бөлшек сауда инфрақұрылымы өсуге жақсы бастама алды: заманауи қоймалар, логистикалық қызметтер, ақпараттық қолдау, жабдықтар шығару және т.б.

Бөлшек сауданы дамытудың қазіргі заман бағыттары, алғашында, тауарларды сатудың дүкендік және дүкеннен тыс түрлерінің арақатынасының өзгеруіне негізделген. Бөлшек сауда кәсіпорындарының бірігуі, сауда қызметтерінің жаңа түрлерінің пайда болуы және саланың заманауи қызмет көрсету индустриясына айналуы сауда секторының дамуына оң әсер етеді. Бөлшек сауда орындарында жаңа өнімдермен сауданы ұйымдастыру Қазақстан үшін маңызды, өйткені жеке тұлғалар мен шағын өндірушілер өз өнімдерін қол жетімді бағамен сатуға мүмкіндік алады. Бұл сонымен қатар сауданың

әлеуметтік бағыттылығы мәселесін шешеді.

Қазақстанда сауда саласының өркендеуі дүниежүзілік үрдістерге сәйкес келеді. Сауда секторы қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі, бірақ қазіргі заманғы сауда форматтарының енуі дамушы елдердің орташа деңгейінен төмен. Бөлшек құрылым азық-түлік дүкендерінің төрт негізгі форматтарынан (дүкендер, дисконттаушылар, супермаркеттер және гипермаркеттер) және азық-түлік емес тауарлардың төрт негізгі санатынан (киім, электроника, үй және бақша тауарлары, денсаулық пен сұлулық өнімдері) тұрады. Сұраныс, дұрыс орынға қол жеткізу және тиімді жеткізу тізбегін құру мүмкіндігі инвесторлардың негізгі талаптары болып табылады. Дүниежүзілік үрдістерге бейімделе отырып, бөлшек саудагерлер сәттіліктің жаңа сценарийлерін ұсынады: дүкен форматтарын қайта қарау; сату кезінде технологияны қолдануға басымдық беру; тұтынушылармен қарым-қатынасты даралау; жоғары технологиялық компанияларға тән жылдам бейімделу әдістерін қолдану; жаңа бизнес модельдерін іске қосу. Шетелдік инвесторлар үшін тауар нарығының заманауи форматтарындағы бос нарық көлемі 2020 жылға қарай 660 млрд теңгені құрауы мүмкін, қазіргі заманғы сауда форматтары арқылы бөлшек сауданың жалпы көлемі 1 263 млрд теңгені құрайды. Бәсекеге қабілетті нарық дамыған сайын, халықтың заманауи сауда алаңдарымен қамтамасыз етілуі артуда. Қазақстандағы сауда компанияларының көпшілігі шағын, оларда 50 адам жұмыс істейді. 557 орта және 232 ірі бар [10].

**Кесте1.** Көлемі бойынша кәсіпорындар саны (2019)

<b>Кәсіпорындар</b>	<b>Саны</b>
Кіші кәсіпорындар (5 адамға дейін)	98941
Кіші кәсіпорындар (6 адамнан 10 адамға дейін)	12399
Кіші кәсіпорындар (11 адамнан 15 адамға дейін)	3525
Кіші кәсіпорындар (16 адамнан 20 адамға дейін)	2117
Кіші кәсіпорындар (21 адамнан 30 адамға дейін)	1820
Кіші кәсіпорындар (41 адамнан 50 адамға дейін)	1766
Кіші кәсіпорындар (51 адамнан 100 адамға дейін)	994
Кіші кәсіпорындар (31 адамнан 41 адамға дейін)	805
Орта кәсіпорындар (101 адамнан 150 адамға дейін)	277
Орта кәсіпорындар (151 адамнан 200 адамға дейін)	158
Ірі кәсіпорындар (251 адамнан 500 адамға дейін)	142
Орта кәсіпорындар (201 адамнан 250 адамға дейін)	122
Ірі кәсіпорындар (101 адамнан 150 адамға дейін)	54
Ірі кәсіпорындар (1001 адамнан )	36

Инвестицияны қолдау үшін қажетті орынға қол жетімділік қанағаттанарлық. 2018 жылы халық пен табыс деңгейі бойынша шешуші нарық болып табылатын Астана мен Алматы қалаларында сапалы бөлшек жылжымайтын мүлік қоры (Қазақстан Республикасындағы жоғары сапалы сауда алаңының жалпы қорының 40% -дан астамы) екі есеге өсті. Тиімді жеткізу тізбегін құру мүмкіндіктері қанағаттанарлық. Жоғары сапалы қойма қоры 30% -ға өсті және бүкіл ел бойынша 1,3 млн. шаршы метрді құрайды. Сауда компанияларының үштен бірі Алматыда орналасқан - 36873 ұйым. Екінші орында Нұр-Сұлтан - 20.673. Үшіншісі - Қарағанды облысы - 10.318 [10].

### Кесте1. Аймақтар бойынша кәсіпорындар саны (2019)

Аймақтар	Саны
Алматы қаласы	36873
Нұр-Сұлтан қаласы	20763
Қарағанды облысы	10318
Шымкент қаласы	6832
Ақтөбе облысы	6007
Павлодар облысы	5317
Алматы облысы	4831
Қостанай облысы	4830
Маңғыстау облысы	3785
Атырау облысы	2986
Ақмола облысы	2956
Солтүстік Қазақстан облысы	2748
Батыс Қазақстан облысы	2747
Жамбыл облысы	2739
Түркістан облысы	1859
Қызылорда облысы	1806

Сауда компанияларының ең аз саны Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында орналасқан.

Қазақстандағы электрондық коммерция нарығы белсенді түрде өсіп келеді және бүгінгі күнге дейін бос нарық 200 миллион доллардан асады, жалпы онлайн-коммерция көлемі 420 миллион доллардан асады:

Елдің барлық аймақтарында Интернет пен Интернетке қол жетімді құрылғылардың енуінің жоғары деңгейі;

Интернет-сауданы халықтың барлық топтарына және тауарлар мен қызметтердің санаттарына ендіру;

Электронды сауданы қолдау үшін қолданыстағы логистикалық инфрақұрылым;

Қазақстандағы сауда секторына ТШИ (тікелей шетелдік инвестицияларды) тарту шарттары әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді:

Дүниежүзілік тәжірибеде бөлшек сауда саласында ТШИ-ді ынталандырудың негізгі шаралары: (1) секторда ТШИ-ге шектеулердің болмауы және (2) логистикалық инфрақұрылымның дамуын ынталандыру;

Инвесторлар арнайы экономикалық аймақтар шеңберінде берілген инфрақұрылым мен преференцияларды қолдана алады;

Мемлекет мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде заманауи бөлшек сауданы және электронды сауданы дамытуға белсенді қолдау көрсетеді.

2019 жылдың сәуірінен бастап Қазақстандағы жаңа компаниялардың саны үш еседен астам өсті. Соңғы 6 айда Қазақстанда 5117 жаңа сауда компаниясы тіркелген. Барлық сауда салалары қарқынды дамып келеді. Әсіресе, интернет-сауданың өсуі ерекше көзге түседі. Дәстүрлі саудада жаңа ұйымдардың өсуі сол кезеңде 2,5 есе болды.

Сауда индустриясы қазір дамып келеді және болашақта да дами береді. Көріп отырғаныңыздай, технология дәстүрлі сауда форматына әсер етеді: дүкен сатып алуға уақыт жоғалтудың қажеті жоқ - тек батырманы басыңыз. Интернет-дүкен - бұл кез-келген перспективаның тұрақты даму тенденциясы. Интернетті күн сайын 3,5 миллионнан астам адам пайдаланады - олардың саны үнемі өсуде. Веб-сайттардың саны да көбейіп келеді: барлығы 148 577. Оның ішінде 30 мыңға жуығы белсенді.

**Қорытындылар.** Мемлекеттің сауда саясаты, сауданы реттеудің, халықтың әлауқаты мен сатып алу қабілеттілігінің нормативтік-құқықтық базасы жақсарған сайын, Қазақстанда жоғары ұйымдастырылған сауда мен қызмет көрсету жүйесі дамып келеді.

Мәселені дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, нарықты регрессивті құбылыс ретінде бағалаудан бас тарту керек. Бұл тәсіл ХІХ-ғасырдың екінші жартысы - ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуын дұрыс түсінуге мүмкіндік бермейді. Зерттелетін кезеңде дамыған қазақ даласындағы онымен байланысты жаңа, прогрессивті құбылыстар туралы есте сақтау қажет. Бірақ мұның өзінде біз қашан тоқтайтынымызды білуіміз керек. Еуропада басталған бүкіл әлемге таралған прогрессивті процестер нарықтық қатынастардың енуі мен дамуы арқасында Қазақстанға жеткенін мойындау қажет уақыт келді. Сонымен қатар, оның жұмыс істеуінің әмбебап сипатқа ие емес ерекшеліктерін қарастыру, Қазақстанның ұлттық нарығы механизмінің өзіндік және бірегейлігін анықтау қажет.

### Әдебиеттер тізімі:

1 Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Жүсіп Баласағұнның экономикалық идеялары: монография / А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов. Алматы: Эверо, 2020. 252 б.

2 Тулешова Г.Б. Қазақстанда экономикалық ой-пікірдің даму заңдылықтары. монография: / Г.Б.Тулешова. Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ. Алматы: «Эверо» баспасы, 2020. 140 бет.

3 Мамытова С.Н. История предпринимательства в Казахстане во второй половине ХІХ – начале ХХ века. Алматы, ЭВЕРО, 2020. 324 с.

4 Материалы по киргизскому землепользованию Семипалатинской области. Павлодарский уезд, с.33, 340; Каркаралинский уезд, с.811; Зайсанский уезд, т.8. СПб., 1909, с.326; Усть-Каменогорский уезд, с.330; Семипалатинский уезд, с.22, 83.

5 Кыдырбекулы А., Серикбаева Ж.Д. Экономическая история и современная экономическая ситуация. Специфические закономерности формирования земельных отношении при переходе к рынку //Вестник КазГУ, серия экономическая. 2000. №2. С.27-31

6 Ахметова Г.М.. Основные тенденции в развитии торговли Казахстана в конце ХІХ-начале ХХ веков. Вестник КАЗ НУ. Алматы.2013. <https://articlekz.com/article/7184>

7 Сулейменов Б.С. Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1905-1907 гг. / Вопросы истории Казахстана ХІХ - начала ХХ века. А-А., 1961.

8 Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы: Атамұра, 1999.296 с.

Положение торговли в Казахстане. <https://www.kazportal.kz/polozhenie-torgovli-v-kazahstane/>

9 Анализ рынка | Рынок торговли в Казахстане: торговые организации. Опубликовал MCHENG 15.09.2019 <https://blog.kazdata.kz/companies/analiz-rynka-rynok-torgovli-v-kazahstane-torgovye-organizacii.html>

**Аннотация.** В статье авторы предприняли попытку расширить исторические представления о развитии торговли казахского народа с X века до современного периода. В наши дни происходят коренные изменения во всех сферах жизни Казахстана. Позади трудные годы борьбы за переустройство экономической и политической структуры страны. За эти годы Казахстан обрел не только суверенитет, но и уверенность в будущем. Руководством нашего государства определены цели и задачи нового этапа развития и реформирования нашего общества. Самое главное в них - достижение новых рубежных высот, позволяющих нам поднять конкурентоспособность страны на мировом рынке. Большое значение, на наш взгляд, в решении поставленных задач, имеет опора на исторический опыт, на обновленную концепцию истории Казахстана. А для ее создания нужно проводить фундаментальные комплексные исторические и историографические исследования. Важной задачей современной исторической науки является научное осмысление практики

формирования рыночных отношений и развития торговой деятельности в конкретных исторических условиях.

**Abstract.** In the article authors made an attempt to expand the historical understanding of the development of trade of the Kazakh people from the 10 century to the modern period. Today, radical changes are taking place in all spheres of life in Kazakhstan. The difficult years of the struggle to reorganize the country's economic and political structure are behind. Over the years, Kazakhstan has gained not only sovereignty, but also confidence in the future. The leadership of our state has defined the goals and objectives of a new stage in the development and reform of our society. The most important thing in them is the achievement of new milestone heights that allow us to raise the country's competitiveness in the world market. Of great importance, in our opinion, in solving the tasks set, is reliance on historical experience, on the updated concept of the history of Kazakhstan. And to create it, it is necessary to carry out fundamental complex historical and historiographic research. An important task of modern historical science is the scientific understanding of the practice of the formation of market relations and the development of trading activities in specific historical conditions.

ӘОЖ: 577.4: 631.67

**Даулетбаев Б.Ә., Мейрбекова А.С.**

а-ш.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ГЕОЭКОЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕГІНШІЛІК ДАҚЫЛДАРДЫҢ СУЛАНДЫРУ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ**

**Түйін:** Бұл жұмыста, Түркістан облысында геоэкожүйесіндегі жерлерді суару нормасы суару режимінің маңызды элементі болып саналады. Оның шамасы топырақтың есептік қабатында ең төменгі ылғалсыйымдылық кезіндегі су мөлшері мен сол топырақ қабатындағы тиімді ылғалдылықтың төменгі шегіне сәйкес келетін ылғал қорының айырмасы бойынша анықталатынын қарастырады.

Су ресурстары қатты тапшылық жағдайында, Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм сілемінде суармалы жерлерінде ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтерудің негізі - ауыл шаруашылығы дақылдарын суарудың су үнемдеу технологиясын жетілдіру және енгізу негізінде мелиорацияланған жерлердің тиімділігін көтеру болып табылады. Суару нормасы суару режимінің маңызды элементі болып саналады. Оның шамасы топырақтың есептік қабатында ең төменгі ылғалсыйымдылық кезіндегі су мөлшері мен сол топырақ қабатындағы тиімді ылғалдылықтың төменгі шегіне сәйкес келетін ылғал қорының айырмасы бойынша анықталатын тәсілдерін келтіреді.

**Кілт сөздер:** геоэкожүйе, топырақ, егіншілік жерлер, ауылшаруашылық дақылдары және оның өнімдері, суландыру мөлшерлері, суару нормасы, анықтау әдістері мен тәсілдері.

Ауыл шаруашылық дақылдарын суландыру мөлшері – бұл берілген дақыл үшін кез-келген нақты табиғи және агротехникалық жағдайлар кезінде топырақта қажетті су режимін қамтамасыз ететін суғару саны, мерзімі мен суғарым нормаларының жиынтығы. Ол, өсімдік қалыпты өсуі және дамуы үшін жеткілікті мөлшерде су алып, топырақтың тамыр болатын қабатына қажетті ылғалдылықты сіңіріп жеткізу. Осылайша суғару режимі түсінігіне вегетациялық кезең ішінде уақыт арасында суғару санын бөлу мен мерзімдерін анықтау кіреді, ал суғару мөлшері – бұл нақты аймақтың топырақтық-мелиоративтік жағдайларына, өсірілетін дақыл түрлеріне және олардың жоспарлық өнімділігіне байланысты анықталатын суғару және суландыру нормаларының шамасы. Нақты аймақ үшін суғарудың ұсынылатын режимі мен мөлшерлері топырақтың тамыр болатын қабатында су қорларын ескеріп өсімдіктің суға деген қажеттілігін, әсіресе өсімдік дамуының «сынақ» фазаларында, жылулық, тұздық және топырақтың су-азықтық режимі, тиімді қанағаттандырылуы қажет.

Өсімдік пен топырақ үшін артық су да, судың жетіспеушілігі де бірдей қауіпті. Зерттеушілердің міндеті, топырақтың мелиоративтік қасиеттерін жақсартуға және ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары тұрақты өнімін алуға мүмкіндік беретін, су мөлшерінің тиімді параметрлерін, және де сенімді, экономикалық тәсілдері мен әдістерін тауып, іске асыру. Ауыл шаруашылығы дақылдарын суғарудың ғылыми негізделген режимдерінің жоқтығы, су ресурстары мен суғармалы жерлерін үнемді және тиімді пайдалануға мүмкіндік бермеді және ирригациялық жүйелерді жобалауда қателіктерге алып келді.

Суғару режимдерін анықтаудың көптеген тәсілдері бар, оның ішінде еңбек, шығын мен қаржыны аз жұмсап, ауыл шаруашылығы дақылдарынан жоғары өнім алуға мүмкіндік беретінін ең тиімді тәсіл деп санады.

Суарудың тиімді режимдерін анықтау үшін әдетте төмендегі әдістерді қолданады: белсенділер тәжірибесін; топырақ ылғалдығының тиімді қорын анықтауға мүмкіндік беретін арнайы далалық тәжірибелерді қою жолымен; морфологиялық және физиологиялық көрсеткіштер бойынша суғару мерзімдерін тағайындау; ауыл шаруашылығы танаптарынан жалпы булануды анықтаудың әртүрлі әдістері пайдаланылатын өсімдіктерді суғаруды нормалаудың физикалық әдістері; тиімді режимдерді анықтаудың жанама әдістері.

Өндірістік жағдайларда суғару режимі ауыл шаруашылығы дақылдарын суғарудың қабылданған тәсілдері мен агротехникалық шаралары тығыз байланыста болуы қажет. Дақылды суғару режимі өсімдіктің биологиялық ерекшеліктері, табиғи және шаруашылық жағдайлары, агротехникалық шаралар және де басқа факторлар ескеріліп жасалады. Белсенділер тәжірибесі бойынша анықталған суғару режимі барлық жағдайларды мүмкіндігінше пайдалануды, суғару суын тиімді пайдалануды қамтамасыз етпейді және суғару тәсілдерін жақсы ескермейді. Жиі бір жыл үшін анықталған суғару саны, келесі жылдың өзгерген жағдайларына жауап бере алмайды. Бұл нәтижесінде артық су беруге, не болмаса су тапшылығына алып келді [1 - 6].

Өсімдіктерді морфологиялық белгілері бойынша суғару өсімдіктердің сыртқы күйін ескереді: қарқынды өсу өзгеруін, жапырақ пен сабағы бояуын, жапырақ солуын және т.б. Суғару нормасы мен мерзімін анықтаудың морфологиялық әдісін зерттеуге отандық және шетелдік көптеген ғалымдардың еңбектері арналған, кейбір зерттеушілер Н.С.Петинов, Н.А.Максимов, А.М.Алексеев, А.М.Алпатыев және т.б. [8 - 12], бұл әдіс өзінің кемшіліктеріне қарамастан, суғару мерзімі мен нормаларын анықтау үшін жарамды. Кейбір ғалымдар оны суғару мерзімін анықтаудағы кемшілігі сынға алады, олар өсімдіктің барлық сыртқы морфологиялық белгілері субъективті және дәл түсінік беруге болмайды деп санайды. Олар топырақ пен өсімдікте суғару алдында жапырақ солуы жағдайына дейін ылғалдың кемуі суғару үшін өте кеш уақыт деп есептейді [12, 13, 14].

Фазалар бойынша, немесе сынақ кезеңдердегі суғару, өсімдіктердің дамуы мынаған негізделген, өсімдікті ылғалды ерекше қажет ететін кезде суғару қажет. Өсімдіктер дамуының сынақ кезеңдерінде басқа да өмір сүруге қажет факторларда ылғал жетіспеушілігі, олардың өнімділігінің күрт төмендеуіне алып келетінін көрсетті. Мысалы, топырақ ылғалдығы тұрғысынан қант қызылшасы үшін қауіпті болып екінші кезең – жапырақ бетінің максимал дамуы саналады. Осы уақытта өсімдік суландыру нормасының жартысына жуық мөлшерін тұтынады және шамалы кебу қант қызылшасының өнімділігін күрт түсіріп жібереді. Жүгері үшін ең қауіпті кезең болып, сабағында 13-14 жапырақ пайда болудан дәннің сүттік пісу соңына дейін жалғасады. Осы кезеңде жүгері суландыру нормасының жартысына жуығын тұтынады [4,13,14].

Бұл әдіс те алдыңғы сияқты субъективті, себебі, өсімдік дамуының ең қажетті кезеңінде топырақтағы ылғалдың нақты қорын ескермейді, және де жылдың метеорологиялық жағдайының ерекшеліктері мен өсімдіктің күйі ескерілмейді.

Өсімдіктің физиологиялық көрсеткіштері бойынша суғару топырақтың сулық режимі

мен өсімдіктің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты физиологиялық процестердің өзгерулерін есепке алуға негізделген.

Жапырақтардың ағза шырынының сору күші бойынша суару мерзімдерін тағайындау мүмкіндігі туралы алғаш рет ой-пікірді В.С.Шердаков айтты. Өсімдік және топырақтың сулық режимі өзгеруімен ағзаның сору күші, ағза шырының концентрациясы, өсімдіктің осмотикалық қысымы және т.б. сияқты физиологиялық көрсеткіштері де өзгертінді анықталды [4-6,13,14].

Бұл әдісті пайдалану үшін, ғалымдармен суару жүргізілуі қажет негізгі дақылдардың қандайда-бір физиологиялық көрсеткіштері белгіленді. Суғару режимдерін анықтаудың мейлінше қарапайым әдістерін жасау мақсатында соңғы жылдары біздің елімізде және шет елдерде, ауыл шаруашылығы алқаптарынан жалпы булану мөлшерін (булану+транспирация) анықтау бойынша әртүрлі физикалық әдістер жасауға қатты көңіл бөлініп отыр. Топырақ-атмосфера күрделі жүйесінде есептік әдістермен ауыл шаруашылығы дақылдарының суғару режимдері мен мөлшерлерін негіздеп анықтау, өсімдіктердің су тұтынуы және буланудың физикалық факторлары арасындағы байланыстылықтарды анықтауға орай мүмкін бола бастады. Бұл байланыстылықтарды А.М. Алпатыев, А.Р. Константинов, А.Р. Шашко, Г.Т. Селянинов, А.И. Будаговский, С.М. Алпатыев, Н.Н. Иванов, Н.В. Данильченко және басқалар анықтады. Бұл әдістер жер беті қабатындағы метеорологиялық жағдайларды ескеру жолымен белгілі байланыстылықтар бойынша топырақтағы судың жалпы өтімін анықтауға мүмкіндік береді.

Өсімдіктің су тұтынуы және буланудың физикалық факторлары арасындағы алынған байланысты, яғни өсімдік массасының жиналуы ырғағы мен қартаюуы, өсімдіктер қауымдастығымен қалыптасқан биоклимат, және де энергетикалық ресурстардың айнымалы ағынын А.М.Алпатыев өсімдік су тұтынуының биологиялық қисығы деп атады. Жалпы буланудың биологиялық коэффициенті төмендегі формуламен анықталады:

$$K = \frac{E}{\sum d} \quad (1)$$

мұнда  $E$  - өсімдіктер тұтынған жалпы су өтімі, мм;  $\sum d$  - ауадағы жалпы ылғал жетіспеушілік, мм.

Яғни, әрбір уақыт сәтіндегі өсімдіктің жалпы су тұтыну мөлшері, бұл өсімдіктің биологиялық ерекшеліктерінің және буланудың физикалық факторлары әсерінің бірмезетте көрінуінің нәтижесі. Қысқа кезеңдер бойынша (онкүндік, ай) осы екі құраушының туындысы жеткілікті сумен қамтамасыз ету жағдайында тұрақты шамалар беретіні, зерттеушілермен анықталып отыр.

Мәселе мынада болып отыр, әрбір суарылатын аймақ және дақыл үшін ауылшаруашылығы дақылдарының жалпы булану коэффициенттерінің мәнін анықтау. Бұл мәндерді не тәжірибелік жолмен, ия болмаса есептеу әдістерімен табады.

Қазақстан жағдайы үшін биоклиматтық әдіс негізінде суару режимдерін есептеу мақсатында Н.В.Данильченко [11, 12] булану есебі негізіне Н.Н.Ивановтың белгілі формуласын қабылдады:

$$E = 0,018 \cdot (100 - a) \cdot (25 + t)^2 \quad (2)$$

мұнда  $E$  - бір айдағы булану, м<sup>3</sup>/га;  $a$  - ауаның орташа айлық салыстырмалы ылғалдығы, % ;  $t$  - ауаның орташа айлық температурасы.



Булану және өсімдікке қажет ылғал мөлшері арасындағы сәйкессіздікті анықтау, төмендегі қатынаспен табылатын биологиялық коэффициенттердің көмегімен жүргізіледі:

$$K = \frac{E_v}{E_o} \quad (3)$$

мұнда  $E_v$  - қарастырылатын кезеңдегі су тұтыну;  $E_o$  - суару жағдайындағы булану мөлшері.

Суару және тәлімі жағдайындағы булану арасындағы айырмашылық, (көбіне ондай жерлерде метеостанциялар орналастырылады), микроклиматтық коэффициент енгізілуімен жабылады:

$$K = \frac{E_o}{E} \quad (4)$$

мұнда,  $E$  - тәлімі кезіндегі булану мөлшері.

Сонда, кез-келген уақыт ішіндегі дақылдың су тұтыну мөлшері былай анықталады:

$$E_v = E \cdot K_o \cdot K_n \quad (5)$$

Су тұтыну тапшылығы немесе суландыру мөлшері мына теңдеумен анықталады:

$$\Delta E_v = E_v - (Q_o + V_n + W_2) \quad (6)$$

мұнда,  $\Delta E_v$  - есептік кезеңдегі су тұтыну тапшылығы, м<sup>3</sup>/га;  $E_v$  - есептік кезеңдегі жалпы су тұтыну мөлшері, м<sup>3</sup>/га;  $Q_o$  - осы кезеңдегі атмосфералық жауын-шашын, м<sup>3</sup>/га;  $V_n$  - вегетация басындағы ылғалдың өнімділік қоры, м<sup>3</sup>/га;  $W_2$  - грунт суларын капиллярлық пайдалану, м<sup>3</sup>/га.

Суару мерзімдерін және суару аралық кезеңдердің ұзақтығын анықтау үшін, су тұтыну тапшылығының жалпы қисығы бойынша тұрғызылған, графо-аналитикалық әдісті пайдаланады.

Суару нормасы А.Н.Костяков формуласымен анықталады:

$$m = 100 \cdot \gamma \cdot h \cdot (\beta_{нв} - \beta_o) \cdot K_n \quad (7)$$

мұнда,  $m$  - есептік суару нормасы, м<sup>3</sup>/га;  $\gamma$  - топырақтың көлемдік массасы, т/м<sup>3</sup>;  $h$  - топырақтың есептік қабатының тереңдігі, м;  $\beta_{нв}$  - топырақтың ең төменгі ылғал сыйымдылығы,  $\beta_o$  - топырақтың суару алдындағы ылғалдығы,  $K_n$  - түзету коэффициенті.

Біздің зерттеулерде суарудың тиімді өтімдерін анықтау негізіне, топырақтың әртүрлі ылғалдылық кезіндегі су тепе-теңдігін жан-жақты зерттеуге негізделген, далалық әдіс қабылданды. Суару режимінің тиімді көрсеткіштері әрбір дақыл бойынша топырақ ылғалдығының көптеген нұсқаларын зерттеу және салыстыру жолымен анықталды. Бұл әдіс әрбір дақыл үшін топырақтың тиімді суару алдындағы ылғалдығының төменгі шегін мүмкіндігінше дәл анықтауға жол ашады.

Суару режимін анықтаудың далалық әдісі ең сенімді және ең қолжетімді әдіс, бірақ

еңбекті көп қажет етеді. Қазіргі уақытта Оңтүстік Қазақстан облысында Қызылқұм сілемінде жұмысты көп қажет ететін термостатты-салмақтық әдісті қолдану салдарынан, топырақ ылғалдығын анықтау және егістіктің ылғал қорына бақылау жүргізілмейді. Бірқатар шаруалықтарда ұсынылатын суару режимінің бұзылуы және ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігі төмендеуінің себептерінің бірі болып табылады.

Еңбек сыйымдылығын төмендету, ауылшаруашылығы дақылдарын суару жағдайында топырақтың тамырлы қабатының ылғалдығын анықтау мақсатында, егістіктерде Суарым мерзімін анықтаудың жанама әдістерін белгілеу бойынша тұрақты тәжірибелер жүргізілді. Суарым мерзімдерін анықтаудың үш тәсілі зерттелді: жер бетіне жақын жатқан тұщы грунт суларының тереңдігі бойынша; топырақтың 30-40см қабатындағы ылғал қоры және олардың метрлік қабаттағы құрамы арасындағы тұрақты байланысты анықтау; топырақ тензиометрлерінің көрсеткіштері бойынша.

Жер бетіне грунт сулары жақын орналасу кезінде (2,5 мге дейін) оның булану мен өсімдік тұтынуына қарқынды шығындалуы жүреді, бұл грунт сулары төмендеуін тудырады және оның төмендеуі топырақтың тамырлы қабатының құрғауына алып келеді. Грунт суларының деңгейі белгілі бір дәрежеде төмендеген жағдайда топырақтың тамырлы қабатының ылғалдылығы суару алдындағы ең төменгі деңгейіне жетеді, және осы кезде кезекті суаруды жүргізеді.

Дақылдардың суару мерзімдерін болжаудың мейлінше жетілген және қарапайым әдістерін анықтау мақсатында топырақ қабатының 30...40 см қабатындағы ылғал қоры мен метрлік қабаттағы олардың құрамын анықтау бойынша зерттеулер жүргізілді.

Су ресурстары қатты тапшылық жағдайында, Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылқұм сілемінде суармалы жерлерінде ауылшаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтерудің негізі - ауыл шаруашылығы дақылдарын суарудың су үнемдеу технологиясын жетілдіру және енгізу негізінде мелиорацияланған жерлердің тиімділігін көтеру болып табылады [13, 14, 15].

Суару нормасы суару режимінің маңызды элементі болып саналады. Оның шамасы топырақтың есептік қабатында ең төменгі ылғалсыйымдылық кезіндегі су мөлшері мен сол топырақ қабатындағы тиімді ылғалдылықтың төменгі шегіне сәйкес келетін ылғал қорының айырмасы бойынша анықталады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Алпатъев А.М. Водопотребление культурных растений и климат //В сб.: Режим орошения сельскохозяйственных культур. М.: Колос, 1965. С.55-68.

2 Алексеев А.М. Основные представления о водном режиме растений и его показателях. //В сб.: Водный режим сельскохозяйственных растений. Москва. Наука, 1969. с.15-39.

3 Горюнов Н.С. Орошение сельскохозяйственных культур и мелиорация засоленных почв.// Алма-Ата: Кайнар, 1970. 151с.

4 Исабаев С.И. Обоснование режима орошения кукурузы при глубоком залегании грунтовых вод. //Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. 1978. т.1. С.74-76.

5 Исабаев С.И. Режим орошения кукурузы в условиях близкого залегания грунтовых вод. //Вопросы рационального использования водных ресурсов и охраны их от загрязнения в условиях Казахстана: Сб. научн. тр.// ТИИМСХ. Вып.123. Ташкент, 1983. С.46-51.

6 Исабаев СИ. Режим орошения кормовых культур (кукурузы и люцерны) в низовьях реки Талас.// Диссертация и автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата сельскохозяйственных наук. Херсон, 1985. 263с. и 22с.

7 Максименко В.П., Балкизов А.Б., Волчкова Т.Л. Оптимизация режима орошения люцерны на южных Черноземах. //Мелиорация и водное хозяйство. т 2. 2000. С.42-44.

8 Кван Р.А. Некоторые особенности оросительной мелиорации в степной зоне Казахстана. //Совершенствование оросительных систем и технологии орошения

сельскохозяйственных культур в Казахстане: Сб. научн.тр.//КазНИИВХ, Ташкент, 1980. С.3-11.

9 Будаговский А.И., Минаева Е.И. Результаты исследований испарения с орошаемых полей Средней Азии. //Тр. ГГИ. -Л.: Гидрометеоздат, 1968, вып.151. с.42-62.

Ficco N. Irrigation with saline water in Puglia: I. saline irrigation for agriculture and forestry. 1968, p.162-167.

10 Данильченко Н.В. К расчету поливных норм при орошении сельскохозяйственных культур. //Сб. научн. тр. Каз.НИИВХ. т.4. Алма-Ата: Кайнар, 1965.

11 Данильченко Н.В. Высотное влияние предгорий Зайлийского Ала-Тау на режим водопотребления и норм орошения сельскохозяйственных культур. //Сб. научн. тр. Каз.НИИВХ. т.5. Алма-Ата: Кайнар, 1970. с.210-222.

12 Даулетбаев Б.Ө. Суғармалы егіншіліктің геоэкожүйедегі табиғи жағдайлары. //М.Х.Дулати атындағы ТарМУ "Хабаршысы" №2, Тараз,2008. 107-111 б.

13 Сейтказиев А.С., Даулетбаев Б.У. Проблемы гидрохимического режима на геоэкосистемах сероземных почв юга Казахстана.// Вестник ТарГУ им. М.Х.Дулати №4,2007, 24-26 с.

14 Даулетбаев Б.У. и др. Устройство оросительной геоэкосистем водопользования в орошаемом земледелии. //Автор. св-во №58641. Астана,2008.

**Аннотация:** В работе авторы предусматривают, что в условиях дефицита водных ресурсов на орошаемых землях в Кызылкумском массиве Туркестанской области, основой повышения эффективности сельскохозяйственного производства является повышение эффективности мелиорированных земель на основе совершенствования и внедрения водосберегающих технологий орошения сельскохозяйственных культур.

Норма полива является важным элементом режима полива. Его величина приводит способы, определяемые по разнице запасов влаги, соответствующих минимальному количеству воды при влажности в расчетном слое почвы и нижнему пределу эффективной влажности в этом почвенном слое. Его величина определяется по разности влагозапасов, соответствующих нижнему пределу содержания воды и эффективной влажности в этом почвенном слое при минимальной влагоемкости в расчетном слое почвы.

**Abstract:** In the work, the authors provide that in the conditions of a shortage of water resources on irrigated lands in the Kyzylkum massif of the Turkestan region, the basis for increasing the efficiency of agricultural production is to increase the efficiency of meliorized lands through the improvement and introduction of water-saving technologies for irrigation of crops.

The watering rate is an important element of the watering regime. Its value leads to methods determined by the difference in moisture reserves corresponding to the minimum amount of water at humidity in the calculated soil layer and the lower limit of effective moisture in this soil layer.

ӘОЖ 574

**Қансеитов Т., Алимбеков С.С., Абдуллаева Г.А.**

а-ш.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
а-ш.ғ.д., профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ  
САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ - ӨМІР ТАЛАБЫ**

**Түйін:** Мал шаруашылығын дамыту, өсіру, селекциялау ежелден біздің атадан қалған мұра. Қазақстанда, ежелден қой - түйе, жылқы, мүйізді ірі қара, ешкі шаруашылықтары дамып, халықтың күнкөріс көзі болып табылғаны рас. Мал өнімдерін Қытай, Ресей т.б. көрші елдерге өнеркәсіп бұйымдарына алмастырып отырған болатын. Біздің бабаларымыз ежелден төрт түлік малды өсіру және селекциялау, күтіп-бағу, жайылым ауыстыруды біліп, әсіресе технологиясы басқа елдерден ерекшеленеді. Егемендік алғанға дейін Совет Одағының мал шаруашылығы өнімдерін экспорттауда алдыңғы қатарды иемденді, малдың өнімдерін өндіруде жетекші орын алып, басқа да елдерді, аудандарды қамтамасыз етіп отырды. Кеңес дәуіріндегі жүргізілген коллективтендіру жұмыстары және еліміз нарықтық экономикаға көшуінің қиындықтары салдарынан елімізде мал саны едәуір кеміді. Қазір мемлекеттің қолдауының нәтижесінде еліміздің төрт түлік мал саны артып келеді. Мал – Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдерін өндірудегі жетекші саласы болып қала береді. Мал шаруашылығын дамытуға Қазақ халқының мүмкіндігі мол - шешімін таба алсақ.

**Кілт сөздер:** ауыл, мал шаруашылығы, аграрлық, қой, жылқы, сиыр, түйе, технология.

**Кіріспе.** Дүние жүзінің мемлекеттері жер шарында халық санының арта түсуіне байланысты ауыл шаруашылығын дамытуға ат салысуда, ал біздің кеңбайтақ жер жағдайымыз еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі және халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайын жақсартуға мүмкіндігі жетіп артарлық мол, бірақ оны тиімді пайдалану міндеті болашақтың еншісінде. Оған негіз елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауында «Ауыл шаруашылығы саласы болашақта экономиканы дамытудың негізгі драйвері болатынын айтып жүрміз. Осы орайда, технологиялық жетістіктердің ең жоғары шыңына шықты. Енді олар бұдан жоғары өндіре алмайды. Дүниежүзінде қалған жер (игеруге болатын) Қазақстан, Украина, Ресейде қалды», – деп атап көрсетті. Осы орайда елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміздің ауыл шаруашылығына соның ішінді мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығына бөлінген жерлерін тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті. «Егер де барлық елдер АҚШ-тағы секілді азық-түлікті көбірек тұтынатын болса, әлемдегі азық-түлік 2,5 млрд. адамға ғана жетеді. Статистикалық мәліметтері бойынша 2040 жылы жер бетінде 8,9 млрд. халық болады деп есептейді. Сондықтан ауыл шаруашылығы, яғни өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдеріне сұраныстың артуына байланысты барлығы бізге келеді. Осы үрдістерге дайындалу керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуетіне жекелей қарау қажет. Қанша қаржы керек болса, соны берейік деген. Бірақ нақты нәтижеге қол жеткізу керек», нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін қаржымен қоса білікті маман және ғылыми толассыз ізденісті талап етеді [1].

**Теориялық талдау.** Еліміздің президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі жолдауында: Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес деп айтылған болатын.

Біздің негізгі міндетіміз: өзімізді - өзіміз әлеуеттік маңызды азық - түліктермен қамтамасыз ету; еңбек өнімділігін екі жарым есе; миллиондаған ауыл тұрғындарының табыстарын тұрақты жоғарылату; АӨБ өнімдерін экспорттауды екі есеге арттыру.

Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін пайдалану болмақ - деп айтты [2].

Кезінде (1917 жылға дейін) біздің елімізде 50 млн. қой, 2 млн. жылқы, 10 млн. сиыр, 5 млн. түйе малы өсірілген болатын. Малдарды жылылығы мол, қыс мерзімі аз оңтүстік өңірлерге жаз бойы халқымыздың бір бөлігі жаздан бастап күз бойы мал қыстауға келгенше жылы жақта қыстауға мал азықтарын әзірлеген, қыс айларында жазда әзірлеген жем - шөппен азықтандырып ерте көктемде төлдетіп, көкмайса көкке тойғызып, енесін емген төл ауруға төзімді болып тез өседі. Сол көкмайса жайлауды пайдаланып еліміздің Солтүстігіне бүкүл қазақ елі шығыстан батысқа дейін жаппай 20-30 күн араға салып көшіп - қонып жайлау ауыстырып мал жағдайын жасап жаз өте қондылығы жоғары малдарды сол жақта артық (еркек, дімқос, қыс көтермейтіндерін) малдарды сұрыптап алып, көршілес орыс елінің халқына саудалап, саудадан түскен қаражатқа өздеріне қажетін, елде қалғандарға базарлық алып күзге қарай мал жағдайын жасай отырып оңтүстікке қарай бет алып көшіп - қонып, малын семіртіп, жолда қыркүйек айында тандаулы, сұрыпталынған қошқарлар мен саулықтардан жұп құрып күйлеген малды алып той тойлап, құда күтіп, ойын-сауық құрып, ойнап-күліп қараша, желтоқсан айларын жайлауда өткізуге тырысып ілгерілі кейінді ел, ру болып кері оңтүстікке қыстауға оралған [3].

Ал малдарды оңтүстікте күзден көктем шыққанша қыстатып, төлдетіп болғаннан соң көктемде құралай мен бесқонақты өткізіп көктемде жайлауды алма кезек ауыстыра отырып жаппай солтүстікке көшіп - қонып малдың және жайылым жағдайына байланысты жайылым шөбін мал жайылымына асқан шеберлікпен пайдалана білген. Осы айтқандаға дәлел қазіргі Маңқыстау – баяғы ата бабамыздың "мың қыстау" атауын жүз жыл болды өзгертіп атаймыз, неге жаңғыртып Мың қыстау обылысы, мың қыстау түбегі деп жаңғыртып атамасқа, әлде уақыт жеткен жоқ па?

Отырықшылық кезінде ғасырлар бойы ата баба жасаған мал өсіру технологиясын жойылғаннан соң мал саны азайып (1990 жылдары) елімізде 36 миллион қой, сиыр 9 757,8 мың, жылқы 1 626,3 мың басты құрап революцияға дейінгі деңгейден азайды. Содан нарықтық экономикаға өтіп ірі түйе 142,5 мың шаруашылықтар кенеттен 1993 жылы жекеге таратылып берілген соң 2000 жылғы санақ бойынша қой малы 9 млн., сиыр 4 106,6 мың, жылқы 976 мың бас болып едәуір кеміп мал өсіру технологиясын кезең кезеңмен өзгерту салдарынан мал санының азаюына әкеліп тоқтадық. Қазір еліміздегі бар қой санын 18 миллион ғана, өткен ғасырдың осы мезгілімен салыстырғанда екі жарым есе азайғаны көрініп тұр [4,5].

**Тәжірибелік бөлім.** Бүгінгі күні біздің, білім беру ұйымдарының алдында еңбек нарығына қажетті, бәсекеге жарамды М.Әуезов атындағы ОҚУ базасында 2003 жылы «Аграрлық» факультет ашылған. Еліміз аграрлық саланың нарықтық экономикаға өтуіне байланысты негізінен ауыл экономикасын көтеруге қызмет ететін білікті кадрлар даярлайды. "Аграрлық" факультет ашылған жылдан бері жоғары буын мал шарушылығы мамандарын дайындауда жемісті еңбек етіп келе жатыр. Болашақта мұнай немесе басқа қазбабайлықтар ресурстарының бағасы күрт төмендеген жағдайда адамға тұрақты түрде аса қажет азық болғандықтан ауылшарушылық өнімдеріне жылдан жылға сұраныс арта түседі, сол себепті ата-бабамыз айтқан «Арпа бидай ас екен, алтын күміс тас екен», «Мал өсірсең қой өсір - пайдасы оның көл көсір» деген мақалдары босқа айтылмаған және көрегендіктің белгісі. Еліміздің ауылшаруашылығын өркендетуі үшін біздің өңірде ауылшаруашылық мамандарын дайындау мақсатында студенттерге тиісті біліммен сусындатып, алдыңғы қатарлы тәжірибені көрсетіп қана қоймай Ел қадірін білетін, Жер қасиетін бағалайтын, саналы да намысты адам қалыптастыру [6].

Біздің университеттің "Аграрлық" факультетін бітірген түлектердің басым бөлігі бүгінде еліміздің, обылысымыздың түкпір-түкпірінде еңбекке араласып, мал шаруашылықтарының жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуіне айтарлықтай ықпал етуде.

Еліміздің ауылшаруашылығы саласының ежелден қалыптасқан бағыты мал шаруашылығын жоғары дәрежеде өркендету, жер бетіндегі адам санының көбеюіне байланысты белок қорын толықтыру үшін, аса қажет сала, себебі табиғи жайылымды

ауылшаруашылық малдары тиімді пайдаланады. Ауылшаруашылығы малдарының өнімділік бағытына байланысты қажетті селекциялық белгілерін мал мамандары тұрақты түрде сұрыптай отырып, мал өсіруде тиімді пайдалану арқылы малшы қауымы ерте кезден ойластырған. Қой шаруашылығы мал шаруашылығының жетекші саласы болып келген, қазір де солай, алдағы уақытта да солай бола береді. Себебі, кеңбайтақ еліміздің ауылшаруашылық жерлерінің басым бөлігі шөбі сирек, шөл және шөлейтті аймақтарда болғандықтан, сол жерлерді игеруге ғасырлар бойы ата бабаларымыз ұрпақтан-ұрпаққа сұрыптап, мақсатты жұптап өсіріп келе жатқан, жергілікті экологиялық өзгермелі табиғи-климатқа бейімділігі мықты, жетілгіштігі мен ет өнімділігі жоғары еділбай және қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдары болғандықтан өзіндік құны төмен, ең арзан ет, жүн, тері, басқа да өнімдерді өндіруге бағытталған. Сондықтан нарықтық экономикалық жағынан тиімді етіп мал өсірудің болашағы - ғылым мен алдыңғы қатарлы тәжірбиенің берік бірлігінде, студенттерді ата баба кәсібіне дұрыс бағыттап тәрбиелеудеміз [7,8].

**Нәтижелер мен талқылаулар.** Түркістан обылысында жаңадан шығарылған ет өнімділік бағытындағы ордабасы қой тұқымының сапасын, өнімділік көрсеткішін жетілдіру мақсатында, әрі студенттердің оқу үрдісінде алған теориялық білімдерін іс жүзінде ордабасы тұқымын өсірумен айналысатын асыл тұқымды шаруашылықтарда асылдандыру жұмысын үйреніп, іс жүзінде жүргізуге қатысып өз үлестерін қосуда. Студенттер іс-тәжірибе кезінде аталық қошқарларды сұрыптау мен жасанды қынапқа шәует алуға үйретіп, шәует көлемі мен сапасын бағалауға, күйлеген қойды отардан бөліп алып жоғары өнімді жақсартқыш қошқарлардың шәуетімен қолдан ұрықтандыру технологиясын өздері меңгеріп, қойды қолдан ұрықтандырып, асылдандыру есебін жүргізудің жолдарын үйреніп, көктемде қой төлдеуге қатысып, асылдандыру есебін меңгеріп, ал күзде қозыларды енелерінен ажырату алдында тірісалмақтарын өлшеп, алынған мәліметтерден дипломдық жұмыстар орындауда. Кейбір студенттер сиыр малын мұздатылған шет елдік жоғарғы өнімді, жақсартушы бұқалардың шәуетімен қолдан ұрықтандыру тәсілін меңгеруде. Басқа да асыл тұқымды малдар өсіру тәсілдерін жан-жақты үйренуде.

Төрт түлік малдарды өсіріп көбейтудеміз және олар ауылдар мен аудандарға жақын аймақтарда өте тығыз орналасып, жайылымдарды тоздырып, жабайы шөптердің ұрық шашып көбеюіне мүмкіндікті азайтып, болашақ жайылымдардың жойылуына бағыттап келеміз. Бұның шешіміне мемлекет тарапынан ерекше қолдау жасап, алыс жайылымдарды пайдаланғандарға арнайы көмек көрсетуі қажет деп ойлаймыз. Ол үшін алыс жайылымдардағы мал баққан малшыларға аудандық коэффицент баққан мал саны мен мал түріне байланысты, ал малшылардың оқушы балаларына оқуға мүмкіндік жасап, жақын ауыл, аудан, облыс орталықтарында баяғыша мектеп-интернат ашу, арнайы ауылшаруашылық бағытта жоғары оқу орындарында білім алуға жеңілдіктер жасау қажет.

Жалпы ауылда өсіп мал көрген балалардың оқуға түсуіне мүмкіндік туғызылуы қажет, ал мемлекет бөлген квотаны қаланың ақ жағалы балалары иемденіп жақсы оқып бітіруде, бірақ оқу үздік бітірсе де мал ауылға бармайды. Олар өздері ауылға бармайтынын біле тұра оқуды бітіріп қалада тұрақтап қалуда. Ауыл тұрғындарының жастары қалаға келіп түрлі жұмыстарға орналасып, үйленіп тұрақтап қалады. Сонда болашақта мал шаруашылығымен кім айналысады? Жер асты қазба байлық таусылмай тұрып содан түскен қаражатты ауыл шаруашылығына жұмсап ауылды аяғынан тұрғызуға, ауылды гүлдендіруге жұмсауға әлі кеш емес. Оған мамандар дайындау үрдісін жетілдіріп, олардың қадір-қасиетін жоғары ұстайтын мезгіл келді [9].

**Қорытынды.** Оңтүстік Қазақстан обылысының халқы ауыл шаруашылығын нарық жағдайында дамытуға және жандандыруға бет бұрып келеді, бірақ қолдан келетін бар мүмкіндік толық пайдаланылмай келеді. Олардың қатарына мал шаруашылығын дамыту, одан алынатын экологиялық таза өнімдерін өндіріп тек өз халқымыздың сұранысын қамтамасыз етіп қана қоймай, артық өнімдерді мол да сапалы өндіріп экспортқа шығаруға

мүмкіндік бар. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру - адамзатқа аса қажетті, теңдесі жоқ өндіріс пен технология саласын тездетіп жаңғыртуды өмір талап етеді.

### Әдебиеттер тізімі:

1 ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 ж. 5 қазандағы халыққа Жолдауы.

2 ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 ж. 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауы.

3 Тореханов А.А., Карымсаков Т.Н., Бегімбеков Қ.Н., Баккожаев А.А. Сиырларды дене құрылымына қарай жіктеу және аталық бұқаның экстерьерлік сызықтық кескінін салу (нұсқаулық). Алматы. 2011. 97 б.

4 Тореханов А.А., Карымсаков Т.Н., Бегімбеков Қ.Н., Баккожаев А.А. Сүтті бағыттағы ірі қара малдың асылтұқымдық құндылығын бағалау (нұсқаулық). Алматы. 2011. 65 б.

5 Бегімбеков Қ.Н. Зоотехниялық ғылыми зерттеулер әдіснамасы. Оқулық. Алматы. 2015 ж. 63 б.

6 Бегімбеков Қ.Н., Тореханов А.А., Байжұманов А.Б. Мал өсіру және селекция. 3-басылым. Алматы, 2015 ж. 104 б.

7 Байжұманов А.Б. Отарбаев А. Селекция сырлары, Алматы. 1990. 208 б.

8 Садыкулов Т.С. Разведение и селекция сельскохозяйственных животных. Алматы, 2003 г. с 58.

9 <https://baribar.kz/student/25138/mal-sharuashylyghynynh-turleri-zhane-onynh-agrooenerkasip-kesheninde-alamatyn-ornu/> (10 наурыз 2019 ж.).

**Аннотация:** Животноводство является одной из древнейших занятий казахов. В Казахстане издревле были развиты такие виды животноводства как овцеводство, козоводство, коневодство, верблюдоводство и скотоводство, которые являлись основными поставщиками животноводческой продукции. В настоящее время продукция животноводства поставляется на экспорт в соседние государства Китай, Россию и другие. Казахи с древних времен очень хорошо разбирались в вопросах селекции, разведения и содержания. Во времена СССР Казахстан являлся одним из крупнейших производителей животноводческой продукции. После приобретения независимости наступили сложные времена связанные с новыми экономическими отношениями и животноводство в Республике пришло в резкий упадок. В настоящее время государство принимает ощутимые меры для восстановления всех отраслей животноводства, субсидирует отдельные виды животноводческой продукции, что способствует постепенному становлению животноводства.

**Abstract:** Animal husbandry is one of the most ancient occupations of the Kazakhs. Since ancient times, Kazakhstan has developed such types of livestock as sheep breeding, goat breeding, horse breeding, camel breeding and cattle breeding, which were the main suppliers of livestock products. Currently, livestock products are exported to neighboring countries China, Russia and others. Since ancient times, Kazakhs have been very well versed in matters of selection, breeding and maintenance. During the Soviet era, Kazakhstan was one of the largest producers of livestock products. After gaining independence, difficult times began associated with new economic relations and animal husbandry in the Republic fell into a sharp decline. Currently, the state is taking tangible measures to restore all branches of animal husbandry, subsidizing certain types of animal products, which contributes to the gradual development of animal husbandry.

UDC 542.06

**Adikhodjayeva K.B., Sarypbekova N.K., Dzholdasova S.A.**

Candidate of Chemical Sciences, associate Professor

Dzholdasova S.A. Candidate of Chemical Sciences, associate Professor

M. Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent

## **THE PAST, PRESENT, AND FUTURE OF PHARMACY IN KAZAKHSTAN**

**Abstract:** The article reflects the past, present and future of pharmacy in Kazakhstan, where old enterprises operate and develop and new ones are created. On the basis of the Santonin plant, which was opened in 1883 and produced its first medicinal products, the Santo plant «Khimpharm» currently exists and is developing. It provides medicinal products in accordance with international GMP standards not only to Kazakhstan consumers, but also to near and far abroad, participates in the creation of a drug cluster in South Kazakhstan. In the future, they are faced with the task of reducing the volume of imported medicines and entering the markets of other countries. An important task facing pharmacy today is personnel training. For this purpose, on the basis of M. Auezov SKU, a new specialty has been opened at the Department of Chemistry and Foundations of Chemical Technology - bachelor's and master's degrees "Technology of pharmaceutical production".

**Key words:** pharmacy, chempharm, plant of santa, production of drugs, chemist-technologist, marketer of pharmaceutical production, medicine, dual education.

**Introduction.** The pharmaceutical industry in Kazakhstan has a deep historical foundation, which gave a good impetus for reaching impressive peaks at the present time. We were one of the first in the post-Soviet space to receive the GMP world quality standard - the strictest pharmacovigilance. During the years of independence, the pharmaceutical industry began to develop intensively in Kazakhstan. About 112 enterprises producing medicines and medical devices appeared on the market. But not a single domestic enterprise produces its own substances. Over the past 10 years, the volume of production of pharmaceuticals has increased 7 times. Despite all the economic difficulties, the pharmaceutical industry in Kazakhstan continues to develop. However, the production of drugs in Kazakhstan is only 20%, the rest of drugs and medical supplies are imported from abroad. More than a third of domestic medicines are produced by the pharmaceutical plant Santo (SANTO), located in the city of Shymkent. The plant has introduced state-of-the-art technologies; about a thousand people are provided with jobs[1].

But it all started back in 1883 on the outskirts of the southern city of Chimkent, near the Tashkent highway, merchants Nikolai Ivanov and Nikifor Savinkov began building the first pharmaceutical enterprise in Central Asia - the Santonin plant. And already in the fall of 1885, the Santonin partnership, or the Santonin plant of Savinkov and Nikitin, produced the first 189 tons of products.

In this area, the most valuable raw material grows - citrine wormwood, which contains the substance santonin. The antiparasitic agent santonin was made from it. It is noteworthy that citrine wormwood grows only in several points of the world, which can be counted on the fingers of one hand, including in the vicinity of Shymkent. The valuable antiparasitic agent Santonin was also exported, and after the nationalization carried out by the Bolsheviks, it was the first gold and foreign exchange earnings of the young Soviet state. The plant was of great strategic importance and was nationalized by one of the first five Lenin decrees. In the second half of the 19th century, the Santonin plant became a city-forming enterprise, which is known today as «Khimpharm». This is the oldest manufacturing pharmaceutical enterprise not only in the CIS, but also one of the oldest in the world. Currently, the enterprise is part of the Polpharma group of companies (Poland). Until 1993, the pharmaceutical plant in Shymkent did not produce finished dosage forms and was not known to the general public. The enterprise was one of the largest suppliers of the so-called «substances» - active pharmaceutical ingredients that serve as the basis



for medicines. In addition, the Shymkent plant was the main supplier of morphine during the Great Patriotic War. It was only in 1993 that the enterprise switched to the production of finished dosage forms. Today the plant is equipped with new production workshops built according to international GMP quality standards, there is a workshop for the production of sterile dosage forms (ampoules and infusion), a new workshop line for aseptic loosening of antibiotic powders.

The plant is the flagship of the domestic pharmaceutical industry, provides a significant amount of the domestic pharmaceutical market, but also exports products to Russia, Mongolia, Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan [2].

Also, as in any field, there is a shortage of professional personnel capable of competing in the global market. In order to provide highly qualified, competitive personnel in the Turkestan region, the South Kazakhstan State University named by M. Auezov is successfully functioning, capable of ensuring close interaction between educational and scientific activities. The University supports the policy of continuous education throughout a person's life and the continuity of levels and stages of education, the consistent formation of the abilities and creative potential of specialists who are ready to work with packages of modern technologies in changing external conditions, who are able to independently assess the situation and make responsible decisions. As part of the implementation of Kazakhstan's entry into the European educational space, the opening of the specialty «Technology of pharmaceutical production» at SKSU named by M. Auezov is an urgent task. The demand for this specialty is determined by its goal, which is to train personnel with advanced knowledge, a creative approach to professional activity, capable of working in a national and international team and mastering the strategy of lifelong learning [3].

In this regard, a new specialty "Technology of pharmaceutical production" was opened at the university in the last academic year on the basis of the department "Chemistry and the basics of chemical technology". The department is staffed with highly qualified teaching staff and high-tech laboratories capable of conducting research.



**Photo 1:** Conveyor production of drugs.

The specialty "Technology of pharmaceutical production" was opened taking into account integration and regionalization (taking into account the interests of specific employers, the characteristics and needs of the labor market, migration processes, social, professional and educational needs of the population).

Upon completion of this specialty, graduates can occupy the primary positions of a technologist, a chemist-technologist, a marketer of pharmaceutical production, a manager of a pharmaceutical production, a master technologist in the chemical-pharmaceutical and chemical industries, in research institutions without requiring the length of service in accordance with qualifications requirements [4].

The educational program for training specialists-technologists of pharmaceutical

production is focused on professional and social order through the formation of professional competencies related to the necessary types of research, practical and entrepreneurial activities, adjusted to meet the requirements of stakeholders [5].

The goals and mission of the EP "Technology of pharmaceutical production" are inextricably linked with the mission of the University SKSU named by M. Auezov. The University is actively implementing national and regional priorities in the field of education and science, positioning itself as an innovative university that provides quality services. The mission of the EP "Technology of pharmaceutical production" is to train specialists in the field of modern pharmaceutical technology based on the use of innovative teaching technologies while maintaining the values of classical education.

The educational program is aimed at achieving learning outcomes through the organization of the educational process using the principles of the Bologna Process, student-centered learning, accessibility and inclusion. As part of the educational program, the development of a dual education system for students is supported. This year, a magistracy was opened in these specialties [6-7].



**Photo 2:** Modern pharmaceutical production.

An increase in the volume of production of original domestic drugs requires close integration of science, production and education in the field of pharmaceutical production technology. In the future, it is the unique developments of Kazakhstan scientists that will contribute to solving urgent problems of the republic's health care [8]

**Conclusion.** Therefore, the opening of the specialty «Technology of pharmaceutical production» and the training of high-level specialists in the future will have a fruitful effect not only on the pharmaceutical industry, but also on the economy of Kazakhstan as a whole.

#### **References list:**

- 1 Pharmaceutical chemistry: a textbook / edited by A. P. Arzamastsev-M.: GEOTAR-Media, 2008. 640 p. Access mode: [http:// www.studmedlib. ru/book/](http://www.studmedlib.ru/book/)
- 2 Pharmaceutical chemistry: textbook. manual for universities / ed. by A. P. Arzamastsev; author: E.N. Aksenov, O.P. Andrianov, A.P. Arzamastsev and others. 2nd ed., ispr. Moscow: GEOTAR-Media, 2005. 635 p.: il.
- 3 Belikov V. G. Pharmaceutical chemistry: textbook.manual / Belikov V. G.-4th ed., reprint. Moscow: MED press-inform , 2007. 622 p.
- 4 Ramenskaya G.V. Pharmaceutical chemistry: textbook for universities / G. V. Ramenskaya. M.: Binom, 2015. 472 p.
- 5 Shchepetova e. v. pharmaceutical chemistry. Inorganic medicinal substances: educational and methodical manual / E. V. Shchepetov. - M.: Knorus, 2015. 97 p.
- 6 Belikov V. G. Pharmaceutical chemistry: textbook for students.pharm.
- 7 Belikov V. G.-3rd ed., reprint.and add. - Pyatigorsk: Pyatigorsky State Farm. akad., 2003.

713 p.: ill. bibliogr.: pp. 708-709.

8 Glushchenko N. N. Pharmaceutical chemistry: textbook / Glushchenko N. N., Pletneva T. V., Popkov V. A.; ed. by T. V. Pletneva. - M.: Akademiya, 2004. 382 p.: il. Secondary vocational education.

**Аннотация:** В статье отражены прошедшее, настоящее и будущее фармации в Казахстане, где работают и развиваются старые предприятия и создаются новые. На базе сантонинного завода, который был открыт в 1883 году и выпустил свою первую лекарственную продукцию, существует и развивается в настоящее время «Химфарм» завод Santo. Он обеспечивает лекарственной продукцией по международным стандартам GMP не только казахстанских потребителей, но и ближнее и дальнее зарубежье, участвует в создании лекарственного кластера Южного Казахстана. В будущем перед ними стоит задача снизить объемы импортных лекарственных средств и выход на рынки других стран. Важная задача стоит перед фармацией сегодня – это подготовка кадров. С этой целью на базе ЮКУ им.М.Ауэзова открыта новая специальность на кафедре «Химия и основы химической технологии» – бакалавриат и магистратура «Технология фармацевтического производства»

**Түйін:** Мақалада Қазақстанның оңтүстігінде ашылған байырғы кәсіпорынның бірі – 1883 жылы ашылған және өзінің алғашқы дәрілік өнімін шығарған сантонин зауытының негізінде қазіргі уақытта «Химфарм» – Santo зауыты жұмысы негізінде Қазақстандағы фармацияның өткені, бүгінгі және болашағы көрсетілген. Ол GMP халықаралық стандарттары бойынша дәрілік өнімдермен тек қазақстандық тұтынушыларды ғана емес, сонымен қатар жақын және алыс шетелдерді де қамтамасыз етеді. Оңтүстік Қазақстанның дәрілік кластерін құруға қатысады. Болашақта олардың алдында импорттық дәрілік заттардың көлемін азайту және басқа елдердің нарығына шығу міндеті тұр. Бүгінгі таңда фармация алдында маңызды міндет тұр - бұл кадрларды даярлау. Осы мақсатта М. Әуезов атындағы ОҚУ-ң «Химия және химиялық технология негіздері» кафедрасында бакалавриат және магистратура деңгейлерінде «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» атты жаңа мамандық ашылды.

ӘОЖ 334

**Калыкулов К.М.<sup>1</sup>, Жакешова А.П.<sup>2</sup>, Оразаева Н.М.<sup>2</sup>.**

<sup>1</sup>экономика ғ.к., доцент, Шымкент университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>экономика ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>ДЭФ-18-1к1 докторанты, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **ТОҚЫМА ӨНДІРІСІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ ТЕТІКТЕРІ**

**Түйін:** Мақалада цифрландыру және макроэкономикалық тұрақсыздық жағдайында барлық салалардың кәсіпорындары үшін тиімді қызметті қамтамасыз ету жолдарын іздеу тұрақты дамуға көшу тетіктерін қалыптастыру мәселелері сөз болады. Сонымен қатар тоқыма кәсіпорындарының тұрақты дамуы олардың өндірістік қызметінің тиімділігін едәуір арттырумен қатар, цифрлық экономикада бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етудің нақты перспективасына айналуы мүмкіндігі қарастырылады. Тоқыма өнеркәсібінің қазіргі заманғы кәсіпорындары тоқыма өнеркәсібінің нарығындағы жағдайларға қарай даму үстінде, ол тұрақсыз динамикалық жүйе болып табылады, оның жағдайы үнемі клиенттердің, жеткізушілердің, жаңа қатысушылардың, жаңа баламалы өнімдердің және тоқыма өндірісінің инфрақұрылымының арақатынасы мен әсер ету дәрежесіне байланысты. Тоқыма өндірісінде инновацияларға негізделген цифрлық технологиялар мен платформаларды, жетістіктерді белсенді түрде енгізу және тиімді пайдалану жағдайындағы жаңа өзгерістер мыналар: - «ақылды» тоқыма технологияларын жасау - маталардың зақымдалған жерлерін дербес қалпына келтіруге және сыртқы өзгерістерге жауап беруге мүмкіндік беретін технологиялар (ылғалдылықтың жоғарылауына немесе температураның өзгеруіне байланысты құрылымын өзгерту), сонымен қатар энергияны сақтауға және түрлендіруге және тағы басқаларға икемді тетіктер.

**Кілт сөздер:** тоқыма өнеркәсібі, цифрлық технологиялар, инновациялық даму, тұрақты даму, тұрақты даму механизмі, цифрлық экономика, кәсіпорынның сыртқы ортасы, ішкі орта.

**Кіріспе** Экономикалық жаңғыру жағдайында тоқыма өнеркәсібіндегі отандық кәсіпорындардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету тетіктерін іздеу мен негіздеудің өзектілігі Қазақстанда бизнес жүргізу жағдайының түбегейлі өзгеруімен байланысты. Осы саладағы шаруашылық субъектілері қызметтерінің ішкі қызметтік ортасы мен экономикалық байланысқа түсетін немесе дамуына ықпал ететін сыртқы іскерлік ортасы түбегейлі өзгеруде. Кәсіпорынның іскерлік ортасының өзгеруі экономиканың цифрлық түрленуі жағдайында жаңа әдістемелік тәртіпті қалыптастырудан пайда болады. Тоқыма өндірісінде цифрландыру дегеніміз - өндіріс пен басқару үрдістеріндегі біртекті ақпараттық мәліметтерді механикаландыруға және бірлестіруге ықтималдық туғызатын икемді бизнес үлгілері мен сандық ақпараттық әдістемелерді енгізуге байланысты ұлттық экономика, аймақтық немесе басқа да нарықтар және шаруашылық субъектілер деңгейіндегі көлемді құбылыс.

Тоқыма өндірісін цифрландыру және ел экономикасының тұрақсыздығы жағдайында барлық өндіріс салаларының шаруашылық субъектілері үшін тиімді шаруашылық әрекеттерді қамтамасыз ету жолдарын іздеу қалыпты дамуға көшу тетіктерін қалыптастыру қажеттілігіне әкеледі. Тоқыма саласындағы шаруашылық субъектілерінің тұрақты дамуы олардың өндірістік қызметінің рентабелділігін біршама жоғарылатумен бірге, цифрлық экономикада бәсекеге қабілеттілік мүмкіншілігінің жоғары дәрежесін қамтамасыз етудің нақты перспективасына айналуы мүмкін.

**Теориялық талдау.** Тоқыма өнеркәсібінің қазіргі заманғы кәсіпорындары тоқыма өнеркәсібінің нарығындағы жағдайларға қарай даму үстінде, ол тұрақсыз динамикалық жүйе болып табылады, оның жағдайы үнемі клиенттердің, жеткізушілердің, жаңа қатысушылардың, жаңа баламалы өнімдердің және тоқыма өндірісінің инфрақұрылымының арақатынасы мен әсер ету дәрежесіне байланысты.

Жаңа әдістемелік парадигманың қалыптасуын белгілеген цифрлық экономика

тоқыма өнеркәсібіндегі кәсіпорындарды ұйымдастыруға және басқаруға үлкен әсер етеді. Тоқыма өндірісін дамытудың маңызды бағыты тұтынушылардың сұраныстарына назар аудару болып табылатындығын ескере отырып, құзыретті маркетингтің рөлі мен құндылығының өсуімен тоқыма өндірісіндегі клиенттің бизнесінің ерекшеліктерін түсіну қажет. Тоқыма өндірісінде инновацияларға негізделген цифрлық әдістемелер мен платформаларды, жетістіктерді белсенді түрде енгізу және тиімді пайдалану жағдайындағы жаңа өзгерістер орын алады.

Тоқыма өндірісін дамытудың маңызды векторы клиенттердің сұраныстарына назар аудару болып табылатындығын ескере отырып, құзыретті маркетингтің рөлі мен құндылығының өсуімен тоқыма өндірісіндегі клиенттің бизнесінің ерекшеліктерін түсіну қажет. Тоқыма өндірісінде инновацияларға негізделген цифрлық технологиялар мен платформаларды, жетістіктерді белсенді түрде енгізу және тиімді пайдалану жағдайындағы жаңа өзгерістер мыналар:

- «ақылды» тоқыма технологияларын жасау - маталардың зақымдалған жерлерін дербес қалпына келтіруге және сыртқы өзгерістерге жауап беруге мүмкіндік беретін технологиялар (ылғалдылықтың жоғарылауына немесе температураның өзгеруіне байланысты құрылымын өзгерту), сонымен қатар энергияны сақтауға және түрлендіруге және тағы басқаларға икемді тетіктер;

- техникалық және функционалды тоқыма;
- маталардың цифрлық таңбалануы;
- тоқыма өңдеу технологиялары.

Тоқыма өнеркәсібінің жаңа бизнес үлгілерін дамыту перспективалары әр түрлі. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, жаңа технологиялық тәртіптің жетістіктерін енгізу процесіне белсенді қатысатын компаниялар тұрақты даму тенденцияларын көрсетеді. Қазақстандық тоқыма өндірісі нарығының зерттеу нәтижелері бойынша [1], 2018 жылы дайын өнімді тігу саласында төмендеу байқалады. Тоқыма өнеркәсібі керісінше жағдайды көрсетеді. 2019 жылдың қорытындылары қазақстандық тоқыма кәсіпорындарының өндіріс көлемінің өсу тенденциясының күшейгендігін көрсетеді.

Қазіргі кезде қазақстандық тоқыма өнеркәсібі нарығының жартысынан көбін мата емес материалдар алып жатыр. Мақта және синтетикалық тоқыма бұйымдарының жиынтық үлесі 30% -дан аспайды. Қалған үлесті жүннен тоқылған бұйымдар алады. Жібек өнімдері нарықта минималды көлемде болады.

Төмендегі кестеде қазақстандық тоқыма нарығының сараланған түрде дамығанын көрсетеді. Кесте 2017 - 2019 жылдарға арналған өнім түрлері бойынша отандық тоқыма нарығының даму динамикасын сипаттайтын ақпаратты ұсынады.

**Кесте 1 – Қазақстандық тоқыма нарығындағы дайын өнімдер үлесі**

Жылдар	Өнеркәсіптің соңғы өнімдерінің түрлері бойынша нарық үлесі,%			
	жүн маталар	синтетикалық және жасанды талшықтардан және жіптерден жасалған маталар (штапельді қоса алғанда)	мақта маталары	тоқыма емес материалдар
2017	0,29	4,98	29,49	59,89
2018	0,23	5,96	23,46	64,37
2019	0,19	5,09	20,97	70,46
Трендтер	↓	-	↓	↑

Жағымсыз факторлардың қатарында мыналарды атап өтуге болады:

макроэкономикалық тұрақсыздық, алыс және жақын шетелдердегі санкциялар қысымы және соның салдарынан шикізат сатып алу құнының өсуі [2].

Жүннен тоқылған тоқыма сегментінде өндірістің құлдырауы байқалады. 2017-2019 жылдар аралығында жүн маталарының нарықтағы үлесі 0,29-дан 0,19% -ға дейін төмендеді. Синтетикалық және жасанды талшықтардан мата өндіру қазіргі кездегі Қазақстанның жеңіл өнеркәсіпті дамыту стратегиясы тұрғысынан басым болып табылады [3].

2017-2019 жылдардың қорытындысында матаның осы түрінің нарықтағы үлесінің тұрақты өсу динамикасы жоқ. Сарапшылардың болжамына сүйене отырып, синтетикалық және жасанды технологиялық стильді шығару бағытында Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кешені құрылымындағы көрсеткіштердің тұрақты өсуін күту керек. Мата емес материалдар нарығының сегментін дамыту жағдайы жаңа техникалық және технологиялық шешімдерді табысты іздеумен анықталады. Біздіңше, отандық тоқыма кәсіпорындары цифрлық экономиканың жетістіктерін белсенді қолдана бастаған және осының негізінде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған бизнес үлгілерін қалпына келтіре бастаған сияқты. Тоқыма стиліндегі өнімдер нарығында тоқыма өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың тиімділігін арттыру және тұрақты дамуын қамтамасыз етудің заманауи тетіктерін әзірлеу қажеттілігі өзекті болып табылады [4].

Әрине, іскерлік ортаның сапасы олар жұмыс істейтін тоқыма кәсіпорындарының тұрақты дамуына орасан зор әсер етеді. Кәсіпорындардың тұрақты дамуына көшу тетіктерін ұсыну мүмкіндіктері іскерлік ортаның сапасына және өзгерістер кезеңіндегі кәсіпорынның қалыптасқан даму деңгейіне байланысты болады. Ұсынылған тетіктер жұмысының мақсаты - бұл кәсіпорындардың сыртқы және ішкі ортасының субъектілері қатысатын цифрлық экономикадағы кәсіпорындардың тұрақты дамуына көшуі.

### Кесте 1 – Кәсіпорынның тұрақты дамуының тетіктері



Кәсіпорын қызметінің сыртқы іскерлік ортасының құрамдық элементтері мыналар: өнімді тұтынушылар, жеткізіп берушілер, бәсекелестер, шаруашылықтағы серіктестер, осы саланың басқа да шаруашылық субъектілері, қоғам, мемлекеттік қызметтік органдар, құрылтайшылар, қаржы құюшылар. Олар бірігіп кәсіпорынның ең жақын ортасын құрайды және сондықтан оның дамуына тікелей әсер етеді.

**Тәжіібелік бөлім.** Экономикалық жаңғыру жағдайында тоқыма өнеркәсібіндегі отандық кәсіпорындардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету тетіктерін іздеу мен негіздеудің өзектілігі Қазақстанда бизнес жүргізу жағдайының түбегейлі өзгеруімен байланысты. Тоқыма саласы шаруашылық субъектілерінің экономикалық қызметінің кәсіпорынішілік және сыртқы іскерлік ортасы тереңінен өзгеріске түсуде. Кәсіпкерлік ортаның өзгеруі экономиканың цифрлық түрленуі жағдайында жаңа әдістемелік тәртіпті дайындаудан бастау алады. Өндірісті цифрландыру дегеніміз – өндіріс пен басқару

үрдістеріндегі біртекті ақпараттық мәліметтерді механикаландыруға және бірлестіруге ықтималдық туғызатын икемді бизнес үлгілері мен сандық ақпараттық әдістемелерді енгізуге байланысты ұлттық экономика, аймақтық немесе басқа да нарықтар және шаруашылық субъектілер деңгейіндегі көлемді құбылыс.

Тоқыма өндірісін цифрландыру және ел экономикасының тұрақсыздығы жағдайында барлық салалардың шаруашылық субъектілері үшін тиімді шаруашылық әрекеттерді қамтамасыз ету жолдарын іздеу тұрақты дамуға көшу тетіктерін дайындау қажеттілігіне әкеледі. Тоқыма саласындағы шаруашылық субъектілерінің қалыпты дамуы олардың өндірістік қызметінің рентабелділігін біршама жоғарылатумен қатар, цифрлық экономикада бәсекеге бейімділіктің жоғары дәрежесін қамтамасыз етудің нақты перспективасына айналуы мүмкін.

Тоқыма өнеркәсібінің заманауи шаруашылық субъектілері тоқыма өндірісінің нарығындағы конъюнктураға қарай даму үстінде, ол динамикалық өзгермелі жүйе болып есептеледі, оның жағдайы үнемі тұтынушылардың, жеткізушілердің, жаңа қатысушылардың, жаңа баламалы өнім түрлерінің және тоқыма өндірісінің инфрақұрылымының әрекеттесуі мен әсер ету дәрежесіне байланысты болады.

Жаңа әдістемелік парадигманың қалыптасуын белгілеген цифрлық экономика тоқыма өндірісіндегі шаруашылық субъектілерді ұйымдастыруға және басқаруға үлкен ықпалын тигізеді. Тоқыма өндірісін ұйымдастыру мен өркендетудің маңызды бағыты тұтынушылардың сұраныстарына мән беру болып табылатындығына мән бере отырып, маркетингтік қызметтің рөлі мен бағалылығының өсуімен тоқыма өндірісіндегі тұтынушы әрекеттерінің ерекшеліктерін түсіну қажет. Тоқыма өндірісінде жаңашылдыққа негізделген цифрлық әдістемелер мен платформаларды, жетістіктерді белсенді түрде енгізу және тиімді пайдалану жағдайындағы жаңа өзгерістер мыналар:

- «ақылды» тоқыма технологияларын жасау - маталардың зақымдалған жерлерін дербес қалпына келтіруге және сыртқы өзгерістерге жауап беруге мүмкіндік беретін технологиялар (ылғалдылықтың жоғарылауына немесе температураның өзгеруіне байланысты құрылымын өзгерту), сонымен қатар энергияны сақтауға және түрлендіруге және тағы басқаларға икемді тетіктер;

- техникалық және функционалды тоқыма;
- маталардың цифрлық таңбалануы;
- тоқыма өңдеу технологиялары.

Тоқыма өнеркәсібінің жаңа бизнес үлгілерін дамыту перспективалары әр түрлі. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, жаңа технологиялық тәртіптің жетістіктерін енгізу процесіне белсенді қатысатын компаниялар тұрақты даму тенденцияларын көрсетеді. Қазақстандық тоқыма өндірісі нарығының зерттеу нәтижелері бойынша 2018 жылы дайын өнімді тігу саласында төмендеу байқалады. Тоқыма өнеркәсібі керісінше жағдайды көрсетеді. 2019 жылдың қорытындылары қазақстандық тоқыма кәсіпорындарының өндіріс көлемінің өсу тенденциясының күшейгендігін көрсетеді [1].

Қазіргі кезде қазақстандық тоқыма өнеркәсібі нарығының жартысынан көбін мата емес материалдар алып жатыр. Мақта және синтетикалық тоқыма бұйымдарының жиынтық үлесі 30% -дан аспайды. Қалған үлесті жүннен тоқылған бұйымдар алады. Жібек өнімдері нарықта минималды көлемде болады.

Төмендегі кестеде қазақстандық тоқыма нарығының сараланған түрде дамығанын көрсетеді. Кесте 2017 - 2019 жылдарға арналған өнім түрлері бойынша отандық тоқыма нарығының даму динамикасын сипаттайтын ақпаратты ұсынады.

## Кесте 1 – Қазақстандық тоқыма нарығындағы дайын өнімдер үлесі

Жылдар	Өнеркәсіптің соңғы өнімдерінің түрлері бойынша нарық үлесі, %			
	жүн маталар	синтетикалық және жасанды талшықтардан және жіптерден жасалған маталар (штапельді қоса алғанда)	мақта маталары	тоқыма емес материалдар
2017	0,29	4,98	29,49	59,89
2018	0,23	5,96	23,46	64,37
2019	0,19	5,09	20,97	70,46
Трендтер	↓	-	↓	↑

Тұсаукесер - сәби бесіктен шыққаннан кейін, бала алғашқы қадам жасауға тәй-тәй басып әрекеттене бастаған кезде, тез жүріп кетсін деген ниетпен, жасалатын дәстүр. Сәбидің тұсауын кестіру үшін, алдын-ала күнін белгілеп, арнайы қонақтар шақырылады. Қонақтардың арасынан баланың тұсауын кесетін ширақ қимылдайтын, жүрісі жылдам, іске епті қасиеттерімен ерекшелінетін қагілез, пысық адам таңдалып алынады, нәрестенің тұсауын кесуді соған тапсырады. Сонымен қатар кеңдалаға дастархан жайылып, баланың аяғына тұсау байланып, арқанданмен қазыққа байланып қойылады. Мерекелік салттың негізгі жанкүйерлері балалар болғандықтан, ауыл балалары арасында жаяу жарыс ұйымдастырылып, озып келгені арқанды қиып, арнайы сыйлық беріліп, балаларға дастархандағы тәтті дәмнен тарқатылып беріледі. «Қадамың сәтті болсын!», «Жүйрік бол!» деген сияқты т.б. тілектер айтылып, екі қолынан екі адам жетектеген баланың тұсауындағы ала жіпті таңдалып алынған адам кеседі, тұсауы кесілген бойда баланы екі адам жетектеп, арнайы төселген кілемге тез-тез жүргізіп жібереді. Тұсау кескен адамға арнайы «тұсаукесер» сыйлығы беріледі, Рәсімдік әрекет өткізіп болған соң тұсаукесер жыры орындалып, арты ойын-сауыққа ұласады.

Ұлдар мен қыздарға арналған нәресте циклінің рәсімдерінің кейбір ерекшеліктері мен орындалатын салт-дәстүрлік әрекеттердің мәніне тоталар болсақ, ұл балалардың ержүрек жауынгер және мал табушы болып қалыптасуы үшін жасалатын алғашқы рәсім баланы ашамайға мінгізу рәсімі.

Ашамайға мінгізу - баланы көшпелі өмірге дайындау үшін алғаш рет атқа мінгізіп елді аралату, серуендеу. Әдетте кішкентай баланың есі кіріп 4-5 жасқа келгенде оған бәсіре тай тарту етіледі. Тай үйретіліп, мінуге жарап тұрса, онда баланы соған тайға немесе жуас, жүрісі жайлы құнан немесе дөнен атқа атқа ашамай салып, баланы мінгізіп үйретеді бастайды. Ашамай — баланы алғаш рет атқа мінуге үйрету үшін қолайлы етіп жасалынған ердің қарапайым түрі. Ашамай кәдімгі ерге ұқсас болып келеді, тек үзеңгінің орнына тепкішек қолданылады. Ашамайдың тағы бір басты ерекшелігі, баланың қолтығының астынан байлайтын қолтырмаш ағаштың болуы осылай алғаш, ашамай мінуді бала өмірінде жаңа кезеңі басталғандығын білдіреді. Бұл рәсімге де ауыл адамдары жиналып, бала мінген аттың жал-құйрығына, баланың шапанына немесе баскиіміне «көз тимесін» деген ырыммен үкі тағады. Баланы ашамайға танымал шабандоз, елге танымал азаматтар баланың денесін ауырпайтындай етіп таңып байлайды, отырғызады, «үкінің қасиеті - жын-шайтаннан қағады» дегенді білдіреді. Жағдайы келген отбасылыр осы күні той жасап, ат шаптырып, көкпар беріп, түрлі сайыстар ұйымдастырған.

Тоқымқағар - ер бала алғаш рет атқа мініп өздігінше сапар шеккенде жас баланың азамат болғанына қуаныш білдіру белгісі ретінде, дастархан жайып ел болып атап өту рәсімі, яғни бала. жолға шыққанда жасалатын дәстүрлі бас қосу. Арнайы мал сойылып, ет асылып, дастархан жайылып, ойын-сауықтық шара ретінде, өлең, жыр айтылады. Бұл-алғаш сапарға шыққан азаматтың тоқымы жерде қалмасын, қайда жүрседе ат-көлігі аман болсын деген тілек білдіруге арналған жөн-жоралғы. Бала әдетте нағашыларына немесе ұзатылған апасының үйіне осылай сапарлап барған. Барған жерлерінде арнайы тай мінгізетін болған немесе түрліше сый-сияпаттар алып қайтатын болған.

Қазақ халқында қыз бала тәрбиесіне де ерекше мән берген, қыз бала жеті жасқа толып, айнаға қарап, бойын түзеп, жүріс-тұрысын жөндеп, қолынан келетін жұмыстарға икемделіп дағдылана бастаған кезде, анасы немесе жеңгесінің ұйымдастыруымен арнайы өткізіліген рәсім, қыздың шашы бұрым етіп өріліп, бас киім мен шашқа тағатын әртүрлі әшекей бұйымдармен сәнделіп, арнайы дастархан жайылып бастаңғы ретінде өткізілген.

Біздің ұлттық дәстүрімізде мүшел жастың алатын орны ерекше екендігін жоғарыда



атап өттік. Қазақ есебінде он үш жасқа толған бала бір мүшелге толған кезінде кезде баланың да мүшесі бір буын болып өсіп толады деп қарайды. Қазақ бір мүшелге толған баланы «қозы жасқа толды», «қозыбағар болды» деп мойнына бақташылық міндет артады, мал қайыруға, мал бағуға қабілетті деп есептейді. Он үш жасты толтырған ер баланы «отау иесі» деп санаған, Жалпы қазақ халқының салты бойынша қыз бала бір мүшелді толтырғанда, яғни, 13 жасқа толғанда үйдің оң босағасынан арнайы орын беріп, шымылдық құрып, өзіне тиесілі киім-кешектері мен жатын көрпе-жастығын бөлектеп тәрбиелеген. Қыз баланы «ошақ ұстар», «қазан қайнатар» жасқа толды деп, дәстүрлі «қызды оң босағаға шығару» рәсімдік әрекеттерін ұйымдастырған. Арнайы шымылдықпен көлегейленген қыз баланың арнайы орнын «көсеге» деп атаған. Бойжеткен қыз ұзатылғанда көсегесін жасаумен бірге алып кететін болған.

Жоғарыда аталған бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлік әрекеттер халқымыздың балаларға деген ықыласы мен сүйіспеншілігін білдіріп, олардан үлкен үміт күтіп, сенім артатындығын білдірген. Бір ерекшелігі бала тәрбиелеуге қатысты той-томалақ, жөн-жоралғыларды ұйымдастырушылар мен қатысушылар әйел адамдары болған, сонымен қатар ұйымдастырылу формасы бастаңғы ретінде өткізілген. Оның басты себебі ретінде ер адамдардың мемлекеттік, саяси- әлеуметтік және шаруашылық жұмыстармен негізінен түзде болғандығынан деп айтуымызға болады. Қазақ халқының жаңа туған нәресте мен оның есеюіне қатысты мерекелік мәдениеті, оның рухани құндылықтарын құрай отырып, күнделікті өмір салтында орасан зор өміршең рөл ойнады. «Салт-дәстүрлік әрекеттердің қалыптасып, өміршең болуының себебі - деп жазды Н. Камалова – оның рухани-эстетикалық орта мен ұлтты дараландыратын, танымы мен тағылымын танытатын символдық рәсімдер мен белгілердің үніетанымдық негіз ретінде сақталуында»[5].

Қорыта айтқанда біз, қазақ халқының дәстүрлі мерекелік мәдениетіндегі баланың өсу кезеңіне байланысты ұйымдастырылатын той-мерекелік, жөн-жоралғылардың объект болып саналатын салт-дәстүрлік әрекеттердің мәнін ашуға ұмтылық. Алайда қазақ халқының дәстүрлі мерекелерінің де бала тәрбиелеудегі мүмкіндіктерінің де көп екендігін, ол арнайы зерттеуді қажет ететіндігін атап өткіміз келеді.

Бала тәрбиесіне қатысты салт-дәстүрлік әрекеттер барысында ересектер мен балалар нақты көркемдік-педагогикалық процесс ретінде өзара әрекеттеседі, бұл оларға ынтымақтастықтың сапалы жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді және олардың құндылықтық бағдарларын қалыптастырып, қарым-қатынастары мен өзара түсінушілігін реттейді. Дәл осы педагогикалық модель бүгінгі күнгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ халқының мерекелік салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін жергілікті ерекшеліктер мен жағдайларды ескере отырып тиімді пайдаланған кезде ғана, заманымызға лайық тұлғаны қалыптастыру процессінің құруға негіз бола алады.

Халықтық мерекелер мен әдет-ғұрыптардың маңыздылығы жеке тұлғаның сезімі мен ойын білдіруге, эмоционалдық көңіл-күйі мен әлеуметтік-тұрмыстық тәжірибелерін қалыптастыруға, оптимистік көңіл-күйді сыйлауға мүмкіндік беретіндігінде. Еліміздегі мерекелік салт-дәстүрлік құндылықтарды қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенітанымдық - ақпараттық маңызға ие, олардың негізгі ұйымдастырушылары мен тұтынушылары ретіндегі салт-дәстүр орталықтары мен аймақтағы білім беру және мәдени-тынығу мекемелері қызметіндегі көпшілікке этно-көркемдік білім беруге негізделген салт-дәстүрлік шаралардың тәрбиелік ықпалы мен көркем-эстетикалық тиімділігін арттыру қажет.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан, 12 сәуір, 2017.
- 2 Калыбекова А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. Алматы, БАУР, 2005. 200с.
- 3 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Алматы, «Санат», 1997. 464 б.

- 4 Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 1992.160б.  
5 Камалова Н. Қазақтың мәнін жоймас құндылығы. Монография. Алматы, 2017.220 б.  
6 Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1995.199 б.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены сущность, особенности и виды традиционно - обрядовых действий казахского народа, касающихся воспитания детей. С давних времен народные традиции и обряды выявляли, систематизировали и сохраняли духовно - нравственные закономерности бытия членов казахского общества в системе «человек - семья - общество-природа», передавали из поколения в поколение знания и опыт, адаптировали к жизни, формировали национальные ценности и идеалы. Воспитание детей, сформированное в такой своеобразной системе традиций, как важнейшая многофункциональная ценностная парадигма современной социо-культурной среды, занимает особое место в формировании национальных реалий, обусловленных потребностями в реальном развитии общества.

В ходе традиционно - обрядовых действий, касающихся воспитания детей, взрослые и дети взаимодействуют как реальный художественно-педагогический процесс, что позволяет им выйти на качественно новый уровень сотрудничества, которая регулирует их отношения и взаимопонимание, формируя ценностные ориентации молодого поколения.

В статье анализированы труды казахстанских ученых и специалистов в области педагогики, народной педагогики, теории досуга и этнокультуры / Жумабаев М., Сейдимбек А., Калыбекова А., Камалова Н. и др./, а также рассмотрены виды и особенности традиционно - обрядовых действий.

**Abstract.** This article examines the essence, features and types of traditional - ritual actions of the Kazakh people related to the upbringing of children. Since ancient times, folk traditions and rituals have identified, systematized and preserved the spiritual and moral laws of the life of members of the Kazakh society in the system «man - family - society - nature», passed on knowledge and experience from generation to generation, adapted to life, formed national values and ideals. The upbringing of children, formed in such a peculiar system of traditions as the most important multifunctional value paradigm of the modern sociocultural environment, takes a special place in the formation of national realities, conditioned by the needs for the real development of society.

In the course of traditionally ritual actions related to the upbringing of children, adults and children interact as a real artistic and pedagogical process, which allows them to reach a qualitatively new level of cooperation, which regulates their relations and mutual understanding, forming the value orientations of the younger generation.

The article analyzes the works of Kazakh scientists and specialists in the field of pedagogy, folk pedagogy, pedagogy of leisure and ethnoculture / Zhumabaev M., Seydimbek A., Kalybekova A., Kamalova N. and others /, and also considers the types and features of traditional ritual actions.

ӘОЖ: 37.013.28

**Бөлетова Л.А. Аманқұлова Қ.Ы.**

педагогика ғ.к, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқушысы, Тараз инновациялық-гуманитарлық университет, Тараз, Қазақстан

## **ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР**

**Түйін.** Мақалада цифрлендіру қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларына, олардың қатарында маңызды әлеуметтік институт - отбасында бала тәрбиесіне елеулі ықпал жасайтындығына назар аударылып, мұнда туындайтын отбасы тәрбиесі мәселелері және олардың кейбір шешімдері қарастырылған. Цифрлендіру бірінші кезекте отбасы тәрбиешілері - ата-аналар мен ересек отбасы мүшелерінің өмірлік қызметіне, олардың сана-сезімі мен мінез-құлқына, тәрбиелік әрекеттеріне әсерін тигізеді. Дер кезінде бала да ұдайы цифрлендіру құралдарынан таралатын ақпараттар, цифрлендіру құралдарымен қарым-қатынастарының шеңберінде болады. Сондықтан, цифрлық ұрпақ тәрбиесінде тек мектепте ғана емес, отбасында да әр түрлі қиындықтар пайда болады. Цифрлық құралдар отбасы тәрбиесінде жаңа мәселелер туындатады, бірақ оны нығайтудың жаңа мүмкіндіктерін де ашады. Осы тұрғыдан цифрлық әлемдегі отбасында бала тәрбиесінің жаңа проблемаларына сипаттама беріліп, оның ата-аналар педагогикасы үшін ашатын жаңа мүмкіндіктері айқындалған.

**Кілт сөздер:** отбасы тәрбиесі, цифрлық қоғам, цифрлендіру, отбасы педагогикасы, цифрлық ұрпақ, отбасында бала тәрбиесі.

Қазіргі қоғам дамуының негізгі тенденцияларының бірі - цифрлендіру қоғам өмірінің барлық салаларында айқын көрініс табуда. Бүгінгі таңда өндіріс саласында цифрлендіру құралдарының көмегімен адам қиялынан әлдеқайда ғажайып, таңқаларлық жаңалықтар жасалып, ендірілуде. Цифрлық құралдар әлеуметтік салалардағы құбылыстар мен үдерістерге күн сайын терең кіріп келуде. Соның ішінде жас ұрпақ тәрбиесінде цифрлендірудің ерекше орны мен рөлі тек педагог ғалымдар мен тәжірибешіл педагогтарды ғана емес, кең жұртшылықты да ойландыруда. Бүгінгі таңда «медиа саласындағы педагогикалық білім мен тәрбие, яғни медиапедагогика ақпараттық қоғамда балаларды әлеуметтендірудің қажетті құрамдасына айналды» [1].

Цифрлендірудің қазіргі заманғы оқушы-жастар тәрбиесіндегі орны мен рөліне тоқталатын болсақ, бір жағынан жылдам ақпарат тарататын, адамның қарым-қатынас аумағын бірнеше рет кеңейтетін цифрлық құралдар, балалар мен жастарды ерекше ақпараттық-білімдік, танымдық кеңістікке кірістіреді. Бұл кеңістік баланың ақпараттық (танымдық) қажеттіліктерін керегіден де артық қамтамасыз ете алады. Енді бала кітап іздемейді, ата-анасына, мұғалімдерге немесе ересектерге сұрақтар қойып отырмайды. Оның барлық сұрақтарына интернет жауап беруі мүмкін. Өзіне қызығушылық тудырған кез келген мәселе туралы цифрлық құралдардан мәлімет алады. Енді оның танымдық іс-әрекетінде басқа ақпарат көздерінің - мұғалім сөзінің, оқулықтар мен оқу құралдарының үлесі аздауы мүмкін. Цифрлық құралдардан таралатын ақпараттар тартымды, көрнекті, қабылдау үшін оңай және тағы басқа да сипаттарымен ерекшеленеді.

Дегенмен, цифрлық құралдардың тұлғалық санасы мен мінез-құлқы қалыптасырып үлгірмеген бала мен жасөспірімге әсерінің екінші қыры педагогтар, ата-аналар мен жұртшылықты алаңдатып отыр. Цифрлық құралдардан таралатын ақпараттардың педагогикалық іс-әрекет, қоғамдық тәрбие өлшем шарттарына (критерийлеріне) қаншалықты сәйкес келетіндігінің өзі, үлкен әлеуметтік-педагогикалық мәселе. Белгілі дәрежеде балаға интернет ұсынатын ақпарат педагогикалық нормаларға, тәрбие принциптеріне, тәрбие мазмұнына сәйкес келмеуі, оның санасына теріс, қоғамдық тәрбие мақсаттарына қайшы әсер ету қаупі, тіпті балалар мен жасөспірімдерді адамгершілікке қайшы, өзінің және айналасындағылардың денсаулығына, өміріне қауіп-қатер келтіретін әрекеттерге итермелеуін жиі көріп отырмыз.

Балалар мен жасөспірімдер арасында ілгері бірлі-жарым болатын келеңсіз жағдайлар - суицид, зорлық-зомбылықтар және тағы басқалары соңғы жылдары кеңінен тарала басталды. Оның себептері, түбінен цифрлық ақпарат мен коммуникация құралдары арқылы бала мен жасөспірім санасына сіңетін теріс ақпараттар екендігі мәлім. Бала цифрлық құралдарды пайдалануды техникалық жағынан жылдам меңгеріп алады. Бүгінде айналада қолына смартфон, ұялы телефон ұстамаған бірде-бір адамды көрмейсің. Олар не оқып жатыр, қандай ақпараттар мен санасын «сусындатып» отыр дерсің. Адамдар қабылдап отырған ақпараттар қаншалықты объективті, дұрыс? Бұл ақпараттарды олар қаншалықты шынайы деп қабылдап отыр. Бұл ақпараттардың ішінде адам санасын, қоғамдық пікірді бұрмалайтын ақпараттар болуы да мүмкін ғой? Балалар мен жастарды білімге, әдепке, тәртіптілікке, ізгілікке, дамуға, қоғамға пайда келтіруге жетелейтін ақпараттар да аз емес. Соны мен қатар, тәрбиеге теріс, бұрыс ақпарат тарататын сайттар, блогерлер де табылады. Бала оның айырмашылығын түсінбейді. Ақпаратты көбінесе механикалық түрде қабылдайды. Демек, цифрлендіру құралдарын пайдалана білгенімен, баланың ақпараттық мәдениеті қалыптаспаған.

Цифрлендіру құралдарының тәрбие ісіне теріс әсер етуші жақтарын, бірінші кезекте мектеп педагогтары күнделікті педагогикалық қызметте көріп отыр. «Цифрлық құралдар жаман немесе жақсы емес, мәселе оларды дұрыс пайдалана білуде. Сондықтан біз балаларымызды цифрлық құралдардан пайдалануын шектей алмаймыз. Цифрлық құралдарды пайдалана білмеген балалар - бүгінгі өмірден артта қалған, ал ертең бәсекеге қабілетсіз адамдарға айналады», - дейді мектеп педагогтарының бірі. Ия, цифрлендіру құралдарының тәрбие саласында тудыратын қиындықтары мен проблемаларын бір жақты қарауды жақтамаймыз. Болашақ, соның ішінде балаларымыздың болашағы - цифрлық қоғамда табысты әрекет жасауында, бәсекелікке қабілеттілікте. Бірақ, баланы жастайынан цифрлық құралдарды ұтымды, дамытушы мақсаттарда пайдалануға даярлауымыз керек. Бұл, әрине отбасынан, баланың ерте жастағы дәуірінен басталуы, оның мектепте, кәсіптік лицей, колледж немесе жоғары оқу орнында оқу кезеңінде де отбасылық тәрбиенің маңызды бөлігіне айналуы керек деп ойлаймыз.

Қазіргі отбасы. Кешке жұмыстан кейін бүкіл отбасы үйге оралады. Бірақ әркім өз жұмысымен айналысады. Бәрінің қолында бір-бір ұялы телефон. Әке өзінің смартфоннан жаңалықтар оқиды. Әйел құрбысымен сөйлеседі немесе интернет-дүкеннен жаңа үлгідегі киімдерді іздейді. Аға достарымен немесе әпке құрбыларымен ұялы телефон арқылы сағаттап сөйлеседі. Мектептен келген бала, егер оның да ұялы телефоны болмаса, теледидардан кез келген хабарды көреді. Бұл қазіргі таңда басым көпшілік отбасыларындағы жағдай.

#### *Цифрлендіру құралдары отбасы педагогикасына қалай әсерін тигізді?*

Біріншіден, отбасында ақпарат айналымы күрт артты. Бұл әртүрлі ақпарат: отбасының тұрмыстық өміріне қажетті ақпараттардан бастап, аймақ, мемлекет, әлемдегі жаңалықтар, түрлі салалардағы жетістіктер мен проблемалар туралы ақпараттар. Отбасының ақпарат тұтынуы бірнеше рет артқаны мәлім. Дегенмен, цифрлық ақпарат көздеріне тәуелділік, отбасының негізгі функцияларының бірі - бала тәрбиесінің артындағы жоспарға жылжуына әкелуде. Ата-аналардың жұмыстан кейін де, балаларымен тәрбиелік қарым-қатынас жасауына уақыты болмай қалды.

Екіншіден, цифрлендіру ата-аналар тарапынан баланың мектептегі үлгерімін, тәртібін қашықтықтан бақылауға, мұғалімдермен ұдайы қарым-қатынаста болуына кең мүмкіндіктер жасады. Бұның, әрине отбасы тәрбиесін тағы бір жоғары сатыға көтерері анық.

Карантин кезінде, қашықтықтан оқыту практикасының пайдаланылуы, оқытудың бұл формасының кең мүмкіндіктерін, артықшылықтарын көрсетті. Сонымен бірге, ата-аналар да балаларының үлгеріміне қарауға, өздерінің педагогикалық функцияларын орындауға кірісіп, айтарлықтай тәжірибе арттырды. Көпшілік ата-аналардың цифрлық сауаттылығы, оқыту және тәрбиелеу икемділіктері дамыды.

Үшіншіден, отбасы тәрбиесіне цифрлендіру құралдарының әсері, жанұя тәрбиесінің ортасында тұрған бала тұлғасы, оның цифрлық құралдармен өзара әрекеттесуінің сипатына байланысты. Бала - цифрлық құралдарды пайдаланатын отбасы мүшелерінің бірі, ақпарат тұтынушысы. Мәселе, ол цифрлендіру құралдарын қалай пайдаланып отырғандығында. Яғни, цифрлендіру жағдайында отбасы тәрбиесінің үлкен мәселесі - баланың цифрлық құралдарды ұтымды, тұлғалық даму үшін, пайдалануға баулу. Бұл оңай педагогикалық міндет емес. Ата-ана балаларының интернетті, цифрлық құралдарды қашан, қандай мақсатта пайдаланып отырғандығын қадағалауы, оларды пайдалы ақпараттар табуға, ақпараттарды өңдеуге және қолдануға үйретуі, дер кезінде тәрбиелік тұрғыдан теріс ақпараттарға «иммунитет» қалыптастыруы керек.

Мектеп оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастырады. «Информатика» сабақтарында, компьютерлік құралдарды пайдаланудың техникалық қырларын меңгереді. Басқа оқу пәндері сабақтарында, интернет және баспасөз ақпараттық құралдарынан алынған медиа мәтіндермен жұмыс істейді, өзі ақпарат іздейді, оны өңдейді, әр түрлі оқу-танымдық міндеттерді шешу үшін пайдаланады [2].

Дегенмен, ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру отбасында баланың цифрлық құралдармен өзара әректесуін дұрыс бағыттау мен байланысты ата-ананың да мақсатты іс-қимылдарын талап етеді.

*Ата-ананың баланың цифрлық мәдениетін қалыптастырудағы қызметі, мына педагогикалық іс-қимылдарды қамтиды:*

- балаға цифрлық құралдарды пайдалану ережелерін, цифрлық құралдармен жұмыстағы оқу еңбегі гигиенасының қарапайым қағидаларын ескерту және оларды орындауды үнемі қадағалау;

- баланың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын білу және қолдану [3];

- баламен бірге тәрбиелік, дамытушы бағыттағы қызықты, тұлғалық дамуға және пайдалы іс-әрекетке мотивациялайтын қосымша ақпараттарды табу және олар туралы басқа отбасы мүшелерінің қатысуымен өзара пікір алмасу [4];

- үйдегі оқу жұмысына (үй тапсырмаларын орындауда) ақпарат іздеуде, өңдеуде және пайдалануда көмектесу;

- онлайн оқуды ұйымдастыруға қажетті жағдайлар жасау және көмектесу, ата-аналардың қашықтықтан оқу саласында білікті болуы;

- баланың сабаққа дайындалу және демалыс уақытында цифрлық құралдарды пайдалануда қандай ақпараттар мен жұмыс істеуін бақылау, теледидардан не көретіндігін қадағалау;

- баланың цифрлық құралдар арқылы қарым-қатынастарын назарда ұстау;

- компьютерлік тәуелділікке жол бермеу, баланың қызығушылықтарының әртараптылығына қол жеткізу;

- баланың оқудағы жетістіктерін және мектептегі тәртібін қашықтықтан қадағалай келе, оның өзімен туындаған мәселелерді, алдағы даму міндеттерін бірге талқылау;

- мұғалімдер және сынып жетекшілерімен әрдайым байланыста болу.

Қорыта келе, цифрлық қоғамда отбасындағы бала тәрбиесі өзіндік ерекше сипаттарымен айрықшаланады. Бұл ерекшеліктер цифрлендіру құралдарының отбасы өміріне күн сайын терең кіруімен, отбасы мүшелерінің ақпарат тұтынушылары ретіндегі ерекше іс-әрекеттері, балалардың оқу-танымдық және оқудан тыс жұмыстарын ұйымдастыруда цифрлық құралдардың үлесінің артуымен байланысты. Ата-аналардың цифрлық сауаттылығы мен қатар медиа тәрбие бағытындағы білім мен икемділіктерінің орны мен ролі арта түседі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Алпатикова С.В. Медиапедагогика - необходимая составляющая социализации детей в информационном обществе // Молодой ученый. Москва. 2018. №24. С. 296-297.

2 Мантуленко В.В. Особенности использования электронных медиа в учебно-воспитательном процессе общеобразовательной школы // Автореф. дис. ... канд. педаг. наук. Самара, 2007. 20 с.

3 Малых Т.А. Педагогические условия развития информационной безопасности младшего школьника // Автореф. дис. ... канд. педаг. наук. Иркутск, 2008. 22 с.

4 Алметов Н.Ш., Молдашова Г.А. Усиление воспитательного компонента информационно-образовательной технологии в условиях профессионально-мотивирующего образования // II Всероссийский научно-практический симпозиум с международным участием на тему: «Информационная среда школы как ресурс исследовательской деятельности субъектов образовательного процесса». Томск, 2013. С. 235-240.

**Аннотация.** В статье с точки зрения влияния цифровизации на все сферы жизнедеятельности современного общества, в том числе важного социального института - семьи, рассматривается проблемы семейного воспитания и некоторые возможности их решения. Цифровизация, в первую очередь, оказывает влияние на жизнедеятельность семейных воспитателей - родителей и старших, на их сознание и поведение, воспитательные действия. В то же время, постоянные взаимодействия с цифровыми источниками информации включает детей в круг их воздействия. В связи с этим, с трудностями воспитания цифрового поколения сталкиваются не только воспитательная система школы, но семейное воспитание. Цифровые средства вызывают новые проблемы семейного воспитания детей, но открывают новые возможности для его совершенствования. С этой позиции охарактеризованы новые проблемы семейного воспитания и их новые возможности для родительской педагогики.

**Abstract**In the article, from the point of view the impact of digitalization on all spheres of the modern community life, including the important social institution - the family, the article discusses the problems of family education and some ways to solve them. Digitalization, in the first place, has an impact on the life of family educators - parents and elders, on their consciousness and behavior, educational activities. At the same time, constant interaction with digital sources of information includes children in their circle of influence. In this regard, not only the educational system of the school, but family upbringing face the difficulties of educating the digital generation. Digital tools cause new problems in the family education of children, but open up new opportunities for its improvement. From this position, new problems of family upbringing and their new opportunities for parental pedagogy are characterized.

**Keywords:** family upbringing, digital society, digitization, family pedagogy, digital generation, child upbringing in the family.

ӘОЖ 377.

**Смағұл Х.Ж., Алтынбекова А.Р.**

магистр оқытушы, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр аға оқытушы, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ИДЕЯ**

**Түйін:** Мақалада Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық музыкалық педагогикасының қазіргі кездегі жағдайы қарастырылады. Мақала кіріспе, теориялық талдау, тәжірибелік бөлім, нәтижелер мен талқылау, қорытынды бөлімдерінен тұрады. Кіріспе бөлімде көрсетілген мақаланың мақсаты, яғни Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласын ғылыми қолдай отырып, өз саламыздағы өткен тәжірибе мен қазіргі инновация салыстырылып, талданып, нәтижеде музыка саласын таңдаудағы баланың қабілеті мен талабы, ерте жастан музыка мектебіне қабылдаудың салдары, музыкалық оқу орындарында балаға берілетін артық білім мен тапсырмалар, балалық шақта сахнаға емес өнерді меңгеруге, тәрбиеге дайындау, баланың өнерін асыра бағаламау (алғашқы жарқын қабілеттер үшін асыра мақтамау), күй орындау өнерін меңгеруде нотаны дұрыс қолдану, парактан оқу дағдысы мен шығарманың (күйдің) рухын тануды біртұтастандыру сынды өзекті мәселелер анықталды. Әлемдік мәдениетке көптеген шебер орындаушыларымен танылған Ресей музыкалық педагогикасының озық тәжірибесінің ізімен келе жатқан Қазақстандағы музыкалық білім беру жүйесіндегі мәселелердің кейбірі бойынша практикалық маңызы бар ұсыныстар айтылды.

**Кілттік сөздер:** білім, нота, күй үйрету, ұстаз бен оқытушы, күй рухы, байқау

**Кіріспе.** Білім - рухани жаңғырудың басты алғышарты, өйткені ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді. Тәуелсіз еліміздің болашағы - жастарымыздың интеллектуалды көрсеткіштері. Олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен, рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты [1,213 б ]. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2020 жылы 02 қыркүйектегі парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына жолдаған жолдауында атаған «бәсекеге қабілетті мемлекет, зияткер ұлт қалыптастыратын «терең білім», «еңбек», «кәсіби дағды», «темірдей тәртіп», «жоғары жауапкершілік», «әділдік, адалдық» сияқты қағидаттары осы ойды толықтырып, қуаттай түседі [2]. Біз әлемдік мәдениетке ұмтылып жатқан жас мемлекет болғандықтан Республикадағы білім беру жүйесі қашан да күн тәртібіндегі мәселелердің қатарында тұруы заңды. Жоғарыдағы қағидаттарды жүзеге асыру әрбір оқытушыдан өз саласындағы өткен тәжірибе мен қазіргі жетістікті бір сәт ой елегінен өткізіп, дискурсивтік дәстүрде ойланып отыруды талап етеді. Себебі тұрмыстың майда-шүйдесінен тұратын шеңберден бір сәтке болсын тысқа шығып дұрыс ойлану және әрекет студия нәтижесінде ғана адам бойында рухани жаңғыру процесі жүреді.

**Теориялық талдау.** Белгілі күйші, зерттеуші Т.Әсемқұловтың музыкалық педагогиканы оқу-ағарту жүйесінің ең негізгі ұлт мәдениетінің болашағына тікелей қатысы бар саласына теңеген пікірі орынды. Себебі, өзі айтпақшы ХХІ ғасырдың музыкалық мәдениетін жасаушылар- қазіргі оқушылар. Ал біздің жағдайда, яғни ЖОО да білім алушы (студент еді) болғандықтан жеке сабақ түрінде өткізілетін «Музыкалық аспап» (домбыра) пәнінде де жоғарыда аталған автордың ұлттық музыкалық педагогика туралы ұсыныстарын ескеріп, оқу процесінде жүзеге асыру маңызды деп санаймыз. Ең алдымен домбырада орындау өнерін үйрету саласындағы бағыттарды анықтап алайық. Олар:

- 1 Құйма-құлақ әдісі;
- 2 Сан жүйесімен үйрету;
- 3 Нотамен үйрету;

Домбыра үйрету әдісі жеке пән ретінде 1980 жылы Консерваториямыздың Халық

аспаптар факультеті жеке отау тігуіне байланысты қолға алынып, жұмыс бағдарламасы қабылданса, 2000 және 2003-жылы типтік бағдарлама баспадан жарық көріпті [3, 8-9 бб.].

**Тәжірибелік бөлім.** Ең алдымен байырғы музыкалық түсінік пен қазіргі талғамның арасындағы айырмашылықты анықтайық. Қазақ мәдениетінде Еуропадағыдай салаланып, бөлініп шыққан музыкалық педагогика болмағанымен күй, ән немесе жыр өнеріне баулу - жалпы адам тәрбиесінің бір қыры болып қана саналған. Адам елдің басты қазынасы саналып, рухани тұлғаны, қауымның белсенді мүшесін тәрбиелеп шығару - негізгі мақсат ретінде алдыңғы орынға шығарылғандықтан саз өнеріне баулитын арнайы мектепке сұраныс бола қоймаған. Күйшінің, әншінің, не жыршының өз үйі мектеп саналса, ал оқу мерзімі ұстаз бен шәкірттің жарасу қалпына орай әртүрлі болған. Әдетте баласының күй өнеріне елткенін байқаған әке (халықтық педагогиканың есебіне сай) асықпайды. Адам жас кезінде әр нәрсеге әуес болатындықтан ересектер жағы баланың құмарлығын «ет пен терінің арасындағы желік болуы мүмкін» деп елемегенсіп жүре береді, өйткені баланың алғашқы аусар тілегін орындап, балаңызды мүлдем басқа өмір жолына түсіріп жіберуіңіз ғажап емес. Уақыт оза бала басқа бір өнерді қуып кетуі мүмкін немесе алған бетінен айнымауы да мүмкін. Міне, перзентінің өнерге қыры бар екенін аңдаған әке осы кезде барып күйшіге жүгінеді. Оның өзінде күйшімен екі арадағы әңгіме ақылдасудан аспайды. Әдетте баланы (немесе, Алла жазса - болашақ шәкіртін) сынамақ болған күйші сол шаңыраққа ат басын тіреп, қонақ болады. Күйші бола ма, жоқ па - баланың тағдыры сол күні шешіледі. Себебі, өз ғұмырында талай талқыны көрген, өмірдің үлкен тәжірибесінен өткен күйші, басқа күйшіні (бұл ретте - алдында отырған баланы) жүрегімен таниды. Классикалық музыкалық мәдениетіміздің негізін қалаушы музыканттарымыздың барлығы осындай шығармашылық жолдан өткен.

**Нәтижелер мен талқылау.** Қазіргі кезде музыкалық мәдениетке баулу, аспапта орындауды үйрету, музыкант тәрбиелеу ісімен кәсіби музыкалық білім беру мекемелерінің қызметкері интенсивті айналысады. Олардың еңбегінің нәтижесін отандық, шетелдік сахналарда шебер өнер көрсетіп жүрген музыканттарымыз дәлелдеуде. Енді музыкалық педагогикамыздың кемшілік тұсына сын көзбен қарайық. Музыка мектебіне балалардың өте ерте жастан қатысатыны ойланарлық дүние. Көп жағдайда балалардың музыкаға баруына (оқушының талабы емес) ата-ана себеп болады. Музыка мектебінде балалар оқу бағдарламасын меңгеріп үлгергеніне қарамастан төменгі сыныптардан бастап сахнада орындап, емтихандар тапсырады. Бұл балаларымыздың сахнаға ерте шығуына жол ашқанымен, олардың бір-бірімен жарысуына, ерте бастан бақталастық көзқарас қалыптастыруына үйретеді деп санаймыз. Осындай психологиялық климатты қалыптастыруға себеп болатын тағы бір мәселеге генийлер мен вундеркиндтер туралы аңызды жатқызамыз. Бұл ұзақ дискуссияға татитын тақырып, себебі зерттеушілер генийлікке жауап беретін ген бар десе келесі топ мүлдем теріске шығарады. Бірақ, вундеркинд болуға жауап беретін ген әлі табылған жоқ. Соған қарамастан қоғамдық өмірде, әсіресе музыка саласында (Жас музыканттардың байқауларында ғана емес әлеуметтік желілерде) жас генийлер кездесіп жатады. Бұндай балалармен дұрыс жұмыс жасап, шығармашылық даму жолына салудың орнына орынсыз патетикалық мақтау сөздер көбірек айтылатыны ащы шындық. Мұның соңы не болатыны бізге дейін өмір сүрген генийлердің тағдырынан біле аламыз (шоу-бизнестің қарқынына шыдамай денсаулығына зақым келіп, карьерасын тоқтатқандар болған). Ұстаздарымыз шығармашылық өсу мен рухани дамудың біртұтастығын баланың бойына сіңірген жағдайда ғана шебер музыкант қалыптасады. Бұдан шығатын қорытынды музыкалық білім беру жүйесінде орындаушылық шеберлікке үйрету мен тәрбие беру ісі бір-бірінен ажыратылмауы керек (музыкалық мектептерде басымдық орындаушылық өнерге баулу ісіне берілмеуі керек). Сонда ғана жұлдыз ауруына шалдықпаған, шығарманы рахаттанып орындайтын музыканттарды сахнадан көп кездестіреміз деп ойлаймыз [4].

Күй маманы көтерген келесі мәселе артық ақпарат. Бұл барлық саланы қамтиды деп



айтуға болады. Осы мәселе ескерілгендіктен біздің жоғары оқу орнымызда «Музыкалық аспап» пәнінен оқу бағдарламасында күрделі тапсырмалар енгізілмеген.

Т.Әсемқұлов ұстаз бен оқытушының ара жігін ажыратады. Дәріс беруші - күнделікті күйбең, күйкі тіршіліктің бір бөлігі, сізге, сізде жоқ мәліметті беруші болғандықтан ол білім алушыдан көп біледі, немесе шамалы ғана көп біледі (кейде одан аз білуі де мүмкін). Мәлімет игеру тұрғысынан алғанда дәріс беруші студенттен аз ғана озып тұрғанымен оның тіршілігінде ұқсастықтар көп, сондықтан екеуі де бір дистанцияда тұруы ғажап емес. Ал ұстаз білім алушыдан аз білуі, тіпті оның білгенін білмеуі мүмкін. Бірақ болмысының биіктігімен ұстаз екендігін байқата алады. Ұстаз бен шәкірттің арасында сапалық айырмашылық болады екен. Қысқасы, шәкіртті рухани жетілудің жолына салатын адамды ұстаз деп атаған жөн болады [4]. Мектеп оқушыларына білім берумен айналысатын маман мұғалім деп аталса, өмірлік, кәсіптік мол тәжірибе жинап, айналасына оң ықпал еткен шағында ұстаз деңгейіне көтеріледі [5]. Ал ЖОО да дәріс берушілердің тізіміне көз жүгірткен жағдайда, п.ф.к, доцент, профессор сияқты ғылыми атақты білдіретін жалғауларды көптеп кездестіресіз. Жоғарыдағыдай, университетте дәріс беретін маманды, яғни оқытушыны да ғылыми жетістіктеріне қарамастан, студент немесе білім алушы алдындағы сый-құрметіне қарай ұстаз деп атаған жөн сияқты.

Шәкірттің күй орындауға үйренуінде нота жазуын пайдаланудың дұрыс жолы да айтылыпты. Күй үйренуші ноталық мәтінді меңгерместен бұрын күйдің өзін көп рет тыңдауы керек. Содан соң күйді үйрену барысында нотаны көмекші құрал ретінде пайдалануы керек. Олай жасалмаса нота жазуы математикалық формула болып қана қалады. Күйдің рухы тірі орындаушыны (шын шеберді) тыңдағанда ғана танылады. Күйдің рухын танығаннан кейін техниканы меңгеру қиын емес» - депті Т.Әсемқұлов [4]. Көптеген музыканттар музыкалық колледжде шығарманы парақтан оқу (читка с листа) дағдысын меңгереді.

**Қорытынды.** Әрбір баланың өз ерекшелігіне байланысты бойында тұнып жатқан дарынын ашып, талантын дамыта білу ұстаздың қасиетті парызы [6]. Ілгеріде айтылып кеткендей, Отандық музыкалық педагогика бойынша тәрбиеленіп шыққан музыканттар ұстаздарының төккен терін, еселі еңбегін ақтап, облыстық және республикалық, тіпті халықаралық байқаулардың жеңімпаздары атанып келуде.

Мақаламыз Рухани жаңғыру бағдарламасын ғылыми қолдау мақсатында жазылып отырғандықтан еліміздегі музыкалық білім беру жүйесінің, ұлттық педагогиканың кемшіліктерін анықтап, ұсыныс айтуға арналған күйші, зерттеуші Т.Әсемқұловтың «Күй өнерінің болашағы» тақырыбында жазылған мақаласындағы негізгі, құнды ойларға үн қосуды және оқу процесінде қолдануды жөн санадық. Жоғарыдағы бөлімдерде музыка саласын таңдаудағы баланың қабілеті мен талабы, ерте жастан музыка мектебіне қатыстырмау, музыкалық оқу орындарында балаға артық білім мен тапсырмалар бермеу, балалық шақта сахнаға емес өнерді меңгеруге, тәрбиеленуге дайындау, баланың өнерін асыра бағаламау, күй орындау өнерін меңгеруде нотаны дұрыс қолдану, парақтан оқу дағдысы мен шығарманың (күйдің) рухын тануды біртұтастандыру сияқты өте өзекті мәселелер жайлы құнды идеялар айтылыпты. Мақаламызды осы жазушының ой салар сөзімен аяқтағымыз келеді. Руханият интеллекттен озық тұруы керек!

### Әдебиеттер тізімі:

1 Туркеева С.М., Құрбанова Қ.Е. Рухани жаңғыру – табысты ел болуымыздың кепілі. Төртінші өнеркәсіптік революциясын іске асыруда Қазақстан жастарының үлесі атты Жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша 21-ші Республикалық студенттік ғылыми конференциясының еңбектері Шымкент: М.Әуезов ат. ОҚМУ, 2018 ж., 6 Т. 359 б.

2 Tengrinews.kz Жолдау 2020: Тоқаев берген ең маңызды тапсырмалар. 01.09.2020

3 Сахарбаева К.С. Домбыра үйрету әдістері: әдістемелік оқу құралы. Екінші

басылым. Алматы: Издат Маркет, 2016. 165+нот

4 [http://otuken.kz/Наурызбаева З. Күй өнерінің болашағы20.07.2014](http://otuken.kz/Наурызбаева_З._Күй_өнерінің_болашағы20.07.2014).

5 Аккісі С. Ұстаз бен мұғалімнің айырмасы қандай?/ Қармақшы таңы/№ 82 10.10.2018.

6 Сарбалаев.Е Мұғалім – қоғамның рухани негізі/ АНА ТІЛІ/ №27 12.08.2012

**Аннотация:** В данной статье рассматривается современное состояние казахской национальной музыкальной педагогики в системе образования Республики Казахстан. Статья состоит из вводной части, теоретического анализа, практической части, выводов и обсуждений, заключительной части. В вводной части статьи определена цель, то есть выявлены были актуальные проблемы, такие как унификация навыков чтения с листа и распознавания духа произведения (кюя), сопоставление, анализ прошлого опыта и современных инноваций в данной сфере, а также способности и требования к ребенку по выбору музыкальной сферы, последствия раннего поступления в музыкальную школу, избыточные знания и задачи, передаваемые ребенку в музыкальных учебных заведениях, подготовка детей не к сцене, а к изучению искусства и воспитанию, недооценка искусства ребенка (не переоценивание за первые яркие способности), правильное использование нот в овладении искусством исполнения кюя, анализируется и сопоставляются прошедшие практики и современные инновации, научное сопровождение программной статьи Главы государства Н. А. Назарбаева «Рухани жаңғыру». Изложены предложения практического значения по некоторым проблемам системы музыкального образования в Казахстане, идущим по стопам передового опыта российской музыкальной педагогики, признанной мировой культурой многими мастерами-исполнителями.

**Ключевые слова:** знание, нота, обучение кюю, учитель и преподаватель, дух кюя, наблюдение.

**Abstract:** This article examines the current state of the Kazakh national musical pedagogy in the education system of the Republic of Kazakhstan. The article consists of an introductory part, a theoretical analysis, a practical part, conclusions and discussions, and a final part. In the introductory part of the article, the goal is defined, that is, actual problems were identified, such as the unification of reading skills from a sheet and recognizing the spirit of a work (kui), comparison, analysis of past experience and modern innovations in this field, as well as the child's abilities and requirements for choosing a musical field, the consequences of early admission to music school, excessive knowledge and tasks transmitted to a child in music schools, preparing children not for the stage, but for learning art and education, underestimating the child's art (not overestimating for the first bright abilities), the correct use of notes in mastering the art of performing kuya, analyzes and compares past practices and modern innovations, scientific support of the program article of the Head of state N.A. Nazarbayev «Rukhanizhangyru» («Modernization of public consciousness»). Practical recommendations were made on some of the problems of the music education system in Kazakhstan, which follow the best practices of Russian music pedagogy, recognized by many talented performers in the world culture.

**Keywords:** knowledge, note, kyu training, teacher and teacher, kui spirit, observation.

ОӘЖ: 378:619

**Алметов Н.Ш., Изетхан Қ.М.**

педагогика ғ.д., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **БОЛАШАҚ МАЛ ДӘРІГЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ ТӘРБИЕСІ: «ЖОО – ЖҰМЫС БЕРУШІ» СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Түйін:** Мақалада болашақ мал дәрігерлерін дайындауда студенттерге кәсіби тәрбие берудің мәні мен маңызы қарастырылып, оны жүзеге асырудағы «Жоғары оқу орны – жұмыс беруші» серіктестігінің педагогикалық әлеуеті айқындалған. Кафедралардың жұмыс берушілер мен серіктестігі болашақ ауыл шаруашылығы мамандарын дайындауда кәсіби құндылықтарға бағыт-бағдар алған білім беру мазмұнын құрастыруға оң әсерін тигізеді, еңбек нарығындағы бәсекелестік ортада табысты кәсіби қызметке даяр маман тұлғасын сипаттайтын кәсіби-тұлғалық қасиеттерді анықтауға мүмкіндік ашады. «Жоғары оқу орны – жұмыс беруші» серіктестігі білім беру қызметтері тұтынушылары болған жұмыс берушілердің сұраныстарына қарай оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға жағдай жасайды. Жұмыс берушілердің қатысуымен жоғары оқу орнында және тікелей өндіріс орындарында студенттерге кәсіби тәрбие беру жүзеге асырылады. Осы тұрғыдан, мақалада болашақ мал дәрігерлеріне кәсіби тәрбие берудің өзекті бағыттары анықталып, осы бағыттарда тәрбиелік іс-әрекетке жұмыс берушілерді тартудың тиімді формалары, әдістері айқындалған. Мұнда ауыл шаруашылығының басшы және менеджер мамандарының пікірлерін білу бойынша өткізілген сауалнамалар нәтижелері пайдаланылған. Болашақ мал дәрігерлеріне кәсіби тәрбие беруде жұмыс берушілердің серіктестік қатысуын белсендірудің шарттары мінезделген.

**Кілт сөздер:** болашақ мал дәрігерлері, кәсіби тәрбие, «ЖОО - жұмыс беруші» серіктестік жүйесі, ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау, болашақ мал дәрігерлерін дайындау, жұмыс берушілер, кәсіби тәрбие бағыттары.

**Кіріспе.** Жоғары кәсіби білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігінің артуы, өндіріс пен әлеуметтік салалардағы ұдайы өзгерістерге орай шапшаң түрде әрекет жасаудың қажеттілігі, білім беру бағдарламаларын үнемі жаңғыртудың, икемділігін қамтамасыз етудің өзектілігі, еңбек нарығындағы сұраныстарды қалыптастырудағы «негізгі ойыншылардың» рөлін күшеюі «ЖОО - жұмыс берушілер» серіктестігін нығайту мәселесін алдыңғы қатарға қояды.

«Кәсіби стандарттар мен тәжірибелік бағдарланған білім беру бағдарламаларын әзірлеуде жоғары оқу орындарымен жұмыс берушілер бірлестіктерінің әлеуметтік серіктестігін дамыту жоғары мектепті жаңғыртудың негізгі векторы болуы тиіс... Бір мамандық бойынша қитын әртүрлі жоғары оқу орындарының студенттері түрлі базалық және бейіндік пәндерді және модулдерді оқып-үйренеді. Оның нәтижесінде бітірушілер әртүрлі білімдер мен кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген болуы мүмкін. МЖМБС–да әр мамандық бойынша кәсіби құзыреттіліктер кәсіби стандарттар негізінде жұмыс берушілердің талаптары және қоғамның әлеуметтік тапсырысы негізінде әзірленетіндігі атап көрсетілген»[1].

**Теориялық талдау.** Бүгінгі таңда ЖОО даярлайтын мамандарға деген қажеттілік жоғары білім беру ұйымының алдағы мақсаттарын, бүкіл өмірлік қызметін, даму стратегиясын анықтайды. Енді ЖОО қызметінің тиімділігінің өлшемшарты оның қанша маман даярлағандығы, немесе бітірушілердің біліктілігі мен ғана айқындалмайды. Еңбек нарығы өзінің талаптарын қояды. Білім саласындағы саясат да ЖОО қызметінің тиімділігін жаңаша индикаторларын талап етеді. Бітірушілердің кәсіби құзыреттіліктері, олардың жұмысқа орналасуы көрсеткіштері, яғни нарықта нақты мамандықтар бойынша мамандарға деген сұраныс көп мәселелерді шешеді.

Соңғы жылдары отандық жоғары кәсіби білім беру тәжірибесінде жұмыс

берушілермен серіктестік қатынастарына ерекше назар аударылуда. Жоғары оқу орындарының жұмыс берушілермен серіктестігінің бір неше бағыттары кеңінен іске асырылуда, мысалы:

- мамандықтардың білім беру бағдарламаларын әзірлеу, яғни жоғары кәсіби білім беру мазмұнын жобалау және құрастырудағы жұмыс берушілердің белсенді қатысуы;
- мамандықтарға, мамандарға деген қажеттіліктің сандық және сапалық көрсеткіштерін анықтауда жұмыс берушілердің пікірін зерделеу;
- жоғары оқу орнының оқу үдерісіне білікті тәжірибешіл мамандарды тарту (практикалық, лабораториялық сабақтар жүргізу, кеңестер өткізу т.б.);
- жұмыс орындарында, әсіресе озық ұйымдарда жоғары оқу орныдары студенттерінің кәсіби іс-тәжірибеден өтуіне жұмыс берушілердің мүдделілігі мен қызығушылығының артуы;
- дуальды оқыту;
- білім алушыларды мемлекеттік аттестаттауда жұмыс берушілердің қатысуы (МАК төрағалары тәжірибешіл мамандар, жұмыс орындарының басшыларынан тұрады);
- жұмыс берушілер тарапынан студенттер мен бітіруші мамандарды жұмысқа шақыру, олардың еңбек ұйымдарында тұрақты жұмыс істеулеріне, кәсіби өмірдің бейімделу кезеңінен сатты өтуіне қолғабыс көрсетілуі;
- жаңа, перспективті мамандықтарды ашуды жұмыс берушілердің кеңестік және сараптамалық қолдауы;

Дер кезінде, жұмыс берушілердің жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды дайындаудағы белсенділігі тек жоғары кәсіби білім беру, яғни оқу үдерісі шеңбері мен шектелмейді. Соңғы жылдары кәсіби салада тұлғалық фактордың күшеюі байқалуда. Мұны ғылыми зерттеулер де, тәжірибелік байқауларда толық дәлелдейді. Яғни, тәжірибе жұмыс берушілердің бітіруші маманды жұмысқа қабылдауда кәсіби біліктілігі мен қатар, оның жеке кәсіби тұлғалық бейнесіне, қасиеттеріне ерекше басымдық беруін көрсетеді. Жұмыс берушілер маманның біліктілігінен гөрі оның құнды іскерлік қасиеттеріне – жауапкершілігі, қарым-қатынас мәдениеті, адалдығы, өзгерістерге бейімділігі, эмоционалды тұрақтылығына көбірек назар аударатындығын дәлелдейді.

Сондықтан, жұмыс берушілердің сұраныстары кәсіби біліктілік пен қатар бітіруші маманның кәсіби-тұлғалық сапаларына бағдар алатындығына жоғары оқу орны ерекше назар аударуы керек. Осы тұрғыдан болашақ мамандарды дайындаудың тәрбиелік аспектісінің маңызы мен өзектілігі ерекше. Біздің зерттеу жұмысымыз ауыл шаруашылығы факультеттерінде болашақ мал дәрігерлерін даярлаудың тәрбиелік аспектілеріне арналған және осы мәселені шешуде жұмыс берушілер мен серіктестік қатынастардың жаңа мүмкіндіктерін ашуды болжайды.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «кәсіби тәрбие» ұғымының әртүрлі анықтамалары бар. Л.К.Иванованың пайымдауынша, «кәсіби оқыту мен тәрбиелеу кең педагогикалық мағынада түсінілетін кәсіби тәрбие үдеріс болып табылады. Тар мағынадағы кәсіби оқыту мен тәрбиелеу үдерісі тұтас кәсіби білім беру үдерісінің жүйе құрушылары болып табылады. Кәсіби оқыту акінде логикалық, когнитивтік құрамдас, ал кәсіби тәрбиеде – құндылық-бағдарлық, қатынастық, мотивациялық, эмоционалдық, мінездік құрамдастар басымдық етеді» [2].

Автор «кәсіби оқыту мен тәрбиелеу өзара байланысты, өзара шартталатындығына, олар органикалық бірлікте жүзеге асатындығына» назар аударады. «Оқытусыз тәрбиені жүзеге асыру мүмкін емес», - деген пікірді айтады. Дегенмен «кәсіби тәрбиенің мазмұны мамандықты тәжірибелік меңгеру міндеттерімен шектелмейді. Белгілі кәсіби біліктілікті алған маман кәсіпқой маман қарай даму жолын, оның кәсіби қалыптасуы тек дағдылар мен икемділіктерді емес, рухани сапалар мен бағдарларды қалыптастыруды қамтиған жағдайда ғана өтуі мүмкін» [2].

«Жоғары оқу орнындағы кәсіби тәрбие үдерісі рнаулы ұйымдастырылған,

бақылататын үдеріс. Оның барысында маманның кәсіби қалыптасуы, оның тұлғасының кәсіби құрылымының дамуы, кешегі оқушынан өзіндік кәсіби еңбек субъектісіне қарай біртіндеп өтуі жүзеге асады», - жазады Л.К.Иванова [2].

Е.В.Манченко «кәсіби тәрбиені руханиятты қалыптастыратын, яғни әсемділікке, ізгілікке, әлемді тұтас пайымдауға, әлемдік және ұлттық мәдени құндылықтарды меңгеруге, сондай-ақ кәсіби шеберлікті – терең кәсіби білімдерді, икемділіктерді, қалыптасқан педагогикалық мәдениетті, өзін-өзі жетілдіруге қажеттілікті меңгеруді кірістіретін көп өлшемді және көп жоспарлы үдеріс ретінде» сипаттайды. «Кәсіби тәрбие адамның тұлғалық сапалары маманның кәсіби маңызды қасиеттерімен байланысқан жағдайда өзінің апогеясына жетеді», - жазады автор [3].

В.И.Беловтың пікірінше, «кәсіби тәрбие тұлғаға, оның шеберлігі мен адамгершілік келбетіне, қызығушылықтарына ықпал ететін күрделі үдеріс. Ол ақыл-ой тәрбиесіне мүмкіндік береді, оқыту, тәрбиелеу және еңбекке дайындалуыдың элементтерінің барлық жиынтығын қамтиды». Автордың кәсіби тәрбие үдерісі қазіргі заманғы тәрбие тұжырымдамалаырна негізделуі қажеттілігі, бұл тұжырымдамалардың мына ерекшеліктері туралы ойлары негізге алу мүмкін:

- тәрбие нысаны саласында – көбірек оқушылар мен студенттер;
- тәрбие ұғымыны анықтау саласында – тұлғаны әлеуметтендіру бағытында шығармашылық қабілеттерді дамытудың басымдығы;
- тәрбиенің мақсаттары саласында – жан-жақты дамиған тұлғаны қалыптастыру;
- тәрбие тетігін таңдау саласында – тәрбиені ізгілендіру;
- теориялық негіздер саласында – ізгілік және адамгершілік идеялары [4].

Сол жарасар туғанға [2,15]», – деген жолдарға мән беріп қарасак, қайрат пен ақыл бәрімізде болғанымен, толық адам болуымыз үшін ол жеткіліксіз екендігін байқаймыз. Себебі, ақыл жамандықтың да, жақсылықтың да бастаушысы бола алады. Жүрегіңді тыңдап, ар-ұят пен әділетке бас қоймасаң, бір-ақ сәтте үйренген өнер-білім, ғылымың қиянаттың қызметшісі болып кетуі мүмкін. Сондықтан да әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген екен. Яғни, ата-бабамыздан бізге жеткен дәстүр мен кие, қасиетті құндылықтарға бас имесек, «обал болады, ұят болады, жаман болады» деген қарапайым тәрбие бастауынан сусындамасак, суық ақылмен қауіпті адамға айналып кетуіміз әп-сәтте.

Абайдағы толық адам танымының төркініне үңілсек, түп-тамыры сопылық әдебиетке жалғанатынын оңай байқауға болады. Шығыс шайырлары мен сопылық сарындағы ақындардың шығармаларына арқау болған, түрлі талқыға түскен толық адам және пенделіктің кәмалаттығы жөніндегі ойларды өзіндік ой елегінен өткізіп, өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін қорытып, өзіндік етіп алады деген М.Әуезов пікірінің шындығына көз жеткіземіз. Сопылық танымдағы толық адам ілімі XIII-XIV ғасырларда жан-жақты дамып, шығыс шайырлары мен ғалымдарының шығармаларында сопылықтың адамгершілік мұраты өркен жайса, кейінірек бұл үрдіс еуропалық ғалымдар арасында да жалғасып, түрлі пікір білдіріп жатқандар болды. Ал, Абай өзінің 38-қара сөзінде Алланы тану жөнінде пікірін келтіре отырып, Жаратушының бойындағы сегіз сипатқа (хаят, ғылым, құдырет, көру, есіту, тілек, сөз, болдыру) қосымша нақылия, ғақылия дәлелдерге сүйене отырып, әділет пен рақымды қосып, он сипатқа толтырады. Бастапқы сегіз сипаттың ішінен ғылым мен құдыреттің символы ретінде ақылды ерекше бөліп алып,

өзі ұсынған екі сипатпен біріктіріп, үш сипатқа жіктеп шығады: ақыл, әділет, рақым. Тек осы үш сипатты бойына сіңірген адамды ғана Абай танымында толық адам деп қабылдауға болады. Осы үш сипаттың бірі – рақымды ерекше саралап жүректің баламасы ретінде ұсынады [4,86].

**Нәтижелер мен талқылау.** Абайдың он жетінші қарасөзінде дәл осы ойлар жалғасады. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі айтысып-айтысып, ғылымға жүгінеді. Қарап тұрсаң үшеуінің де айтқаны жөн, уәждері орынды. Алайда, ғылымның шешімі барлық дауға нүкте қояды.

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің басын қосу менің міндетім деп санаған ғылым, бәрінің әміршісі, билеушісі – жүрек болғанын қалайды. Ақылдың қыры көп болғанымен жүрек оның бәрін құптай бермейді. Жақсылыққа жаны құмар, жамандыққа жаны қас ар-ұяттың мекені нәзік жүрек адамды әрдайым игі іс пен орайлы әрекетке жетелейді. Адамзатқа зиянын тигізіп, кісіге қылдай қиянат жасаудан әманда сақтап отырады. Сондықтан да ғылым бұл үшеуінің тартысын жүректің пайдасына шешіп беріп, ақырында ар-ұятқа жүгіндіреді.

Осы жолдарда Абай әрдайым ақылына сен, қайратынды жаны, бірақ оларды жүрегіңе билет депті. Кез келген жағдайдан жол табар тапқырлық осы қасиеттерге жасырылған, әділет пен аяушылық сезімдері бойынан айқын көрініп тұрған адамның бар жерде беделі артып, мерейі де үстем болады. Неге жүректі билеткен десек, жүрек – ар-ұяттың мекені екені анық. Қазақтағы «ардан аттамаған, ардың ісі, арлы адам» деген тіркестер ұятын тыңдаған, ұяттың жетегінде жүрген адамның құрметін арттырып тұр. Жүрегің кең болса, мейірімге толы болса, бүкіл әлемге шуақ шаша аласың. Сондықтан да рақымшылық пен мейірбандық, барлық адамзатты бауырындай көретін ақжүректік ақын мұрасындағы нұрлы ақыл ұғымын айшықтап тұрғандай.

Абайдың «толық адам» іліміндегі адамның үш сипаты – ақыл, әділет, рақым болса, осы жолдарда жүрегіне рақым мен әділет ұялаған жан ізгілікті жанның көрінісіндей сипатталады. Әрдайым ақылына сен, қайратынды жаны, кез келген ситуациядан жол табар тапқырлық осы қасиеттерге жасырылған дейді. Әділет пен аяушылық сезімдері бойынан айқын көрініп тұрған адамның бар жерде бәсі артып, мерейі де үстем болып тұрады. Сондай-ақ, осы жерде 17-қарасөзде айтылған ақыл мен қайраттың жақсылыққа да, жамандыққа да құмбыл болатын айнымалы құбылыс екенін, оларды тізгіндеп, әділ шешімін беріп, шындықты ту ететін жүректің әмірін үстем ететін Абай танымы сан ғасырлық қазақы таныммен астасқан рухани ілімнің бастауындай дей келіп: «Абайда жүрек культінің басым жатуы оның ой-танымының болмысында жатыр деп ұғынамыз» [4,131], – деген абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының пікірімен толықтыра кетуге болады. Бұл жолдардағы ой төркіні ақын үлгі еткен нұрлы ақыл иесі толық адам әрекетінің ізгілікті көрінісін насихаттау болмақ. Бойындағы ақыл мен қайратына ғана сенген адам толық адам болып саналмайды, адамшылығы толымсыз жарым адам десек те болады. Ол екеуіне жүректі тыңдатып, әділетпен дос болса ғана ақын ойындағы толық адам дәрежесіне жетеді. Өлеңде былай дейді:

«Бастапқы екеу соңғысыз

Біте қалса қазаққа.

Алдың –жалын, артың – мұз.

Барар едің қай жаққа?[2,15]»

Бұл жерде «бастапқы екеу» деп ақыл мен қайратты, «соңғы» деп әділет, шапқатты айтып тұр. «Шапқат» сөзін рақымшылық, аяу сезімі деп түсіндірген екен, бұл сезімдердің тұрағы жүрек екенін ескерсек, барлығын тағы да сол жүрекке бағындырып тұр. Бірақ мұнда қасына әділетті де қосып береді. Яғни, адам баласы әділет пен рақым сезімдерін жүрегіне жиып, ақыл мен қайратымен іс қылса, кемелдікке жетіп, қазіргі сөзбен айтқанда интеллектуалды ұлт құраушы тұлғаға айналады. Қайратты кісі дәулет жинауға ықыласты болса, ақыл жан мен рухтың тамағы – білім көздері мен рухани қазынаға ден қояды. Абай

қолданған «шапқат» сөзін мейірімділік пен рахымдылықтың, сезімнің бейнесіндей сипаттап келіп, М.Мырзахметұлы: «Әділет – Абай танымында барлық ізгілік атаулының анасы болмақ»[4,180], – деп түйіндейді. Яғни, абайтанушы ғалымның ойынша, бойына ақыл, қайрат қана біткен адам әділет пен рақымды сіңірмесе, Абай танымында адамшылығы толымсыз жарым адам саналады. Абай армандаған толық адам дәрежесіне жету үшін ақыл мен қайратқа үстемдік ету жеткіліксіз, сонымен бірге әділет пен рақымды бойына ұялатса ғана барлық ізгі қасиеттері үйлесім тапқан кемел кейіпке ене алады.

«Пайданы көрсен бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мініңді ұрлап жасырып,

Майданға түспей, бәйгі алма [2,15]», – деген жолдары дәл қазіргі кезде қазақ қоғамындағы бітеу жарадай күлбілтеленіп, жазыла алмай тұрған дертіне арналғандай. Яғни, бас пайда мен өтірік мақтанға семіріп, артық әрекетке аяқ басып, кейін басына қайғы бұлтын үйретін әрекетке жолама дейді. Өз мініңді жасырып, көзбояушылық пен жағымпаздықтың арқасында талас-тартыссыз, анық бәсекесіз, жан қиналмай келген оңай олжаға қызықпа дегені.

«Өзінде бармен көзге ұрып,  
Артылам деме өзгеден.  
Күндестігін қоздырып,  
Азапқа қалма езбеден [2,15]».

Яғни, бойындағы болмашы артықшылығыңды өзгенің көзін қыздырып, күндестігін арттыру үшін, қызғанышы мен көреалмаушылығын туғызу үшін қолданушы болма дейді. Лажы болса, «топырақ сипатыңды» жоғалтпа дейді.

Яссауи хикметтеріндегі «Топырақ бол, ғалам сені таптап өтсін» [5], – деген даналық адамды кішіпейілділікке, мейірімділікке, қарапайымдылыққа үндейді. Абай шығармаларының Яссауи ілімімен үндестігін осындай мысалдардан оңай байқауға болады. Барыңмен мақтанбай, даналар сияқты «әр нәрсені білген сайын түк білмейтініңді түсініп», білімнің шектеулі екендігін мойында, Сократша айтқанда, «Мен түк білмейтінімді ғана білемін!» деген ұстанымнан тайма дейді.

«Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстадтық (*үйретуші, ұста, профессор*) қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға [2,15]», – деп қорытындылайды.

**Қорытындылар.** Жалпы, жас ұрпаққа үлгі етерлік кемелдіктің белгісін, толық адамның бейнесін Абай осылайша сипаттайды. Біреуге жасаған жақсылығыңды міндет етпей, ешқашан асылық жасамай, білгеніңмен бөліс, қоғамға, елге пайдалы тұлға бол деп насихаттайды.

Өткен ғасырда Абай қашап шығарған «толық адамы» бейнесі әр адамның бойынан табылса, Президент айтқан бүгінгі «интеллектуалды ұлт» қалыптастырудың алғышарты солар болмақ. Әрбіріміз бойымыздағы ақыл мен қайратты әділет пен рақымға жүгіндіре білсек, қай сәтте де жол тауып, адамзаттың бәрін сүйетін өркениетті тұлғаға айналамыз. Еліміздің дамуына, ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруға ықпал етеміз. Кітап – ақыл қайрағы. Абай шығармаларынан түйіндеген осындай ой-тұжырымдарымызды амалымызға асырсақ, ділімізге сіңіріп, әрекетімізге айналдырсақ ұлтымыздың нағыз жаңғыруы, тарихи тізбекке жалғануы да сол болмақ. Абай даналығы әр сәт тұнығына үңілген сайын жаңа жауһарларын, соны таным, тың түсінік ұсына береді. Сондықтан оның тереңіне бойлап, ой маржандарын тере білу, ондағы рухани қазына бойына сіңіре білу – әр адамның рухани қуатын арттырып, намысын жанып, тұлғасын биіктете түседі.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы

Қазақстан» атты мақаласы. // ҚР Президентінің ресми сайты. Нұр-Сұлтан, 9 қаңтар, 2020 ж.

2 Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. Алматы: Атамұра, 2014. 288 б.

3 Логотерапия немесе өмірге құштарлық. Отбасы хрестоматиясы. / Құраст.: С.Керімбай, Ә.Нәби, М.Төлеген, С.Тайғарин. Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2016. 472 бет.

4 Мырзахметұлы М. Абайдың «Толық адам» ілімі Алматы: «Қазығұрт», 2020. 240 б.

5 Диуани хикмет. (Қазақ тіліне транскрипциялаған және жауапты редакторы: Д.Т.Кенжетай. Тәржімалаған Ә.Бөкебаева) Алматы: «Нұрлы Әлем», 2010. 296 б.

**Аннотация:** В данной статье национальное познание в наследиях Абая, глубокие философские мысли описываются как отражение внутреннего состояния человека. Анализируя стихотворение «Әсемпаз болма әрнеге», в котором рассказывается о роли человеческого разума, силы, сердца, справедливости, сострадания и влияния на формирование человеческой природы. Подсознательные мысли и ключевые идеи, скрытые под простым стихотворением, анализируются в сравнении с другими произведениями Абая – слова назиданиями. Роль мудрости Абая в воспитании будущего поколения можно понять во многих положительных мыслях из его произведения, которые учили нежно относиться к добру и избегать зла. В современном быстро развивающемся мире науки, образования, технологий и электроники, если не прислушаемся к своим добрым сердцам и не сделаем правильный выбор в любое время наши умение и навыки могут быть обречены на катастрофу. Если человек следует не только за разумом, а прислушивается к голосу сердца, он станет настоящим духовным человеком.

**Abstract:** In this article, national knowledge in the heritage of Abai, deep philosophical thoughts are described as a reflection of the inner state of a person. Analyzing the poem «Әсемпазболмаәрнеге», which tells about the role of human mind, strength, heart, justice, compassion and influence on the formation of human nature. Subconscious thoughts and key ideas hidden under a simple poem are analyzed in comparison with other works of Abai - words of edification. The role of Abai's wisdom in the upbringing of the future generation can be understood in many positive thoughts from his work, which taught him to be gentle with good and avoid evil. In today's rapidly developing world of science, education, technology and electronics, if we do not listen to our good hearts and make the right choice at any time, our skills and abilities can be doomed to disaster. If a person follows not only the mind, but listens to the voice of the heart, he will become a real spiritual person.

ӘОЖ 821.512

**Аманбекқызы Ж., Сихимбаева С.М., Умирзахова Г.А.**  
магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
биология ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЖҮРЕК КУЛЬТІ**

**Түйін:** Бұл мақалада Абай шығармаларында көрініс тапқан жүрек сөзінің семантикалық, психо-физиологиялық мағыналары, дүниетанымдық мәні талданады. Ұлы ақынның бүкіл еңбектерінде орын тапқан, бірін-бірі толықтырған жүйелі ойларына арқау болған бұл сөздің символдық мәні ашықталады. Тұтас желі құрайтын өрелі ойларынан адамның жүрек көзін ашуы, бойына құндылық дарытып, хикмет өрнегін шашуы туралы айтылады. Адам бойында көрініс табатын «іштегі кірден» тазарып, толық адам болудың кілті ұсынылады. Абай мұрасын зерттеудегі соны ізденіс, тың бетбұрысқа бет алған қазіргі абайтану ғылымының жай-күйіне шолу жасалады. Тәуелсіз елдің жаңа болмысын, интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы Абай ілімінің алар орнын, ұрпақ тәрбиесіне тигізер әсеріне жан-жақты тоқталады. Адами дамудағы рухани болмыстың өзін танып, өзін шыңдауы, өз ішіне үңіле білуі – сана жаңаруының бастауы ретінде сипатталады.

**Кілт сөздер:** қазақ әдебиеті, рухани жаңғыру, абайтану, дүниетаным, ғылым, ұлттық сана, рухани болмыс, интеллектуалды ұлт, символ, үдеріс.

**Кіріспе.** Абай мұрасы – қазақ әдебиетіне тың екпін, жаңа сапа, нәтижелі ізденіс алып келген соны соқпақ еді. Сондықтан да жылжып өткен жылдар да, толқындай сырғыған ғасырлар да «қазақтың бас ақыны», терең ой мен даналықтың кені ұлы Абайдың бізге қалдырған қазынасын ескірте алмады. Қайта уақыт өткен сайын құны арта беретін саф алтындай жаңа заманда жаңа таныммен оқып-білуді, сырына үңіліп, мәнін ашуды ұрпағынан талап етеді. Әдебиет тарихында Абайды ескіліктің қалдығын жырлаған байшыл, феодал таптың немесе ұлт буржуазиясының өкілі деп те бағалаған кездер болды. Заман талабы мен кеңестік билік жүйесі Абайды терең тануға, оның даналық ой маржандарын терген терең философиясының сырын ашуға, мүмкіндік бермеді. Адамның рухани болмысын жырлаған, ішкі күйлері мен экзистенциялық өзгерістеріне бағытталған ақынның терең шығармалары кеңес заманында таным тұрғысынан өз дәрежесінде зертеп талданбады десек, артық айтқандық емес. Тек абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлының еңбектерінен ғана бұл мәселенің оң жауабын таба аламыз. Абай туралы қазақ баласының кеудесінде жинақталған сансыз сұрақтың жауабын да дәл осы ғалым ағамыздың ғылыми ізденістерінен кездестіреміз.

Мекемтас Мырзахметұлы абайтану ғылымының қалыптасу мен дамуын кезең-кезеңге бөліп, Абай мұрасын барынша жан-жақты, терең танытуға, толық зерттелуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатыр. Абай танымын тәуелсіз ұлт танымымен қазіргі заманға сай соны көзқараспен саралап таныту, ұрпағына түсінікті тілде тәпсірлеп беру – нағыз ғалымның ғана қолынан келеді. Ғалымның жүйелі зерттеулерінен көп нәрсенің мәнін түсініп, бұрын айтылмаған, халқына жеткізілмеген нәбір тың мәліметпен танысып, ақын бейнесін одан бетер жаныңызға жақындата түсесіз. Қарап отырсақ, Абай атамыз әрбірімізге үн қатып, жол көрсетіп, бағыт сілтеп тұрғандай.

**Теориялық талдау.** Қазақ ұлтының жаңа болмысын қалыптастыратын соңғы кездері жиі айтыла бастаған интеллектуалды ұлт идеясын Абайдың «толық адам» ілімінен таба аламыз деп ел Президенті Қ.К.Тоқаев ерекше атап айтты [1]. Өз ұлтын өнер игеруге шақырған ақынның қамқорлығы мен жанашырлығын жоғары бағалап, заман талабына сай халқына ертерек үндеу жасаған көрегендігіне баса назар аударған. Сондай-ақ, дәл қазіргі уақытта айтылып жүрген «интеллектуалды ұлт» қалыптасуы туралы ой тізбегін де Абай мұрасынан кездестіре аламыз дей келіп, ұлы ақынның әр сөзі уақыт кеңістігіне бағынбай

ұлттың санасына сілкініс жасап, көңіл көзін ашуға бағытталған рухани қуат көзі екеніне тоқталып өткен.

Ел басшысының ақын мұрасына деген ерекше көзқарасы, жоғары бағасы Абайды тануға бағытталған тұтас мемлекетіміздің бүгінгі қадамындай көрінеді. Еліміздің білім сапасын дамытудағы ендігі меже – рухани құндылықтарды бойына сіңірген халқымыздың жаңа болмысын қалыптастырып, ұлт сапасын арттыру болса, бұл жолда Абай тағылымы кереметтей үлгі бола алады. Себебі ол – ұлы ойшыл, ғұлама, ақын, ағартушы, аудармашы, композитор, ел тарихында орны бөлек, ұлтымыздың жаңаша әдебиетінің негізін салған дара тұлға. Абай шығармаларынан қазақ халқының ұлттық болмысы, тұрмыс-тіршілігі, қазақы дүниетаным мен мінезі, ұлттық рухы, тілі мен ділі еркін көрініп, «Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланады» [1] дейді. Иә, бүкіл болмысымен біртұтас құбылысқа айналып кеткен Абай тағлымы жас ұрпақты тәрбиелеуде, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын тарихи тізбекке жалғауда таптырмас темірқазық бола алады.

**Тәжірибелік бөлім.** Заманалар толқынында тербетіліп, ұрпағына жол көрсетер шамшырағына айналған ұлттық рухтың кені, сананы жаңғыртудың бірден-бір кепілі, теңдессіз қазына – қайталанбас тұлға Абай мұрасы. Ұлттық құндылықпен суарылып, терең ой, өткір тіл, асыл сөзбен көмкерілген Абай шығармасы қаншама уақыт өтсе де, өз маңызын жоғалтпайды, мәнін жоймайды. Ел қамын жейтін ұландарды тәрбиелеуде, ұлттық кодты оятуда, намысыңды қамшылап, ақылыңды жануда ең басты тәлімгерің боп тұра береді.

Профессор Мекемтас Мырзахметұлы Абай қалдырған «Толық адам» ілімін «рухани монолитті қазаққа айнарудың жолына қызмет еттіру» – барлық көзі ашық зиялы қауымның басты рухани міндеті дей келіп, дәл қазір біздің қазақи болмысымызға сай келетін одан өзге жолды да, танымды да көріп тұрмағанын айтады [2,61]. Иә, бүгінгідей қоғам дамып, адам мүмкіндігі артып, жұтып жіберуге дайын өркениеттер қақтығысы жүріп жатқан мына әлемде рухани тұғырымыз берік болмаса, өзге танымның жетегіне еріп, әп-сәтте жоғалып кетуіміз оңай. Сондықтан да, тірек етер таяныш, дәтке қуат, көңілге демеуді Абайдан іздейміз. Тереңіне бойлап, ой маржандарын теріп, қажетімізге жаратуға асығамыз. Абай шығармалары арқылы жан-дүниеге бойлауды, өзінді тануды, көзқарасыңды қалыптастырып, бағытыңды түзеуді үйренесің. Көңіліңе тоқып, дала данышпанының бір мысқал ойын жұқтырып, даналығын бойыңа сіңіре алсаң, Абай жаққан бір шырақ сенің жүрегіңде де маздап, дауыл да өшіре алмастай боп лаулай бермек.

«Жүрегіңнің түбіне терең бойла», «Жүректе қайрат болмаса», «Жүрегім, нені сезесің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүректің көзі ашылса...» деген өлеңдерінен өз халқының жүрек көзі ояу, көңілі сергек, көзі ашық болса екен деген үкілі үмітін, жанашыр үнін естігендей боласың. Дегеніне үн қосып, сенімін тірілтіп, үмітін жалғағың келеді. Мұның бәрі Абай шығармашылығында көрініс тапқан жүректі мадақтау, яғни жүрек культі – иманигүл танымы екені аңғарылады. Абайдағы жүрек танымы Қ.Жұмалиев еңбектерінде поэтикалық тіл тұрғысынан зерттелгенімен, адамгершілік болмысына жете мән берілмеген. Абайдың өзі мұны қарасөзінде: «...Біздің қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі дегені» [3], –деп сынап, сөз тыңдаушы халықтың жүрек табиғатын тым төмен дәрежеде танитындығына кейіс білдіреді. Абайтанушы М.Мырзахметұлы бұл туралы былай дейді: «Абай жүректі – рақым, шафағатының қайнар көзінің баламасы ретінде қарайды» [2,116].

Абайтанушы ғалым ұлы ақынның 1886 жылдан бастап жүрек сырына үңілу, жүректің дегенін тыңдап, сезінген, түйген таным-түсінігінуақыт өткен сайын толықтырып өз еңбектерінде жүйелі түрде насихаттап отырғанын, сол уақыттағы шығармаларының дені жүрек тақырыбын айналып өтпегенін баса айтады. М.Әуезовтің абайтану дәрісінде адамгершілік неден құралады дегенге Абайдың ақыл, қайрат, жүрек үшеуін ғылымға жүгіндіретінін, жүрекке бірінші орын беретіндігін айтады. Жүректің сезгіштігіне ерекше

мән беріп, ақыл байқағанды жүрек сезетіндігін, сондықтан да ұлы ақынның шабыт адамы болғандықтан қарасөздері мен өлеңдерінде жүрек сезімі күшті болатындығын айтып өткен.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек, – деп ақыл, қайрат, жүректің бірлігін ғылымға жүгіндереді. Өз заманындағы надандық, жат қылықтарды барынша сынаған ақын замандастарының бойына адамзат баласының үш ізгі қасиетін сіңіруді жөн көреді:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, – деп түйеді.

**Нәтижелер мен талқылау.** Абай шығармаларындағы жүрек культі туралы ойларының түп тамыры әл-Фараби трактаттарына жалғанатынын байқауға болады. Онда жүректі ішкі табиғи жылылықтың көзі, басқа мүшелерге жылулық пен нәр беретін бас мүше ретінде сипаттайды. Және де жүректің бұл қызметін адам денесінің басқа бірде-біреуі атқара алмайтындығын айтып өткен. Нақ осы таным жүйесі, яғни адамның кірпіш тәніне жүректің үстемдігі Абай шығармаларының өн бойына желі тартып, айқын танылады. Адамның жан сыры, оны танып-білу, зерттеу тақырыбында ой қозғаған өзіне дейінгі көне деректер мен өз заманындағы ой толғамдарға сын көзімен қарап, ой елегінен өткізеді. Нәтижесінде қайталанбас өзіндік ой-танымын жүйелеп, жантану ілімі туралы көзқарасын қалыптастырды. Бұл үдеріс Шәкәрім шығармаларында көрініс тауып, адам жанының жұмбағын шешу ізденісі, ішкі әлемінің сырларына үңілу Абайдан кейін де жалғаса берді.

Абай шығармаларынан бізге жеткен иамнигүл, яғни «үш сүю» танымынан ойшыл ақынның ішкі нанымын, рухани көзқарасын байқауға болады.

Махаббатпен жаратқан адамзатты

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, – деп, ең алдымен адам Жаратушы иесін үлкен махаббатпен шексіз сүю керектігін айтып, бірінші сүюді нақтылайды.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген ерекше ойынан өзіне дейін айтыла қоймаған, адамды дініне, тіліне, нәсіліне, ұлтына, жынысына бөлмей, тең дәрежеде сұхбат құра алатын өркениетті адам бейнесін көреміз. Мұны екінші сүю деп қабылдап, Абайдан басқа арқау етпеген тың дүние, соны пікір ретінде танимыз.

«Және сүй Хақ жолы деп әділетті» дей келіп, шыншылдық пен туралыққа терең мән берген үшінші сүюді паш етеді. Осы үш сүюді толассыз насихаттап, өлеңдері мен қарасөздеріне жүйелі түрде арқау етуінің мәні – қазақ қауымының рухани тазарып, жетілу жолы осы деп қабылдауы болса керек.

Осы үш сүю болады иманигүл,

Иманның асылы үш деп сен тақиқ біл.

Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ,

Басты байла жолына малың түгіл, – деп нақты жол көрсетеді.

Иманигүл ілімін жан-жақты түсіндіріп берген зерттеуші-ғалым М.Мырзахметұлы, бұл ілімнің астарында «адамды моральдық тұрғыдан рухани жетілдіру» идеясы жатқанына тоқталады. М.Мырзахметұлы адам баласының дамып-жетіліп, тұлғалану жолында бұл үш сүюдің (Алланы сүю, адамзаттың бәрін сүю, әділетті сүю) орны ерекше екендігіне тоқталады. Адам бойында осы ізгі қасиеттер бүр жарып, көктеп-көркейер болса, рухани кемелденіп, адами болмысын қалыптастыра бастайды. Абай ілімі, Абай даналығы қарапайым көзбен бір қарағанда түсіне салатын оңай дүние болмағандықтан, ғалымның тәпсірі, жылдар бойғы зерттеудің нәтижесінде түйген ой-түйіні баршамыздың көкейімізге қонып, көңіліміздегі түйткілді дөп басады. Рухының дертіне дауа іздеген талай жанның жүрегіне жылулық сыйлап, өмір жолын дұрыс арнаға бұруына, өз ішіндегі арпалысын түсініп, көңіл көзінің ашылуына түрткі болады. Тек, ғылыми пайым, мықты зерттеу мен ұзақ ізденістің нәтижесінде жасалған М.Мырзахметұлы ағамыз қалыптастырған Абайтану ғылымының негізінде ой түйіп, бағытымызды айқындасак

болғаны. Әйтпесе, дәл осы күні Абай арқылы өзін танытуды көздеген талайлардың атүсті көзқарасы мен біржақты ой-пікірлері ұлы дананың ұлағатын жастарымыздың дұрыс түсінбей қалуына себеп болуда. Бұл жерде ақпарат беттерінде, әлеуметтік желіде «Абайды дұрыс танымай келген екенбіз» деп, еш қисынға келмейтін қате тұжырымдарын жариялап жүрген авторлар да бар екені туралы айтқым келеді. Қалыптасқан ғылыми жүйе, сан жылдарға созылған Абайтану ілімінің зерттеу нәтижелері таным өзегіміздің негізі болуы тиіс. Абай даналығы, ақын мұрасы – әр қазақ үшін қымбат қазына, рухани ілімнің, жоғары танымның бастауы ретінде әрдайым өз биігінде қалуы тиіс.

Абай шығармалары адамны өзін танудағы мықты ізденіске жетелейді. Өзінің рухани болмыс екенін түсініп, ішкі сырына үңілуді үйретеді. Сыртағы кез келген адам басқа жанның ішінде не бар екенін байқай алмайды. Іштегі сырды көрудің бір ғана шарты – адамның ішкі кірінен арылып, кіршіксіз таза, мөлдір болуы. Сонда ғана іштегі асыл тастарды тамашалап, ой маржандарын тере аласыз. Адам жанына барынша тазалықпен үңілген сайын құдыретті болмыстың шын бейнесі айқындала береді. Осы таным жеке басына табынуға ұласып кетпесе, қабілет ретінде арта бермек. Себебі мақтану сезімі адамның өзінің ішкі әлемін танитын жүйені тұтасымен жойып жібереді дейді «Логотерапия немесе өмірге құштарлық» кітабында. Бұл ойды Абай өлеңімен жақсы жеткізуге болады:

Іштегі кірді қашырса,  
Түседі хақтың сәулесі.  
Жүректің көзі ашылса,  
Адамның хикмет кеудесі.

Жүйке жүйесі сау, ақыл-есі бүтін адам ешқашан жан тыныштығы мен физиологиялық қалауларын орындауға емес, көкірегіне хикмет жинап, өмірден мән табуға асығады. «Құндылық пен мәнді көкірекке құйғанда адам тұлғаға айналады»[4,79].

**Қорытындылар.** Адамның өзін-өзі тануы, өзін-өзі тануға деген ұмтылысы көп мәселенің түйінін шешеді. Өзін тану үшін адам тарихи тамырына терең бойласа, сол жолдағы бүкіл рухани мұраларды бойына сіңіріп, кемелденіп, дараланып, тұлғаланып шығары анық. Ал, өзін таныған, өзін сыйлаған адамзат әрқашанда пенделіктен ада болып, кімге болса да қылдай қиянат жасаудан аулақ болады. Сондықтан да Абай бабамыздың ілімін терең түсіне отырып өзімізді тану жолын көрсетіп, оны психологиямен терең байланыстырып, мектеп оқушыларына меңгерте алсақ, нағыз болашақтың иесі, еліміздің ертеңін тәрбиелеріміз даусыз.

Абай таныған жүрек, Абай жырлаған ілім бұлағы дәл бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан да, мемлекет басшыларының қолдауымен Абай танымын зерттеп, зерделеп, ұрпақ санасына сіңіру мәселесі күн тәртібінен түспек емес. Бүгінгі рухани жаңғырудың өзегі, ұлт сапасын арттырудың жолы, халқымыздың жаңа болмысын қалыптастырудың іргетасы Абайды танудан басталады. Абай феномені (Абайдың қайталанбас тұлғасы) сапалы қазақ ұлтын қалыптастырудың бірден-бір қайнар көзі болып қала береді. Әр адам өз жүрегінің үнін тындап ақылы мен қайратын денесіндегі ар-ұяттың мекені, осы бір жұдырықтай мүшесіне бағындыра алса, хикмет кеудесі ашылып, айналасына шуағын шашқан тұлғаға айналары хақ. Бұл ретте тынымсыз ізденіс пен адамның өз ішіне үңілуі, мақтан мен көреалмаушылықтан, іштарлық пен алауыздықтан ада боп, рухын қайрап, намысын жанып, қайраты мен ақылының билігін жүректің меншігіне тапсыруы керек-ақ...

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. // ҚР Президентінің ресми сайты. Нұр-Сұлтан, 9 қаңтар, 2020 ж.
- 2 Мырзахметұлы М. Абайдың «Толық адам» ілімі. Алматы: «Қазығұрт», 2020. 240 б.
- 3 Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. Алматы: Атамұра, 2014. 288б.
- 4 Логотерапия немесе өмірге құштарлық. Отбасы хрестоматиясы. / Құраст.: С.Керімбай,



Ә.Нәби, М.Төлеген, С.Тайғарин. Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2016. 472 бет.

**Аннотация:** В статье анализируются смысловые, психо-физиологические и мировоззренческое значение слова сердце, которое отражено в творчестве Абая. Раскрывается символическое значение этого слова, лежащее в основе дополняющих друг друга систематических мыслей, присутствующих во всех произведениях великого поэта. Говорят, что можно открыть глаза сердца, вселить в себя ценность и распространить образец мудрости. Ключ к тому, чтобы стать полноценным человеком, - это очиститься от «душевной грязи», которая проявляется в человеке. Также дается краткий обзор состояния современного абаеведения, направленный на прорыв в изучении наследия Абая. Новый характер независимой страны, роль учения Абая в формировании интеллектуальной нации, влияние на воспитание будущих поколений. Способность духовного существа в развитии человека узнавать себя, укреплять себя, заглядывать в себя описывается как начало обновления сознания.

**Abstract:** The article analyzes the semantic, psycho-physiological and ideological meaning of the word heart, which is reflected in the work of Abai. The symbolic meaning of this word is revealed, which underlies the systematic thoughts that complement each other, present in all the works of the great poet. It is said that one can open the eyes of the heart, instill value, and spread a pattern of wisdom. The key to becoming a full-fledged person is to cleanse yourself of the «dirt» that manifests itself in a person. It also provides a brief overview of the state of modern Abay studies, aimed at a breakthrough in the study of the heritage of Abai. The new character of an independent country, the role of Abai's teachings in the formation of an intellectual nation, the impact on the upbringing of future generations. The ability of a spiritual being in the development of a person to recognize himself, to strengthen himself, to look into himself is described as the beginning of the renewal of consciousness.

ОӘЖ 81`373

**Утегенова Г.Ж.<sup>1</sup>, Шергаева Г.Ж.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>филология ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup>мұғалім, № 52 орта мектеп, Шымкент, Қазақстан

### **ТАРИХИ СӨЗ ЖАСАМНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ**

**Түйін:** Синтетикалық тәсіл сөзжасамда үлкен қызмет атқарады, тіл сөз тудырушы жұрнаққа өте бай, сөзжасам жүйесі жұрнақтар арқылы толыққан, бірақ сөзжасамдық жұрнақтардың тілге қосылғанын жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі тілді салыстыру арқылы байқауға болады. Жоғарыда атап өткендей, түркі тілдеріндегі сөз жасаушы негізгі тұлға – жұрнақтар. Тілдің сөзжасам теориясындағы басты әдіс ретінде танылған синтетикалық жолмен іске асатын сөздер тобы - сөзжасамдағы үлкен арна. Сондықтан сөз жасауды, сөз еткенде олардың морфологиялық жақтан өзгеріске ұшырауы (деривация), нәтижесінде пайда болатын жаңа сөз бен жаңа тұлғаның ішкі тілдік заңдылықтар арқылы сөз жасалатынын есепке алып отырған дұрыс. Морфологиялық тәсілмен жасалатын жаңа сөз арнайы сөз жасаушы жұрнақтардың көмегіне сүйенеді. Ал сөз жасаушы жұрнақтар түбірлерге жүйесіз жалғана бермейді олар өзіндік белгілер мен ерекшеліктерге сай арнайы нормада жалғанады.

**Кілт сөздер:** Тарихи лексикология, сөзжасам, синтетикалық, аналитикалық тәсіл.

**Кіріспе.** Тіл-тілде сөз жасаушы жұрнақтардың түрлері, олардың білдіретін грамматикалық мағыналары сан алуан. Әрбір сөз тудырушы жұрнақ өзі жалғанатын түбір талғай отырып, сол түбір сөздің лексикалық мағынасының негізінде, жаңа лексикалық мағына тудырып, туынды сөз жасайды.

Түркі тілдерінде сөз жасаушы жұрнақтар әрбір жекелеген сөз таптарына тән болады. Мұндай жүйе немесе қатар тілімізде өте көне заманнан келе жатқан жалғаспалы құбылыс. Сонымен қатар, әрбір сөз табындағы жұрнақтардың тек бір сөз табына ғана телініп қана қоймай, басқа да сөз таптарына қатысты, оларға ортақ сөз жасау процестерін саралап, екшеп қолданылуы жиі кездеседі. Біз мұндай құбылысты жұрнақтардың қалыптасуы,

дамуындағы қолдану ерекшелігін артып, мағыналық белгілерінің көбеюінен деп білеміз. Тіл жүйесінде жұрнақтар әр кезеңге, әр дәуірге сай өзіндік ерекшеліктерімен, тілдік заңдылыққа ортақ қасиеттерімен көрініп, арнайы қалыптасу формасында дамып отырады. Кейбір қосымшалар тілдің дамуында өзінің аясының тарылуына, пассив жұрнақ болуына байланысты мағыналық жақтан көнеленіп, тілдің жүйесінен ығыстырылады. Мұндай тілдік құбылыстардың үнемі орын алуы мағынасы айқын қолданылу өрісі кең актив формалардың тілге біртіндеп мағыналық реңк беріп, қызметінің ұлғаюынан деп қараған дұрыс [1]. Жаңа функцияға ие болған форма өзінің дамуында, өзгеше ерекшелікпен көріне бастайды. Грамматикалық қатынасқа көбірек түсіп, жаңа сөз, жаңа мағына жасауда белгілі жүйеге ие болады.

Туынды сөз жасауда сөзжасам жұрнақтарының рөлі ерекше. Бүкіл түркі тілдерінде жұрнақтардың 4 түрі қолданылады: 1.Негізгі түбірге тікелей жалғанған жұрнақтар; 2.Негізгі түбірге тікелей емес, арасына жұрнақ салып барып жалғанған жұрнақтар; Демек олар екінші кезектегі жұрнақтар. Түбір сөздерден кейінгі тұлғалармен бірігіп күрделі тұлғаға да айналуы мүмкін; 3.Тұлғалық жұрнақтар. Ол сөздің тек грамматикалық тұлғасын ғана айқындап тұрады да, түбірге реляциялық мағына береді; 4.Күрделі жұрнақ. Ол түбірге жалғанатын бір емес, бірнеше жұрнақтардан құралады [2].

Демек, түркі тілдеріндегі жалпы жұрнақ атаулылар жалаң және күрделі болып екі үлкен топқа бөлінеді.

Бұл топқа түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы, яғни сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалған аталымдар жатады. Кәсіби, мәдени мәнді сөз жасайтын жұрнақтар аз емес.

-са, -се: жеңсе (жеңнің сыртынан киетін киімнің бөлшегі, жең) топса (есік –терезе бөлшектерін біріктіріп, ашылып-жабылуын қамтамасыз ететін жылжымалы темір), мұрынса (ұршықтың мұрындығы).

-сақ, -сек: жапсақ (іс, жұмыс: “Екі жапсақ, бір епсек”), терсек (тарамыс жасайтын кепкен мал сіңірі; тарамыс ширататын сіңір; тарамыс. Кепкен сіңірді тарамыс немесе терсек дейді. Тіліміздегі тері-терсек деп айтылатын қос сөз құрамындағы терсек сөзі осы ұғымда қолданылған).

-сық: торсық (сусын құюға арналған тері ыдыс).

-т: жалат-(алтын яки күмістің суын жалату, жағу), жүгірт: алтын жүгірт (аздап алтын суын жүгірту, жүргізу), су жүгірт-(табақ сияқты оюдың сыртын айналдыра нақыштау), сирексіт-(өрмек тоқығанда ұйысқан жіп арасын тоқпақпен түйгіштеп, арасын ажырату). Осы сияқты қарайт-, ұзарт- т.б. атаулар жасалған. Бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздердің бәрі де өңдеу тәсілдерін білдіреді [3].

-та, -те, -да, -де, -ла, -ле. Бұл жұрнақ есімдерден материалдарды өңдеуге байланысты іс-әрекет атауларын тудырады: жұмырла-, бедерле-, бебезуле-, алтында-, күмісте-, қобызда-(қобыздау-әшекейлеу), нақышта-, кепсерле-, дәнекерле-, кепте-(кептеу-қаптау), қақта-, шимайла-, мәймөңкеле-(мәймөңке-кілемнің, алашаның жіптерін теріп отыратын қайқы басты, жұқа ағаш қалақша), мәнерле-, була-(алтынмен булау), бағдарла-, бүршікте-(сірке салу), кавказда-(қара ала ою жүргізу), күмбезде-, күпсе-(күптеу), қылаула-(алтын ерітіндісін түтікпен үріп, аздап жағу), лажыла-(сұйықтық жалату), тыныкеле-(сұйықтық жалату, “эмальдау”), шабақта-(күміс қақтау үшін ойма сызықтар жүргізу), шекетуле-(күмістеу), шыжыбайла-(шимайлау, өрнектеу), сақинала-(заттың сабын шығыршықпен бекіту), үзбеле-, шілтерле-, тапта-, морла-(қозға салып жұмсарту), әдіпте-(матаның жиегіне жіңішке мата қойып тігу), асықта-(көрпе, киім т.б. жиектеу, көмкеру) т.б.

-тай, -тей: жапатай (бас киім түрі, төмендеу елтіріден тігілген бөрік), кебентай (диал. жұқа басылған киізден істелген, малшылар киетін сулық), көздей (кішкентай тостаған), көзгентай (кішкентай сырлы тостаған).

-тақ, -тек, -дақ, -дек, -лақ, -лек: бауыртақ // бауырдақ (диал. төс айыл; мал жабуының астыңғы бауы аймақтық қолданыста бауырынтақ деп аталады. Бауырдақ – сонымен бірге

жүзіктің саусақ сұғатын бөлшегінің, қамшы сабына оралған жездің, таспаның да аты). Теміртек (көне. жай темірден соққан пышақ), көйлек (көн деген түбірден), жауырынтақ (диал. иініш; көйлектің жауырын, иық тұсынан, ішкі жағынан қосымша тігілетін мата), доғалақ (арба дөңгелегі), күпілдек (диал. піспектің басына бекітілген тесік-тесік тақтайша).

-тау: жақтау (жүгеннің екі жақ бойы), қаттау (сауыттың ішінен киетін киім, ол бірнеше қабат жібектен сырылып тігілген).

-ты, -ті, -ды, -ді, -лы, -лі: алтынды (алтынмен әшекейленген: алтынды ер, алтынды күрме (киім түрі), алтынды камзол), күмісті (күміспен әшекейленген: күмісті ер), айшықты (әшекейлі: айшықты ер, айшықты күмбез), шекетулі: шекетулі белбеу (күмістелген сәнді белбеу), қоңыраулы: қоңыраулы сырға, үзбелі: үзбелі білезік (шығыршық, ілмек сияқты соғып, оларды байланыстырып жасаған білезік), үкі аяқты: үкі аяқты шаштеңге (күміспен күптелген үкі аяғы бар шолпы) т.б.

-тық, -тік, -дық, -дік, -лық, -лік: алқалық (өңіржиек), шекелік (сырға түрі), түндік, желдік, киімдік, ұлтандық, иіндік (екі иықтың екі жағынан тағатын әшекей), желкелік (жүгеннің екі жағының ұшы), сыздық (етіктің, терінің тігісінің арасына салып тігетін жіңішке таспа), жамбастық (сықаурынның орта тұсы), сірілік (етік өкшесінің сірі тұратын жері), аттық (ердің адам отыратын тұғырлығы, кей жерде бұл кісілік, керсен деп аталады), омыраулық (өмілдірік), сулық (1) шелектің тұтқасы; 2) ауыздықтың бөлшегі), терлік (терді сіңіріп тұру үшін тоқым астына салынатын жұмсақ киіз) т.б. Бұл жұрнақ арқылы жасалған атаулар заттық, өлшемдік, мекендік ұғымдарын білдіреді, күндік (1) диал. орамал; 2) белбеу, мата белбеу).

туқ // -түк, -дук // -дүк жұрнақтары өзі жалғанған түбірдің лексикалық мағынасын өзгертіп жібергенмен, туынды түбір сөздің негізгі түбірмен байланысы әнтек байқалып тұрады, яғни өзі жалғанып жасалған өздің түбір сөз мағынасына байланысты екендігін көрсетеді. Мысалы: қол (қол) – қолтуқ (қолтық). Бурундүк (мұрындық). Тас – бурундүк (стерженок, тоненькая палочка которую одевают через хрящи под ноздрями верблюда, за которую привязывают поводок). Түркі – қыпшақ тілдерінде түгел айтылады, әртүрлі аллофондары бар [4].

-тыр, -дыр: қаңылтыр, шылдыр (қауғаның кергішіндегі арқан байлайтын темірі шығыршық).

-уық, -уік: зырылдауық (шойын тесетін құрал), шырмауық (ілгекті оқа; салыстыр. шырмаулы – байлаулы; иректелген ою-өрнек те шырмауық, кей жерде шырмауыт деп аталады), тістеуік (шеге суыратын құрал), тырнауық (диал. тырма) т.б. Жұрнақ у және ық деген екі бөлшектен тұрады.

-уыш, -уіш: жануыш, өлшеуіш, безеуіш, шайқауыш (диал. елек), түйреуіш, күлдіреуіш // гүлдіреуіш.

-ша, -ше: қоңырауша, омырауша, өңірше, шақша (шақ-мүйіз), дүңгенше: дүңгенше арба, күпекше (күпек, күпекше – күмбез тәрізді әшекей), бұрмаша (ұршықтың мұрындығындағы жіпке арнап қиған жері), маңдайша (есіктің үстіңгі жағындағы екі босаға жақтауын бекітіп тұратын көлденең ағаш), өреше (1) ас-су тұратын жерді қоршап қойған ши; 2) шананың қанаты), қашқарша (құман, салыстыр. қашқар шәйнек), жауырынша (диал. жаңа түскен келіншектің қайнысына тігіп беретін алғашқы кестелі көйлегі) [5].

-шақ, -шек: моншақ, салпыншақ, қыпшақ (көне. қайшы, көне түркі тілінде кіфту), қауашақ (қорытылған металды құйып суытатын ыдыс, сауыт), құмыршақ (құмыра), жұмыршақ (диал. местің кішкене түрі).

-чақ // -чек, -чық // -чік жұрнағы көне тұлғалы ч + ақ, ч + ық деген екі жұрнақтан құралған. Бұл жұрнақ жалғанған түбірге үш түрлі мағына үстейді: а) кішірейту мағынасы; ә) сөз мағынасын кішірейте отырып, бөтен ұғым беретін жаңа сөз, яғни зат атауын жасау; б) кәсіпті көрсетеді [6]. Мысалы, бірінші мағынада: сығыр ( өгіз ) – сығырчық ( өгізше );

екінші мағынада: іч (іш) – іччек (ішек); үшінші мағынада: өрүм ( өрім ) - өрүмчік (өрмекші).

Балчық – балшық (лай), есенлік – есендік (амандық, саулық, аман - есендік, есен - саулық), чузув және йазмақ – жазу – сызу, ашлық – астық, турумчақ - ескі жастағы тайлақ, бурундық – мұрындық (түйенің мұрындығы), қарындаш - туған-туысқан, үрім- бұтақ (туған ағайындас адамдар).

Балчық (балшық). Қыпшақ жазба жадыхаттары мен тілдерінің көбінде кездесетін танымалды сөз: балчық // балчуқ // балчых // балшық (грязь, глина, тина, ил, тас);

Турумчақ (екі жасар тайлақ). Зайончковский: турумчақ (-чах // - чақ, кішірейту мағынасын беретін аффикс жалғанып тұр. Қазақша: тоқты – торым; ДТС- турум // торум (верблюжонок).

-шы, -ші: үйші, шаңырақшы, өрімші, етікші, алтыншы, күмісші, темірші, бөрікші, тоншы, көзеші, қайысшы, қырғышы (ағашты қырып, ыдыс-аяқ жасайтын адам), өрмекші (бұл да өрім өруші, қайыс өрудің шебері, өрімші), керегеші, уықшы, кілемші, кестеші, ерші, сандықшы, балташы, иші (тері илеудің шебері, маман), тасшы, құрылысшы, тігінші, оюшы, бояушы, қышшы, арбашы, бақыршы, кестеші т.б.

Сөзжасам жұрнағының бұл түрімен жасалған атаулар адамның қандай материалмен жұмыс істейтінін, қандай өнім дайындаумен айналасатынын, қолөнер ішіндегі және оның жеке салаларының ішіндегі еңбек бөлінісін (мәселен, үйшілер (киіз үй сүйегін жасайтын шеберлер) өз ішінде уықшы, керегеші, шаңырақшы болып бөлінеді) білдіреді де, кәсіби, мәдени мәнді ерекшеліктерді көрсетеді [7]. Аталған жұрнақ аймақтық лексикада дайын өнім, зат атауы болып та жұмсалған: жамылшы (сулық, жауында киетін сырт киім).

-шық, -шік: шығыршық, түймешік, айшық (жарты ай бейнелі әшекей), айдаршық (кебеженің, сандықтың құлып салатын жері), дүңгіршік (ашпалы-жаппалы қаңылтыр құты), ұршық(шүйкеленген жүннен жіп иретін құрал), белшік (диал. күрек; кей жерде белше).

-шыла: асықшыла-(диал. жас балалар киетін жадағай шетін жиектеп, көмкеріп тігу; салыстыр. асықтау – киім т.б. заттарды көмкеру, жиектеу).

-шылық, -шілік. Бұл құранды жұрнақ (шы+лық) қолөнерінің түрін, саласын білдіретін атаулар жасайды: ершілік, көншілік, ұсташылық, тоқымшылық, өрімшілік т.б.

-ы, -и: қазақы ер, қазақы етік, қалмақы ер, арабы: арабы кілем (Арабиядан шыққан кілем), асфаһани қылыш, бұхары кілем, балдақы:балдақы пышақ (сақинек салынған пышақ), қожанты (үлкен пышақ, бұл Ходжент қаласының атымен байланысты), сапы: сапы меруерт (таза меруерт; салыстыр. сап алтын – таза алтын) т.б. Есіктің жергілікті қолданыстағы бір атауы – қапы. Көне түркі тілінде есік, қақпа қапуғ деп аталған. Қазіргі түрік тілінде есікті қапу дейді. Ал «есікті жабу» дегенді қапыйы қапатмақ деп айтады [8].

-ық, -ік: кертік, уық, тістеуік, торсық, үзік, көрік, үскірік(үріп ойналатын музыкалық аспап), сызық т.б.

-ым, -ім, -м: өрім, киім, сыдырым (таспаның, тарамыстың жіңішке бір талы), тоқым, жолым: жолым үй // жөлім үй (көшіп-қонуға ыңғайлы тік уықты, керегесіз кішкене үй);

-ынды, -інді: ерігінді, кесінді, қосынды (қоспасы бар).

-ыншақ, -іншек: салпыншақ (құйысқанның сауыр жақтауы, боқтық, салпыншақ аталатын үш бөлшегінің бірі; зергерлік бұйымдардың салбырап тұратын әшекейлері, бөлшегі), жалпыншақ (диал. ат жабуы, сырттық желпіншек).

-ыр, -ір: өңір (өңір әшекейі, алқа, төстік), дүмбір: дүмбір сырға (күбі, кеспек тәрізді сырға түрі), ыңғуыр (ағаш оятын құрал), желбір (1) сән үшін көйлек етегіне, иығына тігілетін бүрме; 2) қос етек көйлектің үстіңгі, екінші бүрмесі; желбір көйлек деген атау да бар) т.б.

-ыс, -іс, -с: тігіс, өріс (өрмек жібінің ұзындығы), тарамыс (мал сіңірінен талшықтап ширатқан, етік т.б. тігуге қолданатын жіп), түйіс: қоқан түйіс (қайыс түйенің түрі) т.б.

-ылдырық, -ілдірік, -дырық, -дірік: көзілдірік (диал. аттың басына кигізетін жамылғы), өмілдірік (ердің бөлшегі), төбілдірік (жүгеннің төбеге келетін бөлшегі) [9], тұмылдырық (ат тұмсығына кигізілетін торлы қайыс), тығылдырық (ер батқан кезде қаптал астына қабаттап қойылатын киіз), сағалдырық (аттың сағағына дәл келетін, жүгеннің астыңғы жағынан байланған қайыс бау).

Жұмыста сөзжасамның синтетикалық тәсіліне байланысты 100-ден астам сөз тудырушы жұрнақтар қамтылды.

**Қорытынды.** Түркі тілдеріндегі сөз жасаушы жұрнақтардың жасалу жолдарын саралай келе, барлық түркі жазба ескерткіштері тілінде жекелеген сөз таптарына тән қызмет атқаратындығына жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел. Тарихи сөзжасамның жасалу жолдарын әрбір сөз табындағы жұрнақтардың тек бір сөз табына ғана қатысты болмай, өзге де сөз таптарының сөзжасамдық үрдістеріне қатысып, жиі қолданылатындығы мысалдар арқылы анықталды. Мысалдарды салыстыра зерттеу барысында бұл құбылыстарды сөзжасамдық жұрнақтардың дамып, қалыптасуындағы өзіне тән белгілерінің бірі екендігі нақтыланды. Сөзжасамдық жұрнақтар тілдің дамып, қалыптасу барысына сәйкес кейбір қосымшалардың қолданыстан шығып, ал кейбірінің мағыналық тұрғыдан өзгерістерге ұшырағандығы зерттеу барысында мысалдер негізінде дәлелденді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Аманжолов А.С. История древнетюркского письма. Алматы, Мектеп, 2003. 368с.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы. Ғылым, 2019. 581 б.
- 3 Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. Москва. Наука, 2004. Кн.1. 478 с.
- 4 Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского памятника XIII века «тюркско-арабского» словаря. Алма-Ата, 2010. 234 с.

**Аннотация:** Синтетический подход выполняет большую функцию в словообразовании, язык очень богат словообразовательными суффиксами, словообразовательная система наполнена суффиксами, но добавление словообразовательных суффиксов в язык можно проследить путем сравнения языка письменных памятников и современного языка. Как мы уже отмечали, ключевая фигура в тюркских языках-суффиксы. Группа синтетически реализуемых слов, признанных главным методом в теории словообразования языка, является большим каналом в словообразовании. Поэтому целесообразно учитывать словообразование, то, что при словообразовании происходит их морфологическое изменение (деривация), в результате чего создается новое слово и новое лицо посредством внутренних языковых закономерностей. Новое слово, составленное морфологическим способом, опирается на помощь специальных словообразовательных суффиксов. А суффиксы-словообразователи не системно соединяются с корнями, так как они соединяются в специальной норме по своим признакам и особенностям.

**Ключевые слова:** историческая лексикология, словообразовательный, синтетический, аналитический метод.

**Abstract:** The synthetic approach performs a great function in word formation, the language is very rich in word-forming suffixes, the word-forming system is filled with suffixes, but the addition of word-forming suffixes to the language can be traced by comparing the language of written monuments and the modern language. As we have already noted, suffixes are a key figure in the Turkic languages. A group of synthetically realized words, recognized as the main method in the theory of language word formation, is a large channel in word formation. Therefore, it is advisable to take into account word formation, the fact that during word formation their morphological change (derivation) occurs, as a result of which a new word and a new face are created through internal language patterns. A new word composed in a morphological way relies on the help of special word-forming suffixes. And word-forming suffixes are not systematically connected to the roots, since they are connected in a special norm according to their characteristics and features.

**Keywords:** historical lexicology, word-formation, syntectic, analytical method.

УДК.372.8

**Миятбекова З.У., Жумагулова Ж.Ж., Абитова Г.О.**

филология ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
филология ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
филология ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

### **КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДЕ CLIL ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Түйін:** Қазіргі таңда шет тілін үйренуге деген көзқарас түбегейлі өзгеріске ұшырап отыр. Бұл күндері тіл сапалы білім алудың халықаралық талаптарына сай келетін негізгі құрал болып отыр. Осындай өзгерістердің бірі пән мен тілді кіріктіріп отыру (CLIL). Бұл терминді алғаш рет 1994 жылы көптілді білім беру саласын зерттеуші Дэвид Марш Еуропадағы тілдік білім берудің жағдайын зерттеуді үйлестіру кезінде ендірген болатын. CLIL «пәндерді екінші немесе үшінші тілді қолдану арқылы тілді үйренуді пәннің мазмұнын үйрену арқылы жетілдіру, яғни пәндік және тілдік мақсатқа бір мезгілде қол жеткізу деген сөз» CLIL концепциясы (Content and Language Integrated Learning) шет тілі сабақтарында оқу материалдарын оқу пәніне қатысты проблемалық, өзектілікке байыту арқылы кәсіби бағытталған орта құру; білім беру бойынша бағдарламалар мен курстар дайындау т.б. Мұндай қадам оқушылардың меалингвистикалық, метакогнитивтік дағдыларын дамытуда орасан зор үле қосады, сондай ақ оқушылардың көз алдына әлемде болып жатқан құбылыстар жайлы ұғымының қалыптастуына көмектеседі. CLIL оқыту технологиясының көмегімен оқытудың, дамыту ментәрбие беру мәселелері жаңа сапалы деңгейде шешіліп жатыр.

**Ключевые слова:** технология, кіріктіру, кіріктірілген, қалыптасу, коммуникация, тіл, модуль, тәсіл, пән, ұстаным.

**Кіріспе.** Заманауи өмірдің даму қарқыны әрбір маманға жоғары талаптар қояда, өйткені қоғам біліктілігі жоғары мамандарды даярлауға деген мұқтаждықтан арыла қойған жоқ. Ерекше атап айтатын жәйт, еңбек нарығында шет тілін жетік меңгеру маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі.

*Зерттеудің өзектілігі* - қазіргі таңда ағылшын тілі әлемнің әртүрлі халықтарының мәдениет аралық коммуникация жүйесінде үлкен маңызға ие, ол халықаралық аренада мәдени, білім беру, саяси және әлеуметтік экономикалық байланыстардың қалыптасуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты шет тілін үйренуде заманауи әдіс тәсілдерді қолдану қажеттілігі пайда болды, бұл тақырыптың да қозғалуына осы жәйт себеп болып отыр.

*Зерттеудің мақсаты* пәнді кіріктіріп оқытуды шет тілін үйретудің әдісін белсендіру тәсілі ретінде теориялық тұрғыдан негіздеу.

Шешілуге тиісті мәселелер:

-CLIL технологиясының принциптерін және болашақ мамандардың шет тіліндегі кәсіби - коммуникативтік құзіреттілігі деген ұғымның мазмұнын түсіну; CLIL технологиясының концептуалды негізін анықтау;

*Зерттеу пәні:* CLIL технологиясын пайдалана отырып орыс тілін, математика, биологияны оқыту әдістемесі.

*Ғылыми жаңалығы:* мамандардың шет тіліндегі кәсіби - коммуникативтік құзіреттілігі деген ұғымның мазмұны анықталды.

*Практикалық маңызы:* зерттеу нәтижелері CLIL технологиясын пайдалана отырып орыс тілін, математика, биологияны оқыту кезінде пайдалы болады.

Бүгінгі таңда үш тілде оқыту - жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп, өз қабілетін тануына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту - заман талабы десек, оны жүзеге асыру - ұстаздардың міндеті. Сондықтан да заманауи ұстаздарға тоқтаусыз ізденіс қажет.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) - пәндері шет тілдерде жүргізілетін

кездегі оқыту әдістемесін бейнелейтін термин. CLIL екі мақсатты көздейді, нақтырақ айтсақ -пәнді шет тілі арқылы үйрену, және шет тілін сол оқытатын пәні арқылы үйрену. CLIL білім берудің әртүрлі салаларында қолданылады - мектепке дейінгі дайындық кезеңінен бастап, жоғарғы оқуға дейін.

**Теориялық талдау.** Бұл терминді Дэвид Марш сонау 1994 жылдары ойлап тапқан (Ювяскюля университеті, Финляндия) ол былай деді: «CLIL пәндердің немесе пәндердің бір бөліктерінің шет тілде оқытылуына және олардың екі түрлі мақсатты көздейтіндіктеріне, солай бола тұра олардың шет тілін үйренетініне қатыстылығы бар» [1]. Ағылшын тілінде ол былайша тарқатылып оқылады: Content and Language Integrated Learning. Мұндағы Content - білім беру мазмұны (немесе жай ғана пән), ал Language - тіл. Сәйкесінше, орысша нұсқасында бұл термин пәндік және тілдік аралас оқыту болып саналады. Бұл технологияны көптілді топтарда қолдану пайдалы болып келеді. Ең алдымен осы технологияны пайдаланатын сабақтың өзінің моделін, оның компоненттерін қарастыру қажет [2]. Әр сабақ 4 «С» дан тұрды, осылайша олар мыналардан тұрады: - content (мазмұн) - бұл белгілі бір пән саласы бойынша білім - дағдыларын дамыту; - communication (қарым қатынас) - оқыту кезінде, тілді қалай пайдалануды зерттей отырып, шет тілін пайдалану; - cognition (таным)- бұл жалпы түсінікті қалыптастыратын танымдық және ойлау қабілеттерін арттыру; - culture (мәдениет) - өзіңді мәдениеттің бір бөлшегі іспетті сезіну, сондай ақ балама мәдениеттердің бар екендігін сезіну (сондай ақ пәнаралық байланыс, азаматтыққа тәрбиелеу т.б.).

Студенттерді CLIL сабақтармен таныстырған кезде ақпаратты біліп, оны талдау үшін тілді оқытудың барлық төрт түрі де қолданылады: жазу, тыңдау, оқу, сөйлеу. Студент тарапынан CLIL сабақ алған ақпаратты сыни ойлау арқылы талдау және бағалауды білдіреді [3]. Бұл білім алушыларға ақпаратты түсініп, жақсы меңгеруге мүмкіндік береді. Көптеген CLIL сабақтар студенттерді әртүрлі мәдениетпен байланыс орнатуға, сол арқылы мәдениетаралық дағдыларды дамытуға ыңғайланып жасалған. CLIL сабақтарда ең бастысы сол, олар тілді шынайы өмірмен байланыстырады. Осылайша студенттер ағылшын тілінің лексикасы мен грамматикасын жай қарапайым түрде шынайы өмірдегіше сұрақтар қойып, оларға жауаптар тауып, барлығын сол өз ана тілінде сабақ өткендегідей меңгереді [4].

CLIL сабақтар көптілді топтар мен арнайы тілдік топтарда бірдей табысты нәтижеге жететінін атап айту қажет. CLIL сабақтарын оқытудың мазмұнына байланысты әртүрлі етіп құруға болады. CLIL сабақтарын жоспарлауға көмектесетін бірнеше кезеңді атап көрсету қажет: Тақырыпты қызығушылығына қарай таңдау (тіл мамандары үшін), басқа пәндер үшін ол бағдарламада қарастырылады. Оқытушылардың студент назарын аударғысы келген лексиканы таңдау.

CLIL сабақтарының сабақ жоспарын жасаудағы тағы бір маңызды қадам ол - графикалық органайзер. Графикалық органайзер дегеніміз не? *Графикалық органайзер дегеніміз* - графикалық, яғни көзбен көруге болатын, органайзерлер *жазбаша қарым қатынас жасау құралдары, олар білімін, ұстанымын, идеяларын сондай ақ олармен ара қатнасын көрсетуге қолданатын графикалық белгілер.* Бұл құралдың тиімділігі 2003 жылы АҚШ та білім беруді зерттеуді алға тарту институтында *Американың білім саласында жұмыс жасайтын ғалымдары 30 дан астам көрнекіліктердің түрлерін жариялады. Олардың басым көпшілігі Графикалық органайзерлерге арналған* [5].

Графикалық органайзерлер иллюстрациялық, коммуникативтік және когнитивтік қызметті дидактикалық құрал ретінде атқара жүріп, ақпарат сақтаушы ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың білім беру жобаларын жоспарлау кезінде олардың жұмысына қолдау көрсету мақсатында, мәселелерді шешуде, шешім қабылдауда, зерттеулер жүргізуде қолданылады. Графикалық органайзерлердің бірнеше түрлері бар. Олар біріншіден *дәйекті органайзерлер (уқыт шкаласы, блоктік диаграммалар),* графикалық

салыстырулар мен салғастырулар (логикалық өзара байланысқан диаграммалар), иерархиялық органайзерлер (пирамидаға ұқсас диаграммалар, ағашқа ұқсаған диаграммалар т.б.), концептуальді органайзерлер (карта концепті). Оқытушы тарапынан мақсат алынған ақпараттарды толықтай визуализациялау, студенттер оны талдай алатындай болу керек, материалдарды қайталау кезінде, үй тапсырмасын орындаған кезде сол визуализацияға сүйене алатын болуы шарт. Алтыншы қадам үй тапсырмасына, немесе тапсырманы уақытына қарай сабақта орындауға тікелей қатысты. Жобалар, кейстер, эссе — мұның барлығы студенттердің ақпаратты психологиялық жағынан алғанда жақсы қабылдауға мүмкіндік береді.

**Тәжірибелік бөлім.** Органайзер «Пайымдау» Әдетте 2-4 бос ұяшықтары бар таблицаның бос ұяшықтарын толтыру қажет. Пайымдауды ұйымдастырудың ең тиімді әдістері: SWOT сараптама, PEST сараптама, RAFT кесте ЗХУ (Білемін, Білгім келеді, Білдім), «Журнал кітапша», «Идеялар дөңгелегі». Бұл органайзерлер пайымдап әрекет ету нәтижелері болып саналады, дегенмен оларды жоспарлауға, зерттеуді жобалауға пайдалануға болады.

CLIL сабақтарындағы әртүрлі жұмыс формаларын және осы технологияны пайдалана отырып сабақты тиімді етіп ұйымдастыруға арналған оқыту тәсілдерін қарастырамыз. CLIL сабақтарында жұмысты ұйымдастырудың бірінші әдісі ағылшын тілінде «5 Minute Interview Activity», қазақшада «бес минуттық интервью» дегенді білдіреді. Әдетте бұл әдіс ең алғашқы сабақтарда, студенттер бір бірімен таныс емес кезінде қолданылады. Жұмысты ұйымдастырудың бұл түрі сабақта жақсы атмосфера құруға, сондай ақ студенттерді онан арғы жұмысқа дайындауға мүмкіндік береді. Бұл әдістің мәні мынада: қатысушы студенттердің әрқайсысы стикерлерге ағылшын тілінде өзінің тобындағы студенттерге немесе оқытушыға қойғысы келген сұрақтарын жазады, (жұмыс жайлы, оқу, жанұя, қызығушылықтары т.б.). Сұрақ жазылған барлық стикерлер бір қағазға салынады, немесе тактайшаға. Студенттер кезегімен стикерді ашып, сұрақтарға жауап береді. Бұл әдіс студенттердің «еркін сөйлеуіне» көмектеседі, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын дамытады, сондай ақ зейінді дамытады.

CLIL технологиясы ағылшын тілін басқа пәндерді (мысалы биология пәнін) оқыту құралы ретінде қарастыра отырып, оқушылардың басқа пәндерді оқуға деген, биологиялық терминдерді ағылшын тілінде меңгеруге деген қажеттіліктерін қалыптастырады, өздерінің қарым - қатынас жасаудағы мүмкіндіктерін қайта ойластыруға мүмкіндік береді. Келесі көп таралған анықтамада былай делінген: CLIL - бұл дидактикалық әдіс, ол оқушылардың лингвистикалық, коммуникативтік құзіреттіліктерінің өз ана тілінде емес, олардың жалпы оқу - білімдерінің қалыптасуы жүріп отырған тілде қалыптасуына жағдай жасайды. Қазіргі таңда білім берудің мазмұны жаңартылып отырған кезде жаратылыс тану, математика пәндерін ағылшын тілінде оқуға көшіп отыр. Сонымен қатар, CLIL технологиясының негізгі ұстанымдарын анықтаған кезде төрт түрлі «С» әдістердің атап көрсетеді, олардың әрқайсысы әртүрлі жүзеге асырылады: жас ерекшелігіне, әлеуметтік – лингвистикалық ортасына жән

CLIL әдісін түсінуіне қарай. Бұл келесі әдістер: 1. Content (Мазмұн) 2. Communication (Қарым-қатынас) 3. Cognition (Ойлау қабілеті) 4. Culture (Мәдениеттанудан білімі). Бұл әдісті пайдалану оның ұтымды тұстарын айқындап береді. Әрине, алғашқы кездері CLIL технологиясын оқу үрдісіне ендіру оңай болмайтыны белгілі, бірақ жылдар өте тәжірибе жинақталып, мәселер шешімін табады. Оның ең ұтымды тұсы оқушыларды биологияны ағылшын тілінде оқуға қызықтыруы. Сондай ақ ағылшын тілін үйрену мақсатты түрде жүргізілетін болады. Оқушылар оқып жүрген тілдерін түсініп, оның мәдениетіне мән бере бастайды, нәтижесінде оқушылар мен мұғалімдердің әлеуметтік мәдени құзіреттіліктері қалыптасады [3,с.8].

Пәнді ағылшын тілінде жүргізетін мұғалім ағылшын тілін жетік меңгерген болуы тиіс, әсіресе, шет тілінде сөйлегенде ғылыми тіл стилін меңгерген болуы шарт. Пән мен



тілді кіріктіріп оқытуды қолға алмас бұрын биология пәнінің мұғалімдері мен оқытушылары білім алушыларының тілдік білім деңгейін анықтап алғаны жөн. Ол үшін ағылшын тілі сабақтарына қатысып, пән мұғалімімен пікірлескен дұрыс. Осыдан кейін ғана биологияны ағылшынша оқытуға болатынына көз жеткізіледі. Пән мен тілді кіріктіріп оқыту кезінде оқытушының індетіне кіретіндер: әрекеті:

1. Пән мен тілді кіріктіріп оқытудағы олардың әрекетінің алгоритмін түсіндіру.

2. Тақырыптық (пәндік) материалдарды ағылшын тілінде тауып беру (ауызша әңгіме, пікірлесу, жазбаша мәтін, видеоматериалдар т.б.).

3. Физика, химия, биология, информатикадан қажетті оқу құралдарын тауып беру: сөздіктер, дидактикалық кеспе қағаздар, салыстыру схемалары, визуалды қолдау карталары т.б.

4. CLIL технологиясын пайдаланып жұмыс жасау барысында оқушыларға көмек беру.

5. Пән мен тілден жасаған жұмыстарының нәтижелерін тексеру.

6. Жұмысты қорытындылау.

Практикалық иллюстрация ретінде биология сабақтарында төмендегі CLIL белсенділігін пайдалануды мысалға алуға болады:

1. Белсенділік «Сұрақтар циклы» Ағылшын тілінде сұрақтар мен жауаптар жазылған қағаздар таратылады. Қағаздың бір бетінде сұрақ, ал екінші бетінде басқа сұрақтың жауабы жазылған. Біреу сұрақты оқыған кезде барлығы зейін қоя тыңдайды, жауабын тапқан оқушы жауапты оқиды да өзінің сұрағын оқиды, солай жалғаса береді. Бұл Белсенділік зейінді және дұрыс айта білуді дамытады.

2. Белсенділік «Ағзаны тап» Оқушылар топқа бөлінеді. Әр топқа сткерлер жабыстырылған үлкен қағаздар таратылады. Стикердің астыда ағзаның суреті жасырылған. Қағаздың ортасында сұрақтар мен терминдер орналасқан. Әрбір қатысушы сұраққа жауап береді немесе сөздің ағылшын тіліндегі мағынасын ашады, осылайша бір бірлеп стикерлерді ала береді. Барлық сұрақтарға жауап берген соң оқушылар ағзаның атын айтып, оның адам организмінде атқаратын ролін көрсетуі тиіс.

3. Белсенділік «Сыртқы және ішкі шеңбер» Оқушылар бірінші және екінші деп санайды да, ағылшын тілінен қткен сабақтар бойынша сұрақтар түзеді. Онан соң екі шеңбер жасайды: сыртқы және ішкі. Балалар бір біріне бетпе бет тұрып бір біріне сұрақ қояды. Ішкі шеңберге қатысушылар жылжи отырып, басқа жаңа жұптар құрады. Сұрақтармен жұмыс жалғаса береді.

4. Белсенділік «FLOWER» «Гүлдер» деп аталады. Үйге тапсырма гүлдің суретін салып, оның әрбір элементінің атауын ағылшынша жазып келу болатын. Оқушылар жауазын гүлінің суретін салып, оның әрбір элементіне ағылшынша атауын жазып келеді. Мұғалім оқушылардан: Гүлдің біз үшін қандай маңызы бар?

Біз оны не үшін пайдаланамыз? Гүлдер қайда өседі? деген сұрақтарға ағылшынша жауап алады. Оқушылар гүлдің ірбір элементін көрсетіп, оларды ағылшын тілінде атап береді (сабақ, жапырақ, жапырақша, өзек т.б.) Мұғалім оқушыларға гүлдің муляжын көрсетіп, элементтерін атап беруді тапсырады. Оқушылар ағылшынша атап береді.

Бұл арқылы оқушылардың эстетикалық ұғымын кеңейтіп, әдемілікке және адамдарға сый құрмет жасау артық болмайтынын түсіндіруге болады.

CLIL әдісі оқытуға жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Әсіресе қазіргі таңда білім берудің мазмұны жаңартылып отырған тұста мұғалімдер мен оқытушылар білмі берудің түрлі әдістерін пайдалана отырып материалды түсіндірулері қажет, оқушылармен жеке, топпен және шығармашылық жұмыстар жасауға баса назар аударған жөн.

Оқытудың келесі тәсілі «ABC dictation» деп аталады, немесе жай ғана «диктант». Атауының қарапайымдылығына қарамай, диктант пен бұл тәсілге ортақ ештеңе жоқ. Бұл әдіспен жұмыс барысында қатысушыларға тақтадағы суретті көрсетіп: «Сіз мына суретті неге ұқсаттыңыз» деген сұрақ қойылады. Барлық қатысушылар тез арада біле қояды да

жауап бере бастайды, мысалы «Чарли Чаплин». Әрі қарай әрбір қатысушыға әріптерден ат қояды мысалы: А, В, С и D. Әр топтан қатысушыға А, В, С и D оқытушы Чарли Чаплин мәтінінен екі сөйлемнен оқып шығады. Өз топтарына оралған оқытушылар естігендерін талқылай бастайды, осы әртістің өмір деректерімен алмасады, тапсырманы берілген мәтін бойынша орындауға тырысады (сұрақтармен, түсіп қалған сөздермен, даталармен). Оқытушы сабақтың белгілі бір тақырыбы бойынша кез келген мәтіндерді және суреттерді пайдалана алады. Мұндай жұмыс түрі студенттердің лексикалық және грамматикалық дағдыларын жақсартады, материалды сауатты таңдай білген жағдайда өздері оқып (үйреніп) жатқан елдің мәдениетімен де таныстырады.

**Нәтижелер мен талқылау.** CLIL технологияның жетістіктеріне келер болсақ, ол ең алдымен, студенттерді шет тілін үйренуге құлшындыруы. Шет тілін үйрену мақсатты түрде жүретін болады, өйткені ол қарым қатынас мәселелерін шешуде көмектеседі. Кәсіби контексте шет тілінде сөйлесе білу басымдылықты білдіреді. Сонымен қатар оқытушылар үйреніп отырған тілінің мәдениетін түсіне бастайды, ол оқытушылардың әлеуметтік мәдени құзіреттіліктерін қалыптастырады. Әртүрлі тақырыптарда жұмыс жасау арнайы терминдерді жаттап алуға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде оқытушылардың сөздік қорының молаюына алып келеді және алған білімдерін іс жүзінде қолдана білуді үйретеді.

Оқытудың CLIL технологиясының дуальді оқыту әдісімен де жақындығын байқаймыз. Бұл технология бойынша тілді тек тіл білу үшін ғана емес, сол тілде пәнді меңгеру үшін оқытын болса, тіл бойынша алған білімін тез арада практикада қолдану мүмкіндігі туындап тұратыны болса, дуальді оқыту жүйесінде де университетте алған білімін ізін суытпай іс жүзіндегі әрекетке жаратып үйрену.

Бұдан шығатын қорытынды: оқыту технологиясының қайсыбірі болса да теориялық білімді практикамен ұштастыра білуге көп назар аударады, соған қарай бағыттайды.

Сондықтан да бұл өте бір маңызды өзектілігі бүгінгі таңда артып тұрған мәселелердің бірі болғандықтан бұл проблема соңғы кездері жас ғалымдардың зерттеу жұмыстарының тақырыбына айналып отыр. Тек қана мақаламен шектелмей, магистрлік, докторлық диссертациялар жазылуда.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Baïdak, N., Mínguez, M.L.G. (Coordination) & Oberheidt, S. (2005). Content and Language Integrated Learning (CLIL) at School in Europe. Brussel.

2 Baker, C.&Jones, S.P. (1998). Encyclopedia of Bilingualism and Bilingual Education. Clevedon: Multilingual Matters.

3 Усманова З.Ф., Заяц Т. В., Мукажанова Г. Ж. Реализация технологии CLIL в условиях полилингвального обучения [Текст] // Филология и лингвистика в современном мире: материалы I Междунар. науч. конф. (г. Москва, июнь 2017 г.). М.: Буки-Веди, 2017. С. 94-97. — URL <https://moluch.ru/conf/phil/archive/235/12596/> (дата обращения: 01.11.2019).

4 Ахметова М.С. Предметно-языковое интегрированное обучение биологии //viewer\_images/15684311/f/1.png

5 Шрайбер Е.Г., Овинова Л.Н. Технология CLIL как инновационный метод обучения иностранному языку в вузе. Вестник Южно уральского государственного университета. Серия «Образование педагогические науки» Главная Т.9, №2 (2017).

6 Елена Годунова CLIL: опыт учителей Казахстана. НОВАТОР, сентябрь 2019г

7 Ким Е.А. Развитие трехязычия в Республике Казахстан// Научное сообщество студентов XXI столетия. Гуманитарные науки Сб.ст.по мат. XXXVII междунар. Студ конф. №10 (37).

8 Головинцева В.В., Ерманова Б.Б., Паневина А.С., Вишенкова Е.А., Жакупова А.,Касинилло Р. Внедрение предметно-языковой интеграции на уроках физики в 8 классе // Молодой ученый.2017.№18.1. С.12-16.URL.

**Аннотация:** В настоящее время произошли изменения подходов к изучению иностранного языка. Язык рассматривается как основной инструмент для получения качественных знаний, отвечающих международным требованиям. Одним из таких подходов является предметно-языковое интегрированное обучение (CLIL). Данный термин был впервые введен исследователем в области многоязычного образования Дэвидом Маршем в 1994 г. в процессе работы по координации исследований о состоянии языкового образования в Европе. CLIL представляет собой «изучение предметов посредством второго или третьего языков и совершенствование владения языками через изучение предметных областей, т. е. достижение предметных и языковых целей одновременно». Концепция CLIL (Content and Language Integrated Learning) предполагает создание на уроках иностранного языка профильно и профессионально ориентированной среды за счет насыщения учебного материала проблематикой, актуальной для изучаемой дисциплины, разработку программ и курсов по обучению языку, основанных на контенте конкретной учебной дисциплины[1]. Данный подход играет важную роль в развитии металингвистических и метакогнитивных навыков учащихся, а также способствует формированию у учащихся целостного представления, о явлениях, происходящих в мире. С помощью CLIL обучения на качественно новом уровне решаются задачи обучения, развития и воспитания учащихся.

**Ключевые слова:** технология, интеграция, интегрированное ,формирование, коммуникация, язык, модуль, подход, дисциплина, принцип.

**Abstract:** Currently, there have been changes in approaches to learning a foreign language. The language is considered as the main tool for obtaining quality knowledge that meets international requirements. One such approach is subject-language integrated learning (CLIL). The term was first coined by multilingual education researcher David Marsh in 1994 as he coordinated research on the state of language education in Europe. CLIL is "the study of subjects through a second or third language and the improvement of language skills through the study of subject areas, that is, the achievement of subject and language goals at the same time." This concept is sometimes called the "umbrella concept", including in a broad sense the following aspects: international projects, study abroad, modular training system, bilingual education, etc. The CLIL concept (Content and Language Integrated Learning) implies creation in the classroom a foreign language in a profile and professionally oriented environment due to the saturation of educational material with problems relevant to the discipline being studied, the development of programs and courses for language teaching based on the content of a specific academic discipline. This approach plays an important role in the development of students' metalinguistic and metacognitive skills, and also contributes to the formation of a holistic view of the phenomena taking place in the world in students. With the help of CLIL teaching, the tasks of teaching, development and education of students are solved at a qualitatively new level.

**Key words:** technology, integration, integrated, formation, communication, language, module, approach, discipline, principle

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАҒЫТ ТВОРЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ CREATIVE DIRECTION

тақырыптық рубрикалар/тематические рубрики/ subject headings

### БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН VISUAL ARTS AND DESIGN

ӨОЖ 747.012:746

**Жолдасбекова Қ.А., Ораз Б.Н.**

педагогика ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

#### ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОСТЮМДЕРІНІҢ ЖАС АРАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРЫМЕН АССОЦИАЦИЯСЫ

**Түйін:** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басты мақсат етіп, қазақ халқының материалдық мәдениетін дамытуды алға тартып, тақырыптың зерттелу қажеттілігін, сондай-ақ өзектілігін айта отырып, қазақ ұлттық костюмдерінің жас аралық түрлері және олардың зергерлік бұйымдарымен ассоциациясын ашып, сипаттап береміз. Қазақ халқының ерте уақыттан бергі келе жатқан зергерлік өнері – халық тынысымен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамып келді. Қазақ халқының жас ерекшелігінің алаундығымен ұлттық киім түрлері де алуан болғандығын жеткізе отырып, материалдық мәдениетінің қайнары бай болғандығын айтамыз. Ұмыт қалған ертеден бергі келе жатқан қазақ халқының зергерлік бұйымдары мен ұлттық киімдерінің атауларымен таныстырып, осы орайда тақырыптың теориялық және әдістемелік тұрғыдан қарастырылуымен қамтамасыз етеміз.

**Кілт сөздер:** Дизайн, стилизация, камзол, тақия, пешпент, белбеу, жырға, қапсырма, сәукеле, кимешек, сұлама, күндік, ілгек, қасаба.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керектігін айтқан. «Әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін, мағынасын, олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуі тиіс. Оны біз жеткізе білуіміз керек. Реформаларды жүзеге асыру үшін қоғамның ортақ мақсатқа жұмылуы аса маңызды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жаппай қолдауға ие болады. Қоғамдағы жаңғыру үрдістеріне тың серпін берді. Бұл бастаманы әрі қарай жалғастырып қана қоймай, оның аясын жаңа мазмұнмен және бағыттармен толықтыру қажет. Жастар мен отбасы институты кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс», - деді Елбасы[1].

Бүгінгі таңда қазақтардың рухани мәдениет мәселесіне түрлі ғылыми-теориялық деңгейде жасалған көптеген еңбек арналған. Дегенмен, қазақстандық ғылым саласына бұл өз бетінше бастапқы жол болып табылады. Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамып келеді. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Кез келген қыз-келіншектің зергерлік бұйымдары, асыл тастары, онда бейнеленген ою-өрнек әсем келбетіне әдемі үн қосып, сымбатын одан әрі ажарландырып, тартымдылығын арттыра түседі. Осыған сәйкес қазақ ұлттық костюмдеріндегі зергерлік бұйымдардың жаңаша стилизациялануы, ою-өрнек элементтерінің қолдану мәселелері

бойынша жоғары кәсіби даярлығы бар мамандарға деген қоғам сұранысының өсуі мен бұл мәселенің өз дәрежесінде шешілмеуі, сонымен қатар қазақ ұлттық киімдердің сапасына қойылатын талаптардың өсуі мен оның ғылыми–теориялық және әдістемелік негіздерінің өз дәрежесінде дайындалмауы арасындағы қарама-қайшылықтар анықталды. Мәселенің өзектілігі, оның қойылып отырған теориялық және әдістемелік тұрғыдан қарастырылмауы одан әрі зерттеуді қажет етті.

**Теориялық талдау.** Қазақ халқының материалдық мәдениетінің ерекше көрінісі ретінде – әртүрлі температураның айырмашылығын ескере отырып пайда болған қазақтың халық костюмын атап өтуге болады. Онда халықтың эстетикалық мұраттары, оның өмір салты, әлеуметтік баламалары айқындалады. Этникалық костюмдер өзіндік айқын көрінісімен ерекшеленеді және халықтың өзіндік болмысын сақтау мен нығайтуда белгілі бір рөл атқарады, сөйлеу, сондай-ақ антропологиялық көрсеткіштерімен қатар, олар өздерін өзге елдерден ерекшелейтін айқындаушы ретінде қызмет етті. Халықтың барлық топтары арасында белгілі жас мөлшерін көрсетіп отырған.

Киімнің композициялық шешімі әртүрлі болған, ол көшпелі халық үшін атқа мінуге өте ыңғайлы, денені суықтан, ыстықтан, қатты желден қорғайтын етіп, жүнмен, кестемен, әшекейлердің түр-түрін қолданумен ерекшеленіп отқан. Сондай-ақ үнемі көші-қонда жүретін көшпелі халықтардың киімін әшекейлеуге мүмкіндігі болмаған, сондықтан олардың киімі қарапайымдау көрінген. Киімді әртүрлі оюлату, кестелеу әдістері – кейіннен кейбір халықтың белгілі бір жерге тұрақтап орныққаннан соң қолданылған. Киімді көбінесе Үндістаннан көпестер әкелген қағазды талшық мақтасынан, Қытайдың жібек, барқыт, парча, Орта азияның шұға жүнінен тіккен. Қазақ ұлттық киім жасау өнері ғасырлар бойы жоғары талғаммен жалғасып келді, сондай-ақ көптеген шеберлердің еңбегімен: қымбат жүнменмен әрлеу, кестелеу, немесе айталық – өрнекті тоқымалы люрексті жапсырмалармен ғана безендірілмеген, сонымен қатар алтын және күмісті әшекейлермен безендірілген белбеу, бағалы және жартылай бағалы моншақты тастардан жасалған аспалар, әйелдер киімінің жиынтығына бекітілетін маржандар және т.б. түрлерін қолданумен ерекшеленіп келген [2].

Қазақ әйелдерінің костюмі жас еркселіктеріне қарай бөлінеді. Тұрмыс құрмаған қыздар киімінің жиынтығына мыналар кіреді:

Бес немесе алты сантиметрлі белден тускен жеңіл "қосетекті" көйлек, ол екі немесе үш қатардан желбезекті болып жиналады, ал ішінен тығыз матадан "ішкөйлек" киген. Сондай-ақ жендері де қосетек секілді ұзынша етіп тігілген;

Камзол, көбінесе бархыттан, ашық түстен жеңсіз етіп тігіледі. Оның екі тұсы кестеленіп, ою-өрнек салынып, түймерлі сәнді жапсырмалар мен әртүрлі бисерлермен сәнделген. Камзолдың етегі әдетте кең болып келеді. Камзолды кейде "пешпент" деп те атайды;

Тақия – алтын жіптермен кестеленген, асыл тастардан, сондай-ақ маржандармен және үкі қауырсындармен безендірілген қатты негіздегі баскиім;

Белбеу. Белбеудің композициялық шешімі әртүрлі болғандықтан: былғарыдан жасалған және бархыттан жасалған, беті металлмен әшекейленген түрлері болады. Немесе металлдың өзінен филигрань технологиясымен құрастырылып жасалған белдіктің түрі де болады;

Етік – көркем өңделген жеңіл сапты аяқ-киім. Ол биік өкшелі және табаны жай кебіс түрі, кейде үш жағы жоғары қарай иілген түрлері болады. Ол арнайы жіптермен, немесе күміс сымдарымен кестеленіп тігіледі [3], [4].

Ішкі көйлектер ақ матадан: жеңсіз, иықтары жіңішке және айыр етіп, тесемекпен байланатындай етіліп тігілген. Дамбал – ер адамдардың ішкі шалбарынан аса айырмашылығы жоқ, оны да ақ матадан тіккен, кейде түрлі-түсті матадан да тігілген. Ол кең белді, тізеден сәл ғана төмен түскен.

Осы аталған қыздардың барлық жиынтық костюмдерінен тақияны және белбеуді

ерекше сәндеп жасаған. Себебі бұл екеуінде де қыздарға байланысты ескі ұғымдарды беру үшін, сондай-ақ тұрмыс құрған әйелдерде қайталанбайтын символдар кездескен. Қазақ халқы үшін қыздың белбеуін жоғалтуы ар-намысынан айырылғанмен тең болып саналған. Қыз он үшке келген күннен бастап белбеу таққан, өзінің бой жеткендігін және тұрмыс құрмағандығын білдіру үшін.

Ал тақияға келгенде, «жырға» туралы міндетті түрде айта кетуіміз керек. Жырға дегеніміз – қазақ қыздарына арналып жасалған қымбат тақия түрлерінің атауы. Жырғаның қолданылу мақсаты – тіл көзден және зиянкес күштерден қорғау, яғни сақтандыру қызметін атқарғанын көрсетеді. Тақияның тысына, сыртына жұмсалатын материалдар әртүрлі болып келеді. Бірақ көбінесе, пүліш, барқыт сияқты әдемі, сәнді көрінетін, әрі берік маталарды қолданатын. Бұл тақияларды кезінде әшекейлеп безендіретін. Жырғаның маңдайша тұсы мен екі жағына, кейде артына асыл тастардан жасалған салпыншақтардан басқа ақық, гауһар, жақұт, маржан секілді асыл тастар орнатылады. Тағы бір қыздардың бас киіміне жататыны – ол сәукеле. Бас киімнің төбесіне үкі тағылып, күміспен сәнделген, сонымен қатар салпыншақтармен әшекейленген, ал оның төмен жағында стилизацияның жалғасы ретінде ою өрнектер мен асыл тастарды пайдаланған. Кейбір сәукелелерге екі қатар тізбектелген салпыншақтар арасында үш немесе төрт жерден көз салынған дөңгелекшелер орналастырылады. Сәукеле әдетте мол салпыншақтардан құралып, әртүсті асыл тастардың жарқылдауық сәулесімен құбылып, адамның бет бейнесін сұлуландырып, бетмоншақ, шұбыртпа, жақ, алқа тәрізді тізіліп, бас киімнің етегін әдемілендіріп, әсем көрік беріп тұрады.

Жанадан тұрмыс құрған әйелдің киім түрлері қыздардың тақиясы мен белбеуін алып тастағандағы қалған бөліктерінің бәріне ұқсаған. Тақия орнын «сәукеле» басқан. Үйлену комплектісінің басты объектісі – «сәукеле» бас киімі болды. Оны коралл немесе інжу жіптерімен бекітілген ұзын барқыт ленталармен толықтырған. Бұл ленталар күміс салбырақтармен аяқталады, сондықтан әрбір қадам немесе қыздың қозғалысы кезінде күміс қоңырау дыбысын береді. Сәукелеге сырға, бірақ үлкен өлшемге ұқсайтын арнайы «сәукеленің сырғасы» ілмесі орнатылады. Мысалы, тұмаршадан басқа қалыңдықтың кеудесін бір уақытта алқа немесе өңіржиекті безендіре алады, ал кей кезде қалыңдықтың қамзолына бірнеше қалпақшалар немесе монеталар тігеді. Бұл әшекейлердің барлығы түрлі салпыншақтар мен ілгектермен бірге, күміс жыпылықтайтын панцирмен, қалыңдықтың бас киімінен және етікке дейін киімін жабады. Қазақтар әшекейлерінің салмағы ауырлығының астында қалыңдықтың қозғалу қиын болғанын еске алады. Алайда, қалыңдықтың зергерлік әшекейлерінің үйлену киімнің ансамблін талдаған кезде, қазақ зергерлік өнерімен қатар, бұл жағдайда жас қыздың сұлулығын атап қана қоймай, оның өмірінің ең маңызды және жауапты сәттерінің бірі ретінде оны қауіпсіздендіруге арналған әшекейлердің күрделі семантикалық, сиқырлы және діни мәні туралы үнемі есте сақтау қажет. Бұл тұрғыда әйел тұрмыс құрудың бірінші жылында - үйлену күнінен бастап бала туғанға дейін әшекейлері де басқа. Оларда пішін мен декор арқылы толық құндылық, үлкен ұрпақтық идеясы көрсетілген.

Ең көрнекті, бағалы сәукелені заманауи стильде қазақ зергерлері де жасайтын. Соның ішінде атап өтуге болатын зергерлер. Көкенов Серікқали Байғалиұлы. 1964 жылы Шығыс Қазақстан облысының, Ұржар аудандағы, Қаракөл ауылында дүниеге келген. Алматыдағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін тәмамдаған. Тоқсаныншы жылдардан бері қолөнерлік жолын жалғастырып келеді. Отыздай оқушы тәрбиелеген. Қазақстанның қалаларында, шет мемлекеттерде көрмелерге қатысқан. 2008 ж. – Қазақ халқы қолөнерінің дамуына үлес қосқаны үшін мәдениет министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталған; ЮНЕСКО сапа белгісінің иегері; Қазақстанның «Шебер» байқауының, «Асыл ұстаз» номинациясының жүлдегері; «Қарағанды Зергер» байқауының, осы заманғы дизайн номинациясы бойынша үшінші орын жүлдегері; Бесінші «Шебер» байқауының, «Жоғарғы шеберлік» номинациясының жүлдегері;

номинациясының жүлдегері; 2013 ж. – ҚР қолөнершілер одағының мүшесі; 2016 ж. – сегізінші «Шебер» байқауының, «Жоғарғы шеберлік» номинациясының жүлдегері.

**Тәжірибелік бөлім.** Зергерлік әшекейлермен безендірілген саукелені жасаушы Сарманбеков Төлепберген Рахымұлы. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері. 1958 ж. 30 желтоқсанда, Алматы облысы Жамбыл ауданы, Үмбетәлі ауылында дүниеге келген. Батыс Украинадағы В.И.Касиян атындағы Косово қаласының халықтық қолданбалы өнер өндірісінің көркемсурет техникумының металды көркемдеп өңдеу бөлімін аяқтаған. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қолданбалы сәндік өнер» мамандығы бойынша үздік бітірген. ЮНЕСКО-ның қолдауымен БҰҰ күніне арналған «Қазақстанды мекендеген халықтардың дәстүрлі өнері» атты аймақтық көрмеге ІІ дәрежелі лауреат атанды, атап айтқанда Атырау қаласы 10 маусым 1997 жылы [5].

Сәукеле қалыңдыққа арналған бас киім, оның биіктігі 70 сантиметрге дейін болады. Бұл баскиім барқыт, велюр сияқты қымбат матадан тігіледі, бұлғын, құндыз терілермен жиектеліп, алтын, күміс жіптермен кестелеп және күміс, алтын, мельхиор металдармен, неше түрлі асыл тастармен безендіріледі, ал төбесіне үкі тағылып, сәукеленің екі жағынан қосымша салпыншақтар ілінеді. Олар – жақтау, жақмоншақ, бетмоншақ деп аталады. Сәукеленің арт жағына кестелі ақ желек орнатылады. Бас киімнің жарқын түсі, алуан түрлі пішінді, ою өрнекпен жарасым тауып зергерлік әшекейлер, жарқыраған алтын, күміс, асыл тастардың сәулелері арқылы адамға ерекше салтанатты әсер етеді. Жаңа түскен келіннің үйлену тойлары біткен соң, келінніңмшашын жасыру мақсатында сәукеле орнына – «кимешек», «сұлама», «күндік» деп аталатын, иыққа дейін жауып тұратын бас киімдерді киген. Бертін келе олар ақ жаулыққа айналған. Ал камзолға келсек, ол тұрмыс құрған әйелдерде етегі ұзыннан болған, және алдыңғы тұсынан «қапсырма» әшекейлерімен қапсырылған.[6]

Қапсырма – әйел камзолына, шапан секілді киімдеріне тағылатын түйме қызметін атқаратын күмістен, я болмаса алтын, т.б материалдардан жасалған бұйым. Кейде әдемілік үшін бірінің астына бірі, бірнешеуі қатар тігілетін болған. Кейбір жерлерде қапсырманы «ілгек» деп те атайды.

Егде жастағы әйелдер де еркін пішілген көйлектің үстінен ұзын камзол киген, жең жақ бөлігі кеңінен түскен, ал басына кимешек киген, кейде торбанмен байланған ақ орамал таққан. Әйелдер костюмының жинағына сонымен қоса белдемше кірген. Белдемше – дененің төменгі жағын жауып тұратын киім-кешек. Ол әртүрлі жібек маталардан, бархыттан тігіліп, жиегі айнала кестемен, болмаса құндыз терісімен көмкеріледі. Белдемше түрлі әшекейлермен безендіріліп, белі қапсырмамен түймеленген. 19 ғасырдың аяғына дейін қазақ әйелдерінің белдемшесі ойын-сауық кезінде көйлек сыртынан киілген. Белдемшенің алдыңғы өңірлері бір-біріне түйісіп тұрады да, белінен төмен қарай кеңі береді. Белдемшені көйлектің етегін түгел жаппайтындай етіп тігеді.

Көне бас киім қатарына «қасабаны» кіргіземіз. Қасаба – қазақ қыз-келіншектері киетін бас киім. Қасаба күрең немесе көгілдір түсті жібек, ши бархыт, пүліш, шұға, дүрия, парша секілді маталардан тігілген. Оның сұлбасы дөңгелек етіліп тақияға ұқсастырып тігіледі де, артқы жағына немесе желкесіне қарай бірте-бірте ойытқи түскен құламасы болады, оның ұшы әйелдің арқасына қарай төгіліп жатады. Айдыны зерлі жіптермен кестеленіп, қиылысқан жерін алтын жолақпен жауып, зерлі әшекеймен безендіріледі. Құламасына шашақтар тағылады. Қасабаны көбіне жас келіндерге арнайы тіккен. Қасабаның маңдай тұсына түрлі қымбат тастармен: перуза, ақық, лағыл, т.б. тізілген дөңгелек металл табақшаларымен бекітілген қыстырма ілінеді. Ал самай тұсына ұзынырақ күміс қоңыраушалармен ұшталған 5-6 тізбек салпыншақ қыстырылады [7].

Соңғы жылдары жүргізілген ғылыми-прогресстік зерттеулерге қарасақ, қазіргі сәнде, халық костюмінде материалдар мен әшекейлердің өзгерістері болып жатқанын көрсетеді. Тіпті мемлекеттік мұражайлардың коллекцияларын ғылыми мақсатта толықтыру үшін халықтан сатып алынған дәстүрлі киімдерде кейде байқалмайтын, бірақ белгілі бір

эволюцияны, формалардың өзгеруін байқау қиын емес.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, халық костюмының тарихы одан әрі де зерттеуді қажет етеді. Егер біз оны болашақ ұрпақтары үшін өткеннің материалдық-тұрмыстық мәдениетінің көрінісі ретінде сақтағымыз келсе, онда неге жеке дәстүрлі маталарды, мысалы: шекпен, маута, масаты, батес, бедерлі, атласты өндіруді жолға қоймасқа?! Сондай-ақ, неге алтын өрнекті маталарды қалпына келтірмеске және неге кең ауқымда металл әшекейлерін, моншақтардан, жартылай бағалы тастардан, маржандардан алқалар шығармасқа?! Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – "Ел болам десең бесігіңді түзе!" – дей отырып, өзіміздің материалдық мәдениетімізді қайта жаңғыртуда бүкіл отандық дизайнерлер ат салысса, нұр үстінен нұр болар еді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 05.10.2018. <https://kaztrk.kz/news/zholdau-2019/05102018-qazaqstan-respublikasynyn-prezidenti-nanazarbaevtyyn-qazaqstan-halqyna-zholdauy-tolyq-nusqa-119509>
- 2 Джанибеков У., Эхо... По следам легенды о золотой домбре. Алма-Ата: Өнер, 1990, 304 с., ил.
- 3 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Алматы «Қазақ энциклопедиясы» 1998. Т. 2
- 4 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005
- 5 Шоқпарұлы Д., Даулет Д. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы 2007.
- 6 Джанибеков У. Культура Казахского ремесла. Алматы, Өнер, 1982.
- 7 Ө.Жәнібеков. Жолайырықтары. Алматы, «Рауан», 1995.

**Аннотация:** Статья о материальной культуре казахского народа, основная цель которой является программа Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева «Рухани жаңғыру». Пропагандируя развитие казахского искусства, подчеркивая необходимость исследований а также актуальность открытия и описания национальных костюмов и их тесную связь с украшениями. Древнее ювелирное искусство казахского народа тесно связано с историей, бытом и культурой казахов. Отметим что разнообразие национальных костюмов зависило от разности возраста и было разнообразным. Источник материальной культуры тоже был очень богат. Знакомство с забытыми с незапамятных времен украшениями и национальными костюмами казахского народа в этом случае, мы предлагаем теоритический и методологический подход к этой теме.

**Abstract:** Article on the material culture of the Kazakh people, the main purpose of which is the program of the president of the Republic of Kazakhstan NursultanNazarbayev «Ruhanizhangyru». Promoting the development of Kazakh art, emphasizing the need for research, as well as the relevance of the discovery and description of national costumes and their close connection with jewelry.The ancient jewelry art of the Kazakh people is closely connected with the history, life and culture of the Kazakhs. Note that the variety of national costumes depended on the age difference and was diverse.The source of material culture was also very rich. Familiarity with the forgotten from time immemorial ornaments and national costumes of the Kazakh people in this case, we offer a theoretical and methodological approach to this topic.



**Есенбаева К.А., Дайрабаева Г.И.**

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
аға оқытушы, магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

## **ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ КОСТЮМІНДЕ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

**Түйін:** Мақалада қазақтың ою-өрнектерінің байлығы мен олардың рухани және тарихи тәжірибесін сақтай отырып, ұлттық талғаммен киім үлгілерін жасаудағы рөлі ашылады. Қазақтың халықтық ою-өрнектерінің тілі және оның рәміздері өте бай, оның үлгісі қазақ халқының тарихын баяндай алады, оның негізгі мотивтері фауна мен флораның стильдендірілген және қайта өңделген түрлері болды. Ою-өрнек өнері ұлттық қазына, қазақ халқының өмір шежіресі болып саналады. Дәстүрлі қазақ костюмінде ғасырлар бойы қалыптасқан стилистикалық бірліктің түрлері мен формалары сан алуан. Тігін материалдарының сәндік дизайны бүгінгі күні өзекті және сәннен шықпайды. Біздің заманымызға дейін киімдерді бай декорациямен және ұлттық сәндік-қолданбалы өнерін қолдана отырып безендіру дәстүрін сақтап келген ежелгі көшпенділердің ұрпақтары болды. Этникалық мотивтер қазақстандық дизайнерлердің тенденциясын тануға, өзіндік ерекшелікке, этникалық, аймақтық сәйкестендіруге, сән индустриясы әлеміндегі позициясына ие етеді. Бүгінде ұлттық дизайндағы этникалық сызықтар әр сән коллекциясына ежелгі экзотикалық және бай декорациялық ерекше сән беріп, өздерінің қазақ ою-өрнектерінің сирек кездесетін элементтерімен көңіл-күй сыйлайды және өмір салтына айналады.

**Кілттік сөздер:** ою-өрнек, ұлттық киім, семантика, кесте өнері, кескіндер (апликация), этно-тенденция, этникалық стиль, фэшн индустриясы, ұлттық бренд, рухани құндылықтар

**Кіріспе.** Сын ғасырлар бойы қазақ ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, халқымыздың өткен тарихы мен мәдени материалдық өмірінің көзі – бұл қазақтың ою-өрнек өнері болып келеді. Ою-өрнектің эстетикалық құндылығы адамзатқа үлкен рахат сыйлайды. Сұлулыққа, әсемдікке баулитын қазақ ою-өрнек сыры тереңдікте жатыр. Мөлдір және таза түбіне жеткен жан қоршаған орта мен жан дүниесінен көп нәрсе алатынына күмән жоқ.

**Теориялық талдау.** Ою-өрнектердің ежелгі атаулары халықтың тарихы мен мәдениеті, ұлттық ерекшелігі мен ежелгі дүниетанымы туралы құнды ақпарат көзі болып табылады.

Ою-өрнектің барлық элементтері бір ырғаққа бағынғанымен, ою-өрнектердің өзіндік көркемдік мәні мен сюжеті бар. Ою-өрнек элементтерінде бір ерекше бірегейлік болмайды, олардың барлығы өзіндік мазмұнға ие.

Қазақ халқы әр ою-өрнекке ерекше назар аударып, оны қай жерде, қандай бұйымда немесе киім үлгісінде қолдану керектігіне мұқият қарап, қателіктер болмауын қадағалап отыратын. Бұл, сондай-ақ, қолданылған түстерге, ою-өрнектің затқа сәйкес келуіне, үйлесімділікті табуына байланысты. Өрнектердің композициялық құрылымына, бояу түрлерін біріктіріп, дұрыс үйлесімді таңдау мүмкіндігіне көп көңіл бөлген.

Заманауи сән әлемінде және фэшн индустриясында көптеген ұлттық киімде ою-өрнектерді жаңа стилизацияланып қолдануда. Ол киімдер әртүрлі эмоциялар, сезімдер мен көңіл-күйді білдіреді. Киімді модельдеу өзінің алғы мақсаты ретінде заман талабына сай, дене пішіміне қонымды жаңа формаларды табу болса, киім дизайны бұл ұстанымды кейде бұзып, басқа да бір формаларды іздеп, жаңа сырт пішін өрнектер түрлерін ұлттық ұстанымға жеткізеді.

Ою-өрнектер - халық шығармашылығының үлкен саласы. Маңдайына ілулі тұрған қазақтың киіз үйін көрсе, басы мен желбауын, тіпті аяқ киімін басқа елдің әшекейлерімен безендіру бекер болар еді. Біздің аналарымыз бен апаларымыздың әдемі және әсерлі кестелері сіздердің жүректеріңіз бен көздеріңізбен қарағанда жылы болатыны анық.

Қазіргі замандағы киімді модельдеуге ұлттық дәстүрлердің алуы кең таралған. Заман талабына сай киім жасауға ұмтылған дизайнерлер дәстүрлі киімнің нақты бөліктерін емес, костюмді құрудың жалпы қағидаларын, көркемдік шығармашылығын көрсетуде бейнелік-ассоциативтік шешімдерді негізге алады.

**Тәжірибелік бөлім.** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Сән дизайны» мамандығының студенттері, болашақ дизайнерлер рухани мұраға өз үлесін қосып отырады. «Сән дизайны» мамандығының бітірушілері диплом жұмысына осы бағытта сәнді, заманауи костюм жиынтығын орындайды. Костюмді жобалаудан басқа, киім аксессуарларын, ою-өрнектелген камзолдар, ұлттық зергерлік бұйымдар жасалады.

Ұлттық қазақ киімі - бұл қазақ халқының дәстүрлері мен тарихи ерекшеліктерінің көрінісі. Қазақтың ұлттық киімдерінің тарихы өте бай, осының барлығымен осы киімдер өзекті және заманауи үлгіде сұранысқа ие. Қазақтардың мерекелік ұлттық киімдерінде кесте тігу, көптеген ою-өрнектермен бай безендіру қолданылған. Костюм матадан, былғарыдан, үлбірден немесе киізден, ал қазақ байлары үшін - импорттық маталардан, жібек және барқыттан т.с.с тігілген. Ұлттық талғаммен киім жасау арқылы рухани-тарихи тәжірибені ұрпақтан- ұрпаққа беру қажеттілігі қазіргі заманда бірінші мәселе болып тұр. Әдетте киімдерді ұлттық ою-өрнектермен безендіру кезінде көбінесе кестелеу, люрекстермен көркемдеуде, өрнекті тоқуда және сондай-ақ әртүрлі зергерлік бұйымдарда кездеседі.

Киімге арналған дәстүрлі материалдар көбінесе бұрынғы заманнан келе жатқан былғары, жүн, жұқа киіз, қозы немесе түйе жүнінен тоқылған маталар пайдаланады.

Қазақ халық ою-өрнектер өнерінің тілі бай да әрі ерекше болып келеді, мысалы, әртүрлі ою-өрнек өз тарихын айта алады, мұндағы түпнұсқа мотивтер әрқашан флора мен фаунаның мағыналы және стилизациялық өңделген түрі болған. Олардың ішінде, стилизацияланған жануарлардың бастары, мүйіздері мен тұяқтары, құстардың тұмсықтары тәрізді ою-өрнектер болған. Әр түстің өзіндік символикасы болған: көк – аспан мағынаны береді, ақ - қуаныш, бақыт, сары - білім, даналық, қызыл - от, күн, жасыл - жастық, көктем, қара түс - жер.

Қазақ ою-өрнектерінің барлық түрлеріне тән жалпы сипаттамалар: фон мен өрнек алып жатқан жазықтық арасындағы тепе-теңдік, тік осьтер бойымен симметриялы орналасу, оюдың контурлық айқындылығы, түстердің қарама-қарсылығы. Ою-өрнектерді жасау – ол ұлттық қазына, қазақтардың өмір шежіресі болып саналады.

Ою-өрнек - сәндік-қолданбалы өнердің ежелгі түрлерінің бірі. Латын тілінен аударғанда, «Ornamentum» - безендіру деген мағынаны білдіреді. Сәндік бейнелер зұлым күштердің тұмары ретінде қызмет еткен, олар бақыт пен сәттілік әкеледі деп сенген.

Ою-өрнек ұғымына анықтама бере отырып, бұл ырғақты кезектесуге және ұқсас элементтердің ұйымдасқан орналасуына негізделген сәндік композиция деп айта аламыз.

Әр ұлт дәуірге байланысты өзінің ерекше сәндік стилін жасайды. Өзіндік ерекшелігі мен ұлттық дәмі, оның сол немесе басқа топқа жататындығын қатесіз анықтауға мүмкіндік береді. Шығыс елдерде ою-өрнек өнері мейлінше кең дамыды және бұл, ең алдымен, ежелгі дәстүрлермен, сондай-ақ исламға тірі жанды бейнелеуге тыйым салумен байланысты. Қазақстанның бейнелеу өнерінде ою-өрнек өнері көнеден қазақ қалыптасқан кезден бастап басым болды.

Адамзат қоғамының дамуымен бірге сәндік-қолданбалы өнердің кейбір түрлері жаңа келбетке, жаңа формаларға ие болды, олардың барлығы терең ұлттық дәмге ие және олар бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

Дәстүрлі қазақ костюмінде, оның түрлері мен формаларының әртүрлілігі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи көркемдік-стилистикалық бірлігін бұзбайтын декоративті безендірулер таңқаларлық болып табылады.

Қазақ әйелдері арасында костюмдер мен тұрмыстық заттарды безендірудің ең ежелгі және кең таралған түрлерінің бірі кесте болды. Ою-өрнек өнері қазақ халқының қоршаған

